

КІРІСПЕ

Тіл халық тарихымен тығыз бірлікте дамып, өсіп-өркендейді. Қазіргі қазақ тілінің сөздік қорында кездесетін кірме сөздер де халықтың тарихи, қоғамдық-экономикалық өміріндегі қарым-қатынастан пайда болған, сондай-ақ көршілес отырған жұрттардан ауысқан.

Қазақ тілінде кездесетін шығыс тілдері элементтерінен қатары молырағы — араб текті сөздер. Соның бір саласы — кісі есімдері.

Қазіргі қазақ тіліндегі кісі есімдерінің негізгі басым тобы — төл сөздерімізден, ал шағын шоғыры басқа тілден енген сөздерден қойылған. Өзге тілден ауысқан адам аттары араб, парсы, монғол, орыс, т.б. негізді болып келеді. Олардың ішіндегі тілімізде өте мол ұшырасатыны — араб текті кісі есімдері.

Қазақ тіліндегі араб-парсы кірме сөздері туралы бізде бұрын-соңды жазылған еңбектер баршылық. Бұл ретте Л.З.Рүстемовтің «Қазіргі қазақ тіліндегі араб-парсы кірме сөздері» атты еңбегінің маңызы зор. Автор нақты материалға сүйене отырып, қазіргі қазақ тіліндегі араб-парсы тілдерінен енген сөздердің алатын орнын, олардың семантикасын, этимологиясын, ену жолдары мен пайдаланылуын, семантикалық, фонетикалық және грамматикалық өзгерістерін ғылыми тұрғыдан дәлелдеген.

Түркі тілдерінің дамуына араб тілінің айтарлықтай әсер еткені туралы айтылған пікірлер де аз емес. «Орта және Таяу Шығыс халықтары тілдерінің дамуына классикалық араб тілі едәуір әсер етті. Ол кезде өмір сүрген халықтардың мәдени өмірінде араб тілі халықаралық тілдің қызметін атқарды. Басқаша айтқанда, Батыс Европа халықтары үшін латын тілі қандай рөл атқарса, араб тілі Таяу және Орта Шығыс халықтары үшін сондай қызмет етті деуге болады»¹.

Араб тілінің ықпалы түркі тілдерінің бәріне бірдей, бір дәрежеде болмаған. Әзірбайжан, өзбек, татар тілдеріндегі арабизмдер сан жағынан көбірек және ертерек қабылданған болса, шығыс аймақтағы қазақ, қырғыз, т.б. түркі тілдеріндегі арабизм саны аз және кейінірек сол әзірбайжан, татар тілдері арқылы келіп жеткен. Әуелгі тілдер араб-ираннан енген сөздерді формасы мен мағыналық (семантикалық) бірлігін сақтай отырып, бастапқы қалпында қабылдаса, соңғы топтағы тілдерде бұл құбылыс керісінше болып отырған.

XVIII ғасыр мен XIX ғасырдың аяғында тілімізде араб тілінен сөз алу ерекше дамыды. Бұл жайт Ғ.Мұсабаев еңбегінде мейлінше дұрыс көрсетілген. Ол араб-иран тілдерінен енген сөздердің тарихы мен ауысу кезеңдеріне талдау жасай отырып, оларды бірнеше дәуірге бөледі де, басты себептерін айқындап көрсетеді. Тілімізге енген араб-парсы сөздері батыста — татар, шығыста — өзбек, тәжік тілдері арқылы келді, — деп тұжырым жасайды. Ал Л.З.Рүстемов араб-иран сөздерінің тілімізге ену кезеңін үлкен екі дәуірге бөліп қарайды: бірінші дәуір — XV ғасырға дейін, яғни қазақ халқының қалыптасуына дейін болса, екіншісі — XV ғасырдан Қазан революциясына дейінгі дәуір.

X ғасырдан бастап ислам діні әуелі қазақ даласының оңтүстік аймағына, онан соң мүмкіндігінше басқа жерлеріне тарайды. Дінмен қатар араб мәдениеті де қоғамдық-әлеуметтік өмірдің барлық саласына өз әсерін тигізеді. Тілімізде мыңдаған жаңа сөздер мен сөз тіркестері, кісі аттары мен этнонимдік, географиялық атаулар пайда болады.

Қазіргі қазақ тіліндегі араб текті кісі есімдерін үлкен екі топқа бөліп қараудың орны бар. Біріншісі — діни мазмұнды есімдер. Мәселен, Мұхамбет, Омар, Оспан, Ғали, Жүсіп, Фатима, Айша, т.б. есімдер Мұхамбет пайғамбардың, оның сахабалары мен ұл-қыздары, әйелдерінің аттарына байланысты қойылған. Араб тілінен енген есімдердің екінші бір легі — жалпы есім сөздер негізді болып келеді. Мәселен, Жұман — маржан; Кәрім — жомарт; Мансұр — жеңімпаз; Мұхтар — қалаулы, таңдаулы; Жәмила — көркем, сұлу; Зейне — әшекей, т.б.

Қазақтың өз төл сөздерінен қойылған кісі есімдерінен кейін өте көп адам аттары араб текті болып келуінің басты себептерінің бірі — араб тіліндегі қисса, діни шығармалармен және арабша шығармалардың желісі негізінде «назирагөйшілдік» әдіспен жырланып, халық арасына қазақша көп тараған жырлармен байланысты. Бұндай қиссаларда арабша нұсқадағы кісі аттары көбінесе сақталып отырады. Олар қазақша есім қоюдың басты көзіне айналады. Күллі Орта Азия мен шығыс халықтары әдебиетіне есімдері паш болған Фирдауси, Низами, Физули, Жәми, Науаи, Хафиз, Рудаки т. б. туындылары арқылы енген немесе араб, үнді, парсы халықтарының «Мың бір түн», «Шах-наме», «Ләйлі-Мәжнүн», «Таһир-Зухра», «Жүсіп-Зылиха», «Мұңлық-Зарлық», «Шәкір-Шәкірат» сияқты аңыз-ертегілері мен хиссаларынан алынған есімдер аз болған жоқ. Сондай-ақ хан, сұлтан, бай мен билер өз балаларына негізінен араб есімдерін қойды. Арабша есім қоюға дін қызметкерлері қожа, молдалардың да ықпалы аз болмаған.

Араб текті есімдердің қалың бұқара арасында мейлінше кең тарағаны жалпы есім сөздерінен қойылғандары. Мәселен, **Қамар** — ай; **Шамши** — күн; **Жамал** — сұлулық; **Бақыт** — құт, ырыс; **Хамит** — мақталған; **Әлима** — оқымысты, ғалым әйел; **Әмина** — сенімді, адал, таза; **Әуел** — алғашқы, бастапқы; **Қайрат** — күш, жігер; **Медет** — жәрдем, көмек; **Шапағат** — рақымдылық, мейірімділік.

Ал, үстем тап өкілдерінің көпшілігі өз есімдерімен қатар, арабша атақ-дәрежесін, шыққан тегін көрсететін сословиелік титулдарды да иемденген. Мысалы, **Барақ сұлтан**, **Асан молда**, **Құнанбай қажы**, т.б. Ол титулдар кейде үстем тап балаларының жеке есімдері ретінде де қойыла берген. Мәселен, Сұлтан, Әмір, Мәлік, т. б.

¹Ковалев А. А., Шарбагов Г. Ш. Учебник арабского языка. М., 1960, с. 5-6.

Араб тілінен қойылған кісі есімдеріне түркі тілдеріндегі сословиелік титулдардың қосылуы нәтижесінде біріккен тұлғалы кісі есімдері пайда болды. Мәселен, **Айтбай, Ахметбек, Бексұлтан, Сұлтанбай, Әмірбай**, т.б.

Бұл тәрізді титулдар қоғамдық құрылыстың өзгеруіне байланысты өздерінің нақты мағынасынан айрылып, өзгеріске түсті. Кейінгі кезеңдерде олар жеке кісі аттары ретінде қойылып болмаса біріккен тұлғалы кісі аттарының құрамында кездесіп, қосымшалық қызметке ие болып кетті.

Араб тілінен енген сан алуан есімдер тіліміздің ішкі заңына толық бағынып, өздерінің бастапқы бет-бейнесін өзгертіп, фонетикалық та, грамматикалық та ірі өзгерістерге ұшырады.

Араб текті есімдердің халықтық этимологияға түсуі, әсіресе, диалектикалық ерекшелікке байланысты түрлі нұсқада айтылуы көп кездеседі. Оны мына тәрізді есімдер құбылысынан анық байқаймыз: Ғали-Қали; Әлі — Әли; Жүніс — Жұныс; Жүсіп — Жұсып — Дұсып — Түсіп; Фатима — Патима — Бәтима — Батыма; Ғайша — Айша — Қайша, т.б.

Дұрыс айтпау немесе теріс жазу салдарынан болар, тілімізде фонетикалық нұсқалар мен дублеттер өте көп. Соның салдарынан бір есімді тоқсан сакка жүгіртіп, әр түрлі айту да, атау да бар. Олар: Ыдырыс — Едіріс, Ідріс; Абдолла — Ғабдолла — Қабдолла — Қабділда — Қабылда; Хадиша — Қадиша; Ыбрагим — Ибрагим — Ыбырайым — Ыбырай — Ыбрай, т.б. Бұл көрсетілген есімдердің бәрі өз алдына жеке есім ретінде жұмсалып, әр азаматтың құжаттарында осы аталған қалпында жазылып та, айтылып та жүр. Бұның өзі араб текті есімдердің тіліміздің ішкі заңына бағынып, өздерінің бастапқы бейнесін өзгертіп, тілдік нормаға икемделуінен туған жайт. Өйткені, араб тіліндегі дауысты және дауыссыз дыбыстардың бәрінің бірдей баламасы (сәйкес дыбыстары) тіліміздің дыбыстық жүйесінен табыла бермейді. Сондықтан көптеген сөздер мен есімдер тіліміздің фонетикалық жүйесіне, айтылу заңдылығына бейімделіп қана айтылады. Демек, тілімізде жоқ, араб дыбыстарына сәйкес келмейтін дыбыстарды айтпай кетуге немесе оның орнына тіліміздегі сол дыбысқа сәл де болса жуық, жақындау келетін дыбыстардың бірімен таңбалауға тырысамыз.

Кейде араб дыбыстарын, ретіне қарай, артикуляциялық өзгеріске сүйеніп те қабылдай беру бар. Бұның өзі араб дыбыстарының бәрінің бірдей қазақ тілінде баламасы бола бермейтінін көрсетеді. Араб тілінен енген сөздер мен есімдердің фонетикалық өзгеріске ұшырауы Н.Дмитриев, Ә.Құрышжанов, Л.Рүстемов, К.Юсупова, Т.Жанұзақов, С.Кенесбаева, Б.Сәлімова еңбектерінде біршама сөз болғаны да мәлім. Алайда қазақ тіліндегі араб текті есімдердің фонетикалық тұрғыдан өзгеру, тілімізге сіңісу мәселесі толық қарастырылып болған жоқ.

а) Тілімізге араб тілінен енген сөздердегі *a* дауысты дыбысы бірде өзгеріссіз, енді бірде *ә, е* болып айтылады. Мысалы: **акбар** — Әкпар; **амина** — Әмина; **камал** — Қамал, Кемел.

ә) Араб тілінен енген сөздердегі *ayn* дыбысы тілімізде көбінесе түсіріліп айтылады немесе *ғ* дыбысына айналады. Мысалы: **'алим** — Әлім, Ғалым; **'азиз** — Әзіз, Ғазиз; **'али** — Әли, Ғали.

б) Сөз басындағы *u* дыбысы қазақ тіліне енген сөздерде көбінесе *ж* дыбысына айналып кетеді. Бұл тілімізде сөздердің *u* дыбысынан басталмайтындығымен тікелей байланысты. Мысалы: **иахиа** — Жақия; **иа куб** — Жақып; **иағфар** — Жағыпар.

в) Араб тілінен енген сөздердегі *ha* дыбысы әрдайым сақталып айтыла бермейді. Мысалы: **хаким** — Хакім, Әкім; **хайдар** — Хайдар, Қайдар, Айдар.

г) *l* дыбысы қосарланып айтылатын араб тілінен кірген сөздерде олардың бірі *д* дыбысына айналады. Мысалы: **нур мулла** — Нұрмолда; **нур алла** — Нұрылда.

д) *h* дыбысы тілімізде бірде өзгеріссіз, бірде түсіріліп, енді бірде *қ, х* болып айтылады. Мысалы: **Һамза** — Қамза, Хамза; **Һарун** — Арон; **Ибраһим** — Ибраһим, Ыбырайым.

е) Эмфатикалық **дад** дыбысы *з* дыбысы арқылы беріледі. Мысалы: **рамадан** — Рамазан; **радиа** — Разия.

ж) Араб тілінен енген сөздердегі қатаң *ph* дыбысы *б, п* болып немесе өзгеріссіз айтылады. Мысалы: **фатима** — Фатима, Патима, Бәтима.

з) Араб текті есімдердің ортаңғы буынындағы қосар дауыссыздардың біреуі түсіп қалып отырады. Мысалы: **раззақ** — Раззақ; **мухаммади** — Мұқамәди.

Араб тілінен енген кісі есімдері, жоғарыда көрсетілгендей, фонетикалық әрі семантикалық тұрғыдан көптеген өзгерістерге ұшыраған. Тіпті, арабша бір ғана есімнің қазақ тілінде үш, кейде бес-ондаған нұсқалары болады. Олардың әрқайсысы өз алдына кісі есімі боп саналады. Әр алуан нұсқада қолданылып жүрген жарыспалы есімдердің бәрінің бірдей осы сөздікте беріліп отыруының сыры да сонда. Бұл араб текті есімдердің бір ғана жағы. Ал екінші бір қызғылықты да ой тоқтатар ерекше жағы — бұл есімдердің мағыналық топтары. Оның біріншісі діни мазмұнды есімдер. Бұның өзі ішінара екі топқа бөлінеді: а) мұсылман дінінің ұғымдары мен наным-сенімдеріне байланысты сөздерден қойылған есімдер: **Абдолла** (Ғабдолла, Қабдолла) — «Алланың құлы»; **Асадолла** — «Алланың арыстаны» т.б.; ә) пайғамбар, әулие-әнбие, сахаба есімдері: **мухаммад** — «мақталған, мадақталған»; **али** — «биік, зор, жоғары мәртебелі, зәулім»; **усман** — «ерлік, батырлық». Екіншісі — араб тіліндегі жалпы есім сөздерден қойылған есімдер. Бұлар өзара мынандай лексикалық топтарға бөлінеді:

1. Әлеуметтік, саяси, әкімшілік терминдер мен сөздерден қойылған есімдер: **малик** (патша) — Мәлік; **әмир** (басшы, бастық) — Әмір, Әмірбай, Әмірбек, Әмірхан; **сұлтан** (әкім, басшы) — Сұлтанбай, Сұлтанбек, Сұлтанхан, Сұлтангелді; **уали** (басшы) — Уәли; **раис** (басшы) — Райыс, Райысбек.

2. Астрономиялық атаулар мен табиғат құбылыстарының атауларынан қойылған есімдер: **қамар** (ай) — Қамар; **шамс** (күн) — Шәмші.
3. Тұрмыстық сөздерден қойылған есімдер: **дуккан** (магазин) — Дүкенбай; **рамадан** — Рамазан.
4. Адамның мінез-құлық, түр-келбетіне байланысты қойылған есімдер: **жамила** (әдемі) — Жәмила.
5. Адамның көңіл-күйі, мақсат-мұратына байланысты сөздерден қойылған есімдер: **мурад** (тілек) — Мұрат; **рахим** (рақымды) — Рақым.
6. Қымбат металдар, маталар мен бұйымдар атауларынан қойылған есімдер: **халқа** (алқа, сақина) — Алқа; **зубаржад** (асыл тас) — Зүбәржат.

Сөздікте қамтылған есімдердің сан жағынан ең молы да көбі — жалпы есім сөздерден қойылған есімдер. Олардың басым көпшілігінің мағынасы айқын да ашық, үнемі түсінікті. Осымен қатар мағыналары түсініксіз есімдер де кездеседі. Еңбекте олардың әрқайсысының түпкі, негізгі мағыналары ашылады.

Араб жазуының кейбір ерекшеліктері

Араб алфавиті 28 дауыссыз әріптен тұрады. Араб жазуында дауысты дыбыстар жазылмайтындықтан, кейбір дауыссыз дыбыс таңбалары (ا، و، ی) созылықты дауысты әріптің де қызметін атқарады. Ал, қысқа дауысты дыбыстар дауыссыз дыбыстардың асты-үстіне қойылатын харақаттармен беріледі де, олар сөздіктерде, оқулықтарда, поэтикалық шығармаларда ғана қолданылады.

Араб жазуы оңнан солға қарай жазылады. Әрбір әріп сөздегі тұрған орнына қарай әр түрлі таңбалады. Бір ғана әріп жеке тұрғанда, сөз басында, сөз соңында түрліше көріністе жазылады. Сондай-ақ әріптің таңбалануы оның өзінің алдындағы әріппен қосылып немесе бөлек жазылу табиғатымен де ерекшеленеді.

Араб тіліндегі 28 әріптің 22-сі екі жағындағы әріптермен қосылып, бірге жазылады да, 4 түрлі таңбалады. Қалған 6 әріп тек оң жағындағы әріппен қосылып, бірге жазылады және 2 түрлі таңбамен беріледі (Араб алфавитін қараңыз).

Араб алфавитіне кірмейтін қысқа дауысты дыбыстар үшеу:

فتحة (фатха) - *a* қысқа дауысты дыбысы өзінің алдында келген дауыссыз әріптің үстіне (◌ْ) қойылады; **كسرة** (касра) — *i* қысқа дауысты дыбысы өзінің алдындағы келген дауыссыз әріптің астына (◌ِ) қойылады; **ضممة** (дамма) — *u* қысқа дауысты дыбысы өзінің алдында келген дауыссыз әріптің үстіне (◌ُ) қойылады.

Дауыссыз әріптен кейін дауысты дыбыс айтылмаса, ол әріпке суқун (◌ْ◌ْ) белгісі қойылады.

Егер дауыссыз әріп қосарланып айтылатын болса, бір ғана әріп жазылып, үстіне ташдид (◌ْ◌ْ◌ْ) белгісі қойылады.

Екі созылықты *a* әріпі қатар келсе, олардың біреуі ғана жазылып, үстіне мадда (◌ْ◌ْ◌ْ◌ْ) белгісі қойылады.

Араб жазуындағы қосымша белгілер

мысал	дыбыс	белгі	белгі аты
بيت — байт	a	◌ْ	фатха
دب — дубб	y	◌ُ	дамма
قسم — қисм	i	◌ِ	касра
إسم — исм	дауысты дыбыстың жоқтығы	◌ْ◌ْ	суқун
معلم — муаллим	дауыссыздың қатар	◌ْ◌ْ◌ْ	ташдид
أديب — адиб	келген екі a дыбысы	~	мадда

Араб тіліндегі сөздер тек (род) категориясы бойынша екіге бөлінеді: музаккар, муаннас. Та-марбутаға (ت،ة) аяқталған сөздер муаннас (әйел тегі), ал қалған сөздер музаккарға (ер тегі) жатады.

Араб әріптері күн (حروف، قمرية) және ай (حروف شمسية) әріптері болып екіге бөлінеді. Күн әріптері - ت، ث، د، ذ، ر، ز، س، ش، ص، ض، ط، ظ، ن

Бұлардың алдында «ال» (аль, әл) артиклі айтылса, оның «ل» әріпі сөздегі бірінші әріппен сіңісіп (ассимиляцияланып) кетеді. Мысалы: درس (дарс) — الدرس (ад-дарс). Ай әріптері - ب، ح، خ، ع، غ، ف، ق، ك، م، ه

Аль (эл) артиклі ай әріптерімен сiңiспейдi, өзгерiссiз сақталады.

Мысалы: **قاسم** (қасим) – **القاسم** (аль-қасим).

Араб тiлiндегi кейбiр дауыссыз дыбыстардың бiрнеше белгiлерi бар. Олар:

а) жұмсақ «т» — **تقاوى / ت** (тақауи) және қатты «Т» — **طالب / ط** (талиб);

ә) жұмсақ «с» — **س** (салам), жұмсақ сақау «с» — **ثابت/ث** (сабит), қатаң «с» — **صابر/ص** (сабир);

б) жұмсақ «з» — **ز / زمزم** (замзам), жұмсақ сақау «з» — **ذ / ذولقرنين** (зу-л-қарнайн) және қатаң «з» — **ظ / نظر** (назар);

в) жұмсақ «х» — **ح (حسن — хасан)**, қатаң «х» — **خ (تاريخ — тарих)**.

Араб алфавитiндегi **ع** (айн) әрпiне қазақ тiлiнде сай келетiн дыбыс та, әрiп те жоқ. Оның транскрипциялық белгiсi шартты түрде ' деп берiлдi. **عالم** ('алим) — ғалым.

Араб жазуында **همزة/ء** (һамза) деген дыбыс белгiсi бар. Ол, бiрiншiден, қатар келген екi дауысты (**رئيس**) райс — Раис) айыру үшiн, екiншiден, дауыс тынысын (**مؤمن** — му'мин — момын) көрсету үшiн қолданылады.

Сөздіктің құрылысы

Кiсi есiмдерi араб алфавитi тәртiбiмен түзiлген. Ең әуелi есiмнiң арабша нұсқасы, одан кейiн жақша iшiнде дыбысталуы (транслитерациясы), мағынасы жазылған; бұдан соң осы есiмнiң қазақша айтылуы берiлiп, баспасөз материалдарынан алынған мысалдармен көрсетiлген.

Есiмдер араб және қазақ сөздерiнен құралған болса, олардан кейiн жақша iшiнде (*а-қ*), *ал қазақ және араб негiздi болса, (қ-а)* деп қысқартылып көрсетiлген.

Күрделi есiмдер таза араб тектi болып келсе, олардың мағынасынан кейiн *б. т. е.* (бiрiккен тұлғалы есiм) деп көрсетiлiп, қанша сөзден тұратыны берiлген.

Есiмдердiң арабша нұсқасы араб жазуымен берiлiп, оның қазақ тiлiндегi нұсқалары алфавиттiк жүйемен қазақша жазылған.

Кiтап соңында кiсi аттары (реестр) қазақша алфавит тәртiбiмен берiлген.

ҚЫСҚАРҒАН СӨЗДЕР

а.- арабша

«А. Б.» — «Арқалық батыр»

ауыс.— ауыспалы мағына

«А. Ш.» — «Айман-Шолпан»

«Қ. А.» — «Қазақ ақындары»

«Қамб. Б.»—«Қамбар батыр»

қар.— қараңыз

«Қ. Ә.» — «Қазақ әдебиетi»

«Қ. Ә. Т.» — «Қазақ әдебиетiнiң тарихы»

«Қ. Е.» — «Қазақ ертегiлерi»

«Қ. Ж.» — «Қыз Жiбек»

«Қ. К.» — «Қазақ күнтiзбесi»

«Қ. К. Б. С.» — «Қозы Көрпеш-Баян сұлу»

«Қ. Б.» — «Қобыланды батыр»

«Б. О.» — «Бiздiң Отан»

«Д. Б.» — «Дастан батыр»

«Е. Т.» — «Ер Тарғын»

«қ.» — қазақша

«Қ. С. Ә.» — «Қазақ совет энциклопедиясы»

«Қ. Т. Т. С.» — «Қазақ тiлiнiң түсiндiрме сөздiгi»

«Л. Ж.» — «Лениншiл жас»

«М. Б. Т.» — «Мың бiр түн»

поэт. — поэтикалық

«С. Қ.» — «Социалистiк Қазақстан».

«Х. А.» — «Халық ақындары»

«Х. М.» — «Халық мұғалiмi»

Кісі есімдері

ا

اباء (иба — ұялу, әдеп сақтау, ізет ету). **Иба**. Токсанбай **Ибаның** даусын естіп, сәл езу тартты (М. Сатыбалдиев).

ابجد (абжад — сандық мәні бар араб алфавиті). **Әбжет**. Отрядка **Әбжет** қосылды (С. Хайдаров).

إبراهيم (ибраһим — жалқы есім). **Ибраһим**. **Ибраһим** түскен үйдің иесі әр нәрсені сабырмен ойлап шешетін кісі екен («Жалын»).

Ибрагим. Бар қазақ **Ибрагимді** Абай деген, Өз елін шын жанына балайды екен. Атанған Шамсуддин де Хафир болып, Елінің қамын ол да талай жеген (Ә. Нәлібаев).

Қыбырай. Күн нұрымен шағылысқан аппақ қар **Қыбырайдың** көзін қарыды (Ш. Айдаров).

Ыбырай, **Ыбрай**. Алтынсарин **Ыбырай** (Ибраһим) (2, 11. 1841-30. 7. 1889)— қазақ халқының аса көрнекті ағартушысы, жаңашыл педагог, жазушы, қоғам қайраткері («Қ. С. Э.»). Жақаев **Ыбырай** (1891-1981) — әйгілі күріш өсіруші.

Ыбырайым, **Ыбрайым**. Қырдың қырағы қыраны, Даланың өр құланы, Немістерді екі жүз отыз тоғыз өлтірген Сүлейменов **Ыбрайым**, Қазақтың батыр ұланы (Жамбыл).

Ыбыраш, **Ибраш** — *Ыбырай есімінің еркелетіп айтылу түрі*. **Ыбыраш** табынындағы әр жүз сиырдың соңына 90—95 бұзау ерді («С. Қ.»).

ابو (абу — 1) әке, әкесі; 2) кісінің аты я ондағы қосымша). **Әбу**. Мұңы мен гүлі аралас, нөсері мен нұры аралас — **Әбу** (Т. Молдағалиев). Сәрсенбаев **Әбу** (Әбуғали)—қазақ жазушысы («Қ. С. Э»).

Әбутай (а-қ). Директордың машинасы қырқаға барып ілінгенде, Қасиба **Әбутайды** «папа, папа, мында келші»,— деп оңашаға жетеледі (С. Бақбергенов).

ابو واحد (абу-ахад; абу-қар. ابو; ахад—қар. احد) - б. т. е. абу+ахад: **Әбілақат**, **Әбілахат**. Қадірлі **Әбілақат** замандасым, Көпке аян, сендей құрбы таба алмасым (Файзолла). Бір әңгіме үстінде **Әбілахаттың** көзінше әлгі әзілімді жатқа оқып бердім (М. Әлімбаев).

ابو حارث (абу-л-харис; абу-қар. ابو; харис—қар.) - б. т. е. абу-әл-харис. **Әбіларис**. Өнерпаздар қазір аудан шаруашылықтарын аралап жүр,—деді **Әбіларис** («Л. Ж.»).

ابو حسن (абу-л-хасан; абу-қар. ابو; хасан — қар. حسن) - б. т. е. абу-аль-хасан: **Әбіласан**. **Әбіласанды** көрген сайын көктемгі нөсердей дүркіреп өткен балалық шағым көз алдыма қалқып тұра қалады (Д. Досжанов).

ابو الحق (абу-л-хаққ; абу-қар. ابو; хаққ - қар. حق - шындық) — б. т. е. абу+аль-хаққ: **Әбілхақ**. Өсемқажының меңзеп тұрған адамы **Әбілхақ** — осы совхоздың шопаны («Қ. Ә.»).

ابو الحميد (абу-л-хамид; абу-қар. ابو; хамид — қар. حميد) - б. т. е. абу+аль-хамид: **Әбілхамит**. **Әбілхамит** бес жасында анасынан айрылып, өгей шешенің қолына қарап қалды («Жұлдыз»).

ابو الحى (абу-л-хай; абу-қар. ابو; хай — тіршілік) حى - б. т. е. абу + аль-хай: **Әбілхай**. **Әбілхайларға** берілген тапсырма — *жау қоршауының осал жерін табу* («Жұлдыз»).

ابو الخير (абу-л-хайр; абу-қар. ابو; хайр — қар. خير) — б. т. е. абу + аль-хайр: **Абылқайыр**, **Абылхайыр**. «Қожабек» мектебінің алғашқы мұғалімдерінің ішінде сол уақытта ең сауатты деген **Абылқайыр Ыбраев** бар еді (Ә. Бектасов). Салтанат **Абылхайырды** ерекше ілтипатпен қарсы алды («Л. Ж.»).

Абылқайыр, **Әбілхайыр**, **Әбілқайыр** Досов (1899—1938) — Қазақстанның қоғам қайраткері («Қ. С. Э.»). *Нұралы* — Әбілхайыр ханның баласы (Х.Есенжанов). Әбілхайыр Әзмұқанов — Қызылжардағы гарнизонның саяси басқарушысы (С. Мұқанов).

ابو سيد (абу-с-саид; абу-қар. ابو; саид — қар. سيد) — б. т. е. абу + аль-саид: **Әбусейіт**. **Әбусейіт** көрген-білгенін айтып, есіп отыр («Жалын»).

Әбілсейіт. Айқанов **Әбілсейіт** — қазақтың атақты балуаны, спорт мастері («Қ. С. Э.»).

ابوالعزيز (абу-л-‘азиз; абу-қар. ابو) (‘азиз-қар. عزيز) — б. т. е. абу+азир: **Әбіләзиз**. Паркке кіре берісте **Әбіләзизді** жолықтырды («Л. Ж.»).

Әбілғазиз. Әлімбайұлында **Әбілғазиз** сұлтанның, Байұлы мен Жетіруда Қаратай сұлтанның билігі жүрді («Қ. С. Ә»).

ابوالعظيم (абу-л-‘азим; абу-қар. ابو; ‘азим — қар. عظيم) - б. т. е. абу + аль-азим: **Әбіләзім**. Хат иесі — **Әбіләзім** деген кісі екен («С. Қ»).

Әбілғарым. **Әбілғарым** — бұл күнде маман бұрғышы («Қ. К»).

ابوالعلم (абу-л-‘алам; абу-қар. ابو) (‘алам-ту) — б. т. е. абу + аль - ‘алам; **Әбілғалам**.

Әбілғалам отарын өргізіп барады («С. Қ»).

ابوعلی (абу-‘али; абу-қар. ابو; али — қар. علی) - б. т. е. абу + ‘али: **Әбуғали**. Осы бір сәтте **Әбуғали** да біздің жанымызда отыр еді (Х. Бекішев).

Әбіғали. Балғынбаев **Әбіғали** (1866 — 1942) — қазақ педагогы, К.Д.Ушинский идеясын жақтап, Ы. Алтынсариннің ісін алға апарушы («Қ. С. Ә»).

ابوالمعلی (абу-л-‘али; абу-қар. ابو; ‘али — қар. علی) — б. т. е. абу + аль-али: **Әбілғали**.

Әбілғалидың ауылға келіп жатқанына екі апта өтті («Қ. Ә»).

ابوالغازی (абу-л-‘гази; абу-қар.; ابو; гази — қар. غازی); — б. т. е. абу+аль-гази: **Абылғазы**.

Абылғазы бұл істің орындалуына зор қайрат көрсетті («Л. Ж.»).

Әбілғазы. **Әбілғазы** және Жақып ақсақал секілді ел адамдарының өмірі, күнкөрісі арқылы қарапайым көшпелі ауылдағы әлеуметтік тартыс ашыла түседі (Е. Байтоқов).

ابوفیض (абу-л-‘фаид; абу-қар. فیض) фаид — қар. ابو) - б. т. е. абу + аль-фаид: **Әбілфайыз**.

Әбілфайыз Бұхара қаласына жүріп кетті («Жұлдыз»).

ابوالقاسم (абу-л-‘қасим; абу-қар. ابو; қасим-қар. قاسم) — б. т. е. абу+аль-қасим: **Әбілқасым**.

Әбілқасым үйінің ауласында алма, алмұрт, жүзім иісі аңқиды (С. Омаров). **Әбілқасым** тау жолын жақсы білетін боп шықты (О. Иманалиев).

ابوالمجن (абу-л-‘мажин; абу-қар. ابو; мажин — ұялмайтын, әзілқой) — б. т. е. абу-аль-мажин.

Әбілмәжин. **Әбілмәжин** машинасын тездетіп сеялқаға тақады («Л. Ж.»).

ابوالمصور (абу-л-‘мансур; абу-қар. ابو; мансур-қар. منصور) - б. т. е. абу+аль-мансур.

Абылмансұр. **Абылмансұр** — ақын Әріптің баласының аты («Қ. Ә. Т»).

Әбілмансұр. **Әбілмансұр** өзі жігіт болғанша құлына бала болады да, өзі жігіт болған соң аяғына оралғы болады деп өлтіреді (С. Мұқанов).

ابوبکر (абу-‘бакр; абу-қар.; бакр — қар. بكر) - б. т. е. абу + бакр: **Әбубәкір**. **Әбубәкір** Диваев (1856-1933) — көрнекті этнограф, фольклорист («Қ. К»). Кердері **Әбубәкір** (1858—1912) — Ақтөбе облысынан, медресе бітірген, өз заманында көзге түскен, білімді ақын («Айтыс»).

Әбубәкір. Жүнісов **Әбубәкір** (1886—1939) — 1916 жылы ұлт-азаттық қозғалысына белсене қатысушы («Қ. С. Ә»).

ابوسعيد (абу-са-‘ид; абу-қар. ابو; са-‘ид-қар.) - б. т. е. абу+са-‘ид: **Әбусағит**. **Әбусағит**

боранды күні жолға шыққанына өкініп келеді («Жалын»).

ابوسلام (абу салам; абу-қар. ابو; салам — қар. سلام) - б. т. е. абу + салам: **Абсалам**. **Абсаламға**

бармақ болып жиналғанына екі-үш күн болды, бірақ балаларына қарайлап шыға алмай жүр («Жұлдыз»).

ابوطالب (абу-талиб; абу-қар. ابو; талиб — қар. طالب) - б. т. е. абу+талиб: **Абуталып**.

Абуталып кәпір болатын-ды! — деді (М. Әуезов).

Әбуталып, **Әбутәліп**, Пазыл Әбуталыпұлы — Қостанай уезі, Қарабалық болысындағы Танабұға Наурызбай бидің ауылынан (М. Әбдешев). Алғаш рет **Әбутәліп** заводқа келгенде, алып кәсіпорынның тұлғасы зор болып көрінді («С. Қ»).

Әутәліп. **Әутәліп** әуелгі қадамды комсомол комитетінен бастаған болатын (*Т. Қауынбаев*).

ابومسلم (**абу-муслим**; *абу-қар. ابو*; мүслим — *қар. مسلم*) — *б. т. е.* абу + муслим: **Әбумүслим**.
Ұлы Отан соғысы жылдарында **Әбумүслим** газетте істеді («*С. Қ*»).

ابونصب (**абу-нұсб**; *абу-қар. ابو*; нұсб — *қар. نصب*) - *б. т. е.* абу+нұсб: **Әбунүсіп**. **Әбунүсіп** теңіз қарақшыларынан жан ұшыра, шапшаң қимылдады (*Д. Әбілев*).

ابونصر (**абу-наср**; *абу-қар. ابو*; наср — *қар. نصر*) — *б. т. е.* абу+наср: **Әбунасыр**. **Әбунасыр** әл-Фараби (870—950) — Аристотельден кейін дүниежүзілік білім мен мәдениеттің екінші ұстазы атанған данышпан ойшыл, энциклопедист ғалым («*Қ. С. Э*»).

ابوزيد (**абу-иазид**; *абу-қар. ابو*; иазид — *жауыз, мейірімсіз, қарғыс атқан*)— *б. т. е.* абу + иазид: Баязит. Баязит — **Абуиазидтің** қысқа түрі (*А. Ғафуров*). Баязит кірпіш қалаудың нормасын орындап жүр (*Ғ. Хабиева*).

ابي (**аби** — *тәкаппар, паң*). **Әби**. **Әби** ақсақалдың балалары бұл күнде ел басқаруда (*М. Байұрақова*).
Әбибек (*а-қ*). **Әбибек** салған сол әннің әуені әлі күнге дейін ұмытылған жоқ («*Л. Ж*»).

اثر (**асар**— 1) *ықпал*; 2) *әдеби, ғылыми шығарма*; 3) *ескерткіш, із, белгі*). **Әсер**. Көңілі суй түссе де, қарсы айтар дауы жоқ. **Әсер** бөгеліңкіреп қалды (*К. Оразалин*).

آجر (**ажар** — *жалқы есім*). **Ажар**. Атандым бала жастан ақын **Ажар**, Он төрттен жүрген жағым болды базар (*Ажар*). Үш жасар сіңлісі панасыз қалған соң, оны **Ажар** қолына алды (*А. Лекеров*).

Ажархан. Қырықтың бел ортасында жүрген **Ажархан** құрбым мезгілінен бұрын дүние салған еді (*З. Тамшыбаева*).

احد (**ахад**— 1) *жалқы есім*; 2) *бір*. **Ахад**, **Ахат**, **Ақат**. Жергілікті өлкетанушылар Мұса Жәлелдің антифашистік астыртын ұйымындағы қазақстандық серігі **Ахад** Атнашевтің жүрек тебірентерлік өмірбаянын жазды («*С. Қ*»). **Ақаттың** балауса дәуренінің қызығы тарқамайтын сәті ыстық сағынышпен суреттеліпті («*Қ. Ә*»). **Ахаттың** түнгі кезекшілігі тыныш өтті («*С. Қ*»).

Ақатай (*а-қ*). Ауылға бұл келгенімде әке-шешесінің көзін көрген **Ақатай** қарттыкіне тоқтады («*Жалын*»).

إحسان (**ихсан**— 1) *жақсылық, қайырымдылық*; 2) *қайыр, садақа*). **Ықсан**, **Ыхсан**, **Ехсан**, **Иқсан**, **Ихсан**. **Ықсан**... үнемі жаңа ән туындыларын беріп отырды деуге болады («*Қ. Ә. Т*»).

إحسان علی (**ихсан** ‘али — *жарылқаушы, қайырымды Ғали*)— *б. т. е.* ихсан+‘али: **Ықсанғали**. Малының бәрі қонды, қыс түскелі сетінеген тұяқ жоқ,— деді **Ықсанғали** («*С. Қ*»).

احمد (**ахмад** — 1) *мақтаулы*; 2) *жалқы есім*). **Ахмет**. Жұбанов Қуанұлы (29.4.1906-30.5.68) — қазақ музыка зерттеушісі, жазушысы, тарихшы, композитор, дирижер, халық артисі, өнертану ғылымының докторы, профессор («*Қ. С. Э*»).

Ахметбек (*а-қ*). Нұрқан **Ахметбеков** (1908—1963) — халық ақыны, композитор («*Қ. С. Э*»).

Ахметхан (*а-қ*). Ең кереметі **Ахметхан** ақсақал — ағып тұрған ақын, арқалы жырау (*С. Досанов*).

Ахметше (*а-қ*). **Ахметшенің** отауы жағынан шыққан адамдар көк арбаға жақындай берді (*Х. Есенжанов*).

Балахмет (*қ-а*). **Балахмет** келген хаттарға жауап жазуға отырды («*Л. Ж*»).

Кенжеахмет (*қ-а*). **Кенжеахмет** күн батар алдындағы теңіз бетіне қарап, ойға батып отыр («*Жалын*»).

Баяқымет, **Баяхмет** (*қ-а*) **Баяқымет** жыл сайын жоғары көрсеткішке жетіп жүр («*Жұлдыз*»). Кешікпей **Баяхмет** қыздарының шахматқа балалық көрсекызар әуестікпен құмартып жүрмегенін байқады (*М. Құлкенов*).

Құлахмет (*қ-а*). Аманбысың, айналайын тұңғыш қар, Табиғаттың бір-ақ келер пәктігі,— деді **Құлахмет** («*Л. Ж*»).

احمد الدين (ахмад-уд-дин; ахмад-қар. احمد; дин-қар. دين) — б. т. е. ахмад+ад-дин: **Ахмедин.**— Бақытжамал мен **Ахмедин** біздің совхозымыздың мақтанышына айналып отыр (Қ. Әбілев).

احمد الله (ахмаду-л-лаһ; ахмад-қар. احمد; аллаһ-қар. الله) — б. т. е. ахмад+аллаһ: **Ахметолла.** **Ахметолла** дейтін мұғалім келіп, үш бөлімді бір кластық орысша мектеп ашты (Ш. Айманов).

احمدذكي (ахмад закий; ахмад — қар. احمد; заки — қар. ذكي) — б. т. е. ахмад+закий: **Ахметзәки.** Жайшылықта біртоға, момын, көп үндемейтін **Ахметзәки** осы жолы ерекше толғанып, шешіле сөйледі (Қ. Аманжолов).

احمدشريف (ахмад шариф; ахмад — қар. احمد; шариф — қар. شريف) — б, т. е. ахмад+шариф: **Ахметшәріп.** «Абай әндері» киносындағы Айдар — сол **Ахметшәріп** («Қ. Ә.»).

احمد صفي (ахмад сафи; ахмад-қар احمد; сафи — қар. صفي) — б. т. е. ахмад+сафи: **Ахметсафи.** Жол айырығына келген соң **Ахметсафи** достарын тосып отырды («Л. Ж»).

احمد كريم (ахмад карим; ахмад — қар. احمد; карим — қар. كريم) - б. т. е. ахмад+карим: **Ахметкәрім.** **Ахметкәрімнің** биылғы міндеттемесі өткен жылғыдан жоғары («С. Қ»).

احمدى (ахмади — мұсылман; Ахмедке қатысты). **Ахмеди.** Қалқа ауылдасы **Ахмеди** ақынға ілесіп ел аралап, ән салып, айтысқа түседі («Қ. Ә. Т.»).

احمدية (ахмадия — мұсылман; діни ағым). **Ахмедия.** Ахмедия сонда менен емес, үкіметтен қорыққан (Ғ. Мұстафин).

Ақмадия. Қадес пен **Ақмадия** басқаша жорамалдады (Х. Есенжанов).

اخص (ахасс — ерекше). Ақас. Жолдасыңмен де тілдес, сөйлес, түсіндір, ақылға сал,— деді Ақас («Л. Ж»).

اخلاص (ихлас— 1) адалдық, таза жүректілік, шынайылық; 2) берілгендік, жанқиярлық, ықыластылық). **Ықылас, Ықлас, Ехлас. Ықылас** Дүкенұлы (1843-1916) — қазақтың белгілі күйшісі, композиторы, қыл қобызда ойнаудың асқан шебері. («Қ. С. Ә»). **Ықлас** үлкен қалаға құмар (Ж. Арыстанов). Жер мен судың тұтқасы ханның қолында болса, оның қолы болып Шұғылдың **ехласы** отырса,..— деді (Х. Есенжанов).

Ықыласбек. Тракторына қос тіркеме тіркеп, **Ықыласбек** шөп тасуға шыққан... («Л. Ж»).

ادب (адаб — 1) тәрбие, әдеп; 2) сыпайылық, көргендік; 3) құлықтылық). **Әдеп. Әдеп** әжей орнынан ширақ көтеріліп, еркін тұрды (С. Ғаббасов). Қияр егілген жүйектің қасында бұғып отырған **Әдеп** үй жаққа көз жіберді (М. Гүмеров).

Әдепбай (а-қ). Қыздың бұл қылығы **Әдепбайдың** көңіліне дық ете қалды («Жалын»).

ادبيات (адабийат — жалпы жазба және көркем шығармалар). **Әдебиет. Сәрсекең Әдебиет** Молдахановқа: «Сенің батырлар жырының тілін зерттеуге бейімділігің байқалады, осы жағын ойластырып, үйірмеге жақсылап баяндама жасап берсең қайтеді?— деді (Ә. Нұрмағамбетов).

ادريس (идрис — жалқы есім). **Ыдырыс, Ідіріс, Едріс, Идрис, Идіріс. Ыдырыстар** ауылға шам жамырай жетті («Жалын»). «Аддухани Кәйфиятгән» хадисті қалай бекер деп айтасыз,— деді **Идіріс** Хазіретке (С. Мұқанов). **Ідіріс** Мұстамбаев — «Он төрттің хатына» қол қойғандардың бірі (С. Мұқанов).

آدم (адам — адам). **Адам.** Композитордың ойын дәл танып, жанында отырған ақын **Адам** Мекебаев жаңа туған «Аралдағы жеңеше-ай» әніне қолма-қол өлең жазды (Ә. Телғозиев).

Адамбай (а-қ). **Адамбай** көктемгі егіс жұмысына мұқият даярланды («Л. Ж»).

Адамбек (а-қ). **Адамбектің** алдына барғанда абдырайды да қалады («Л. Ж»).

Адамқұл (а-қ). Жоғары шық, **Адамқұл**,— деді оған Жаңыл (С. Мұқанов).

آدمی (адами — адамгершілікті сүюші). Адами. Адамиева сынды аналар еңбегі ескерусіз қалмауға тиіс («С. Қ»).

ادھم (адхам — қара, қоңыр) есім. Әдхам, Әдхам. Әдхам шөп шабу науқанына қызу кірісіп кетті («С. Қ»). Әдхамның дауысы көтерілген кезде көзі бір алақ етеді (Ғ. Мұстафин).

اذان (азан — діни. азан). Азан. Нұржамал Азанова еңбекте ысылған («Л. Ж»).

Азанбай (а-қ). Шопандар бригадасының құрамында Азанбай да бар (Қ. Хасанов).

Азанбек (а-қ). Азанбектің құрылысқа кіргеніне көп бола қойған жоқ («Л. Ж»).

ارباب (арбаб — 1) мырзалар; 2) байлық иелері). Арбаб. Сарынов Арбаб Нұрымұлы (1899—1962) — Азамат соғысына және Совет өкіметін нығайтуға белсене қатынасушы («Қ. С. Э»).

ارث (ирс — 1) мұра, мұралық; 2) ауыс. бақыт, сыбаға, несібе, байлық). Ырыс, Рыс. Ата, айтты айтшылап, Ырыс Қияқеңнің алдына тығыла түсті (С. Бегалин). Бажай Рысовтың жауынгерлік жолы сонау Сталинград майданынан басталып, Берлинде аяқталды (Т. Суртаев).

Рысқұл (а-қ). Рысқұлов Тұрар Рысқұлұлы (1894—1938) — партия қайраткері («Қ. С. Э»).

Ырысалды (а-қ). Топ алдында үкісі бұлғақтап Ырысалды келеді («Жалын»).

Ырысбай, Рысбай (а-қ). Ырысбай тарих қатпарларынан суырып ел тарихы, туған жер тарихы жайлы сыр сабақтайды (Т. Қуанышбаев). Қолында сүйектелген ақ домбыра, Рысбай келген екен қуа жолын (Кұлтума).

Ырысбала, Рысбала (а-қ). Ырысбаланың білегіне «шап» ете түсті (І. Жансүгіров). Рысбала өкпе, қарын, ащы ішек, мойын-сойын, тағы бірдемелерді шара аяққа салды (Ә. Көшімов).

Ырысбике, Рысбике (а-қ). Ырысбике сескеніп, кейін шегінді («Л. Ж»). Әжем Рысбике, — дейді Айзада (Ә. Қанахин).

Ырыскелді, Рыскелді (а-қ). Қыс ортасында Рыскелді қатты ауырып қалды («Жұлдыз»). Ырыскелді есікті аша бергенде, бірнәрсе дың етіп жерге түсті («Л. Ж»).

Ырысты, Рысты (а-қ). Ырысты өз ісіне болмай риза, Сөйледі келген-кеткен қатын қызға (С. Торайғыров). Рыстының орындау шеберлігі көптің көңіл-күй пернесін дөп басты («Л. Ж»).

Рысхан, Ырысхан (а-қ). Рысханнан дегбір кетті («Жалын»).

Ырысбек, Рысбек (а-қ). Дәурен жаңа келген маман Ырысбекті көрді (С. Бақбергенов). Рысбек болса енді Дүрияға аса бір мұңлы кейіппен қарап қалыпты (С. Мұратбеков).

Рысқұлбек, Ырысқұлбек (а-қ). Ырысқұлбек бұлғақтаған? Келіп ем, көріскелі, шырақ, саған. Ауада ақ сұңқардай тиіп өтіп, бар екен бір мінезің шұнақтаған (Кұлмамбет). Дәрігер Мыңғырбай Дәлеевтің Андриенко, Рысқұлбеков сияқты шәкірттері көп-ақ (Т. Әбдіраманова).

Рыстай (а-қ). Е.Рыстаев өзінің графикалық жұмыстарында нәзік ойлылығымен, ұқыпты таза орындауымен танылып, табиғат пен адам арасындағы мәңгілік байланыстарды сәтті бедерлей білген (Е. Құрманбаев).

ارث علی (ирс ‘али; ирс-қар. اراث; ‘али— қар. علی) — б. т. е. ирс + ‘али: Рысқали. Рысқали биыл оқу бітіріп, туған ауылына жоғары білімді маман болып оралды («Л. Ж»). Рысғали. Маяның төбесіндегі Рысғали төмендегілерді бол-болдың астына алып, дігерлеп тұр («Жалын»)

ارث محمد (ирс мухаммад; ирс — қар. اراث; мухаммад — қар. محمد) — б. т. е. ирс+мухаммад: Рысмұхамед. Рысмұхамед — Республикалық конкурс-байқауға алғаш қатысайын деп отыр («Л. Ж»).

Рысмағамбет. Құмарды көргенде марқұм Рысмағамбетті көргендей боламын, әкесінің аузынан түскендей («А. Т»).

ارحم (архам — аса қайырымды, аса мейірімді, аса рақымды). Әрхәм. Әубәкірдің ақындық таланты өте күшті еді, — дейді Әрхәм («Қ. Ә»).

اسحق (исхақ — жалқы есім). Ысқақ, Ысхақ, Есхақ, Исақ, Исқақ, Сқақ. Ысқақ есігінің алдындағы төбеге шығып, күні бойы жол тосумен болды («Жұлдыз»). Есхақ игілікті істерімен көзге ілініп жүр (К. Сәттібаев). Жылдық қорытындыда Исақтың аты ерекше аталды («Л. Ж»). Исқақ та өнерпаз жан («С. Қ»). Жұбайы Сқаққа өткен жылы ағарту ісінің озық қызметкері атағы берілді («Л. Ж»).

Ысқақбай, Сқақбай. Ысқақбай қыза сөйлеп, жұртшылықтың көкейіндегі сөздерді айтып отыр («Жалын»). **Сқақбайдың** байланыс бөлімінде қызмет етіп жүргеніне көп бола қойған жоқ, соған қарамастан ол өз жұмысын жақсы меңгерген («С. Қ»).

اسد (асад— 1) арыстан; 2) арыстан шоқжұлдызы; 3) күн жылнамасының 5- айына сәйкес келетін шілде айының аты (22 шілде — 21 тамыз). **Әсет.** Алашқа атым шыққан **Әсет** ақын, **Өлеңім** — жан жолдасым маған жақын (*Әсет*).

Есет. Жанқожа, Есет, Қыстаубай, Қасым, Сейіл, Бұқарбай, Малайсары, Жантайлақ, Сәмет батыр, Тоғанас — солардан да өткен сұм дүние... (*Базар жырау*).

Есетбай (а-қ). Қорғаны болды **Есетбай**, Шөмекей мен Кетенің (*Тұрмағамбет*).

اسد الله (асаду-л-лаһ: асад-қар. اسد; аллаһ-қар. الله) — к. е. асад + аллаһ: **Асадулла, Асатолла.** Заводтағы еңбек озаттарының бірі — **Асадулла**... («Л. Ж»).

اسرافيل (исрафил — жалқы есім). **Исрафил. Исрафил** емес, кінәлі Фершанның өзі... (*Қ. Бекетаев*).

Ысырайыл, Сырайыл, Исраил, Срайыл. Ысырайыл шым ойып, арықтың су жырған жерлерін бекітті («Жалын»). Ынталандыру жүлдесіне **Срайыл** ие болды («Қ. Ә»).

اسعد (ас ад — аса бақытты). **Асғат, Асығат. Асғат** екіншілей өзеурей қойған жоқ (*С. Омаров*). **Асығат** дертін ашық айтқан екен... (*І. Есенберлин*).

Асқат, Асхат. Ибай-ау, мынау **Асқат** қой, жаным (*С. Ғаббасов*). **Асхат**... әсем ырғақты күй тыңдауда (*С. Бәсібеков*).

اسلام (ислам — 1) бағыну, сену; 2) мұсылмандар діні.) **Ісләм, Ислам, Есләм, Ислям.** Жарылғанов **Ісләм** — аудармашы, жазушы, сыншы («Қ. С. Ә»). **Ислам** күндегі жұмысын атқарып жүр (*Қ. Тәжібаев*). **Ислям** Аранов 1910 жылы Семейдегі семинарияға түсті (*К. Мұхаметханов*). **Есләм** Зікібаев шабытының жемісі—«Ақ қайнар» (*Қ. Мырзалиев*).

Исламбек (а-қ). Қаракесек, қаз дауысты Қазыбегім, Бақ қонған тірлігінде **Исламбегім** (*Құдайберген*).

Исламқұл, Есламқұл (а-қ). Мұхаметқұл **Исламқұлов** — орта бойлы, дембелше, маңдайы кере қарыс, дөңгелек тұнық көзді, қошқар мұрынды, сымбатты жігіт (*Б. Момышұлы*). Шіркін-ай, біздің төрағаның мойнына... тағып қояр ма еді,— деді **Есламқұл** (*Ғ. Мүсірепов*).

Ысламбек, Сламбек (а-қ). Осы жиынға **Ысламбек** қуанышты хабар жеткізді (*К.Қамбаров*). **Сламбектің** қыстауына да жеттік (*М. Әбугалиев*).

Сламхан (а-қ). **Сламханның** «Құлақтан кіріп бойды алар» атты мақаласы жарияланды («Л. Ж»).

اسلام شيخ (ислам шаих; ислам-қар. اسلام; шаих-қар. شيخ) - б. т. е. ислам + шаих: **Исламшайых. Исламшайых** — ақын Әріптің баласының аты («Қ. Ә. Т»).

اسلام علي (ислам ‘али; ислам-қар. اسلام; ‘али-қар. علي) - б. т. е. ислам+ ‘али: **Исламғали.** Шопандар бригадасының құрамында **Исламғали** да бар (*Қ. Хасанов*).

Есламғали, Есләмғали. Осында бұрын белсенді болған **Есламғали** деген шал бар («Л. Ж»). **М. Есләмғалиев** — «Дайрабай» деген әңгіменің авторы (*О. Сәрсенбаев*).

اسلامي (ислами — 1) мұсылмандық, исламдық; 2) мұсылман дәуіріне тиісті. **Ислами, Исламия.** **Исламидың** комсомол қызметінде істеп жүргеніне екі-үш жылдың жүзі болыпты («Л. Ж»). **Исламия** — ағарту қызметкері («Жалын»).

اسم (исм — 1) ат, аты, атау; 2) атақ). «Есім салған ескі жол» («Есім ханның ескі жолы») — **Есім ханның** (1598—1645) ел билеуі тұсында қалыптасқан әдет-ғұрып, жол-жобалар («Қ. С. Ә»).

Есімбек (а-қ). **Есімбек** байдың малайы Базарбай ұнамды мінез-құлқымен танылған («Қ. Ә. Т»).

Есімхан (а-қ). Есімхан өзінің мергендік өнерін баласына да үйретті (*Ж. Жұмақанов*).

اسماعيل (исмаил — жалқы есім). **Исмаил, Исмағил.** Жалғыз мен емес, палаталас Куценко, **Исмаилов, Алексеев** тағы басқалары да операцияға көнбеді (*Е. Оразақов*). Өлеңнің аяғына «ұшбу өлеңін шығарушы бән талибыңыз **Исмағил**», — деп жазыпты (*С. Мұқанов*).

Сымайыл, Смайыл, Есмайыл, Сымайыл оны басқаларға қарағанда бір табан жақын көреді (*Т. Дәуренбеков*). **Смайылов** Садық (1911—43) — Совет Одағының Батыры («Қ. С. Ә»). Есмайыл, Қожахмет,

Махамбет, Сүлеймен — Исатай Тайманов бастаған шаруалар көтерілісіне белсене қатысушы ағайынды Өтеміс ұлдары («Қ. С. Э»).

Ысмағұл, Смағұл, Исмағұл. Құлтай оқыған ағасы **Ысмағұлдың** жәрдемімен газет-журналдар алдырып, білімін аз да болса көтерумен болады («Қ. Ә. Т»). Қайырғали **Смағұлов** — Совет Одағының Батыры (Қ. С. Э»). **Исмағұл** бұл жерде көптен бері жемісті еңбек етіп келеді (Ш. Айдаров).

Ысмайыл, Исмайыл. Есмағамбет Ысмайылов (1911 — 1966) — совет әдебиеттану ғылымына өзінің байсалды еңбектерімен елеулі үлес қосқан, қазақ әдебиеттану ғылымының негізін қалаушылардың бірі («Қ. Ә. Т»). Суретші Әубәкір **Исмайылов** халықтар достығы туралы көптеген суреттерінде лениндік ұлт саясатының мәңгілік салтанат құрғанын паш етеді (Қ. Асанов).

اسم سید (исм сайид; исм — қар. اسم; сайид — қар. سيد) — б. т. е. исм+сайид: **Есімсейіт.**

Есімсейітов былайша әңгімелейді: — Жеті қат жердің астынан қазына қазған кеншілердің мерейі қашан да асқақ («Л. Ж»).

آسیه (асиа — мұңлық; емдеуші әйел). **Асия.** Наурызым ауданының ақыны **Асия** бас жүлдені жеңіп алды (Б. Илиясов).

Әсия. Көп геройдың қатарында айрықша көз тартатын **Әсия** образы («Қ. Ә. Т»).

اشراف (ашраф — 1) шарифтың көпше түрі; 2) шариф — атақты, адал, мейірімді). **Әсіреп. Әсірепов** Керімжан, Зеңгі баба баққаның, Көріп ем колхозда, Сүт бұлағы аққанын (К. Әзірбаев).

اصیل (асил — 1) игі, игілікті, мейірбан; 2) атақты, белгілі, текті; бекзада; 3) дәл өзі, нағыз; 4) ауыс. қымбат). **Асыл.** Омарбай **Асылловтың** бұл жерде ақ дегені — алғыс, қара дегені — қарғыс (Ж. Жұмақанов).

Асылбай (а-қ). Асқар таудың тасындай, Мына отырған **Асылбай**, Талай жиын тартыста Сөзге түскен тосылмай (Ш. Смаханұлы).

Асылбек (а-қ). Абдолла Әбдірахманұлы **Асылбеков** — 1917 жылдан коммунист, Совет өкіметінің алғашқы дәуірінде үлкен еңбек сіңірген күрескер, абзал ағалардың бірі (С. Талжанов).

Асылтай (а-қ). Кейінірек совхоз парторгі **Асылтай** Елғондиевпен сөйлестік (С. Асанов).

Асылтас (а-қ). Аға ғылыми қызметкер **Асылтас** тәжірибе участогындағы дақылдардың өсіп-өнуін күнделікті бақылап отырады («Л. Ж.»).

Асылхан (а-қ) **Асылхан** оқуын бітіргеннен кейін жолдамамен осында келіп, агроном болып қызмет етіп жүр («Жұлдыз»).

Әсілбек (а-қ). Үлкен **Әсілбектің** қолы ептілеу болатын-ды (Е. Әшенов).

Әсілхан (а-қ). **Әсілхан** мен Өмірзақ... ауылымызда табысты еңбек етіп жүр (И. Мырзахметов).

Баясыл (қ-а). Әлекей — **Баясыл** қарияның ұлы (С. Бұратаев).

Бекасыл (қ-а). Сен бүгін түзге шықпағаннан сауымысың? — деген **Бекасылдың** жуан даусы гүж етті (М. Сатыбалдиев).

Шынасыл (қ-а). **Шынасыл** курорттағы демалушылардың бөлмелерін аралап шықты («Қ. Ә»).

اصیل غازی (асил ғазы; асил — қар. اصیل; ғазы — қар. غازی) — б. т. е. асил + ғазы: **Асылғазы.** **Асылғазының** кабинетіне өндіріс басшыларының жиылысынан жаңа ғана оралған беті еді («С. Қ»).

اصیل مراد (асил мурат; асил — қар. اصیل; мурат — қар. مراد) — б. т. е. асил + мурат: **Асылмұрат.** **Асылмұрат** бәрімізге жымия қарады («Қ. Ә»).

اعظم (азам — 1) ұлы; 2) ең зор, ең үлкен; 3) ең маңызды). **Ағзам.** Әуездің екінші әйелінен **Ағзам** туған (К. Мұхаметханов).

افاق (афак — 1) әлем, нұр, жарық; 2) көкжиек, өңір, маңай). **Апак.** Бұдан жарым ғасыр бұрын Байжанның **Апағы** деген малшы бала далада көде арасында ара-тұра кездесетін қара тастың жанатынын ашқан екен (Е. Букетов)

افضل (афдал — ең жақсы, аса жақсы көрінетін, аса құрметті). **Абрал.** Жүсіпбек пен Балшырын сәбиге **Абрал** деген атты қалады (Б. Әдепов).

Абзалбек (а-қ). Дәрігер **Абзалбектің** бар болмысы бірден айқын аңғарыла кетеді (О. Әбілдаев).

Әбзел. Қар қылаулай бастағанда **Әбзел** асуға ілікті («С. Қ»).

Әбзели. Егізбаев **Әбзели** (1907- 45) — жауынгер ақын («Қ. С. Э»).

Әбзелбек (*а-қ*). Бәсекеге қызған **Әбзелбек** бір бүйірден киіп кетті (*С. Томанов*).

أكبر (**акбар** — 1) өте үлкен, өте зор; 2) аса маңызды; 3) аға, үлкен аға). **Акбар, Акпар. Акбар** осыдан үш күн бұрын келіп кетті (*Х. Есенжанов*). *Құрт* шаншып, қамыр іліп, Біздің **Акпар** қармақ салды (*М. Әлімбаев*).

Әкбар, Әкпар. Әкбар мен Жақып... күнкөрісі арқылы қарапайым көшпелі ауылдағы әлеуметтік тартыс ашыла түседі (*Е. Байтоқов*). **Әкпар**-ау, қалдырамын жолда сені, Қорғалжың сан байлықтың орда кені (*Бикен*).

إكرام (**икрам** — *ізет, құрмет, сый*). **Икрам**. Аудан жұртшылығы Қапсалам **Икрамовтың** есімін жақсы біледі («*С. Қ*»).

اکرام (**акрам** — өте жомарт, мырза). **Әкрам, Әкірам**. «Адам жанын ауылдасы білмейді, істесі біледі» дегендейін, істес болған кісілерімнің ішінде **Әкрам** мырза сирегірек қолға түсетін бір асыл зат еді (*С. Торайғыров*). Ғалимов **Әкрам** (1892—1913) — поэзиямен қатар, проза жанрында да қызмет еткен ақын-жазушылардың бірі («*Қ. Ә. Т*»). Әкірәм танаптың шетінде егістікке көз салып тұр («*Л. Ж*»).

الف (**алиф** — *араб алфавитінің бірінші әрпінің аты*). **Әліп. Әліп** шөп шабуда алдына жан салмай келеді («*Л. Ж*»).

Әліпбай (*а-қ*). Бүйткен мұсылманшылығыңыз бар болсын! — деген еді, жаны әбден күйінген **Әліпбай** (*З. Жәкенов*). **Әліпбек** (*а-қ*). **Әліпбек** бұл жөнінде нағыз энтузиастың өзі көрінеді (*Ә. Жәмішев*).

الفة (**улфа** — *достық, махаббат*). **Ұлпа**. Есімі **Ұлпа** екен жаңылмасам, Анық ұқтым атын да аңғармасам (*Е. Бердин*).

الفية (**алфийа** — 1) *мың жолды дастан, поэма*; 2) *мың жылдық*; 3) *ауыс мәңгілік*. **Әлфия, Әлпия**. **Әлфия** бар ма? — деп сұрады (*Ә. Көнішев*). Әбдімолда мен **Әлпия** жетті енгізіп («*Қ. Ә*»).

الله (**аллаһ** — *алла, құдай*).

Алдабек (*а-қ*). Әкем баланың атын **Алдабек** деп өзі қойыпты (*Қ. Байсейітов*).

Алдаберген (*а-қ*). **Алдаберген** артына көп қарайлады («*Л. Ж*»).

Аллаберген (*а-қ*). **Аллабергенді** өрісте жолықтырдық («*Л. Ж*»).

الله جمان (**аллаһ жуман**; *аллаһ-қар. الله*; жуман — *қар. جمان*) — б. т. е. аллаһ+жуман: **Алдажұман**. Ғылыми қызметкер **Алдажұман** бұл араға кеше кешкісін келіп жетті («*С. Қ*»).

الله نظر (**аллаһ назар**; алла — *қар. الله*; назар — *қар. نظر*) — б. т. е. аллаһ+назар: **Алданазар**. **Алданазаров** Адамқұлды білесің бе? — деп сұрады (*С. Мұқанов*).

الماس (**алмас** — 1) *мөлдір, түссіз, аса қатты қымбат тас (оның қырылған түрі — бриллиант)*; 2) *шыны кесетін өткір құрал*). **Алмас**. Екінші біреуінің аты **Алмас** екен («*М. Б. Т*»). Үлкен ұлы **Алмас** Армия қатарынан оралып, қазір еңбек майданына араласты («*Қ. Т. Т. С*»).

Алмасбек (*а-қ*). М. Әуезов «Өскен өркен» романында бұрын белгісіз жаңа әдеби образдар тауып бейнелеген. Соның бірі — обкомның екінші секретары **Алмасбек** Жайлыбеков («*Қ. Ә. Т*»).

الياس (**илиас** — *жалқы есім*). **Ілияс**. Жансүгіров **Ілияс** (1894—1938)—қазақ жазушысы, қазақ әдебиетінің негізін қалаушылардың бірі («*Қ. С. Э*»). Есенберлин **Ілияс** — қазақ жазушысы. («*Қ.С.Э.*»).

امام (**имам** — *алда тұрушы, басшы, бастық, көсем, имам*). **Имамбек** (*а-қ*). **Имамбек** барынша көшелі, ақылды кісі екен (*Ш. Айдаров*)

امام اعظم (**имам а'зам** — *бас, ұлы, имам*)—б. т. е. имам + азам: **Имамағзам. Имамағзам** Әлібеков 1906 жылы Семейдегі семинарияға түскен (*К. Мұхаметханов*).

Аман (аман — 1) қауіпсіздік, тыныштық; 2) аяушылық, есіркеу, рақымдылық; 3) ауыс. сау, есен). **Аман**. Ғ. Мұстафиннің «Дауылдан кейініндегі» **Аман** әдебиеттегі күрескерлер тұлғаларын көбейте түсті («Қ. Ә. Т».).

Аманбай (а-қ). **Аманбай** отарына шөп шашып жүр екен («С. Қ».).

Аманбек (а-қ). **Аманбек** өткен қыстың бір боранды күні табиғаттың дүлей күшін жеңіп шықты (Б. Мекеев).

Амандық (а-қ). Бұл қыстауда өткен күзге дейін **Амандықтың** үйі отырды (К. Сәттібаев).

Аманжол (а-қ). Қасым Рақымжанұлы **Аманжолов** (1911-17. 1. 53) — дарынды қазақ совет ақыны («Қ. С. Ә».). **Аманжолов** Сәрсен Аманжолұлы (27. 12. 1903—28. 1. 58) — қазақ филологиясының көрнекті қайраткері, қазақ тіл білімінің негізін салушылардың бірі, белгілі түрколог («Қ. С. Ә».).

Аманкелді (а-қ). **Аманкелді** Үдербайұлы Иманов (3. 4. 1873 — 18. 5. 1919) — қазақ халқының батыры, Қазақстанда 1916 жылы өріс алған ұлт-азаттық көтерілісінің басшысы, совет өкіметін орнату жолында белсене күрескен қайраткер, 1918 жылдан Компартия мүшесі («Қ. С. Ә».).

Аманқос (а-қ). **Аманқос**, Виктор, Жамал — бәрі де өңшең жастар (Ф. Оңғарсынова).

Аманқұл (а-қ). — **Аманқұл**, сені ертіп барамын (Х. Есенжанов).

Амантай (а-қ). «Ботакөздің» басты қаһармандарының бірі — **Амантай** тұлғасы сенімді жасалған («Қ. Ә. Т».).

Аманхан (а-қ). Сәлден соң шырағанды сөндіріп, **Аманхан** орнына жатты («Л. Ж».).

Аманша (а-қ). **Аманшин** Беркайыр Сәлімұлы — қазақ жазушысы («Қ. С. Ә».).

Әман. Қайдаров **Әман** Әбжанұлы — қазақ совет суретшісі, график, Қазақ ССР-інің еңбек сіңірген өнер қайраткері («Қ. С. Ә».).

Әмен. **Әмен** ауылы күздікке екі бөлініп қонды («Жалын»).

Баяман (қ-а). **Баяман** жиналыстан өте шаршап шықты («Жалын»).

Еламан (қ-а). **Еламан** мына үйдің сәні мен салтанатына қайран қалса да, сыртына шығармады (Ә. Нұрпейісов).

Есенаман (а-қ). Сырым бірде ел аралап жүріп, Еділ бойында жайлап отырған елдегі **Есенаман** деген кісіге сәлем беріпті («Қ. Ә».).

Жоламан (қ-а). **Гүлжан**, **Жоламан**, Қазималар кеп, Ақтандар қатарынан орын алды (Е. Домбаев).

امان علی (аман ‘али; аман-қар. **امان**; али — қар. **علی**) — б. т. е. аман+ ‘али: **Аманалы**.

Аманалы — мақта теру науқанына белсене араласты («С. Қ».).

Аманәлі. **Аманәлі** қалаға бүгін жүрмек («Жұлдыз»). **Аманғали**. Шұғылдан басқа кісі баласын орысша оқытпасын деген қан лұғатта жазылған, Жүнісеке, — деді **Аманғали** (Х. Есенжанов).

امة (уммат — 1) ұлт, халық; 2) қауым). **Үмбет**. Ал, **Үмбет**, аламысың келді кезек, Домбырам жұлқынады сені көздеп (К. Әзірбаев).

Үмбетай (а-қ). Кішкентайынан мұның әкесі мені бағып-қағып адам еткен, — деді **Үмбетай** (Ө. Қанахин).

Үмбетбай (а-қ). Сматай **Үмбетбаевтың** шеберлігі ғажап (Т. Әлімқұлов).

Үмбетей (а-қ). **Үмбетей** Тілеуұлы (1706—1778) — қазақ жырауы. Кедей семьяда туған. Жырау атанған кезден бастап ол әйгілі Бөгенбай батырдың сенімді серігі, жалынды жыршысы ретінде көзге түседі («Қ. С. Ә».).

امة علی (уммат ‘али; уммат — қар.; **امة**; ‘али — қар. **علی**) — б. т. е. уммат + ‘али. **Үмбетәлі**.

Нұрила, жек көремін осыныңды, Таныдым келген жерден қалыбыңды. Асықпа айтқанымша, аптықпағын, Шығарар **Үмбетәлі** жалыныңды (Үмбетәлі).

آمن (амин — қауіпсіз, қатерсіз). **Әмін**. **Әмін** арабша, парсыша, оның үстіне орысша оқып, жақсы білім алған (З. Ақышев).

امير (амир — 1) әкім, бастық, басшы, басқарушы; 2) жарлық, бұйрық беруші, әмір етуші). **Әмір**.

Абай мен **Әмір** Құнанбайдың теріс батасын алумен тынады («Қ. Ә. Т».). **Әмір** бүгін отарын «Қызылсайдың» дөңіне қарай қаптата жайды («Л. Ж».).

Әмірбай (а-қ). Бұл күндері өзіне жаңадан мекен-жай салдырып жатқан **Әмірбай** жұмыс адамдарымен қыстауының басында отырған-ды (К. Оразалин).

Әмірбек (а-қ). **Әмірбек**, — деді аздан соң Қылышбай, — бүгін неменеге өң-түсің қашып отыр, ұйықтамағаннан сауымысың? (Ә. Әзиев).

Әмірқұл (а-қ). **Әмірқұл** бүгін өте көңілді («Қ. Ә».).

Әміртай (а-қ). **Әміртай** мұрнының астынан бірдеңе деп міңгірледі де, ары қарай аяқ баспады (Б. Тоғысбаев).

Әмірхан (а-қ). Ақбөпе **Әмірханды** бұрын білген, Көрмей-ақ өткен қыста даңқы келген. Өнерін Әмірханның көрген жастар, Сыпаттап Ақбөпеге айтып берген (*И. Байзақов*).

امير سيد (амир сайид; амир-қар. **امير**; сайид — қар. **يعقوب**) — б. т. е. амир + сайид: **Мырсейіт**. **Мырсейіт** Шәкішев — Ұлы Отан соғысының ардагері, бірнеше жауынгерлік ордендеріне қоса «Еңбек Қызыл Ту» орденін кеудесіне таққан адам (*А. Шатаев*).

امير على (амир ‘али; амир — қар. **امير**; ‘али — қар. **على**) — б. т. е. амир-‘али: **Әмірәлі**. Айым — колхоз бастығы **Әмірәлінің** ерке, шолжаң өскен қызы, басқа қыздарға қарағанда еркін, батыл-тын (*М. Сералиев*).

Әмірғали. **Әмірғали** — колхозымыздың озат комбайншысы («С.Қ.»).

امير كمال (амир камал; амир — қар. **امير**; камал — қар. **كمال**) — б. т. е. амир + камал: **Міркемел**. **Міркемелдің** ойы осы сапарға баласын ала кету еді («*Жұлдыз*»).

امير يعقوب (амир иа куб — *әмір Жақын*) — б. т. е. амир-иа куб: **Әміржақып**. Бригада мүшелерінің бірі **Әміржақыпты** құрылыс басында жолықтырды («*Л. Ж.*»).

امين (амин — 1) *шын берілген, сенімді адал, ең анық; 2) қауіпсіз, сәтті*). **Әмин**. **Әмин** Тұяқов, Ғұсман Қосанов сияқты желаяқ ағаларымның қасиетті жолын қуып, спортшы болсам, — дейтін Мәлік (*К. Айтжанов*).

امينة (амина — *сенімді, адал (әйел); қауіпсіз, сәтті*). **Әмина**. Үй иесінің әйелі **Әмина** болар деп ойламаған едім (*Ә. Сәрсенбиев*).

إنكار (**инкар** — 1) *мойындамау, қабыл алмау; іңкәр қылу, іңкәр ету; 2) ауыс. күдік, күмән, шүбәлі; 3) ауыс. құмар, ынтық, ынтызар*). **Іңкәр**. Аққұмның бір қызы бар **Іңкәр** атты, Сөзі бар алуа-шекер балдан тәтті («*Қаз. әнд.*»).

Іңкәрбай (а-қ). **Іңкәрбай** мен Қилыбайлар Молда мен Бүлдіршінді ертіп келді (*С. Керімбеков*).

Іңкәрбек (а-қ). Әйелі Бодау деген жақсы кісі, Кермиық, маңдайының бар жұлдызы. Рабиға үлкен қызы, бірі **Іңкәрбек** (*Әшім*).

انوار (**ануар** — *нұр сөзінің көпше түрі; қар. نور*). **Әнуар**. Әлімжанов **Әнуар** Тұрлыбекұлы — қазақ совет жазушысы, Қазақ ССР Мемлекеттік және Үндістандық Джавахарлал Неру атындағы сыйлықтардың лауреаты («*Қ. С. Э.*»).

Әнуарбек, **Әнуәрбек** (а-қ). **Әнуарбек** біз келерден аз ғана бұрын аттанып кетіпті («*Л. Ж.*»).

Әнуәрбек ыңғайсызданып, сәл кідірістеді (*Р. Ниязбеков*).

انيس (**анис** — 1) *дос; 2) достық*). **Әнес**. **Әнестің** «Жұлдызды жөн», Софының «Алау» повестері өнеркәсіп саласында жүрген замандастарымызға арналған (*Ж. Молдағалиев*).

اول (**аууал** — 1) *бірінші, тұңғыш; 2) басы, басталуы*). **Әуел**. Болсаң, **Әуеловтей** бол! — деді баласына («*Жалын*»).

Әуелбай (а-қ). **Әуелбай** бригадаға өз адамындай болып, жылдам сіңісіп кетті («*С. Қ.*»).

Әуелбек (а-қ). Қостағы жігіттердің ұйқысы сергегі - **Әуелбек** («*Жалын*»).

اولاد (**аулад** — 1) *уалад — бала сөзінің көпшесі; 2) туыс, жамағат, ұрпақ*). **Әулет**. Повестің бас кейіпкері **Әулет** — басынан бірталай қиын-қыстау хал кешкен, теперіш көрген, өмірдің кермек уын тартқан адам (*Н. Ғабдуллин*).

اية (**айат** — 1) *белгі; 2) гажап, тамаша, керемет; 3) құранның сүрелерінің аты, құранның аяты*). **Аят**. **Аят** орта мектепті бітіргелі екі жыл өтті (*Ж. Алтайбаев*).

Аятбай (а-қ). Осы жүргендердің бір-бірінен бөтен сөзі болмайтынын сіз сықылды ескі кісілер түсінсе керек еді, — деді **Аятбай** (*І. Жансүгіров*).

Аятбек (а-қ). Өзен жағасына тоқтағандардың арасында **Аятбек те** бар (*С. Дүйсенов*).

Аятхан (а-қ). Әкесі **Аятхан** болса, енді екі жылдан кейін құрметті демалысқа шығады («*Л. Ж.*»).

ایقان (**иқан** — сенушілік; нану, сену). **Иқанбай** (а-қ). Қара жолдың май топырағын борпылдаатып, **Иқанбай** айлы түнде айдалада ыңылдап келеді («Жалын»).

ایمان (**айман** — ант, серт). **Айман**. **Айманов** Шәкен Кенжетайұлы (1914 —70) — қазақ совет актері, режиссер, СССР халық артисі, СССР және Қазақ ССР Мемлекеттік сыйлықтарының лауреаты («Қ. С. Э»).

ایمان (**иман** — 1) наным, сенім; 2) ар, ұят, ұждан). Аманкелді **Имановтың** ұлы — Рамазан Аманкелдиев ерлерше күрес жүргізді («Қ. К»).

Иманбай (а-қ). Шолпан **Иманбаева** (1904-1926) — қазақ қыздарынан шыққан ақын, кедей табының ақыны («Қ. Ә. Т»).

Иманбек (а-қ). **Иманбек** жүрді жолдас қасына алып... (Шеген).

Иманберді (а-қ). Белді актив ауылыңыздағы **Иманберді**, Қалайша Перузаңнан таяқ жеді (Тілеген).

Иманқұл (а-қ). Арғын асыл сөздің зергері **Иманқұлдың** Абдрахманын шығарды (М. Қаратаев).

Имантай (а-қ). Геологпен Қаныштың әкесі **Имантай** ұзақ әңгімелесті (М. Қаратаев).

Имаш (а-қ). — *Иман сөзінің еркелетіп айтылу түрі*. Қамқа шайды бірге әзірлесіп, ақ құманды демдеп, жайнаған шоққа қоя бергенде, есіктен **Имаш** пен өкіл кіріп келді (Б. Майлин).

ایمان شريف (иман шариф; иман — қар. **ایمان** ; шариф — қар. **شريف**) — б. т. е. иман + шариф: **Иманшәріп**. **Иманшәріп** — батыр тұлғалы, еңгезердей адам (Б. Бірзабаев).

ایمان علی (иман 'али; иман — қар. **ایمان**; али—қар. **علی**) — б. т. е. иман + 'али: **Иманалы**, **Иманәлі**. **Иманалының** Байыры, Құрманның Мұқаты топ алдына шықты (М. Сатыбалдиев). **Иманәлі!** — деді ол, оның атын сұраған кісіге (Ж. Арыстанов).

Иманғали. Әр жыл сайын қадам басқан ілгері, Үлгі болған мал бағуға еңбегі. **Иманғали**, Мырзағали — Еңбек Ерлері (Рамазан).

ایمان غازی (**иман ғазы**; иман — қар. **ایمان**; ғазы — қар. **غازی**) — б. т. е. иман + ғазы: **Иманғазы**. Әлекең жарыстасы **Иманғазыдан** озыпты (С. Буратаев).

ایمان یوسف (**иман иусуф**; иман — қар. **ایمان**; иусуф — қар. **یوسف**) — б. т. е. иман + иусуф. **Иманжүсіп**. **Иманжүсіп** Құтпанұлы (1863-1929) — қазақ халық композиторы, әнші-ақын («Қ. С. Э»).

ب

باب (**баб** — 1) есік, қақпа; 2) тарих, бабилар, бабидтар мазһабының негізін салған Әли-Мұхаммед Ширазидың лақап аты). **Баб**. Рамазан Бапов — Қазақ ССР-інің еңбек сіңірген артисі, халықаралық конкурстың жүлдегері («Қ. Ә»).

Баби. Төл алудан ауданымыздың чемпионы **Баби** деген дәуіміз осы, — деді Нүрекен («Қ. Ә»).

Бәни. Мәди **Бәниұлы** (1881-1921) — қазақтың белгілі композиторы, әнші, ақын («Қ. С. Э»).

باری (**бари** — жаратушы). **Бари**, **Бәри**. **Бари** сөзіне отырғандардың баршасы да қол соғып, ризашылық білдірді (Ә. Дәуітов). **Бәри** - ұзын бойлы, батыр тұлғалы, қара көз, қызыл шырайлы, еңгезердей дәу жігіт (Ж. Арыстанов).

باقی (**бақи** — мәңгі). **Бақи**. **Бақи** тап сол күні ессіз-түссіз күйі тілге келместен дүние салды... (Х. Есенжанов).

Бақия. **Бақия**, **Барлыбектей** шенді төрешіктерді Жамбылдың кісі құрым көрмейтіні сол (М. Әуезов).

Бақы. — Әкем аты **Бақы**, — деді бала (Х. Есенжанов). **Бахи**. — Бірақ өз халімізді де ойлау керек емес пе? — деп, **Бахи** өз халдерінің мүшкілдігін аңғартты (Қ. Жұмалиев).

بدر (**бадр** — 1) толық ай (он төрт күндік); 2) ауыс. жетілген, маңдай алды). **Бадыр**. Елге саудамен шыққан бақалшы **Бадыр** бір сапарында ауылдан малайлыққа бала алып қайтқан (Ж. Жұмақанов).

Бедер*. Аталған жастан аты мырза **Бедер**, Мәрттіктің сақилыққа қосқан төлін (Кете Жүсіп).

بدیعة (**бади** — 1) таңданарлық, ғажап, жарқын, тамаша; 2) тілмәр; 3) жасаушы, жасап шығарушы, жаратушы). **Бәдиға**. **Бәдиға** апай: — Білмесен, неңді айтасың? (С. Абдраманов).

Бәти.— Бәтиді мен ұстазым деп есептеймін,— дейді жас сауыншылардың бірі («С. Қ»).

بديع الجمال (бади-ул-жамал — асқан көркемдік)—б. т. е. бади + альжамал: **Бәдігүл** — Бәдігүлжамалдың қысқа түрі. **Бәдігүл** шырағым, өзің жоқта ауылымызға айтпай келген құтты қонағымыз, өзіндей ел азаматтарының аман-есен оралуына жоралғы болған жолдыаяғымыз — Өмірбай дейтін балаң, міне, осы деді (Ш. Құмарова).

برات (барат — шағбан айының он төртінші күні). **Барат. Барат** әйеліне машинаның кілтін берді («Жалын»).

Баратбай (а-қ). Қалижан Бекхожиннің тұңғыш поэмасы «Көктің» бас кейіпкері Балтабай **Баратбаевтың** бүгінгі ұрпақтарымен дидактасуы өте әсерлі өтті («Қ. Ә»).

براق (баррақ — жайнаған, жарқыраған, жанып тұрған, нұр шашушы, жарқырау, жалтырау).

Баррақ. О, **Баррақ** жас, **Баррақ** жас, Жегенге тоқ, ішсең мас, Жақсы болса ұлығы, Өз елін жаудай таламас (Дулат жырау). Баласы Шуақтының білмеуші ме ең? Датқасын Ошақтының батыр **Баррақ** (Майкөт).

Байбаррақ (қ-а). Ол күні жетпеген соң қона кеттік, Сол жерде **Байбаррақтың** ауылына-ай (Мұрат). **Байбаррақ** бабам айтатын еді деуші еді үлкендер,— біздің тұқымнан әр кезде бір жақсы адам шықпай қоймайды»,— деп (С. Мұқанов).

Баррақбай (а-қ). Көп уақыт өтпей-ақ мектеп директоры **Баррақбай** келді (Н. Домбаев).

Құлбаррақ (қ-а). **Құлбаррақтың** даңқына, Халық құлағы қанықты (Тұрмағамбет).

بركة (барақа — 1) бата, бата беру; 2) ауыс. құт, молшылық, бақыт; 3) ауыс. мейрам, той).

Берекехан (а-қ). Абайдың көптеген немере, шөберелері Ұлы Отан соғысы майданында үлкен ерлік көрсетті, солардың ішінде **Берекехан** бар еді (М. Бейсенбаев).

Мереке. Мерекенің баласы жұрт көзіне жастайынан шалынды («Л. Ж»).

بشار (башар — адам, адамзат; адам, адамдар). Башар. Ей, өзің неменеге әлдеқандай бола қалдың?

Бастықтың қолын қайырма,— деп Хасен де **Башарды** бастырмалата жөнелді (С. Адамбеков).

بشير (башир — 1) қуанышты хабар жеткізуші; 2) хабаршы, жаршы). **Бәшір.** Болыстық жер

бөлімінің меңгерушісі — Шуаип **Бәшіров** (С. Мұқанов).

Бәшірбек (а-қ). Повестің негізгі кейіпкері— **Бәшірбек** (Н. Мұраталиев).

بصير (басир — 1) жақсы көруші, айыра білуші; көргіш, байқағыш, көреген; 2) ақылды, есті.

Басыр. Тайыр ағайым **Басырмен** бірге бір институтта оқиды екен. Бір күні оған еріп үйге келді (М. Жарақова).

Бәсир. Меңдіхан **Бәсиров** орындаған халық әні «Япурай» және басқа әндер көрермен қауымды қатты сүйсіндірді (А. Уахитов).

بصيرة (басира — 1) ақыл, ес; 2) саналылық; 3) көрегендік, көргіштік, болжағыштық). **Басира.**— Нәзіпа жұмыста...— Онда **Басирасы** (Ә. Сәрсенбаев).

بطل (батал — батыр, батыл, ержүрек). **Баттал.** Жаудың 15 солдатын жойып, серігі Жұмажан

Батталұлы тағы басқалармен бірге он солдат, үш жау офицерін тұтқынға алды (Б. Момышұлы).

Батталхан. Батталхан қар аралас жауынның астында қалып, қатты тонды («Жалын»).

بقاء (бака — мәңгілік, тұрақтылық). **Бака. Бакаев** бастаған студенттер отряды совхоздың үш тұрғын үйін салды («Л. Ж»).

بكر (бакр — 1) бота, жас түйе; 2) жалқы есім). **Бәкір.** Оқушы қауым, тыңдаушы жұртшылық әндері арқылы да, өлеңдері арқылы да **Бәкір** Тәжібаев есімімен көптен таныс (Д. Стамбеков).

Байбәкір (қ-а). **Байбәкір** де отар аралап жүрген (С. Адамбергенов).

بلبل (булбул — бұлбұл, сандуғаш). **Бұлбұл.** Міне, арада төрт жыл да өте шығып, ұстаздық ету жолындағы алғашқы қадамымызды сынайтын күн де келіп жетті,— деді **Бұлбұл** («Л. Ж»).

بناء احمد (**бина ахмад** — мақтаулы бейне; Ахметтің бейнесі, суреті)— б. т. е. **бина-ахмад**:
Бинахмет. Бинахмет шыққан топырақты аулақ лақтырып, бұрғыны ауық-ауық ұзартумен тұр («С. Қ.»).

بهاء الدين (**баһа-уд-дин**; баһа — сұлулық, әдемілік; ад-дин — қар. **دين**) — б. т. е. **баһа-ад-дин**:
Баһаутдин. К.П.Персидскийдің жан-жақты қызметін Совет өкіметі жоғары бағалады, — дейді
Г. **Баһаутдинов** («Л. Ж.»).

بياض (**байад**— 1) аппақ; 2) ауыс. аса жақсы). **Баязи. Баязи** Шөкеев ұстаздық қызметін 1927 жылы Жылойдағы мектептен бастаған (Қ. Ыбырайұлы).

بيان (**байан** — 1) айқындық; 2) декларация; 3) манифест; 4) көркем жазу, сөйлеу). **Баян. Баян**
Байғожина ұрыс майданындағы ерлігі үшін «Қызыл жұлдыз» және «Даңқ» ордендерін алды (Е. Ыбыраев).
Баянбай (а-қ).— Кеш жарық!—деп **Баянбай** кіріп келді («Л. Ж.»).
Баянбек (а-қ). Елдің соңын ала **Баянбек** те қозғалды («Жұлдыз»).
Баянды. Баянды жастарға комбайн жүргізудің қыр-сырын үйретуден жалыққан емес («Л. Ж.»).

بيان على (**байан-’али**; байан — қар. **بيان**; ’али — қар. **على**) — б. т. е. байан+ ’али: **Баянғали**.
Көптеген әңгімелерден ой-өріс тарлығы аңғарылды, — дейді **Баянғали** («Қ. Ә.»).

ت

تأب (**таабин** — мақтаныш; тәкәппарлық). **Тәби.** Б. **Тәбиевтің** суретшілік мәнері, С.Айтбаевқа қарағанда, басқаша (К. Ли).

تبرک (**таббарук**—1) бата сұрау; 2) аса құрметті, қадірлі (қарт кісі, кітап); 3) есте қалатын зат, бұйым). **Теберік.** Роза **Теберікпен** әңгімелесіп отыр («Л. Ж.»).

تحكيم (**тахким** — 1) арбитраж (келісім бойынша тағайындалған төреші, аралық сот); 2) ауыс. нығайту, бекіту, күшейту). **Тәкім.** Дүйсенбаев Ысқақ **Тәкімұлы** — қазақ совет әдебиетшісі... Қазақ ССР-інің еңбек сіңірген ғылым қайраткері («Қ. С. Ә.»).

تراپ (**тураб** — шаң, тозаң, топырақ). **Тұрап.**— **Тұрап** — осы совхоздың озат механизаторы («С. Қ.»).

Тұрапбай (а-қ). **Тұрапбай** өзге әріптестеріне үлгі көрсетіп келеді («Л. Ж.»).

تربیة (**тарбия** — 1) өсіру; 2) даму; 3) білім; 4) әдептілік, сыпайылық; 4) ауыс. үйрету, тәлім беру).
Тәрбия. Өз еркімен емес, қонақтарының ауқыметімен кеңеске алданып қалған **Тәрбия** ас даярлайтын ыңғай көрсетті (С. Мұқанов).

تسليمة (**таслима** — құттықтау, сәлемдесу). **Тәслима. Тәслима** сабақтан шыға салып, кітапханаға жүгірді («Жалын»).

تشديد (**ташдид** — күшею, күшейту, нығайту). **Тәштит.** Бекеннің еркіне салса, **Тәштиттің** Қамзасы дегендікіне қонақ (С. Мұқанов).

تعليم (**та’лим** — оқу, білім, тағлым; шынығу). **Тағлим.** Мені туған елдің ыстық лебі өзіне қарай тартып әкелді, — деді **Тағлим** («Л. Ж.»).

Тәлім. **Тәлім** жақында цех бойынша комсомол ұйымының секретары болып сайланды (А. Байтанаев).
Кімнен сұрасам екен! Осындағы тарихшы ғой, **Тәлімге** барсам ба екен?— дейді Әбекең (Т. Қажыбаев).

تقاوى (**тақауи** — тұқым, ұрық). **Тахауи.** Ахтанов **Тахауи** — қазақ совет жазушысы («Қ. С. Ә.»).

Тақауия. Әкесі Мәңкінің шешендігі, оған қоса шешесінің ақындығы, ағасы Көппай мен **Тақауияның** киссашылдығы...— жас Ілиястың дүние есігін ашқан алғашқы өмір мектебі болған («Қ. Ә. Т.»).

تماشاى (**тамаша** — *гажап, ерекше жақсы*). **Тамаша.**— Айналайын, **Тамаша!** Жаным менің!—деді Сарықыз (*М. Қаратаев*).

تنزيلة (**танзила** — 1) төмендету, кеміту (бағасын); 2) алу (есеп амалы); 3) кіріс (пайда); 4) өңдеу, безендіру, зейнеттеу). **Тәнзила. Тәнзила** жеңешем өкпесін әлсін-әлсін ұстай еңтігіп жетті («*Жалын*»).

تنزية (**танзия** — 1) ақтау; 2) айыпсыздық, тазалық, адалдық). **Тәнзия. Зия мен Танзия** деген қыздар да солардың ішінде (*А. Егеубаев*).

توام (**тауам** — *егіз*). **Тауам***. Көзіне тамшы жас келмей қыстығып қалған **Тауам** ауыр ойдан айыға алмай қойды (*С. Досжанов*).

توبة (**тауба** — *өткендегі қатесін түзету үшін шүкіршілік ету*). **Тобағұл** (*а-қ*). **Тобағұл** — халық арасынан шыққан, орысша жап-жақсы сауаты бар ақын (*Ж. Бейсенбаев*).

توبة قابل (**тауба қабил**; тауба — *қар. توبة*; қабил — *қар. قابل*) — *б. т. е.* туба + қабил: **Тобақабыл**. Ол қыздың өз әкесі **Тобақабыл**, Алысқа байлықпенен шашқан дабыл (*Мансұр*).

توتيا (**тутия** — *көзге жағатын дәрі, сұрмелейтін бояу*). **Тотия. Армия штабының жанындағы** ерекше бөлім қызметкері **Тотия** Тойбағарова жасаған ерліктер қандай! (*Ә. Нұрмұханова*).

توفيق (**тауфиқ**—1) келісу, тату болу, тыныштық орнату; 2) көмектесу, жәрдемдесу; 3) табыс). **Тауфиқ.** Құлқынсәріде **Тауфиқтың** тракторының тарылдаған даусынан шырт ұйқыдан шошып оянды («*Л. Ж*»).

Таунық, Таупиқ. Таунық комсомол жиналысына асығып келеді («*Л. Ж*»). Жалғыз жиені жас өспірім **Таупиқты** құдайдың құтты күні шырылдатып сабайды да жатады (*Б. Аманшин*).

توكل (**тауаккул** — 1) батылдық, бел байлагандық, қайраттылық; 2) өзіне сенушілік). **Тәуекел. Тәуекел,** Медет, Байтөрелер мұның бүгінгі «ақ түйенің қарны жарылар» қуанышына келмей отырғаны тағы бар (*Қ. Мұхаметқалиев*).

(ث)

ثابت (**сабит** — *табанды, тұрақты, берік, тайсалмайтын*). **Сәбит.** Мұқанов **Сәбит** (1900—73) — қазақ совет жазушысы, қоғам қайраткері, қазақ совет әдебиетінің негізін салушылардың бірі, 1920 жылдан СОКП мүшесі («*Қ. С. Э*»).

Сәбитбек (*а-қ*). Ақкөлдiк **Сәбитбек** көш бастады (*Қ. Есмұратов*). **Сәбитхан** (*а-қ*). **Сәбитханға** жолығып, әңгімелесу сәті де түсті (*И. Қарымсақов*).

ثانية (**сания** — *екінші (қыз бала)*). **Сания, Сәния. Санияның** бұл жерде істеп жүргеніне де бес жылдың жүзі болыпты («*С. Қ*»). **Сәния** жеті жүз елу саулықты бірге бағатын (*С. Бақанов*).

ثرى (**сари**—*бай*). **Сари***. Халқым келді қамалап, **Сайра** тілім мүдірмей. Ақын болсаң, **Сариев,** Жауап берші мүдірмей (*К. Әзірбаев*).

ثمر (**самар** — 1) ұрық, жеміс, мәуе; 2) өнім; 3) пайда; 4) нәтиже; 5) ауыс. ұрпа). **Самарбай** (*а-қ*). **Самарбай** боз жорғаның үстінде былқып келеді («*Жұлдыз*»).

Самархан (*а-қ*). **Самархан** теріс қарап бүгежектеп, естілер-естілмес миңгірлейді де қояды (*Б. Аманшин*).

Самарат — *самардың көпше түрі. Самараттың* орнына Қиналған барады,— деді ол (*Ф. Мүсірепов*).

ثور (**саур** — 1) өгіз, бұқа; 2) астр. *торпақ шоқжұлдызы*; 3) күн жылнамасының екінші айына сәйкес келетін сәуір айының аты (22 сәуір — 21 мамыр). **Сәуірбай** (*а-қ*). **Сәуірбайдың** сөзі отырғандар арасында көп қоштау тапты (*С. Асанов*). **Сәуірбай** ата қонысқа ауылдан тамақ, сусын әкелген (*С. Омаров*).

Сәуірбек (*а-қ*). Бакбергенов **Сәуірбек** — қазақ совет жазушысы («*Қ. С. Э*»).

(ج)

جابر (**жабир** — 1) сынықышы, оташы; 2) күшпен қатал билеуші, мейірімсіз билеуші). **Жебірбай** (а-қ). Олар — **Жебірбай** мен Оспан (Б. Дүйсенбаев).

جامع (**жами** — 1) жинаушы, біріктіруші, қосушы; 2) толық, маңызды, мағыналы сөз; 3) алқалы жиналыс). **Жәми**. **Жәмидің** жақсылығын айтам, мақтағанда ел ішкен асын жерге қояды (С. Омаров).

Жәміш — *Жәми есімінің еркелете айтылған түрі*. Елемес екеуміздің анадағы бір түнде **Жәмішпен** кездесіп сөйлескенімізді біліп қойған біреулер ағаш аттың басына мінгізіп, әр түрлі өсек таратып жүр (С. Омаров).

جانحة (**жаниха** — анат. қабырға). **Жаниха**. **Жаниханың** жаны қалғаны артық (С. Бақбергенов).

جاهد (**жаһид** — ықыласты, ынталы, ыждағатты, тырысушы). **Жаһид**, **Жахит**. «Жұлдызды жонда» қуаныш-реніші, ашу-сабыры аралас Айна, сөзге де, іске де шапшаң Қабен, ақкөңіл, адал Дүмбай, қуақы-қунақ **Жаһид**, залым Игілік, Зәуірлер бар... (Т. Тоқбергенов). Екінші айналымда А. Жахитов Қ. Сағадиевпен шықты (Н. Жүнісбаев).

جبار (**жаббар** — 1) алып, құдіретті; 2) балуан, батыр). **Жапар**. Жатқан жараланып **Жапар** екен, Батырдың жалғыз інісі — емес бөтен (К. Әзірбаев).

Жапарбек (а-қ). **Жапарбектің** сырбаз мінезі жұртқа ұнады («Жалын»).

Жаппар. **Жаппар** — Шапиғатпен айтысқан ақын («Айтыс»).— Ерте кезде, Теміртаудың түбінде, Тұрған екен **Жаппар** деген бір мерген (С. Бегалин),

Жаппархан (а-қ). Қамажай-**Жаппархан** желілерінде шұбалаң-қылық, ұқсастық көп (Қ. Керейқұлов).

Көпжаппар (қ-а). **Көпжаппар** — ұзындыққа секіруден мектеп чемпионы («Л. Ж»).

جبار (ал-жаббар — құдіретті, қуатты, күшті). **Әлжаппар**. **Әлжаппар** Әбішев — қазақ совет жазушысы («Қ. С. Ә»).

جبار علی (**жабар+ 'али**; жаббар — қар. **جبار**; 'али — қар. **علی**) — б. т. е. жаббар+ али: **Жаппарәлі**. **Жаппарәлі** — орта мектептің қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімі («Л. Ж»).

جباس (**жаббас** — 1) сылақышы, сылаушы, 2) жалқы есім). **Жабас**. Кемелбекті кинамаңыз,— деп бір жағынан **Жабас** та сөз қыстырды (Қ. Сатыбалдин).

Жаппас. **Жаппас** Қаламбаев (1909-70)—Қазақ ССР-і өнеріне еңбек сіңірген қайраткер, атақты қобызшы («Қ. К»).

Жаппасбай (а-қ). Ширығып тұрған Жаңыл өзіне қарай құшағын жая бергенде, **Жаппасбайды** қос жұдырығымен өңменінен түйіп жіберіп, шалқасынан түсірді (Т. Ахтанов).

جبرائيل (**жабраил** — жалқы есім). **Жебірейіл**. Бауырым **Жебірейіл** сонда бесікте еді, — дейді Ақыш апай (Т. Жұртбаев).

Жәбірәһил. **Жәбірәһил** бұдағы асқан батыр, Еш сөзді естімеген мұндай тіпті. Тістегенде ернінен қан сорғалап, Қабанша қырылдаған үні шықты («Дастандар»).

جبل (**жабал** — тау). **Жапал**. Бүбітай жайғасып отырғаннан кейін **Жапалдың** мойнына асыла кеп ерке-наз етті (А. Байтанаев).

جزيرة (**жазира** — 1) арал; 2) ауыс. кең, байтақ). **Жазира**. Жомарттың қыздары — **Жазира** мен Назира (Қ. Зәкенов). **Жазираға** өткеннің бәрі ой мен түстей... (М. Сүндетов).

Жазираш (а-қ) — *Жазира есімінің еркелетіп айтылу түрі*.— Шай іш, **Жазираш**. Тарыны сүтке жібітейін бе, жоқ шайға салып ішесің бе? (М. Сүндетов).

جزل (**жазл** — 1) мол, көп; 2) үлкен, зор; 3) тілмәр, шешен). **Жазылбек** (а-қ). Қызы бар Ұлбай деген **Жазылбектің**, Сөйлесе құрбысымен әзілге епті. Бір күні хат жазыпты Сегіз салға, Өкпе-наз әзіл айтып азды-көпті (Әшім).

جعفر (жа ‘фар — 1) жылға, өзенік, кішкене өзен; 2) жалқы есім). **Жағыпар**. Бригададағы тәжірибелі маманның бірі **Жағыпардың** жастарға айтар ақыл-кеңесі мол («С. Қ»).

جلال (жалал — 1) улылық; 2) әсемдік, асқан әдемі, жарқын). **Жалал**. Сәт сапар!—деді Әмина **Жалалова** («С. Қ»).

Жәлел. Оларды жас инженер **Жәлел** қарсы алды (М. Қаратаев).

جلال الدين (жалал-уд-дин; жалал-қар. **جلال**; дин-қар. **الدين**) — б. т. е. жалал + ад-дин: **Жәлеледин**, **Жәлелидин**. **Жәлеледин** мәз болды (О. Сәрсенбаев). **Жәлелидиннің** спортпен айналысқанына екі-үш жылдың жүзі болды («С. Қ»).

جليل (жалил — 1) үлкен, алып; 2) ұлы, сәулетті, даңқты; 3) атақты, ақсүйек, қадірлі, құрметті). **Жалил**. **Жалил** бұлардың тұсына келгенде тракторын тоқтатып, жерге түсті («Л. Ж»).

جمادى (жумада — ай жылнамасының 5- айы). **Жұмат**. Шанин **Жұмат** Тұрғанбайұлы (1892-1938) — қазақ совет режиссері, драматург, актер, ұлттық профессионалды театр өнерінің негізін салушылардың бірі, Қазақ ССР халық артисі, 1920 жылдан КПСС мүшесі («Қ. С. Э»).

جمال (жамал — 1) сұлулық, көркемдік; 2) сүйкімділік). **Жамал**. Қара көз — қазақ қызы аты **Жамал**, Өрнектеп кестелейді ақ орамал... Кестелеп ақ жібекке түсірді гүл, Гүліне отыр қонып мұнды бұлбұл (Ә. Тәжібаев).

Айжамал (қ-а). **Айжамал** колхоз кеңсесіне анталаған көпшіліктің қоршауында қалды («С. Қ»).

Жамалхан (а-қ). Мәжіліске бас инженер **Жамалхан** шақырылды (М. Сқақбаев).

Жамалбек (а-қ). **Жамалбек** мектепке жеткенде, қоңырау да соғылды («Жалын»).

Күнжамал (қ-а). **Күнжамал** деген жеңген бар, балаларымыз бар,— деді Биғаға (М. Хакімжанова).

جمال الدين (жамал-уд-дин; жамал-қар. **جمال**; дин-қар. **دين**) — б. т. е. жамал + ад-дин: **Жамалатдин**. Таспадан таралған Тапал ақыннан **Жамалатдин** (А. Тоқмағамбетов).

Жамалиддин, **Жамалидтин**. **Жамалиддин** — Қостанай уезі, Обаған болысының қазағы, «Русско-киргизская школда» заведующий (С. Торайғыров). **Жамалидтин** сапа жайлы қызықтыра әңгімеледі (Ә. Әбілқасымов).

جمالى (жамали — 1) әсем, сәнді, сұлу, көркем, сүйікті, шырайлы; 2) эстетикалық (көркемдік). **Жамали**, **Жәмәли**. **Жамали** аз кідірістен кейін қайта сөйледі («Жалын»). **Жамели**, **Жәмели**. Өнтекей арбакеш атын қораға доғара салып, үйіне кірместен, «**Жамелиге** барып келейін!»—деп кеткен еді (Д. Әбілев). Гүлнәр мен Жәмели кері бұрылып, Сerezаның үйіне қарай беттеді («Л. Ж»). **Жәмәли** ақсақалдың үйіне келдік (Д. Шоқпарұлы).

جمان (жуман — 1) інжу; 2) ауыс. сұлу). **Жұман**. **Жұман** бай екеуін екі айырып жіберді (Ғ. Мүсірепов). Секілді **Жұман** қартқа ол бір жұмбақ, көңілін көтергендей жұлдыз бен бақ (Ғ. Орманов).

Байжұман (қ-а). Баян, **Байжұман** және басқалар биыл екі мың саулықтың төлін түгел аман сақтады (О. Еркінбаев).

Жұбан. **Жұбанов** Құдайберген Қуанұлы (1899-1938) — қазақ совет тіл білімінің негізін салушылардың бірі («Қ. С. Э»).

Жұбанбай (а-қ). Ешнияз сал, **Жұбанбай**, Жүйрігі еді олардың, Сылап, сипап наштаған (Тұрмағамбет).

Жұманбай (а-қ). **Жұманбай** өтінішін орындауды сұрап отыр («Л. Ж.»).

Жұманқұл (а-қ). **Жұманқұл** кілт жуасып, жанында тұрған орындыққа отыра кетті («Л. Ж.»).

جمان على (жуман ‘али; жуман — қар. **جمان**; али--қар. **على**) — б. т. е. жуман+ али: **Жұбанғали**. Елдің алды болып **Жұбанғали** сөз сөйледі («С. Қ»).

جمعة (жума — мұсылманша аптаның 5- күні аты). **Жұма**. Танымайтын жігіттердің арасында **Жұма** мен Зейнегүл жекпе-жек қалды (С. Мыңжасарова).

Байжұма (қ-а). Дина Нұрпейісова атақты күйшілер Дәулеткерей, **Байжұма**, Түркеш күйлерін астана жұртшылығына ала келді (Ғ. Бейсенова). **Байжұма** — XVIII-ғасырдың аяғында өмір сүрген халық күйшісі («Қ. С. Э»).

Жұмабай (а-қ). Шығады айқайласам оттың лебі, Көрінед байқағанға сөздің дәмі. Ақыны Обағанның, **Жұмабайым**, Келдің бе айтысуға іздеп мені (*Темірбек*).

Жұмабек (а-қ). **Жұмабек** деген ақсақал бізді Қорқыт бабаның қабірі жатқан қорымға ертіп барды (*Б. Алдамжаров*).

Жұмабике (а-қ). **Жұмабике** бөлмеде жалғыз отыр («*Жалын*»).

Жұмагүл (а-қ). **Жұмагүл** мінезі ашық, жайдары жан екен («*Л. Ж.*»).

Жұмағұл, Жұмакүл. (а-қ). Қанырағы түтеп келген **Жұмағұл** пора-порасы шығып шай ішіп отыр («*Л. Ж.*»).

Жұмакелді (а-қ). **Жұмакелді** жақтырмағандай қабағын тыржита береді («*Л. Ж.*»).

Жұмағыз, Жұмақыз (а-қ). **Жұмағыз** ауылға қайтқанша асықты («*Жалын*»).

Жұмасұлу (а-қ). **Жұмасұлу** күндегі жұмысын атқарып жүр (*Ө. Тәжібаев*).

Жұматай (а-қ).— Қазеке,— деді **Жұматай** көңілденіп (*Ө. Қанах ин*).

Жұмахан, Жұмақан (а-қ). Жекен **Жұмахановтың** сергек сезім сырларын нәзік, шебер шертетін қызықты хикаяларын айтар едік (*С. Досанов*).

Жұмаш (а-қ). **Жұмаш** трактордың көлеңкесінде кітап оқып жатыр екен («*Л. Ж.*»).

جمعة عادل (жұм‘а ‘адил; жум‘а — қар. **جمعة**; адил — қар. **عادل**) — б. т. е. жума + ‘адил: **Жұмаділ. Жұмаділов** Қабдеш — қазақ совет жазушысы («*Қ. С. Э.*»).

جمعة على (жум‘а ‘али; жума — қар. **جمعة**; али-қар. **على**) — б. т. е. жум‘а + ‘али: **Жұмалы. Жұмалиев** Қажым (1907-68) — қазақ совет әдебиет зерттеушісі, жазушы («*Қ. С. Э.*»).

Жұмағали. Жұмағали Саин (1912-61) — қазақ совет поэзиясының көрнекті өкілдерінің бірі, партизандар қатарында болып, шайқаста үлкен ерлік көрсеткен азамат ақын («*Қ. Ә. Т.*»).

جمعة غازى (жум‘а ғазиді; жум‘а — қар. **جمعة**; ғазиді — қар. **غازى**) — б. т. е. жум‘а+ғазиді: **Жұмағазы.** Ағам басты төр алдындағы **Жұмағазы** ақсақалға ұсынды (*С. Омаров*).

جمعة مراد (жум‘а мурад; жум‘а — қар. **جمعة**; мурад-қар. **مراد**) — б. т. е. жум‘а + мурад: **Жұмамұрат.** Ойлашы, қалай ғана жырламасың, Ұстазды алғыс алған ұрпақтардан. Өлмәмбет, **Жұмамұрат,** Жәлкен, Шәріп, Еш адам қызметінен кір таппаған (*Файзолла*).

جمعة نظر (жум‘а назар; жум‘а — қар. **جمعة**; назар — қар. **نظر**) — б. т. е. жум‘а + назар: **Жұманазар. Жұманазар** тырсып, қыр көрсетіп отыр («*Жалын*»).

جمعية (жамиа — 1) жиынтық, жинақ, 2) бәрі, барлығы, бүкіл, жалпы). **Жәмиға.** Бұлар келсе, **Жәмиға** асыға күтіп отыр екен («*Л. Ж.*»).

جميلة (жамила — 1) әдемі, сұлу, сүйкімді, шырайлы; 2) шапағатты, сыпайы). **Жәмила.** Білмегенді кешіресіз сезім болса, **Жәмила,** және де жаз сөзің болса, Аз өмір, ақыл қысқа, арман іште, Ақыл-ес аңғарарсың көзің болса (*Аймағамбет*).

جنة (жаннат — бау, бақ). **Жаннат.** Қойыңда толып жатыр осындай мін, Зәрсіз ғой дос көңілмен айтылған сын. Үйінде **Жаннат** дейтін шопан қыздың Үюлі жатыр екен жабағы жүн («*Қисса*»).

Жанат, Жәнет. Жанаттың қыр мұрыны шешесіне келсе де, түрінің ақтығы, дене сымбаты мүлде өзгеше (*Ғ. Мұстафин*). Совхозда **Жәнет** секілді ерен еңбек озаттары бар («*Л. Ж.*»).

جوزاء (жауза — астр. Егіздер шоқжұлдызы). **Зауза.** Анау **Зауза** қатынның баласын өзіме бер (*Ө. Сәрсенбаев*).

جوهر (жауһар — 1) істің мәні; 2) зат, нәрсе, материя; 3) қымбаттылар, құндылар, қымбат тастар). **Жауһар, Жаухар.** Көңіл орнында, бұзылған жоқ, жүрек аңсайды. **Жауһардың** жүзінен өпкісі келеді... (*А. Байтанаев*). Құбылай Арғынқызы **Жаухар** ханымның айтқанын екі қылмайды (*І. Есенберлин*).

(Ж)

حاتم (хатим — 1) жомарт, мырза, қолы ашық, сақы (сахи). **Әтем.**— **Әтемов** біздің заводқа көктемде келді («Л. Ж.»).

حاتم طای (хатим таи — жалқы есім). **Атымтай.** **Атымтай** атының қан-сорпасын шығарып, күн бата жетгі («Жалын»).

حاج (хаж — 1) берілген атақ; 2) кісінің атына қосылатын құрметті қосымша). «Серке» газетінің редакторы **Хажы** Ибрагимов деген кісі болған («Қ. С. Э.»).

Әжі. Мынау тұрған **Әжі** деген Қызылжарды құртқан, ку тұяқ байдың баласы,— деді Жақан (І. Жансүгіров).

Әжібай (а-қ). **Әжібай** көп тәжірибе, көп іс көрді, Бұзықтық мінезінен сотқа да енді. Көңіліне соның бәрі ғибрат болып, Залымдық баяғыдай қылмайды енді (С. Торайғыров).

Әжібек (а-қ). Үйдің төбесінен құлаған **Әжібек** аяғы сынып, үйінде жатыр екен («Жалын»).

Әжіхан (а-қ). Мен бұл пьесаларда Шернияз және **Әжіхан** рөлдерін атқардым (Қ. Бекхожин). **Әжіханға** кетіп бара жатырсың ба?—деп сұрады (С. Асанов).

Қажыбай (а-қ). **Қажыбайдың** осынша шаруаны қалай тындырғанына қайран («Жалын»).

Қажыбек (а-қ). **Қажыбек** — қазақтың халық әндерін келістіре орындады («С. Қ.»).

Қажытай (а-қ). **Қажытай** атын алдырып, аулына қайтуға ыңғайланды («Жұлдыз»).

حاج احمد (хаж ахмад — Ахмет қажы)— б. т. е. хаж + ахмад: **Қажиахмет.** **Қажиахмет** бүгін отарын күндегіден ерте өргізді («С. Қ.»).

حاج اكبر (хаж акбар; хаж — қар. **حاج**; акбар — қар. **اكبر**)— б. т. е. хаж + акбар: **Хажыакпар.** **Хажыакпардың** орындаған рөлі өте шынайы шықты (Л. Ж.).

حاج على (хаж ‘али; хаж — қар. **حاج**; ‘али — қар. **على**)— б. т. е. хаж + али: **Әжіғали.** **Әжіғали** мен Жапалақты оят! — деді қарауыл (Х. Есенжанов).

حاج عمر (хаж умар — Омар қажы) — б. т. е. хаж + умар: **Қажықұмар.** Қуандықов **Қажықұмар** (1927-71)— қазақ совет театр сыншысы («Қ. С. Э.»).

حاج قبول (хаж кабул; хаж — қар. **حاج**; кабул — қар. **قبول**) — б. т. е. хаж + кабул: **Әжіқабыл.** Күннің шаңытқанынан секем алған **Әжіқабыл** отарын қыстауға қарай беттетті («С. Қ.»). **Қажығали.** Атын қаңтарып, **Қажығали** тастың үстіне шықты («Жалын»).

حاج محمد (хаж мухаммад — Мұхаммед қажы) — б. т. е. хаж + мухаммад: **Қажымұқан,** **Хажымұқан** — *Хажымұқамедтің қысқа түрі.* **Қажымұқан** Мұңайтпасов (1871-1948) - қазақтың атақты балуаны, классикалық күрестің асқан шебері («Қ. С. Э.»).

حاج مراد (хаж мурад; хаж — қар. **حاج**; мурад — қар. **مراد**) — б. т. е. хаж + мурад: **Қажымұрат.** Шалқақ кеуделі, кіл мықты жігіттердің ішінде, құрамдағы жалғыз қазақ жігіті — **Қажымұрат** Нұрғазин («Л. Ж.»).

Әжімұрат, Әжмұрат. Биік төбенің басына шыққан **Әжімұрат** айналасына көз тастады («Жұлдыз»).

حارث (харис— 1) егінші, дихан; 2) арыстан). **Харес.** Сарыбаев Шамғали **Харесұлы** (1893-1958) — қазақ совет педагогы, қазақ тілі методикасының негізін салушылардың бірі («Қ. С. Э.»).

حاضر (хадир — даяр, әзір; бар, қолдағы, нақтылы). **Әзірбай.** Кенен **Әзірбаев** — қазақтың белгілі әнші-композиторы, ақыны, Қазақ ССР-інің көркемөнеріне еңбегі сіңген қайраткер (Р. Бердібаев).

حافظ (хафиз — 1) қорғаушы, сақтаушы (кітаптарды); 2) жадында жаңа сақтаушы). **Хафиз.** Мақажанов **Хафиз** Жанабайұлы — медицина қызметкері, Қазақ ССР-інің еңбек сіңірген дәрігері («Қ. С. Э.»).

Абыз. **Абыздың** ойшылдығын, оттылығын актер жақсы берді (А. Тоқпанов).

Абызбай (а-қ). **Абызбай** — Өскеменнің В. И. Ленин атындағы қорғасын-мырыш комбинатына келді (Б. Аманов).

Ғафиз. Алыстан келген қонақтарға **Ғафиз** бір тоқтысын сойып тастады («Жалын»).

Қапез. **Қапез** Мағрипаның соңына жарық алып түсті (М. Хасенов).

حافضة (**хафиза** — 1) ес, қатер; 2) естелік, естелік хат). **Хафиза**, **Қапиза**. **Хафиза** кенже ұлын ерте келіпті («Қ. Ә»). Бұл Ораз ағай мен **Қапиза** жеңгей... (Х. Есенжанов).

حاكم (**хаким** — 1) басқарушы, бастық; 2) губернатор). **Әкім**. Қойлардан козы әперді артығымен Сейіт, **Әкім**, Боранбайдай шопандарым (Аманжол).

Әкімбай (а-қ). **Әкімбай** сияқты шопандардың тілегі де сол (Ж. Бұралқиев). Мақпал **Әкімбай** туралы ойға қалды (Ө. Қанахин).

Әкімбек (а-қ). **Әкімбек** түн ортасында машинасы бұзылып, орта жолда түнеді («Қ. Ә»).

Әкімхан (а-қ). Аспанда самғап ұшқан құсты көрсең, Ол менің саған қарай асыққаным. Жаралған жан деуші едім бағым үшін Аралап алыс кеттің сағым ішін,— дейді **Әкімхан** («Қ. Ә»).

Кәкімбек (а-қ). **Кәкімбектер** қалың орман ішіне ене бастады («Л. Ж»).

Кәкіш — **Кәкімбек** есімінің еркелете айтылған түрі. Жансұлу топ арасынан **Кәкішті** байқап қалды («Жалын»).

حاكي (**хаки** — 1) әңгімеші, әңгімешіл; 2) ауыс. шешен, сөзуар). **Кәкітай** (а-қ). **Кәкітай** Ысқақұлы Құнанбаев. (1868-1915) — Абай шығармаларын жинап бастырушы («Қ. С. Ә»).

حال (**хал** — хал, жағдай, күш-қуат, әл, жігер). **Әлтай** (а-қ). **Әлтай** алты-жеті жасында сыбызғы тартып, ән шырқайды (Т. Әлімқұлов).

حال حيدر (**хал-хайдар** — арыстандай күшті) — б. т. е. хал + хайдар: **Әлайдар**. **Әлайдар**... бойында байсалдылық, сөзінде сыпайылық мол («С. Қ»).

حامد (**хамид** — мақтаушы, ырзашыл, шүкіршілік етуші; игілікті). **Хамид**, **Хамит**. Бүйте берсең, жолдас **Хамидов**, орға жығылуың әжеп емес (О. Сәрсенбаев). Бакытжан мен **Хамит** екеуінің жасы қарайлас («Л. Ж»).

حامی (**хами** — 1) қорғаушы; 2) жақтаушы, сүйеуші, қамқоршы). **Хами**, **Қами**. **Хамидың** бригадасы егістікке тыңайтқыш шашып жүр («Л. Ж»).

حبي (**хубби** — 1) сүйіспеншілік; 2) жақындық, достық, татулық). **Үбі**. **Үбі** ақын емес. Бірақ жасында әншіл, өлеңді тез жаттағыш болатын (Қ. Жұмалиев). **Үбі** деген адам Исатай, Махамбет бастаған шаруалар көтерілісінің алғашқы дәуірінде ұсталып, Сібірге айдалады («Қ. Ә. Т»).

Құби. Табысын **Құби** гүрлеткен, «**Құбидан** ал, үлгі алсаң!» («Айтыс»).

حبي سلطان (**хуби сұлтан**; хубби — қар. **حبي**; султан - қар. **سلطان**) — б. т. е. хубби + султан: **Үбісұлтан**. **Үбісұлтан**...сынды халық шешендерінің шеберлік күші — әсерлікте (Б. Адамбаев).

حبيب (**хабиб** — сүйікті (еркек); тамыр, дос; ашына). **Хабиб**. Барлыбаев **Хабиб** (1898-1946) — медицина ғылымдарының кандидаты, Қазақ ССР-інің еңбек сіңірген дәрігері («Қ. С. Ә»).

Хаби — **Хабибтің** қысқарған түрі. Лейтенант **Хаби** Рахимов — батальон штабының начальнигі (Б. Момышұлы). **Хаби** қолжазбаларынан басын көтеріп, столға шынтақтай отырып, жағын таянды (Р. Әбутәліпов).

حبيب الله (**хабиб-ул-лаһ**; хабиб — қар. **حبيب**; аллаһ — қар. **الله**) — б. т. е. хабиб + аллаһ: **Хабибулла**. **Хабибулланың** әдемі жазуымен өрнектелген картаны алдына жайып салдық (Б. Момышұлы). **Абибулла**. Кітап магазиніне келушілер үлгілі сатушы **Абибуллинаның** мінсіз қызметіне әрдайым риза («С. Қ»).

Әбиболла. **Әбиболла** бүгін «Көктұмсық» тракторына мініп көп жүрді («Л. Ж»).

Қабиболла, **Хабиболла**. Шанқанбозға мінген аққұба жігіт **Қабиболла** көбірек қызықтайтын сияқты (М. Сатыбалдиев). **Хабиболла** тыржың ете түсті («Жұлдыз»).

حبيب رحمان (**хабиб рахман**; хабиб — қар. **حبيب**; рахман — қар. **رحمان**) — б. т. е. хабиб + рахман: **Хабибрахман**. Ол өтінішке қол қойып, енді соның қалайда аяқсыз қалмауын, бұған **Хабибрахманның** бар күшін, бар беделін жұмсауын сұрады (*Х. Есенжанов*).

حبيبة (**хабиба** — сүйікті (әйел). **Хабиба**. Хасен мен **Хабиба** да осында екен (*А. Ахметов*). **Әбиба**. Санабек жүк түсірген кісі болып әбигерленеді. Оған **Әбиба** қызыға қуанады (*С. Бегалин*). **Қабиба**. **Қабибаның** мамасы да қолдарында тұрады екен (*А. Бақтыгереева*). «Дариға, Ақан, Біржан, Естай»—деп, жеке-жеке атап, бәйбішесі **Қабибаның** есендігін сұрады (*Ж. Кәрменов*).

حديثة (**хадиса**— 1) әңгіме, кеңес, аңыз, сөз, 2) хадис). **Әдиса**. **Әдиса** — өз ісінің нағыз маманы («С. Қ.»).

حرمة (**хурма** — 1) тыйым салынған; 2) әулие, киелі; 3) қадір; 4) ауыс. сый, құрмет, ізет, қошемет). **Құрмет**. Исатай Таймановтың баласы Жақиядан Шахмет туған, Шахметтен — Шамақ, Шамақтан — **Құрмет**. (*Ш. Дәулетияров*).

حريف (**хариф** — жолдас, серік). **Әріп**. **Әріп** жүдеп келе жатқан Бүркіттің көңілін тапқысы келіп, атын бір тебініп қалды да: «Бие сауым жерде Тәкежан аулы бар»,—деді (*І. Есенберлин*).

حريف علي (**хариф али**; хариф — қар. **حريف**; али — қар. **علي**) — б. т. е. хариф + ‘али: **Әріпқали**. Балалар аяқ киімі цехында **Әріпқали** деген жігіт болушы еді (*Қ. Жұмаділов*).

حسام الدين (**хусам-уд-дин**; хусам — семсер, қылыш; дин — қар. **دين**) — б. т. е. хусам + ад-дин: **Хисамеддин**. «Жібек жолының» біраз оқиғасына мұрындық болып жүрген Иланшы Хадыржан, **Хисамеддин** ақын, Зиет баба... (*Д. Досжанов*).

حسن (**хасан** — 1) сұлу, көркем; 2) жақсы, игі, ізгі; 3) жалқы есім). **Асан**. Қорқыт, **Асан** тіріліп, қайта келсе, Сенің мына кейпіңе сенер ме еді?.. Мына бақты көргендер төбеңдегі Қуанғаннан көз жасын төгер ме еді? (*М. Мақатаев*).

Асанбай (а-қ). **Асанбай** нағашысына келіп қонақ болып жатқанында көп қызықты бастан кешті («Л. Ж.»).

Асанбек (а-қ). Күн бұлттанғанын байқаған **Асанбек** кепкен шөптерді жинастыра бастады («Л. Ж.»).

Асанқайғы (а-қ). Халық қамқоршысы **Асанқайғы** атамыз желмаямен жер жаһанды шарлағанда әр жерге-ақ айдар таққан екен («Қ. Қ.»). Еңіреп ен даладан бақыт іздеп, Таба алмай, аңсап **Асанқайғы** да өткен (*Жамбыл*).

Асантай (а-қ). О, Мәди, кегің тентек, асау қайғың, Әніне қосып берген жасаудай мұң. Бір кезде қарсы алдынан шыға келді, Сіп-сирек мысық мұрты **Асантайдың** (*С. Саматаев*).

Асанхан (а-қ). **Асанхан** — Асанқайғының шын аты (*Н. Оңдасынов*).

Әсен. «Бүгінгі жиынға **Әсен** де келіпті»,— деп сыбырлады («Қ. Ә.»).

Қасан. **Қасан** боз жорғаның үстінде қалғып келеді («Қ. Ә.»).

Қасантай (а-қ). Басын желкесіне қарай кекірейтіп ұстаған **Қасантай** кірді (*Қ. Мағзомов*).

Қасен. Ахмет пен Омардың үлкен баласы — **Қасен** құрдас һәм жасынан бірге өсіп, бірге оқып, біте қайнаған сырлас еді (*С. Торайғыров*).

Қасенбай (а-қ). Қараңғы түсе **Қасенбай** да жұмысын доғарды («Жалын»).

Қасенхан (а-қ). **Қасенхан** Алтынбеков — бұрынғы 100-бригаданың байланысшысы («Л. Ж.»).

Хасан. Бүгінгі отырысқа мұрындық болған **Хасан** еді («Л. Ж.»).

Хасен. Бұл сөйлеген жігіт — жаратылыс пәнінің оқытушысы **Хасен** мұғалім (*А. Машанов*).

Хасенхан (а-қ). Қарақшыға **Хасенханның** тарланы жалғыз келді («Жалын»).

حسن علي (**хасан ‘али**; хасан — қар. **حسن**; ‘али қар. **علي**) — б. т. е. хасан + ‘али: **Асанәлі**. **Асанәлі** қалаға аттанды (*Ш. Айдаров*).

Хасанғали. Ескендір **Хасанғалиевтың** «Атамекенін», әсіресе, алыста жүргенде эфирден Алматының толқынын іздеп табасың да, сол әнге еріксіз құлақ түресің (*М. Әлімбаев*).

حسنی (**хусни** — 1) өте әдемі, асқан сұлу, тамаша; 2) игілік, игілікті іс). **Хүсни**, **Қүсни**. Ахау жалған, **Хүсни**, Хорлан! Екі бағлан, Екеуі туған екен бір анадан (*Естай*). *Апалы-сіңлілі екі қыз екен, үлкені Қүсни*, кішісі Қорлан (*Естай*).

حسين (хусайн — кішкентай Хасан). **Құсайын. Құсайын** жастық жылдарында көмірлі Қарағандыда тұрды («Л. Ж»).

Құсайынбек (а-қ). Ауылдың қай тұста екенін білмей қысқы түнде **Құсайынбек** көп жүрді («Жалын»).

Құсан. Екінің бір жуаны - **Құсан** мырза, **Құсан** десе қол қояд көбі таза (И. Байзақов).

Құсанбек (а-қ). Бас бәйгені **Құсанбек** иеленді (С. Парманқұлов).

Құсен. Астымда ат, қасымда **Құсен** мен Болжық бар (Ғ. Мүсірепов).

Үсен. Әлібек Қоңыратбаев, Ілияс Қабылов, Әзімбай Лекеров, Әшір **Үсенов** сияқты жолдастар бірсыпыра мақалалар қалдырды («Қ. Ә. Т.»).

Үсенбай (а-қ). **Үсенбай** шықты жасынан... Көрген кісі шошынған, Бұлбұлдай тілі сайраған, Елдің қамын ойлаған (Сарбас).

Үсенбек (а-қ). Әңгіменің бір ұшын **Үсенбекке** тастап отырғанын аңғартты (Ж. Тілеков).

Үсейін. Үсейін маған бір тиын да бермес! Ол аттының аяғын, жаяудың таяғын алған қу ғой (И. Жансүгіров).

Хусайн. Хусайн жетекшілік еткен студенттер жұмысы өте жақсы бағаланды («Л. Ж»).

Хұсайын... Мұса, **Хұсайын**, Қымбат секілді жаңа заманға назары түзу адамдар бар (С. Торайғыров).

Хүсейін. Режиссерлық жұмыстың қиындығын **Хүсейін** өте жақсы біледі («Л. Ж»).

حصىفة (хасифа — таза, сау-саламат; 2) саналы, есті, ақылды, зерделі (әйел). **Қасиба.**

Директордың машинасы қырқаға барып ілінгенде, **Қасиба** Әбутайды «папа, папа, мында келші» деп оңаша жетеледі (С. Бақбергенев).

Қасипа. Қасипа — совхоздың осы бригадасының мүшесі (С. Бақбергенев).

حضره (хадрат — ағзам, мырза, ұлы мәртебелі). **Әзірет. Әзірет** сатушылық қызметін мінсіз атқарып, тұтынушылар алғысына бөленіп келеді (М. Әбдіқалықов).

Ғазират. Ғазират келе салып жұмысқа қызу араласып кетті («Л. Ж»).

حفي (хафи — 1) білетін, хабардар, мәліметті білгір, білгіш, жетік; 2) ілтипат, құрмет көрсетуші).

Әпи. Өзиз әжем — Нұрбибі, аяулы анам — **Әпи**, сендерге арнадым бұл еңбегімді (М. Сатыбалдиев).

Қаби, Қапи. Қаби күнге күйіп, жүзі тотығыпты («Л. Ж»). Мұны істеген сонау жалғыз аттылының **Қапи** екеніне Әбдірахман енді тектелген жоқ (Х. Есенжанов).

حق (хаққ — 1) ақиқат, шын, рас; 2) таза, айыпсыз).

Ақбай, Ақпай (а-қ). Ғани Мұратбаев пен Әбдікәрім **Ақбаев** Ташкент қуғыншыларымен бірге осы отрядқа қосылды (Ж. Арыстанов). Жас кезінде Құлжабай ақынның өзі Байжанды да, **Ақпайды** да көргенін айтқан (С. Бақбергенев).

Ақберген (а-қ). Әбділда, Бісмайыл мен Жүсіпназар, Заманның найыптары бір бағалас. **Ақберген**, Алдана һәм Жүсіпбек, Аппаз би озық ақыл, ер Мұңайтпас (Кете Жүсіп).

Ақберді (а-қ). Қонақ болған Әбубәкір ақынға **Ақберді** деген бай үйі кәрі жілік асып береді (Т. Қожакеев).

Ақжол (а-қ). Ақжол би Жәнібек пен Керей үшін отқа күйіп, суға батуға бар (И. Есенберлин).

Аққұл (а-қ). **Аққұлдың** келіні Зәуре жазықсыз қиянатты болды (Р. Тоқтаров).

حق حيدر (хаққ хайдар — нағыз, шын арыстан)—б. т. е. Ақ + хай-дар: **Ақайдар, Ағайдар.** Менің атым — **Ақайдар** (Ж. Еділбаев).

حق دولة (хаққ даула; хаққ—қар. **حق** ; даула—қар. **دولة**) — б. т. е. хаққ + даула: **Ақдәулет.** **Ақдәулет** алтын күрек қолға алды (Ә. Тәжібаев).

حق ضياء (хаққ диа — ақиқат сәулесі, шұғыласы) — б. т. е. хаққ + диа. **Ақзия.** Ауыр жұмыстан арқасы босаған соң Сақан өлең айтпағанда қайтсын,— деп **Ақзия** да ене сөзін қоштап қойды (М. Сатыбалдиев).

حق عادل (хаққ ‘адил; хаққ—қар. **حق** ; ‘адил—қар. **عادل**) — б. т. е. хаққ + адил: **Ақәділ, Ағаділ.** Ә. Шәріповтің «Партизан қызы» повесіндегі Ақәділовтар семьясының таңқаларлық тағдыры... қызықты жолмен жасалған («Қ. Ә. Т»). Павлодарлық кіші лейтенант **Ағаділов** Жылбек өзінің зайыбы Жамалмен бірге Батыс шекарада Қызыл Армия қатарында болады (Қ. Қайсенов).

حق ملا (хаққ мулла — хаққ — қар. **حق** ; мулла — қар. **ملا**) — б. т. е. хаққ + мулла: **Ақмулла**. **Ақмулла** күндік нормасын 170-180 процентке дейін артығымен орындап жүр (Ә. Бейсебаев).
Ақмолда. **Ақмолда** Батырбасы (1824-73) — Қоқан хандығына қарсы көтеріліс жасаған Дулат тайпасы басшыларының бірі («Қ. С. Э.»). **Ақмолла**. **Ақмолла** (шын аты — Муфтахетдин Мухамедияров) (14.2. 1831-21. 10. 1895) — қазақ, башқұрт ақыны, ағартушы («Қ. С. Э.»).

حق نظر (хаққ назар; хаққ — қар. **حق** ; назар — қар. **نظر**) — б. т. е. хаққ + назар: **Хақназар**. **Хақназар** хан кезінде үш жүз жылдан көп әңгіме болып келген жай — бүкіл қазақтың үш жүзге бөлінуі аяқталды (І. Есенберлин).
Ақназар. Ноғайлы Алшындар келіп қосылған соң, **Ақназар** күшейіп, бөлшектеніп жүрген қазақ атанған руларды біріктіре бастайды (С. Сейфуллин).

حكم (хукм — 1) үстемдік; 2) өкімет басқару; 3) режим, низам, құрылыс; 4) қаулы, қарар, шешім, тоқтам). **Өкім**. Жайлауов **Өкім** — қазақ совет ақыны («Қ. С. Э.»).

حكيم (хаким — 1) дана, данышпан, ақылды, есті; 2) философ; 3) доктор). **Кәкім**. **Кәкім** бұрылып шыға жөнелді («Жалын»).

Кәкімбек (а-қ). Салықов **Кәкімбек** — инженер, қазақ совет ақыны, партия қайраткері (Н. Оңдасынов).
Кәкімжан (а-қ). **Кәкімжан** жерде, айырмен шөп әперіп тұр («Л. Ж.»).
Хакім. **Хакім** әңгіменің ұзаққа созылғанын тәуір көрді (Х. Есенжанов).
Хакімбек (а-қ). Төкин **Хакімбек** (1879-1919) — 1916 жылғы ұлт-азаттық қозғалысына белсенді қатынасушы («Қ. С. Э.»).

حكيمة (хакима — дана, данышпан, ақылды, есті әйел). **Хакима**. Сені ат арқасына өңгеруге бермей сақтап қалған оқтың күші, **Хакима** (Ш. Хұсайынов). Қарт анасы Мүслима, қарындасы **Хакима** (Н. Баймұратов).
Кәкіма. Сырлы кереуеттің үстінде он жеті жасар қыз **Кәкіма**. (А. Жұбанов).

حلقة (халқа — шығыршық; жүзік, сырға; алқа). **Алқа**. **Алқа** егде тартқан кісі еді (І. Жансүгіров).
Алқа апайдың қасында отырып, әңгіме айт деп жалынғанда, тәтті-тәтті әңгімелерін сөйлеп беретін еді (І. Жансүгіров).

حلواء (халуа — 1) тәттілік, шырындық; 2) тәтті тағам). **Алуа**. **Алуа** деген сұлу қызға Жарылқасын дейтін жігіт ғашық болады да, елдің рушылдық тәртібін бұзып, алып қашады (С. Мұқанов).
Халуа. Боркемік ана емес пе, жүрер алдында Қадиса баласын емес, **Халуаны** бетінен сүйеді (Ж. Жұмақанов).

حليلة (халила — зайып, әйел, жұбай). **Әлила**. **Әлила** мен көмекші шопан Мұханбетті үй маңында қалдырып, малды өзі бағып кетіп еді (С. Есімов).

حليم (халим — жұмсақ, сабырлы). **Халим**, **Қалим**. Халимовтың звеносы гектарына 50—55 центнерден айналдыруға уәде берді («Л. Ж.»). **Қалимов** суреттерінің тақырыбы алуан түрлі («С. Қ.»).
Қалима, **Халима**. Тәйірі шіркін, қырық деген де сөз бе екен. Өзіміз қырықта қызға бергісіз болғанбыз,— деді **Қалима** (Ә. Тәжібаев). Соның бірі **Халима** — молда қызы... (С. Торайғыров). Айталық партияға сансыз алғыс, Кедейді ең алдымен алға ұстаған. **Халима**, әріптесім бері отыршы... (К. Әзірбаев).
Қалимаш. Қуаныш пен **Қалимаштың** арасы бір жасар («Л. Ж.»).

حماس (хамаси — жалынды, жігерлі, қайратты, рухты; қатты қуанған, шаттанған). **Кәмәси** (1913-65) — қазақ совет актері, Қазақ ССР-інің еңбек сіңірген артисі («Қ. С. Э.»).
Қамаси. Көк шалғын аяғына оралып, **Қамаси** жылдам жүре алмай келеді («Л. Ж.»).

حمراء (хамра — қызыл). **Хамра**. **Хамраның** звеносы бүгін демалып жатыр екен («Л. Ж.»).
Хамрақұл (а-қ). Алаңда бригадир **Хамрақұл** жалғыз өзі жүр («С. Қ.»).

حمزة (хамза — өткір; ыстық, күйдіретін, күйдіргіш). **Хамза**. **Хамза** Ихсанұлы Есенжанов (1908-74) — қазақ совет жазушысы («Қ. С. Э.»).

Әмзе. Әмзе ішінен бұл екеуін және, әсіресе, Сұлтанмахмұтты атарға оғы жоқ боп отыр (Д. Әбілев).

Әмзебек (а-қ). Ипатовтық жүйемен жұмыс істеуді совхоз механизаторлары бастап кетті,— деді **Әмзебек** (А. Жолдасбеков).

Қамза. Бейсенбай мен Айнагүл, Нұрыш пен Жамал, **Қамза** мен Қатира арасындағы қарым-қатынастар да... әр қайсысының өзіндік арманы да, психологиясы да нанымды («Қ. Ә. Т.»).

Қамзабек (а-қ). **Қамзабектің** майда қоңыр даусы бар екен («Л. Ж.»).

Хамзабек (а-қ). **Хамзабектің** бригадасы сайланып шөп шабуға шықты («Л. Ж.»).

حميد (хамид — 1) мақтаулы, мақтауға тұрарлық; 2) жалқы есім). **Хамит.** Айқайынан арманы басым, жырысыз ішпейтін таңдағы асын — **Хамит** (Т. Молдағалиев).

Хамитбек (а-қ). Колхоз құрылысының шебер ұйымдастырушылары атанған Ахмет Тынымов (Омар Тынымовтың баласы), **Хамитбек** Қапановтың... есімдерін ардақ тұтады (С. Шүкіров).

حميد الله (хамид-ул-лаһ; хамид — қар. حميد ; аллаһ — қар. الله) — б. т. е. хамид + аллаһ: **Хамидулла.** **Хамидулла** болса бұған көнер ме еді, әлде қайтер еді? («Жалын»).

Қамидолла. Тәрде теміржолшы **Қамидолла** отыр («С. Қ.»).

حميدة (хамидә — мақтаулы, мақтауға тұрарлық (әйел). **Хамиданың** денесі тонази бастады («Л. Ж.»).

حنيفة (ханафийә — қран, су ағызатын шүмек). **Ханафия.** **Ханафиялар** күн шыға атқа қонды («Л. Ж.»).

Анапия, Әнапия, Әнәпия. Қимылы **Анапиям** қандай екен, Жүлде алған арғымағым сүрінбеген (Ақан сері). Ағабек, **Әнапия,** Алпысбайлар Еңбекте мәлім болды гүл-гүл жайнап (Өмірсерік), **Әнәпия** көк етікті кездеспей, көн етіктіні менсінбей, отырыңқырап қалған қыз еді (А. Хангельдин).

Қанапи, Қанафи, Ханафи. **Қанапи** еселі еңбегімен ерекше көзге түсті (Б. Қазиханов). Жиналысты **Қанафи** ашты («Л. Ж.»). **Ханафи** үйінен сәске түсте әрең шықты («Жалын»).

حنيف (ханиф — нағыз, ақиқат, шындық). **Ханип.** **Ханипова** — фабриканың озат тоқымашысы («С. Қ.»).

حنيفة (ханифа — 1) шын, ақиқат; 2) жалқы есім). **Ханифа.** **Ханифалар** бір бөлек отырды («Жалын»).

Әнипа. Қайнұр апай сексенге келген енесі **Әнипадан** бата алған («Л. Ж.»).

Қанипа, Қанифа. **Қанипаға** сәлем айт (Қ. Мағзмов). Оспан — **Қанипаға** бөле (С. Омаров).

Ханипа — бір оқығаннан есте қалатын толыққанды, сом тұлға (Ә. Қайдаров).

حور (хур — 1) ұржамақ, жаннат; 2) қара көз сұлу қыздар). **Ұртай** (а-қ). Осылай **Ұртай** да өсті (Ә. Нұрмаханова).

حور العين (хур-ул-‘айн; хур — қар. حور ; ‘айн-көз) — к. е. хур + аль-‘айн: **Қорлан.** Естай «Бір мысқал» деген әнін **Қорланға** арнаған (М. Әлімбаев). Тасып еді туған жерде алтын дән, **Қорлан** шықты ертіп әке-інісін (Е. Ибраһим).

Қорлан-Ғайын. Екі қыз Маралдыда **Қорлан-Ғайын** Мағрут қолға берсе күн мен айын (Естай ақын).

Хорлан. Ән ғана есіркеуші, жұбанышы, Ән ғана қолдан соғар қуанышы. Тағдырға әнмен алғаш айтпақшы ол, **Хорлан** қыз жер бетіне туғаны үшін (М. Әлімбаев).

حور ضياء (хур диа; хур — қар. حور ; диа — қар. ضياء) — б. т. е. хур + диа: **Үрзия, Үрзия.** Повестегі Мейіргүл, **Үрзия,** Аймереке бейнелері арқылы әйелдердің реалистік портреттері дараланып көрінді (З. Сақиев). Айнакүл, Мампош, Қалтай, Марал қандай, Екпінді **Үрзия** мен Жамал қандай! (Тілеген).

حورية (хурийә — 1) шығыс мифологиясы бойынша ұржамақ қызы, үрдің қызы; 2) ауыс. асқан сұлу қыз). **Үрия.** — Иә, сөйт. Сақ болсын азаматтар, — деді **Үрия** (Ә. Тәжібәев).

حيدر (хайдар — арыстан). **Хайдар.** **Хайдар** бастаған жігіттер қатар-қатар тұра қалып, көк шалғынға шалғы салды («Жалын»).

Айдар. Алған хаты **Айдарынан** Балдай шәрбат жан қорегі. Әр сөзінен ериді жан, Сертті сергек ой береді (С. Бегалин).

Айдарбай (а-қ). **Айдарбай** қарт тағдырға тісін қайрап жүріп, арпалысты... (М. Сатыбалдиев).

Айдарбек (а-қ). **Айдарбек** пен Зейнептің отасуының өзі қызық (І. Омаров).

Айдарқұл (а-қ). Бердіқұл, **Айдарқұл** мен молда Қосжан, Дарияның олар гүжім бұзған сеңін (Кете Жүсіп).

Айдархан (а-қ). — Жолдас батальон командирі, дәрігер-капитан **Айдарханов** сіздің қарамағыңызға қызметке келіп тұр (Х. Бекішев). **Айдархан** Семейге біреу болып барып, қайтқанда екеу болып оралды (Ж. Жұмаханов).

Бекайдар (қ-а). **Бекайдар** жүріп кетті (Т. Әлімқұлов).

Ғайдар. Ғалиакпар Ғайдаров сияқты асыл азаматтардың есімдеріне бас иіп, зор ыстық ықыласпен еске алады (Ә. Бектасов).

Қайдар. Биыл қыс қатты болып, **Қайдар** базар шыға алмай жүр («Жұлдыз»).

حيدر علي (хайдар ‘али — арыстан Әли)— б. т. е. хайдар + ‘али: **Айдарғали. Айдарғалиев** он екіден он сегізге дейінгі барлық өнімді сенің бригадаға аудара салған (З. Шашкин).

Айдаралы — **Айдаралы** ертең жүрмекші болып отыр («Л. Ж»).

Айдарәлі. Түнделетіп дүрліктіріп жүрген **Айдарәлі** екен («Жалын»).

حيران (хайран — таңырқаған, таңқалған). **Қайран. Қайран** есік бұзылып жатқанын байқамай, ішке кіріп кеткенін айтты (Қ. Олжаев).

Қайранбай (а-қ). Мектеп меңгерушісі **Қайранбай** — бойы нар түйедей, ат жақты, қапсағай денелі сақа жігіт (С. Омаров).

حی نور (хай нур; хай — тіршілік, өмір; нур — қар.) — б. т. е. хай + нур: **Қайнұр. Қайнұр** апай сексенге келген енесі Әнипадан бата алған («Л. Ж»).

(ح)

خاتمة (хатима — 1) соң, соңы, ақыр, қыры, аяғы; 2) қорытынды (сөздің). **Қатима. Қатима** — отты көсеп, үстіне ку бұтақ тастады («Жалын»).

خاص علي (хасс ‘али; хасс — ерекшелік; خاص; али — қар. علی) - б. т. е. хасс + али: **Қасғали.** Ақай ауылына, қастарында **Ақбайдың** ең кенже баласы **Қасғали** бар, мылтық асынған бір топ салт атты сау ете түсті (С. Бақбергенов).

خاصة (хасса — ерекшелік, айырмашылық). **Қасабай** (а-қ). **Қасабай** ағай семинар сабақты өткізуге ерекше мән береді (Т. Көлбаев).

Қасабек (а-қ). **Қасабек** бір түнде көрші ауылға көшіп кетті («Жалын»).

خاطر (хатир — 1) ой, идея, пікір, түсінік, ойлау; 2) ақыл, ес; 3) жан; 4) тілек, ықылас). **Қатер. Қатер** белін қатайта буып, жәшіктегі балықтарды тиеп жатыр (Н. Жүсіпбаев).

خاطرة (хатира — 1) пікір, идея; 2) еске түсіру; 3) сувенир (есте қалатын сыйлық заты). **Хатира, Қатира.** Көкериі **Хатираға** үйленді (С. Мұқанов). Иса... жетімдік қатал сынына ұшырайды, жеңгесі **Қатираның**, соңынан нағашы шешесі Жанбаланың қолында өседі («Қ. Ә. Т.»).

خافية (хафия — құпия, жасырын). **Қапия.** Сары кәріш көйлекті төгілтіп, Қазықанның келіншегі **Қапия** да кірді (І. Жансүгіров).

خالد (халид — мәңгі, өлмейтін, өлмес). **Халид, Халиг.** Ақботин **Халид** Сейітқалиұлы (1902-38) — социалистік құрылысқа белсене қатынасқан партия, совет қызметкері («Қ. С. Э»). **Халиг** сияқты өнер иелерінің орындауындағы әсем әндер құлақ құрышын қандырады («С. Қ»).

خالدة (халида — мәңгі, өлмейтін, өлмес). **Халида, Қалида. Халида** атан түйедей атпал азаматты жамандыққа қимады («Жалын»). **Қалида** өзінен-өзі мырс күліп жіберді («Л. Ж.»).

خالص (халис — 1) таза, табиғи, шын, адал; қалыс; 2) ерікті, азат). **Халес**. Олар қойды бірігіп бағайық деп әдейі қосқан ғой, — дейді **Халес** (3. Жұманова).

خبير (хабир — білетін, хабардар, білгір; 2) маман, сарапшы). **Хабир, Қабир**. Аздан соң трактор таянып қалды да, оның шамдарының жарығында **Хабирдің** қарасы көрінді («Қ. Ә»). **Қабир** келе сала жұмысты қолға алды («Л. Ж»).

Қабира, Хабира. Қабира апайдың даусынан біліп жатырмын (3. Жұманова). **Хабира** сияқты совет қыздары өмірдің қызығын бастан кешіру үшін, шыжығанынан да жалтарған жандар емес (Х. Ергалиев).

خدمة (хидма — 1) қызмет ету, жұмыс; лауазым, мансап; 2) көмек). **Қызмет. Қызметтің** үй бетін көрмегеніне үш күн болды («Жұлдыз»).

خديجة (хадижа — жалқы есім). **Хадиша, Қадиша. Хадиша** Ханкелдінің құлқын сезгендей болды («Жұлдыз»). Топ көрсе қарқындайтын біз бір тұлпар, Бұлбұл құс қызыл гүлге болып іңкар. **Қадиша**, Ғалия мен Нұркүләндәм Сіздерді неге ұмытсын көрген сұңқар (Ақан сері).

Қатша. Биенің ішін жарған соң да, **Қатша** қатты көмек етті (М. Әуезов). — Жазған, ерні кезеріп шөлдейтін болды-ау, — деп соңынан **Қатша** аяушылық білдірді (М. Құлқенов).

خريضة (хазина — 1) асыл, қымбат заттар; 2) қойма, көмбе, қазына, байлық; 3) асыл дүние; 4) қымбатты асыл заттарды сақтайтын орын). **Қазина, Қазине, Қазына. Қазина** өз ойын ақтарды, әрі Шелпекке үлкен қолқасын да артты (С. Сарғасқаев). Бізді нашарсынады ғой хазирет жарықтық, — деді Қазине (Д. Әбілев). Пьесада Жалбыр бастаған игілікті істі қостаушы Мұқыш, Таңсық, **Қазына** Дүйсен сияқты ұнамды кейіпкерлердің іс-әрекеттері суреттелінеді («Қ. Ә. Т»).

خضر (хидр — Илияс пайғамбардың лақап аты). **Қыдыр**. Бір танысы арқылы **Қыдыр** молдамен кездеседі де, Сұлтанмахмұт бұл жолы бала оқытуға Тарбағатай тауына шығып кетеді (Ы. Дүйсенбаев).

Қыдырбай (а-қ): Колхоз председателі **Қыдырбай** шотты бір жағына қоя салып, балықшылардың сөздерін ұйып тыңдап отыр (С. Хайдаров).

Қыдырбек (а-қ). Біраз демалған соң **Қабдолла, Қыдырбек** үшеуіміз тауға шығып серуендедік (Н. Мырзаханов).

Қыдырқұл (а-қ). **Қыдырқұл** биыл да жарыстың алдыңғы шебінде келеді («Л. Ж»).

خضر علی (хидр ‘али; хидр — қар. **خضر**; ‘али — қар. **علی**) — б. т. е. қидр + али: **Қыдыралы. Қыдыралы** — ағайынына сыйлы азамат («Жұлдыз»).

Қыдырәлі. Қыдырәлі есігінің алдында құстарға жем шашып, апыл-тапыл басып жүрген немересінің қылығын қызықтап отыр («Жалын»).

Қыдырғали. Баламды ажалдан арашалап алып қалған Құрық пен **Қыдырғалиға** әкелік жүрегімнің алғысын газет арқылы жолдағанды жөн көрдім («С. Қ»).

خضر ملا (хидр мулла; хидр — қар. **خضر**; мулла-қар. **ملا**) — б. т. е. хидр + мулла: **Қыдырмолла. Қыдырмолла** осы тойға құрметті қонақ ретінде арнайы шақырылған (Н. Хасенов).

خط (хатт — 1) сызық; 2) жазу). **Жолхат** (қ-а). **Жолхат** биыл төлді түгел аман сақтады (О. Еркінбаев).

خطيب (хатиб — 1) шешен; 2) уағызшы; мешітте құтпа оқушы). **Хатиб**. Павлодар тоғыз жолдың торабында тұрған экономикалық орталық, — дейді **Хатиб** (Қ. Ыдырысов).

خلق (халқ — халық). **Халық**. Билік құр, осы ойыма тауып Зәкір, Илияс, Бөкенбай мен **Халық** батыр («Ұлбай қыз»).

Халығұл, Қалықұл (а-қ). Осыдан енді сонау сары күзге дейін **Халығұлда** тыным болмайды («Л. Ж»).

Қалықұл балықшы теңізден бүгін олжалы оралды («Жалын»).

خلفة (халфа — 1) ұстаның шәкірті; 2) тарих. медреседегі аға шәкірт молданың көмекшісі; 3) жетекші, оған берілетін атақ). **Халфе. Халфе** оларға Мұса дінінің бас кітабы - «Тауратта» айтылатын әулиелердің аттары «Құранда» өзгеріп кетіп қайталанатынын баяндап берді (С. Мұқанов).

Қалпе. Асырып Атымтайдан жомарттықты, Мақтааралдан **Қалпе** шықты (*А. Тоқмағамбетов*).

خلوة (халуат — 1) жалғыздық; 2) құпия орын, оңаша тұруға арналған бөлме). **Қалует.** **Қалуеттің** Баршагүл жайында сөз қосуында да бір астар жатыр (*Ғ. Сыланов*).

خليفة (халифа — 1) мирасқор; 2) орнын басушы; 3) тарих. халифа (*Мұхаммедтің мирасқоры, мұсылмандардың діни және өкімет билігін басқарған әкім атағы*). **Халифа.** Екінші көп іздейтін адам — шешем **Халифа** (*З. Шүкіров*).

Қалипа, Халипа. Қалипаның қарт әкесі Мамырбай шал келгенде, Тұрар оның бауырына тығылатын (*Ш. Мұртазаев*). **Халипа** — облыста қыз-келіншектер ішінен трактор тілін алғашқы меңгергендердің бірі («С. Қ»).

خالقة (халиқа — 1) жаратылған; 2) табиғат; 3) жәндік; 4) ауыс. халық, жұрт, көпшілік). **Халиқа.** Айғыз бенен **Халиқа** бір тостаған қымыз жұтқызса, «құлқының құрғыр» — деп, сұғын қадап тұрып, зәрін қоса жұтқызды, — дейді Бүркітбай (*М. Әуезов*).

خليل (халил — сүйікті; дос тамыр, ашына). **Халил** мақтаның әр гектарынан 35—40 центнер өнім алуға міндеттеме алды («Л. Ж»).

Халел. Халел — мұнайлы Маңғыстаудың мұрындығы (*З. Қабдолов*).

خليل الله (халил-ул-лаһ; халил — қар. **خليل**; аллаһ — қар. **الله**) — б. т. е. халил + аллаһ: **Халилолла, Қалилолла.** Азғырған әлде әкесі құлқын үшін, Әлде өзі, кім тінтіпті оның ішін. **Халилолладан** Жақыпты артық көріп, Сүйгені таң қаламын қандай пішін (*С. Торайғыров*). Жастайынан суретші болуды армандаған **Қалилоллаға** Дәулетбайдың ықпалы көп тиді (*Э. Орманова*).

Халиулла. Халиуллин Хаби (1912-42) — әскери-саяси басшы... («Қ. С. Э»).

خليلة (халила — сүйікті; көңілде әйел). **Қалила.** Ғашығы **Қалилаға** қалай сыр шерткенін баяндаған... (*Ғ. Қабышев*).

خمير (хамир — қамыр). **Қамырбай** (*а-қ*). Жаманқараның тұсындағы қалың тоғайға мал түсірмей, бейсауат адам жібермей, қорықшы қоюға мәжбүр болды колхоз бастығы **Қамырбай** (*С. Адамбеков*).

خنيثة (ханиса — нәзік, жұмсақ; ерке). **Ханиса. Ханисаның** көз қуанышы — осы немересі («Жалын»).

خيال (хайал — 1) елес, арман; 2) қиял; 3) көлеңке, кескін, бейне). **Қиялхан** (*а-қ*). Біз үшін ең қымбаты — **Қиялхан** жанының мөлдірлігі, сезім тазалығы, қоғам үшін, тіпті бүкіл планета тыныштығы үшін күйзелісі (*Ә. Бөпежанова*).

خير (хайр — жақсы, хайыр). **Хайыр, Қайыр. Хайыр** бүлдіршіндерге білім нәрін беруден асқан бақыт жоқ деп біледі («Л. Ж»).

Қайыровтар шұғыл көмекке аттанды (*Қ. Ғабдешев*).

Қайырбай (*а-қ*). Бас бәйгені алған құла аттың иесі — **Қайырбай** қарт («Жұлдыз»).

Қайырбек (*а-қ*). **Қайырбектің** әр кезде бұған көрсететін ілтипат, жылы шырайын елестетіп, Баршагүл жымыып күліп қойды (*Ғ. Сыланов*).

Қайырберді (*а-қ*). Басын көтеріп, **Қайырбердіге** қарап оқыранып қойды (*Т. Ізбасаров*).

Қайыркелді (*а-қ*). Тоқалдан жалғыз туған **Қайыркелді**, Би түгіл қуантып ед барлық елді (*И. Байзақов*).

Қайырқан (*а-қ*). **Қайырқан:** «Ассалаумағалейкум», — деп табалдырықтан аттады (*Е. Әзімбаев*).

Қайыржан (*а-қ*). **Қайыржан** жалма-жан көйлегін шешіп, жар-қабақтан суға қарғыды («Жұлдыз»).

Қайырлы (*а-қ*). Қашан көрсен, егіс басында Қайырлы жүреді («Л. Ж»).

Қайыртай (*а-қ*). Баймолданың екінші ұлы — Сүбіхан, бұдан кейін — **Қайыртай** (*Ғ. Қаллемов*).

خير الدين (хайр-уд-дин; хайр — қар. **خير**; дин — қар. **دين**) — б. т. е. хайр + аддин: **Хайрутдин.** **Хайрутдиннің** жемісті істері оның жарыстастарын бұрынғыдан да ширата түсті (*Қ. Закинов*).

Хайреден. Бүгінгі тойдың қос гүлі — Бақытжан мен Хайреден («Л. Ж»).

خير الله (хайр-ул-лаһ; хайр — қар. **خير** ; аллаһ — қар. **الله**) — б. т. е. хайр + аллаһ: **Хайрулла**. Кенші болсаң тілегім, Көмірді мол бере көр. Мені сүйсең тілегім **Хайруллинге** ере көр («*Шахтер жыры*»).
Қайролла, Хайролла. Берен жағындағы ұнамды кейіпкерлер: Құрымбай, Жәуке, **Қайроллалар** («Қ. Ә. Т»). Жаңылмасам, сіз **Хайролла** дейтін кісі шығарсыз,— деді Хакім (*Х. Есенжанов*).

خير جمال (хайр жамал — мейірімді, рақымды *Жамал*) — б. т. е. хайр + жамал: **Хайржамал**. Біздің Мұхаметжанның **Хайржамал** деген қызы болған (*С. Мұқанов*).
Қайыржамал. Ауылға бармақ болып жиналған **Қайыржамал** балаларын күндегі мезгілінен ерте оятты (*Ш. Айдаров*).

خير على (хайр ‘али; хайр — қар. **خير** ; али— қар. **على**)— б. т. е. хайр-али: **Қайырғали**. Смағұлов **Қайырғали** — Совет Одағының Батыры («Қ. С. Ә»). **Қайырғали** — Ғ. Мүсіреповтің «Қазақ солдаты» романының қаһарманының шын аты («Л. Ж.»).

خير غازى (хайр ғазы; хайр — қар. **خير** ; ғазы — қар. **غازى**) — б. т. е. хайр + ғазы: **Қайырғазы**. **Қайырғазы** сырын ішіне бүкті («*Жалын*»).

خير نساء (хайр ниса; хайр — қар. **خير**; ниса — әйелдер **نساء**) — б. т. е. хайр + ниса: **Хайырниса, Қайырниса**. Әкеден ерте айырылды. Анам **Хайырниса** бес баламен қалғанда ең үлкені — мен бар болғаны он екі-ақ жаста едім (*Г. Бісмайылова*). **Қайырниса** бірнеше ән орындады («Л. Ж.»).

خيرة (хира — сұрыпталған, таңдаулы, іріктелген). **Қирабай** (а-қ). **Қирабай** орнына сілкіне келіп отырды («*Жалын*»).

(д)

داهى (даһи — ақылды, қу, айлакер, айлашыл). **Дахи**. Бұл **Дахиевтің** өміріндегі бұдан жарты ғасырдай бұрын болған оқиға еді (*Р. Сабыров*).

داود (дауд — 1) тау; 2) жалқы есім). **Дауыд**. Апалы-сіңлілі **Дауыдовалар** келді («Қ. Ә»).
Дәуіт. **Дәуіт** кешке кешкісін апақ-сапақта өте асығыс аттанды («*Жалын*»).

Дәуітбай (а-қ). Жалғыз бұлақ—мөлдір көз, **Дәуітбай** сайы алдында. Сол арада болдың кез Шөліркеген жас тырнаға (*С. Мәуленов*).

Дәуітбек (а-қ). **Дәуітбек** — жастардың ұстаз-жетекшісі («Л. Ж.»).

Дәуітқұл (а-қ). **Дәуітқұл** ғылыми атақты өткен жылы алды («С.Қ.»).

داود على (дауад ‘али; дауад — қар. **داود** ; али— қар. **على**) — б. т. е. дауад + али: **Дәуіталы**. Кісі екен қабырғалы **Дәуіталы**, Сәмбеттің ат түгіндей айғыр жалы (*Сүйінбай*).
Дәуігәлі. Үш айлық курсты аяқтап, **Дәуігәлі** Торғай облысына кетті («Л. Ж.»).

در (дур — інжу). **Дүр**. Аманкелді **Дүров** Үлкен Сарысуға ара қонып жететін бір көшке ілесті (*Б. Әбдіразақов*).

Дүрбай (а-қ). Ағыл-тегіл терлеп, **Дүрбай** деген артист досым келіншегімен шай ішіп отыр (*М. Тұраров*).

درية (дуррийа — 1) матаның аты; 2) жарқыраған, жалтыраған, жалтылдаған, жайнаған, жайнап тұрған (зат). **Дүрия**. **Дүрияны** қайтарып алуы да қызық (*Б. Сарбалаев*).

دعوة (дауа — 1) талаптану, талап ету; 2) шағым, іздену; 3) даушар, айтыс-тартыс). **Даубай** (а-қ). Арада көп уақыт өтпей **Даубай** да жұмысынан келді (*Н. Төлепбергенов*).

دكان (дуккан — ұстахана (ұста жұмыс істейтін орын; 2) түрлі бұйымдар сататын сауда орны). **Дүкен**. Ықылас **Дүкенұлы** (1843-1916) — қазақтың белгілі күйші қобызшысы, композиторы, қыл қобызда ойнаудың асқан шебері («Қ. С. Ә»).

Дүкенбай (а-қ). Үлкен атасы **Дүкенбай** атақты шабандоз, көкпаршы болыпты (*Б. Үсенбаев*).

دليل (далил — 1) ыспат, айғақ, дәлел; 2) таңба, белгі; 3) бетпе-бет мойындасу). **Дәлелхан** (а-қ). «Шын жүйірік өрге салса өршеленер» демей ме, оның шығар шыңы әлі де алда,— деді **Дәлелхан** («Л. Ж».).

دهش (дахш — 1) таңырқаған, аң-таң қалған, гажайыптанған; 2) сый, сыйлық; 3) мырзалық, жомарттық, кішіпейілділік). **Дәкіш**. Дауылбаев Ахмет **Дәкішұлы** (1903-54) — Қазақстанның көрнекті партия, совет қайраткері («Қ. С. Э».).

دور (даур — уақыт, мезгіл; дәуір, мерзім, заман). **Дәуір**. Мандай алды екпінді, белсенді комсомолец, партия мүшесі, институтты ең жақсы бітірушілерден Рахмет **Дәуірұлы** сыйлыққа ұсынылды (С. Ерубасев). **Дәуірхан** (а-қ). Киномеханик **Дәуірхан** ыңғайсыз жағдайда қалды («Л. Ж».).

دوران (дауаран — 1) айналыс, бұрылыс; 2) шеру). **Дәурен**. Сүйіп бастаған ісіңнің аяқталғаны да дұрыс қой,— деді **Дәурен** (Ә. Тәжібаев).

Дәуренбай (а-қ). Нәзік бел, қасы қара, қызыл жүзді, Балдызы **Дәуренбайдың** нағыз өзі (*Иманжан*). Астында жартылай подвалы бар, үстіне баспалдақтап шығатын **Дәуренбай** үйі де осындай кербездің бірі секілді (*Ғ. Сыланов*).

Дәуренбек (а-қ). Тасмағамбет, **Дәуренбек** шабандарым, Қашаннан қойды баққан мамандарым (*Жұмабай*). **Дәуренбек** баласының жауабына мырс етті (С. Бақбергенов).

دولة (даула — 1) мемлекет; 2) үстемдік; 3) династия; 4) ауыс. құбылмалы (та, дыр); 5) ауыс. байлық, құдірет; игілік, ырыс, бақыт). **Дәулет**. Дастарқандағы тағамдардың көпшілігінен **Дәулет** үйінің ауқаттылығын аңғару қиын емес (С. Бақбергенов).

Байдәулет (қ-а). Олар аттан түсіп, сыртта жүргендермен амандасып жатқанда іштен **Байдәулет** шықты жүгіріп (*Қ. Исабаев*).

Дәулетбай (а-қ). **Дәулетбай** төрт атанды қарына ілді, Еліңнен тапшы өзің сондай ерді (*Ажар*).

Дәулетбек (а-қ). Орталық Қазақстанда, Атбасар жағында болған жарлыққа қарсы көтерілісті Жақып, Иса **Дәулетбеков** деген кісілер бастайды (*Б. Кенжебаев, Ә. Есназаров*).

Дәулеткелді (а-қ). Әбілмансұр (Абылай) Қарауыл руынан шыққан **Дәулеткелді** дейтін байға жылқышы болады (С. Мұқанов).

Дәулетхан (а-қ). **Дәулетханның** бұл жобасы - өзінің істеп жүрген жұмысын оңайлату, үнемді ету турасындағы ұзақ та, қинала да ойлағаннан туған (*Ж. Жұмақанов*).

Есдәулет (қ-а). Ауан Дидарбек, Боран, **Есдәулет** сияқты жаңа достар тапқанына риза (*Л. Байтанаев*).

Қосдәулет (қ-а). **Қосдәулет** тракторын егістікке жете бере тоқтатты («Л. Ж».).

Шындәулет (қ-а). **Шындәулет** — ойға алғанын орындамай тынбайтын бірбеткей, намысшыл кісі («Жалын»).

دولة علی (даулат ‘али; даулат — қар. دولة; ‘али — қар. علی) — б. т. е. даула + ‘али:

Дәулетқали. **Дәулетқали** қарттың, «жеке-жеке ғаріп болдық, колхоз болдық, қарық болдық» — деген сөзі есімнен кетпейді (*М. Сатыбалдиев*).

دولة غازی (даулат ғазы; даулат — қар. دولة; ғазы — қар. غازی) — б. т. е. даула + ғазы:

Дәулетқазы. **Дәулетқазы** малды ауылдағы пенсионерлердің маусым кезінде көмектесу бастамасын қызу қуаттайды (Ә. Аймағамбетов).

دولة کریم (даулат карим; даулат — қар. دولة; карим — қар. کریم) — б. т. е. даула + карим:

Дәулеткерім. **Дәулеткерім** ауыл иттерін шуылдатып келіп аттан түсті («Жалын»).

دولة نظر (даулат назар; даулат — қар. دولة; назар — қар. نظر) — б. т. е. даулат + назар:

Дәулетназар. Шамшидин, Мырекең мен ақын Садық, Қалжекең, **Дәулетназар** һәм Әлібай — Ақылдың даналары, міне, осылар (*Н. Ержанұлы*).

دوم (даум — 1) тұрақтылық; 2) мәңгілік). **Дәуімбай** (а-қ). Күн ыстық, жаз, күн шілде, «**Дәуімбай** қыз ұзатып, той қылады» — деп, Құлаққа хабар тиді пәлен жерде (*Иманжан*).

ديار (диар — дардың (пәтер, үй, ғимарат) көпше түрі) **Диар**. Күтпеген орайда Нәргүл, Жанболат, **Диарбай** үй ішімен түп-түгел сау ете жетіп келді (А. Байтанаев). Кәрі әже бар білгенін немерелері - Құмар мен **Диарға** үйретіп бағады (Ө. Әлімгереев).

دين (дин — дін). **Дина**. **Дина** Нұрпейісова (1861-1955) - қазақ музыка мәдениетінің аса көрнекті қайраткері, халық күйші — композиторы, Қазақ ССР халық артисі («Қ. С. Э»).

دين احمد (дин ахмад: дин — қар. دين; ахмад احمد) — б. т. е. дин + ахмад: **Дінахмет**. Қысқы балық аулау маусымы да басталды,— деді **Дінахмет** («Л. Ж»).

دين اسلام (дин ислам — ислам діні) — б. т. е. дин-ислам: Тереңөзек ақыны Бермен **Дінісләм** ақынмен айтысының кезегінде колхоз өміріндегі толғағы жеткен мәселелерді көтереді (Р.Бердібаев).

دين اصیل (дин асил; дин — қар. دين; асил — қар اصیل) — б. т. е. дин + асил: **Дінасыл**. **Дінасыл** молырақ қосқызып, бірер шыны шай ішті де, асығыс сыртқа шықты (Қ. Оразалин). **Дінасыл**. Мұхтар атасы Әуез бен әжесі **Дінасылдың** қолында тәрбиеленді («Қ. С. Э»).

دين بيان (дин байан; дин — қар. دين; байан — қар. بيان) — б. т. е. дин + байан: **Дінбаян**. Қазақ халқының ардагер ұлы халық батыры Исатай Таймановтың Жақия, Оспан, Досмағамбет, **Дінбаян** деген төрт ұлы болған (Ш. Дәулетияров).

(د)

ذاكر (закир — еске алушы). **Зәкір**. Қадірлі Кітабайдың тұқымы едің, Оңласын **Зәкір** батыр, айтып ақыл (Ұлбай қыз).

Зәкірбай (а-қ). **Зәкірбай** қалаға екі үйір жылқы айдатты («Жалын»).

ذاكرة (закира — 1) жад; 2) еске түсіру, еске алу). Бәріміз де сол жолға ұмтылсақ,— деді **Зәкира** («Л. Ж»).

ذخيرة (захира — 1) қазына; асыл, қымбат; 2) қасиетті; 3) қор; 4) оқ-жарақ). **Зағира**. **Зағира** бұл ауылға өткен жылы ұзатылып келген («Жұлдыз»).

ذكريه (зикрийа — 1) есте қалған; 2) еске түсіру, есте ұстау; 3) жалқы есім). **Зікрія**. Көңілде көп Марғұба зарығып көрген, Көп сәлем **Зікрія** мен Шалабайға (Нұрғожа).

Закария, **Зәкария**, **Зәкәрия**. **Закария** Белгібаев — Совет Одағының батыры («Қ. С. Э»).

Зікірия. **Зікірия** зор, балуан денелі, үлкен мұрынды, ақбұжыр кескінді, көздері алақандай, түсі қаһарлы жігіт еді (С. Мұқанов).

ذكي (заки — 1) көргіш, байқағыш, көреген, өткір; 2) зерек, ақылды, қабілетті). **Зәки**. Бұл келе жатқан **Зәкилер** болатын («Жалын»).

Закаш, **Зәкеш** — **Зәки** есімінің еркелете айтылу түрі. **Закаш**, айналайын, енді қашан келмексің?! («Л. Ж»).

ذكية (закийа — 1) көреген; 2) ақылды, қабілетті әйел). **Зәкия**. **Зәкия** атының жалын тарады («Жалын»).

ذهن (зһн — 1) ақыл, ес, сана; ұғым, зейін; 2) жад). **Зейін**. **Зейін** Шашкин (912-66) — қазіргі қазақ прозасының дамуына, оның профессионалдық биіктерді алуына елеулі үлес қосқан жазушылардың бірі («Қ. Ә. Т»). **Зейінбек**,— деді Еркінбек, маған иек қағып (З.Мұсабаев).

ذوالخير (зүл-хайр—жақсылық иесі). **Зұлхайыр**. Сол кезде театрдың директоры — **Зұлхайыр** Байсейітов (Қ. Байсейітов).

ذو الفقار (зу-л-фақар — Әзірет Әлінің екіжүзді, айыр ұшты қылышының аты). **Зульфикар**. Талғар ауданының колхоз-совхоздары мен өнеркәсіп орындарында бір топ жазушы-ақындар болды, олардың ішінде М. **Зульфикар** бар («Қ. Ә»).

Зұлшықар, Зулфұқар, Зұлшықар аты жақсы екен (К. Әзірбаев).

ذو القرنين (зу-л-қарнайн — екі мүйізді, қос мүйізді; екі мүйіздің, қос мүйіздің иесі. Александр Македонскийдің, яғни Ескендірдің арабша лақап аты). **Зұлқар** — Зұлқарнайынның қысқа түрі. Кадр бөлімінің бастығы **Зұлқар** осы заводтың байырғы жұмысшысы боп, қатардан өскен адам еді (А. Байтанаев).

Зұлқарнай. Хатшының жүрер жолын аңдытып, шабарман жіберіп әлектенген совхоз директоры **Зұлқарнай** бар (Д. Досжанов).

ذو الكرم (зу-л-карим — мырзалық, шарапаттылық, керемет иесі). **Зүлкәрім**. Сержант **Зүлкәрім** он рет разведкаға барды (Ә. Нұрмағамбетов).

ذو الفنون (зу фунун — ғалымдар, ғылымдар иесі; ғылымның бірнеше саласынан хабардар адам). **Зүлфүнүн**. Шоқытқа Шаншар баласы Жабайдың **Зүлфүнүн** деген қызын айттырып алып береді (Ы. Дүйсенбаев).

Зүпнүн, Зүпнүн — ақын Сұлтанмахмұттың анасы («Қ. Ә»).

(Ү)

راح (рах — 1) ішімдік; 2) шаттық, қуаныш). **Рах**. Талаптас жарады, — дейді С. **Рахов** («Л. Ж»).

راحة (рахат — 1) тыныштылық, дамыл, демалыс; 2) ыңғайлылық, қолайлылық; 3) ауыс. ләззат). **Рахат, Рақат. Рахаттың** қуанышы қойнына сыймай, жүрегі лүпілдеп қоя берді (М. Гумеров). **Рақат** атынан баяндалғанмен шығармадағы негізгі кейіпкерлер — Сасан, оның әйелі — Алма және бригадир Ұлғазар (Т. Дәуренбеков).

راحلة (рахила — жүк артатын інген, мая). **Рахила**. Барайық, **Рахила** да бір қуанып қалсын (А. Смаилов).

راضى (ради — 1) риза, қанағаттанған; 2) сүйкімді, жағымды, ұнамды). **Разы**. Н. **Разиев** — И.В.Панфилов атындағы 8-ші гвардиялық атқыштар дивизиясы саяси бөлімі бастығының бұрынғы көмекшісі... («С. Қ»).

راقية (рақиа — дамыған, өркендеген (ел, мемлекет, т. б.). **Рахия. Рахия** Қойшыбаеваның немесе **Рабиға** Есенжанованың әндерін ынтыға тындаймын (Д. Кішібаев).

رام (рами — 1) лақтырушы, көздеуші; 2) мерген; 3) астр. Мергендер шоқжұлдызы). **Рами**. «Есім даласы» жөнінде Исмағұл **Рамиев** былай деп жазды... («Қ. Ә. Т»)

راى (рай — көзқарас; 2) ой, пікір; ақыл). Ендігі жанашырдан жалғыз немере інісі **Рай** болса, оның жас екенін ойлады, өзі сияқты о да әке-шешесінен жастай жетім қалып, қарт әжесі екеуі өз алдына қос болып, түтін түтетіп отыр (Ә. Нұрпейісов).

Райбай (а-қ). **Райбай** мен Шоран өзара еңбек жарысына түсті («Л. Ж»).

راية (раиа — жалау, ту). **Рая**. Жиырмасыншы жылдардағы Торғай комсомолдары арасында сауат ашу мектебін басқарған **Рая** Домбаева болды (С. Шүкіров).

رباط (рибат — 1) байланыс, қатынас; 2) қамал, қорған, бекініс; 3) керуен сарай). **Рабат. Рабат** майданнан ауыр жаралы болып қайтқан (Ш. Сәрсенбаева).

ربيعة (рабиа — 1) көктем, көктем кезі; 2) жолдас, құрбы; ашына). **Рабиға, Рәбиға. Рабиға** Есенжанованың салған әндерін ынтыға тындаймын (Д. Кішібаев). Көңілді, кішіпейіл әрі сері, Әндетіп, думанды той жүрген жері. Депутат **Рәбиғасын** жұрт сүйеді, Қашан да оған дайын үйдің төрі

(А. Тоқмағамбетов). Мен айтам **Рәбиғадай** еңбек ерін, Елінде бар ма осындай жеңгелерің (*Рамазан*).

رجب (**ражаб** — араб ай жылнамасының жетінші айының аты). **Ережеп**. Пьеса бастала бергенде бірінен соң бірі шыққан **Ережеп**, Шақан, Күләндар оқушыны бірден оқиғаға жетелейді («Қ. Ә. Т».).

Ережепбай (а-қ). Молдабаев **Ережепбай** (1925-44) — Совет Одағының Батыры. Висла өзенінен өту кезіндегі ұрыста **Ережепбай** қаһармандықпен қаза тапты («Қ. С. Э».).

رحمان (**рахман** — рақымды, қайырымды, мейірімді, кішіпейілді). **Рахман. Рахман** әңгіме айтып отыр маған, Көзінде от ұшқыны топырлаған... (*Ғ. Қайырбеков*).

Бердірахман (қ-а). **Бердірахман** келгелі ферма жұмысы жанданып сала берді («С. Қ».).

Рақыман. Рақыман ұрпағым, бата бердім. Ақиықтай аспанда заула-заула (*К. Әзірбаев*).

Рақыманқұл (а-қ). Қозғады жікшілдікті елдегі бай, Көтеріп тыныштықты жүрмеді жай. Көкежан, **Рақыманқұл**, Сұрбас күйсіз, Қазақшылық бастады баяғыдай (*Әріп*).

Рахманқұл (а-қ) — **Рахманқұл** есімінің қысқарған түрі. **Раманқұл** — драма театрының артисі («Қ. Ә».).

Рахманберді (а-қ). Ауыл мәдениеті — азаматына сын, — деді **Рахманберді** («Л. Ж».).

Рахманқұл (а-қ). Терме өнерлік қазынаны іздеп, зерттеп жүрген **Рахманқұл** Бердібаев... сынды үлкен ғалымдарымыздың жылы лебізін өз ауыздарынан естіп, газет бетінен де оқыдық (*К. Қонысбаев*).

رحمان شيخ (**рахман шайх**; рахман — қар. **رحمان** ; шайх — қар. **شيخ**) — б. т. е. рахман + шайх: **Рахманшайық. Рахманшайық** — ақын Әріптің баласының аты («Қ. С. Э».).

رحمة (**рахма** — қайырымдылық, мейірімділік, шапағаттылық). **Рахмет. Рахмет** — аудандық, облыстық айтыстарға қатынасқан ақын («Айтыс»).

Рахметбай (а-қ). **Рахметбай** капитанның қолын қағып үлгермегенде, біреуінің зақым болуы да мүмкін еді (*Ә. Сәрсенбаев*).

رحمة الله (**рахмат-ул-лаһ**; рахмат — қар. **رحمة** аллаһ — қар. **الله**) — б. т. е. рахмат + аллаһ: **Рахматулла**. Жуырда Егіндібұлақ селосының тұрғындары белгілі жазушы **Рахматулла** Райымқұловпен кездесу өткізді («Қ. Ә».).

Рахматулла. Алыстан даңқы жер жарған «Медресе Расулияның» сыртқы көрінісі Сұлтанмахмұтқа қораш, Баяндағы **Рахматулла** хазіреттің медресесі сияқты ғана көрінді (*Д. Әбілев*).

Рахметолла. Рахметолла, біздің үйдегі шешене мына қалашты бере салшы!— деді (*С. Хайдаров*).

Рахметулла. Рахметулла ақсақал әлгі оқыстау айтқан домбай сөзін жуып-шаю үшін сөзге күле араласты (*С. Бақберген*).

رحمة على (**рахмат ‘али**; рахмат — қар. **رحمة** ; али — қар. **على**) — б. т. е. рахмат-али: **Рахметалы**. Еңбек семестріне биыл тың құлшыныспен әзір отырмыз, — дейді **Рахметалы** («С. Қ».).

Рахмади. Рахмадиев Еркеғали — қазақ совет композиторы («Қ. С. Э».).

Рахметқали. Рахметқали «алыптың» қолы тарғыл өгіздің кекіліндей бір зор нәрсеге шап ете қалды (*С. Хайдаров*).

رحيم (**рахим** — қайырымды, мейірімді, рақымды, кішіпейілді, ізгі ниетті; шапағатты). **Рахим**. Ең кенжесі **Рахим** жайлы... небір әсерлі естеліктерді сырғып шертті (*А. Әбілев*).

Райым. Оған жабысқан сәлделі шал **Райым** еді (*Ж. Арыстанов*).

Райымбай (а-қ). Совхоздың озат шопаны... **Райымбай** әрбір жүз саулықтан жүз елу қозы алды (*Х. Луқпанов*).

Райымбек (а-қ). **Райымбектің** арқандаулы аты арқырай кісінеді («Жұлдыз»).

Райымберген (а-қ). **Райымберген** шырқаған әсем әндер көрермендер көңіліне ұялады (*Ә. Аймағамбетов*).

Райымқұл (а-қ). Колхоздағы еңбек адамдарының бейнесін жасаған тәуір шығармалардың бірі — **Р. Райымқұловтың** «Жасыл белес», «Түйелі адам» атты повестері («Қ. Ә. Т».).

Рақым, Рахым. Рақым мұны Кәдірбаев, Борсықбаев, Бұқабаев арқылы орындап отырды («Қ. Ә. Т».).

Рақым Жандыбаев Абайды зерттеуші әрі жерлесі - Садық Қасиманов секілді кісілердің сөздерін жазып алса, Абайтануға пайдасы тиер еді (*Т. Әлімбаев*). Институт бітірген **Рахым** дәрігер болып ауылға баруға тілек білдірді (*Ә. Сейілханов*).

Рақымбай, Рахымбай (а-қ). Жүгіріп келе жатқан **Рақымбай** сүрініп кетіп, екі аунап тұрды («Жалын»). Трактордың рулінде **Рахымбай** отыр (*Ш. Сәрсенбаева*).

Рақымбек (а-қ). Алдыңғы кабинасында пилот, арқы кабинасында туған ағайым **Рақымбек** отыр

(Қ. Қайсенов).

Рақымберді, Рахымберді (а-қ). Әскери өмірдің қатал тәртібіне үйренген жауынгерлер таң қылаң бере-ақ сапқа тұрды, — дейді **Рақымберді**. («Л. Ж»). **Рахымберді** әуелде бригадadan кетпекші болып оқталды («Жалын»).

Рақымқұл, Рахымқұл (а-қ).— Бұл **Рақымқұлдың** ісі екені анық,— деп ол кесіп айтты («Л. Ж»). Совхозды алғаш ұйымдастырушылардың бірі — **Рахымқұл** (Ш. Бәтеев).

Рахымтай (а-қ). Айнашты **Рахымтай**, Ізтай, тағы басқалар келіп құттықтады («Л. Ж»).

راحیم علی (рахим ‘али; рахим — қар. راحيم; али — қар. علی) — б. т. е. рахим + али:

Рақымғали.— Суайт деп сен біздің **Рақымғалиды** айт (Х. Есенжанов). **Рақымғали** қайын атасының ісін қуып, үйіне жетіп келеді деп ойлаған жоқ еді (Х. Есенжанов).

Рахымғали, Рахимғали. Рахымғалидың ойы дағарадай үй салуға кетті («Жалын»). Менің ағайым **Рахимғалиды** білетіндер бар шығар-ау!—деп сауал қояды («С. Қ»).

راحیم غازى (рахим ғазы; рахим — қар. راحيم; ғазы — қар. غازى) — б. т. е. рахим + ғазы:

Рақымғазы. Рақымғазы — жүгерішілер звеносының жетекшісі («Л. Ж.»).

راحیمة (рахима — қайырымды, мейірімді, рақымды, шапағатты (әйел). **Рахима, Рақима**.

Қосшығұлдың бір сыдырғы сымбаты, бір сыдырғы кескіні бар **Рахима** деген қызы бар,— деді Жәмпейіс (С. Мұқанов). **Рахиманың** өзін ешкімге басындырмайтын өжеттігі бар екен (Ә. Қалдыбаев). Кәрім мен сол жағында отырған **Рақима** қосыла сөйледі (Ғ. Мүсірепов).

Рахимаш (а-қ) — **Рахима** есімінің еркелете айтылу түрі. Ол қайдағы бір нәрселерді айтып, **Рахимаштың** ішек-сілесін қатырған-ды (Ү. Әдібаев).

رزاق (раззақ — өмірге ризық беруші). **Раззақ**. Үйіне көптен күткен сыйлы қонақ **Раззақ** келіп жатыр

(«Жалын»).

Ораззақ. Оразақов Естөре — Қазақ ССР-інің еңбек сіңірген дәрігері («Қ. С. Ә»).

راسول (расул — елші). **Расул. Расул** мектепті өте жақсы бітіріп, университетке оқуға түсті

(«Л. Ж»).

راسيل (расил — 1) жіберілген; 2) елші; 3) сүйемелдеуші) **Рәсіл**. Геологтармен **Рәсіл** әңгімелесті

(«Л. Ж»).

Рәсілбек (а-қ). Жасына жетсе де, арыны қайтпаған **Рәсілбек** ақсақал сырлы сөзін сырнайға қосып, тыңдаушыларды бір желпіндіріп тастады (Қ. Сейдаханов).

رشاد (рашад— 1) саналы, саналылық; 2) естілік, ақылдылық; 3) ақиқаттық, шындық жолға

түсу). **Ришад, Ришат**. Шындап келгенде... **Ришад** бұл жолы ойлаған жерден шықты (Ғ. Мүсірепов).

Ришатқа қала өмірі әуелде жат көрінген («Л. Ж»).

رشيد (рашид— 1) саналы, есті, ақылды; 2) ержеткен, ересек; 3) тура жолмен жүруші;

4) жүректі, батыл, батыр). **Рашид. Рашит. Рашид** ғылыми жұмысқа шындап ден қойды («Л. Ж»). Жолға шыққандағы мақсатым — **Рашит** Жанғозин бастаған ер жігіттердің кім екенін, он үш пе, он алты ма, қанша екенін анықтау (С. Бақбергенов). **Рәшит: Рәшит** даланың саф ауасын кеуде кере жұтты («Л. Ж»).

رشيدة (рашида — 1) дұрыс, түзу, таза, саналы, есті, ақылды; 2) бойжеткен). **Рашида, Рәшида**.

Қоянды жәрменкесінде енді үш ай жүрсе де қынжылатын **Рашида** жоқ (З. Ақышев). Шыңғыстың құшағына кірген **Рәшиданың** бір айтқалы... («Жалын»).

رضاء (рида — 1) молшылық, қанағаттылық, рахаттылық; 2) разылық). **Риза, Рза**. Ақыры **Риза**

сөзін аяқтаған соң, Сұрша оның тыныс алу мүшелерінің жұмыс атқару қабілетін тыңдап шықты («Л. Ж»). Қарулы екі жас жігіт — Әли мен **Рза** ірі қара кісінің екі қолынан ұстады (Ә. Нұрпейісов).

Ризабек (а-қ). Қан майданда бірге болған жерлесіміз **Ризабек** Смағұлов... (Ә. Бектасов).

Ырзабай (а-қ). **Ырзабай** Мәскеудегі түсті металдар және алтын институтын 1952 жылы озат бітірген (Ж. Тілеков).

Ырзабек (а-қ). **Ырзабек** — ісіне тындырымды механик (С. Хайдаров). Өмірде ең оңайы - біреуге білгішсініп ақыл айту,— дейді **Ырзабек** («Л. Ж»).

رضوان (ридуан — 1) молишылық; қанағатшылық; 2) ризашылық; 3) діни жаннат). **Ризуан**.
Өнерсүйгіш қауым **Ризуанды** айрықша қадір тұтады (М. Сатыбалдиев).

رضية (радия — 1) жағымды, ұнамды (әйел); 2) риза, разы; 3) сүйкімді, сүйікті (әйел). **Разия**
Рэзия. Бейімбет Әлім мен бай қызы **Разияның** арасындағы адал махаббатын суреттеп, сүйіскен екі жастың жау қолынан қаза тапқанын көрсетеді («Қ. Ә. Т»). Сартайдың шешесі **Рэзия** — адуындау әйел (Т. Дәуренбеков).

رعنا (ра сна — сүйкімді, шырайлы, әдемі). **Рағына, Рағна**. Бөленді алғыс сезімге, **Рағна**, Құлай, Мараттар... (М. Божанов). **Рағынаның** отары қыстан күйлі шықты («Л. Ж»).

رفعة (риффа — биік мәртебелі). **Рифхат**. Марат үлгісімен **Рифхат**, одан кейін Рәшид, одан Фарид ауыл шаруашылық техникумын бітіріп, арнайы білім алып шықты (Қ. Аманжолов).

رفیعة (рафия — 1) биік, зор; 2) атақты, ақсүйек (әйел). **Рапия, Рэпия**. Жаны қысылған **Рапия** басы ауған жаққа қашты («Л. Ж»). **Рэпия** атын ойпаңдау жерге тұсап қойды («Жалын»).

رفیق (рафик — 1) серік, серіктес, жолдас; 2) дос; 3) көңілдес). **Рафик, Рапих**. Жақсы онда, **Рафиков** жолдас, бізді ұмытпа,— деді (Ғ. Қалемов). Қабылов Мәдениет **Рапихұлы** — қазақ архитекторы («Қ. С. Э»).

رفیقة (рафика — жолдас, құрбы). **Рафика**. Нұртазина **Рафика** — қазақ совет педагог-методисі, Қазақ ССР-і мектебіне еңбек сіңірген мұғалім, Социалистік Еңбек Ері («Қ. С. Э»).

رقية (рукия — 1) жалбарыну, сиқыр, арбау; 2) асқан сүйкімділік, еріксіз тартатын күш). **Ұрқия**. Саудагер Рақмет пен **Ұрқия** деген кемпір Жалбыр туралы хабарды Алшынбай, Ақтандарға жеткізумен әуре («Қ. Ә. Т»).

رمضان (рамадан — араб ай жылнамасының тоғызыншы айының аты). **Рамадан**. Үй қожасы әйелдің ұлы **Рамаданның** маған көрші бөлменің бір студентке жалға берілгенін айтқаны есіме түсе кетті («Т. С»).

Рамазан. **Рамазан** ат-көлігін сайлап, дайын отыр («Жұлдыз»).

روح الله (рух алла; рух — روح 1) рух, жан; 2) елес; 3) өмір; аллах — қар. الله) — б. т. е. рух + аллах: **Рухолла**. **Рухолла** — совхозымыздың агрономы («Л. Ж»).

روحية (рухийя — 1) рухани күй; 2) рухани бейне, рухани кейіп, рухани сапа). **Рухия**. **Рухия** — совхоз кітапханашысы болып көптен бері істеп келеді («Л. Ж»).

روضة (рауда — 1) бақша, гүл бақшасы, көгал; 2) ауыс. пейіш, жаннат). **Рауза**. Шықты **Рауза**. Қош! Қош! **Рауза!** (І. Жансүгіров).

رئيس (раиис — басшы, төраға; әкім). **Райыс, Райс**. **Райыс** атты салт мініп келді де, мені қамшының астына алды (С. Мұқанов). **Райс** бастаған жігіттер шөп шабуға шықты («Л. Ж»). **Райысхан** (а-қ). **Райысхан** — жалпақ бет кісі («Жалын»).

رئيسة (раииса — ханым, ханшайым). **Раиса**. **Раиса** қаладан келеді деп күткелі үш күн болды («Л. Ж»). **Раиса**. **Раиса** тәжірибелі сыршыдан көп нәрсені үйренді (С. Ералиев).

ريحان (райхан — хош иісті өсімдік, гүл). **Райхан**. Доғар, қиял, өлмеймін мен, Әлі талай жыр айтамын. Жеңілем бе, ажалға мен, Аңсап күтсе, **Райханым!** (Ә. Сәрсенбаев).

(З)

زائد (заид — 1) өсу, көбею; 2) артық; 3) үлкен, шамадан тыс). **Заид, Заит.** Кітапты оқып шыққан соң, Сәлімбай, Оспанкүл, **Заид** сияқты күш-жігерін ел үшін сарп еткен, тіпті қыршын өмірлерін қиған азаматтарға тәнті болып отырып... (М. Сқақбаев). А. **Заитов** — жылжымалы-механикаландырылған колоннаны бастап келді («С. Қ.»).

زائدة (зайда — 1) өсу, көбею; 2) артық; 3) үлкен, шамадан тыс). **Заида. Заида** шын мәнінде жана өмір жыршысы бола білді (Қ. Әбілев).

Заида Зәйда. Иісбайдың өзіне қамқорлана сөйлегеніне біраз бойы кеңіп, **Заидаға** қарады (С. Бегалин). **Зәйдә** әпкемді сағындым, — деді бала («Л. Ж.»).

زبرجد (забаржад — жасылдау түсті жылтыр асыл тас). **Зүбәржат.** Алатауым, мен үшін жыр басысың, Сендей алып, тегі, көп тумасы шын!.. — дейді **Зүбәржат...** («Қ. Ә.»).

زبيدة (зубайда — жалқы есім). **Зүбайда.** — **Зүбайда** байғұс анау бір жылы қызын Алматыдағы жетімханаға апарып өткізген екен («Қ. Ә.»).

زليخة (зулайха — жалқы есім). **Зұлайха. Зұлайха** шопандық қызметке жүрек қалауымен келді («С. Қ.»).

Зылиқа, Злиқа. Зылиқасын көрсе де, Жүрек енді ашылмас (С. Торайғыров). **Злиқа** Балзияның жанындағы жайдақ орындыққа жалпынып отыра кетті (Д. Досжанов).

Зылиха, Злиха. Үй қожасының әйелі **Зылиха** қолы епсекті жан көрінеді («Л. Ж.»). Рахмет, **Злиха!** Мен қызымның атын **Злиха** қоям, — деді шопан (А. Бектұрғанов).

زمان (заман — уақыт, кезең, мезгіл, дәуір). **Заманбек (а-қ).** Сол-ақ екен есіктен артынып-тартынып **Заманбек** кірді (Е. Әзімбаев).

زامزم (замзам — 1) мол, көп; 2) Меккедегі Қазба жанындағы құдықтың аты). **Зәмзәм. Зәмзәм** пәтерінен таңертең ерте шықты («Л. Ж.»).

Зәмзәгүл (а-қ). **Зәмзәгүл** қасындағы қыздарды бастап, үйге кірді («Жалын»).

زهرة (заһра — 1) түр, түс; 2) гүл; 3) сұлулық). **Зере.** Бұл өңірдегі ағайын **Зере** отырған үйді жатсынған жоқ (М. Әуезов).

زهرة (зуһра — 1) жарқын; 2) сұлулық, көркемдік; 3) Шолтан жұлдызы). **Зуһра, Зуһра, Шәрбану, Жанбике** — ел мектебінен өткендер, үйрене жүріп жеткендер (Ә. Сығиев).

Зәуре. Батрақ Досан, ауылдың партия ұйымының секретары - Орынбай, жергілікті Советтің председателі - **Зәуре**, аудандық партия комитетінің хатшысы Махмұдовтар — жаңа заманның, жаңа типті, озық идеялы адамдары («Қ. Ә. Т.»).

Зәурехан (а-қ). **Зәурехан** мұны жақсы түсінді (М. Мәжитов).

Зәуреш (а-қ). **Зәуреш** комсомол-жастар бригадасының мүшесі (Қ. Қалдыоразов).

Зура. Зура мен Сафуа тату өсті (Р. Әбутәліпов).

Зухра. Бұрын көз алдында үлбіреп тұрып алатын **Зухра** бейнесі де бірте-бірте көмескі тартқандай (Ә. Кекілбаев).

زهى (заһи — 1) жайнаған, жарқыраған, жанып тұрған; 2) өте жақсы, жарқын, тамаша). **Зағи.** Құрманбаева **Зағи** (1903-75) — Қазақ ССР-інің еңбек сіңірген артисі («Қ. С. Ә.»).

زياد (зиад — көп, мол; өте, тым жақсы). **Зият. Зият** биік төбенің басына шығып, атынан түсті («Жалын»).

Зиятбек (а-қ). **Зиятбек** желі басында жүр екен («Жұлдыз»).

Зиятхан (а-қ). Смағұл ағайдың **Зиятхан** деген баласы сол жылы мектепті бітірді («Л. Ж.»).

زيادة (зиада — мол, көп; өте, тым жақсы). **Зияда. Зиядаға** қарағанда, қыз басымен бұл ашықтау, сөзуарлау (З. Иманбаев).

زيتون (зайтун — бот. жылы жақта өсетін сарғыш түсті жемісті ағаш және оның майлы жемісі). **Зейтін. Зейтін** Ақышев — қазақ совет жазушысы («Қ. Ә»).

زيتونة (зайтуна — 1) бот. зайтун ағашы, оның жемісі; 2) жалқы есім). **Зэйтуна. Зэйтуна**. Сол жылы күзде **Зэйтуна** — «Құрмет белгісі» орденімен наградталды (Б. Мұқаев).

زين (зайн — 1) әшекей; 2) сұлулық, әдемілік; 3) жақсы). **Зейін. Сейілге Зейінмен** бір рет барып, Қиялдаған бір қызды көргені анық (Ж. Боранбаев).

زين العددين (зайн-ул-‘абд-дин; зайн — қар. زين; аль-‘абд — қар. عبد; дин — қар. دين) — б. т. е. зайн + аль-абд+дин: **Зейнелқабиден. Зейнелқабиден** — Қисатайдың баласы, кекеш, насыбайшыл еді («Қ. Ә»).

Зейнелғабиден. Иманбаев Зейнелғабиден — қазақ жазушысы («Қ. С. Ә»).

Зейнілғабиден. Тілегін қабыл етті сол бір кезде, Дейтұғын Зейнілғабиден бала туды (Құдайберген).

زين العرب (зайн-ул араб; зайн — қар. زين; араб — қар. عرب) — б. т. е. зайн+аль-араб: **Зейнелғараб. Екі адамның бірі — Зейнелғараб** еді (Қ. Әбілев).

زين الله (зайн-ул-лаһ; зайн-қар.) زين; аллаһ — қар. الله) — б. т. е. зайн+аллаһ: **Зейнулла. Саф Зейнуллин** — қызыл командир («Қ. Ә»).

Зайнула. Зайнула табысты еңбек етіп келеді («С. Қ»).

Зейнел. Зейнел сыпайы сөзден әнтек асыңқырап сөйлейін десе, аяғын аңсыз қақпанға басып алатындай көрінуші еді (Қ. Тайшықов).

Зейнолла. Қабдолов Зейнолла — қазақ жазушысы, ғалым, филология ғылымдарының докторы, профессор («Қ. С. Ә»).

زين النبي (зайн-ул-наби; зайн — қар. زين; наби — қар. النبي) — б. т. е. зайн+ан-наби: **Зейнелнәби. Шаукенің өндірістегі алғашқы танысы Зейнелнәбидің** тұрмыс-тірлігі мүлдем қызық (О. Сәрсенбаев).

زينب (зайнаб — 1) толық, артық; 2) жалқы есім). **Зейнеп. Зейнеп** Қошқарбергенқызы (1881-1913) — қазақ халық ақыны. **Зейнеп** 1895 жылы Қоянды жәрмеңкесіне жиналған жұртты ақындық дарынымен таңқалдырып, ақын атанды («Қ. С. Ә»).

Ақзейнеп (қ-а). Нұрлан **Ақзейнептің** кәстөмі түгіл, суретін де ұстатпайды» дегісі келіп еді, бала мен ана арасын алшақтатқандай болғансын, тиылып қалды (Ж. Молдағалиев). Ал Қабыкен мен **Ақзейнеп** болса, өмірлерінің жаңа белесіне қадам басар алдында туған қаласын бір аралап шығуды ниет етіпті (А. Сатаев).

زين عادل (зайн адил; зайн — қар. زين; адил — қар. عادل) — б. т. е. зайн + адил: **Зинәділ. Зинәділ** сол уақытта мақтанды кеп, Мақтанып айғай салып шаттанды көп... (Нұрилла). **Зейнеділ. Шудағы Зейнеділ** әпкесі келіп жатыр екен («Жалын»).

زين على (зайн али; зайн — қар. زين; али — қар. على) — б. т. е. зайн + али: **Зейнеғали. «Талаптыға нұр жауар»** дегендей, **Зейнеғали** жұмысын жанын сала атқарды. («С.Қ.»).

زين نور (зайн нур; зайн — қар. زين; нур — қар. نور) — б. т. е. зайн + нур: **Зейнұр. Зейнұрдың** бұрынғы күйеуінің Назгүл атты қызы бар (Ә. Әбішев).

زينة (зайна — 1) әдемілеу, безендіру, әшекейлеу; 2) иллюминация (әр түрлі жарықпен жайнату); 3) ауыс. сұлулық). **Зинат. Зинат** — ерен еңбегімен көрініп жүрген жан («Л. Ж»).

Зейне. Шаруа қамына күйгелектеніп жүрген Зейнені Сәтжанның орамдылығы сергітіп жіберді (С. Бегалин).

Зейнет. Зейнет - атақты шопан, қаймықпайтын нағыз дала батыры («Л. Ж»).

Зейнеш. Ілгегін шұқылап отырып, көзінің астымен Зейнеш Асылбек жаққа қарады (Б. Майлин).

Зина. Зина ертерек жатып қалғанымен, ояу екен (Ә. Шәріпов).

(س)

ساعة (са ‘а— сағат, уақыт). **Сағат**. Қос құрбы Мұқажан мен **Сағат** қартты қуантып тұрғанда, даладан дабырлай кірген шешесінің дауысын естіді (Қ. Бекетаев).

Айсағат (қ-а). Оқу ісінің меңгерушісі **Айсағат** орнында екен («Л. Ж».).

Сағатбай (а-қ). Ағымдағы жаңалықтар мен саясат мәселесін де **Сағатбай** ұғымымызға лайықтап, миымызға құйып отырады (Б. Соқпақбаев).

Сағатбек (а-қ). **Сағатбек** — жастар бригадасының ұстаз-шопаны («Л. Ж».).

Сахат. Өткен жылы шеберлер қатарына Гүлнар **Сахатова** мен Таһир Хасановтың қосылғаны мәлім (А. Жангожин).

ساع (са — курьер, жедел тапсырмалармен жүріп-тұратын кісі). **Сағи**. **Сағи**, сенбісің, айналайын? — деді ол (Р. Әутәліпов).

Төлеусағи (қ-а). Аурухананың бас хирургі **Төлеусағи** жұмысына ерте келді («Л. Ж».).

سامع الله (сами ‘ул-лаһ: сами’ — тыңдаушы; **سامع** ; аллаһ-қар. **الله**) — б. т. е. сам’ + аллаһ: **Самиғолла**. Жұрт өз ісінің шебері Самиғолланы «Жайықтың тамыршысы» деп айтады («С. Қ».).

سامعة (самиа — тыңдаушы, оқушы әйел). **Самиға**. **Самиға** да ерінің балажан көңіліне көлденең тұрғысы келмеді ме... Тәлімнің бетіне жел болып тимеді (М. Ізімов).

Сәмия. Есікті зайыбы **Сәмия** ашты (М. Рахманбердиев).

سامي (сами — 1) биік, асқар, сәулетті; 2) жоғары мәртебелі (уәзірлерге қатысты); 3) семит, семиттік). **Сами**, **Сәми**. Топ комсоргі алдымен **Самимен** таныстырды (Т. Жанғалиев). Шешең сені күтіп, кешіккесін үрейі ұшып отырған шығар, үйіне бар, — деп Әбдірахман **Сәмиді** иығынан қақты (Х. Есенжанов).

سبب (сабаб — сылтау, дәлел, себеп). **Себеп**. **Себеп** конференцияға кетіп бара жатыр («Л. Ж».).

سبحان (сухбан — мақтау, даңқ). **Сұбханберді** (а-қ). Ү. **Сұбханбердинаның** «Айқап» журналында және революцияға дейінгі қазақ баспасөзінде жарияланған материалдардың мазмұндалған көрсеткішін жасауы - құптарлық іс («Қ. Ә».).

Сүбіхан. Мен — Рафиқ Қуанбаймын, **Сүбіханмен** қызметтес болғанымға қуанбаймын (Ғ. Қаллемов).

سبيلا (сабила — 1) жол; 2) бұлақ; 3) ауыс. молишылық). **Сәбила** алғаш мұнда келгенде сауатсыз қыз еді («Л. Ж».).

ساتار (саттар — 1) қамқоршы; 2) кешіруші). **Саттар**. Қазақстан өндірісі өмірінің жанды суреттерін жазушы **Саттар** Ерубаевтың (1914-1937) аяқталмай қалған «Менің құрдастарым» (1934-37) деп аталатын романынан айқын көруге болады («Қ. Ә. Т».).

Саттарбек. **Саттарбектің** тәрбиелі семьяда өскені байқалып тұрады («Л. Ж».).

سحي (сахи — 1) жомарт, мырза, қолы ашық; 2) ақкөңіл, қайырымды). **Сахи**, **Сақи**, **Сәки**. Романов **Сахи** — халық суретшісі («С. Қ».). Іңкәр **Сақиды** көрген соң, батылдана түскендей... (Ғ. Сыланов).

Сәкиев Шәрінбай Қашқынбайұлы — қазақ актері, халық артисі («Қ. С. Э».). **Сақы**. Теріскейде – жылқышы Жомарт, Күнгейде — қуанышы **Сақы** (Т. Әлімқұлов).

سر (сирр — 1) құпия; 2) жүрек, жан). **Сырбай** (а-қ). Мәуленов **Сырбай** — қазақ совет ақыны («Қ. С. Э».).

سراج (сираж — 1) шырақ; 2) жарық, сәуле). **Сираж**. Ұлағат айтудан танбаған **Сираж** ағайдың жасы жетпістің желкесіне шықты (Т. Иманбеков).

سعادة (са ‘ада — 1) бақыт, амандық, табыс; 2) жоғары мәртебелі). **Сағадат. Сағадаттар** және басқа да осылар тәрізді жаны бай, жүрегі ізгі адамдар моральдық жағынан сілікпесі шыққан отсыз, ойсыз тірлік иелерінен мөлшерсіз жоғары («Қ. Ә. Т»).

سعة (са ‘а — 1) кең, байтақ; 2) молшылық, байлық). **Сиғат.** Төртінші кластағы балалардың алды **Сиғат** деген әке-шешесі, туысқан-туғаны жоқ, 12-13 жасар бір панасыз бала еді (С. Мұқанов).

سعد (са ‘д — бақыт, табыс). **Сәт.** Арқадан ауып келген ақтабансың, Елді алдап ақынмын деп мақтанғансың. Дүйсенбай, **Сәт**, Меңке жанын беріп, ақтап алсын (Жамбыл).

Сәдібек (а-қ). **Сәдібек** Сайрамдағы оқуға түсті (Е. Әшенов). Шопанның кенже ұлы **Сәдібек** те отар басына келіп, әке қуанышына ортақтасуда («Қ. Ә»).

Сәтбай (а-қ). **Сәтбаев** Қаныш Имантайұлы (1899-1964) — аса көрнекті қазақ геологы, ғалым, қоғам қайраткері... («Қ. С. Ә»).

Сәтбала (а-қ). **Сәтбала** сыңарынан қалыспауға бар ыждаһатын салып-ақ баққанды (Ғ. Сыланов). Есепсіз дүние бар дейсін бе?— деді Тәжидің шешесі **Сәтбала** (І. Жансүгіров).

Сәттібек (а-қ). Ысмағамбеттің әкесі Ыдырыс деген кісі - **Сәттібектің** Жантайымен ауылдас (С. Сейфуллин).

Сәттігүл (а-қ). Дастан көп қой Мұрын, Жібек, Қашаған, **Сәттігүл** неше ғасыр жасаған (Х. Ерғалиев).

سعد محمد (са ‘д мухаммад; са ‘д — қар. **سعد**; мухаммад — қар. **محمد**) — б. т. е. сад + мухаммад: **Сәтмағамбет. Сәтмағамбеттің** әндері ғой,— дейді қария Әкімжан (А. Сатаев).

سعيد (санд — 1) бақытты, қолайлы, сәтті; 2) аман-есен). **Сағит, Сағид. Сағид** көршіміздің үйіне көкпар әкеп тастады («Жалын»). **Сағит** ән-күй, музыкаға өте ықыласты және оларға қызу қанды жігіт еді (С. Мұқанов).

سعيد الله (са ид-ул-лаһ); са ид — қар. **سعيد**; ал-лаһ — қар. **الله**) — б. т. е. са ид + аллаһ: **Сағидулла.** Завод мақтанышы **Сағидулламен** кездеспей жатып-ақ сырттай ризалық оянғаны айқын еді (Ж. Кемелов).

Сағидолла. Қойды қыста қоздату деген бұрын-сонды жұрт естімеген жаңалықты **Сағидолла** ағай және сол кісінің зайыбы... мықтап қолға алды (М. Сатыбалдиев).

Сәйдолла. Роза Рымбаева композитор **Сәйдолла** Байтерековтің «Әлия» атты әнін орындады (Р. Құнақова). **Сейділда. Сейділда** қорыққанынан көзі бақырайып, қатты да қалды («Л. Ж»).

سعيدة (са ‘ида — бақытты әйел, ханша, ханым). **Саида, Сәйда.** Әсия жылаған әйел Нұрбүбіні, жас қыз Айсұлуды және өзі айтып отырған мұғалима Мәдинаны, **Саиданы** және комсомолка қыздарды бар еркектерден артығырақ, сенімдірек көреді (М. Әуезов). *Қайыспай ауыр сындарға, Жасампаз мынау жылдарда, Тер төккен Сәйда* қарындас Барады қызыл қырманға (М. Хұсайынов).

سافر (сафар — саяхат жасау, жиһан кезу, жорық, жүріс). **Сапар.** «Алаудын» да кейіпкері — жас металлург **Сапар** (Ж. Молдағалиев).

Сапарбек (а-қ). Уақытша тоң-торық болған **Сапарбек** пен Қадырбектің іс-әрекеті көңілге жылы ұшырайды (Б. Бекмұратұлы).

سافر على (сафар али; сафар — қар. **سافر**; али — қар. **على**) — б. т. е. сафар + али: **Сапарәлі.** **Сапарәлі** - мал бригадасының жетекшісі («С. Қ»).

Сапарғали. Сапарғали Ысқақұлы Бегалин — қазақ әдебиетінің ақсақалы, бәріміздің арқа тұтар ағамыз, халқымыздың қалаулы перзенті (С. Омаров).

سلام (салам — 1) бейбітшілік, тыныштық; 2) амандасу түрі). **Сәлембек** (а-қ). **Сәлембек** қайда? Неге хат жазбайды (Т. Түсіпбаев).

سلام خط (салам хатт; салам — қар. **سلام**; хат — жазу; сызық **خط**) — б. т. е. Салам + хатт: **Сәлемхат.** Комбинатқа **Сәлемхаттың** директор болып тағайындалғанына бірнеше жыл болды («Л. Ж.»).

سلامة (салама — 1) бейбітшілік, тыныштық; 2) қауіпсіздік). **Саламат.** — **Саламат** қашан келген? — деді көрші қыз («Жалын»).

سلطان (султан — 1) өкімет, үстемдік, билеп тұрушылық; 2) тақсыр, патша). **Сұлтан. Сұлтан** Баймағамбетов — атындағы жүлде үшін жарыс басталып кетті («Л. Ж».).

Бексұлтан (қ-а). **Бексұлтанның** құрылысқа кіргеніне жарты жыл болыпты («Л. Ж».).

Ерсұлтан (қ-а). **Ерсұлтан** қол сағатына қараса, тоғыздан жиырма бес минут өткен екен (Е. Жүсіпов).

Сұлтанбай (а-қ). **Сұлтанбайдың** баласы үшеу екен (Ә. Дүйсенбиев).

Сұлтанбек (а-қ). Сен жауап жаза алмай, **Сұлтанбек** жыршыға бардың (С. Бақбергенов).

Сұлтанқұл (а-қ). **Сұлтанқұлдың** қалада оқитын баласы демалысқа келіп жатыр («Л. Ж».).

Сұлтанхан (а-қ). **Сұлтанхан** әйелінің жан-дүниесіндегі өзгерісті сезді (Ә. Нұрмаханова).

Хансұлтан (қ-а) **Хансұлтан** халық күйлерін нәшіне келтіре тартады («Л. Ж».).

سلطان علی (султан али; султан — қар. سلطان; али — қар. علی) — б. т. е. султан + али:

Сұлтанәлі. Сұлтанәлі әңгіменің майын тамызып айтады («Қ. Ә».).

Сұлтанғали. Сұлтанғали қарт белінің шойырлымасы ұстап, төсектен тұрудан қалды («Л. Ж».).

سلطان غازی (султан ғазы; султан — қар. سلطان; ғазы — қар. غازی) — б. т. е. султан + ғазы:

Сұлтанғазы. Сұлтанғазы бейнесін хикаяға автор орынды кіргізген (К. Уәлиев).

سلطان محمد (султан Махмуд — Махмуд султан). **Сұлтанмахмұт. Торайғыров Сұлтанмахмұт** (1893-1920) — XX ғасырдың басындағы қазақ әдебиетінің аса көрнекті өкілі, демократ-ақын, жазушы, қазақ әдебиетіндегі Абайдан кейінгі ірі тұлға («Қ. С. Ә»)

سلطان مراد (султан мурад; султан — қар. سلطان; мурад — қар. مراد) — т. е. султан + мурад:

Сұлтанмұрат. Сұлтанмұратов Әміре (1870-1950) — қазақ ақыны, 1916 жылы патша өкіметіне қарсы өлең шығарғаны үшін жер аударылған («Қ. С. Ә».).

سلطنة (салтана — 1) сұлтандық, сұлтан билеген ел. 2) мәліктік (корольдік); 3) ауыс. айбындылық).

Салтанат. Салтанаттың мінезі мен парасаты, кайраты сай туған сияқты (М. Әуезов). Тіпті, **Салтанат** дұрыс байлам жасаған болар? («Л. Ж».).

سليم (салим — 1) сау, дені сау; 2) нағыз, шын; 3) аман; 4) азат). **Сәлім. Нұрқия апай Сәлімнің** жұмыста жұрт аузына ілініп, мадақталып жүргенін одан бұрын да естіп, риза болып отыр еді. (А. Оразалин).

Сәлімбай (а-қ). Бестеректен шыққан **Сәлімбай**, Пендеден тілін тартпаған... (Сарбас). Қыз ағасы **Сәлімбай**, Өткір жігіт жалындай (К. Әзірбаев).

Сәлімбек (а-қ). Нәзира ауылдағы ағайындарын **Сәлімбек** пен оның әйелі Ақкүміспен таныстырды (Т. Тоқбергенов).

سليمة (салима — 1) сау, дені сау (әйел); 2) нағыз, шын; 3) аман; 4) азат). **Сәлима. Сәлима, Шайзат** деген қыздармен орысша сөйлесе алмадым (F. Мүсірепов).

سليمان (сұлайман — жалқы есім). **Сүлеймен. Сүлеймен** образының көркемдік мотивировкасы нанымды («Қ. Ә».).

Сүлейменқұл (а-қ). Сіздер сөз етіп отырған **Сүлейменқұл** сонау қырық жетінші жылдан колхозда істейді,— дейді Мәкен, (Ж. Сәтібеков).

Салман. Мұнара басында жүрген **Салман** ауыл жақтан келетін қара жолға ауық-ауық көз салып қояды («Жалын»).

Сәлмен. Бізде қақыларың кетпес,— деді **Сәлмен** жиналып қалған кедейлерге (Б. Тілегенов).

سليم غازی (салим ғазы; салим — қар. سليم; ғазы — қар. غازی) — б. т. е. салим+ғазы:

Сәлімғазы. Сәлімғазы төбеден түскендей дүңк ете қалды («Жалын»).

سنبُل (сунбул — бот. гиацинт, сүмбілгүл (хош иісті пияз текті өсімдік). **Сүмбілшаш** (а-қ). Қазан қайнады, не саламын?— деді **Сүмбілшаш** (М. Дәулетбаев).

سنة (сунна — рәсім, әдет, дәстүр, заң). **Сүндет. Сақанның** ізімен лап қойып, үлкен дүрмекті толқынға көтерілгеннің бірі **Сүндет** болды (М. Сатыбалдиев).

سنة على (суннат ‘али; али-қар. سنة ; суннат — қар. على) — б. т. е. сунна + ‘али: Сүндетқали. Егістіктен қайтқан Сүндетқали жол-жөнекей конторға соқты («Л. Ж».).

سنة الله (суннат-ул-лаһ суннат — қар. سنة ; аллаһ — қар الله) — б. т. е. сунна + аллаһ: Сүннәтіллә. Озаттардың арасында Сүннәтіллә бар («С. Қ».).

سوية (сауиһа — бірдейлік, теңдік). Сауиһа. Содан кейін Сауиһаның өтініші жөніндегі әңгіме қозғалды (Б. Ойшыбаев).

سيد (сайид — 1) қожса, ие, тақсыр, мырза; 2) қолбасшы, әкім, бастық). Сейіт, Сейт. Сол бала болмай, бірақ, енші алыпты, Төлдерге жаңа туған ен салыпты. Атанып Сейіт Сақпан колхозында, Қойы мен қозыларын тең бағыпты... (Қ. Бекхожин).

Байсейіт (қ-а). Күләш (шын аты — Гүлбаһрам) Жасынқызы Байсейітова (1912-1957) — қазақтың атақты әншісі, қоғам қайраткері, қазақ опера өнерінің негізін салушылардың бірі, халық артисі Бексейіт (қ-а). Шу бойында Жайлауқөлде тұратын Бексейіт домбырашы да Сүгір мұрасынан құралақан емес (Т. Әлімқұлов).

Ерсейіт (қ-а). Ерсейіттің денесі құсеттеніп шыға келді. («Жалын»).

Есенсейіт (қ-а). Кенші Есенсейіттің қосқан үлесі зор (Ш. Жандаев).

Жолсейіт (қ-а). Жолсейіт—шопандардың Бүкілодақтық слетінен оралды («Л. Ж».).

Саид. Саид облыс орталығына барған сайын театрға кірмей қайтқан емес («Жалын»).

Сейітбек, Сейтбек (а-қ). Сейітбектің орындау шеберлігі көптің көңіл-күй кернесін дөп басты (Ж. Жүнісов).

Сейітхан, Сейтхан (а-қ). Сейітхан — Тәтгімбеттің күй тарту мектебін дамытушы шәкірттерінің бірі, дарынды күйші (Б. Ысқақов). Сейтхан су болған киімін кептірмек болды («Жалын»).

Сейітқұл (а-қ). Торғайда ел арасынан егіншілікке бет бұрған қыпшақ Сейітқұл сияқты талапкерлерді бай-болыстар қолдай қоймады («С.Қ».).

Хансейіт (қ-а). Хансейіт астанадан облыс орталығына жұмыс ауыстырды («Л. Ж».).

سيد احمد (сайид ахмад — Ахмет мырза) — б. т. е. сайд + ахмад: Сейдахмет, Сейдақмет. Сейдахмет Бердіқұлов — қазақ жазушысы («Қ. С. Э».). Бар! Жүре бер!—деді Сейдақмет (І. Жансүгіров).

سيد بطل (сайид батал; сайид — қар. سيد ; батал-қар. بطل) — б. т. е. сайд + батал: Сайдбаттал. «Вольно, вольно», - деп полк командирі подполковник З.Сайдбатталовтың өзі келді (Т. Суратаев).

Сейітбаттал, Сейтбаттал. Сейітбаттал мен Әтікенді итжеккенге айдатпасам, Жайту атым өшсін! (Б. Нұржекеев). Сейтбаттал өзіне ұнаған тұстарға белгі соғып, кітап оқып отыр («Қ. Э».).

سيد رحمان (сайид рахман; сайд — қар. سيد ; рахман-қар. رحمان) — б. т. е. сайд + рахман: Сейдрахман. Сейдрахман,— деді Тәңірберген — мынау байлықты осы тулап жатқан күйінде апарып тапсыру керек шығар (Н. Жүнісбаев).

سيد على (сайидали; сайид — қар. سيد ; али — қар. على) — б. т. е. сайид + али: Сейітқали, Сейтқали. Сейітқалидың онда сегізінші класта оқитын кезі еді («Л. Ж».).

سيد غازى (сайид ғазы; сайид — қар. سيد ; ғазы — қар. غازى) — б. т. е. сайд + ғазы: Сейітқазы, Сейтқазы. Сейітқазы үйі күткен қадірлі кісі уақытында келді. («Жалын»). Сырлыбек менің сыралғы досым, — дейді Сейтқазы («Л. Ж».).

سيد قادر (сайид қадир; сайид — қар. سيد ; қадир — қар. قادر) — б. т. е. сайд + қадир: Сейітқадыр. Қазір бізде орысша жазатын бір топ қазақ жазушыларының қатарында А. Сейтқадыров бар («Л. Ж».).

سيد قاسم (сайид қасим; сайид — қар. سيد ; қасим — қар. قاسم) — б. т. е. сайд + қасим: Сейітқасым. Сейітқасым орылған жоңышқаны баулап жүр («Л. Ж».).

سيد كريم (сайид карим; сайид — қар. سيد ; карим — қар. كريم) — б. т. е. сайид + карим: Сейіткәрім. Сейіткәрім ағай орнынан тұрды (Ә. Бейсебаев).

سید کمال (сайид камал; сайд — қар. **سید**; камал **کمال**) — б. т. е. сайид + камал: **Сейіткамал**. **Сейіткамал**, жас инженер Тәнірберген, Осылар бұл толқынды бастап келген (А. Тоқмағамбетов).
Сейіткемел.— Үйге **Сейіткемел** аталарың келмекші,— деді балаларына («Л. Ж»).

سید نظر (сайид назар; сайид — қар. **سید**; назар — қар. **نظر**) — б. т. е. сайид + назар:
Сейітназар. **Сейітназар** бүгін бір түсініксіз алаңмен ояңған, сол алаң көкейінен кетпей қойды (Ә. Тарази).

سیده (сайида — ханым, ханшайым). **Сайда**. **Сайда** да, Бекзат та музыкаға бейім (З. Тамшыбаева).

سيف (сайф — қылыш). **Сайф**. Шеру басында қасқа алмауытқа салт мінген, жұмыр басын сертке тіккен, түсі суық түнерінкі қолбасшы **Сайф...** (Д. Досжанов).

سيف الدين (сайф-уд-дин — 1) дін қылышы; 2) ауыс. сенімді қару) — б. т. е. сайф + ад-дин:
Сайфуддин, **Сейфуддин**, **Сайфутдин**. Менің взвод командирім Мансұр **Сайфуддинов** деген жігіт еді (Ш. Смаханұлы). Жастардың болашағы алда,— дейді **Сейфуддин** қарт («Қ. Ә»). Машинист **Сайфутдин** сменасын аяқтап, жұмысын тапсырып жатыр («Л. Ж»).

سيف الله (сайф-ул-лаһ — алланың қылышы) — б. т. е. сайф + аллаһ: **Сайфолла**, **Сейфолла**.
Бөлімше бастығы Сайфолланың үйіне келдік («С. Қ»). Ахмет **Сейфолланы** қолтығынан демеген күйі ішке беттеді («Л. Ж»).

Сейфулла, **Сейпулла**. Сейфуллин Сәкен (1894-1938) — қазақ жазушысы, қазақ әдебиетінің негізін салушы... мемлекет және қоғам қайраткері («Қ. С. Ә»). Әкесінің ағасы **Сейпулланың** есімімен жазылды (Д. Досжанов).

سيف ستار (сайф сагтар; сайф — қар. **سيف**; сагтар — қар. **ستار**) — б. т. е. сайф + сагтар:
Сейфсагтар. Айғанымға олардың бәрінен **Сейфсагтардың** өзі ұнады (С. Мұқанов).

سیر (сайр — серуен, көңіл көтеріс, қыдырыс). **Сейіл**. Ер **Сейіл** — XVIII ғасырда болған «Ақтабан шұбырынды» кезінде елін жаудан қорғау үшін қалмаққа қарсы шабуылда ерлік істеп көзге түскен белгілі қазақ батыры («Айтыс»).

Сейілбек (а-қ). Майданнан жаралы қайтса да, жаумен күресін тоқтатпаған **Сейілбек** те көзге жылы ұшырайды (Б. Әлімжанов).

Сейілхан (а-қ). Туыстары **Сейілхан**, Есман боп, жалғыз қалған жетім баланың дүниесін бармақ басты, көз қысты қып түгескен еді («А. Т»).

(ش)

شاعر (шаир — ақын, шайыр). **Шайыр**. **Шайыр** осындағы мектептің тәжірибелі мұғалімдерінің бірі екен («А. Ж»).

Шағыр. Әдетте, нарттай жайнап жүрегін, еңгезердей **Шағыр** қазір өңсіз жатыр, екі беті аппақ қудай, көзі тас жұмулы (М. Ғабдуллин).

شاعلة (шағила — 1) шұғылданушы (бір нәрсемен); ықыласты, ұқыпты, ілтипатты, зерделі (әйел); 2) іс, жұмыс, қызмет, кәсіп; 3) мәселе). **Шағила**. Радист **Шағила** Құсанова сияқты көптеген қаһарман қазақ қыздары Отан үшін жанқиярлықпен шайқасты (Е. Ыбыраев).

شافع (шафи — қорғаушы, қолдаушы). **Шапиғ**, **Шафиғ**. **Шапиғ** — Жапармен айтысқан ақын («Айтыс»). Осы мақала авторы - мен, Ж. Тоқмамбаев, Мақсұт **Шафиғовтың** IV класқа арналған араб тілі оқу құралы өткен жылы шәкірттердің қолына тиді (Ә. Дербісәлиев).

Шәпи. Мәдидің үлкен ағасы Қақабай, одан кейінгі **Шәпи** бай болыпты (С. Ләмбеков).

شاف (шафи — 1) шипалы, ем болатын; 2) нанарлық; сенерлік). **Шапи**. Қатарласа берген Ашқиннің оң жақ беті мен иығын көргеннен кейін ғана **Шапиевтің** кеудесіне ұстаған екі қолы ақырын төмен сырғып,

оған жол беріп, өзі кейін кетті (Ә. Нұршайықов). Боз үйге ай сәулесі нұрын төгеді, Шапи қыз сәлем айтып келсін деп еді... («Қ. Ән»).

شاکر (**шакир** — алғыс айтушы, сыйлаушы). **Шәкір**. Төбесі көктеректің көкке жеткен, Ерінбай ел камы үшін еңбек еткен. Он үш жыл бір орында тапжылмастан Атақты келе жатыр **Шәкір** көптен (Нұрқан). **Шәкірбек** (а-қ). Мінбеге озат күрішші **Шәкірбек** көтерілді («С. Қ»).

شاکرات (**шакират** — шакирдің көпше түрі). Сержан **Шәкіратов**, Өмірзақ Айтбаев — өзіндік кескін-келбеті бар күйшілер («Қ. Ә»).

شاکرة (**шакира** — алғыс айтушы, құрметтеуші, қадірін білуші (әйел). **Шәкира**. Есігінің алдында көлбеңдеп жүрген **Шәкираны** алыстан байқап келеді («Жалын»).

شامل (**шамил** — бәрін тегіс қамтушы; толық, жалпы, әр жақты). **Шамил, Шәмил, Шамиль**. Клара қолындағы микрофонын **Шамилге** ұсынды (Н. Жүнісбаев). **Шәмил** — техника тілін жақсы менгерген механизатор («С. Қ»). Соңғы буын деп аталатын ақындар ішінде **Шамиль** де бар («Қ. Ә»). **Шәміл**. Сол заманда Отырарды **Шәміл** деген дихан жайлапты (Д. Досжанов).

شاهد (**шаһид** — 1) қараушы, қарап тұрушы; 2) куәлікке жарайтын мәліметтер; 3) поэт, сүйікті, аса сұлу, көркем, әдемі). **Шаһид**. Өзінің замандасы әрі досы **Шаһид** Салхидің өліміне байланысты жаман бір ауыз өлеңін «Ойлап тұрсам, ол өлген соң ақылдың кенересі орта түсті қаншама» деп түйіндейді (Р. Бердібаев).

Шәді, Шәһді. Шәді төре Манат қызбен дидарласқан ба, ол екінші мәселе (Р. Бердібаев). **Шәһді** Жәңтіров (1865-1931) — Түркістан жерінде туған, төре тұқымынан шыққан ақын (Б. Кенжебаев).

شرافة (**шарафа** — даңқ, атақ, абырой). **Шарапат, Шарафат**. Ал, тындадық, **Шарапат!**—деп Жақсылық жымыды (Ғ. Сыланов).

شربات (**шарбат** — тәтті сусын, сироп). **Шарбат**. Қалған өмірім хасіретпен өтсе де қабырғам бір қайыспас еді, хабарым елге бір жетіп, ата-анам мен **Шарбатым** қуанышпен күлсе,— деді (Ә. Әбішев).

شرف الدين (**шараф-уд-дин**; шараф — 1) намыс, ар, абырой; 2) адамгершілік; дин — қар. دين) — б. т. е. шараф + ад-дин: **Шарафутдин**. Шофер **Шарафутдин** алыс сапардан автобазаға қайтып келеді («С. Қ»).

شرفی (**шарафи** — құрметті, қадірлі; намысты; даңқты). **Шарафи. Шарапи, Шәрапи**. Мәшһүр-Жүсіп Көпеевтің қолжазбаларын жинауда үлкен еңбек сіңірген - өзінің туған жиені Жолмұрат пен үлкен баласы **Шарафи** (З. Ақышев). Балықшы **Шарапи** жолдастарымен теңізге шығып барады екен («С. Қ»). Ақ қазақтар Мырзатайды **Шәрапи** өткелінде найзалап кетіпті (С. Хайдаров).

شرف (**шариф** — 1) атақты; 2) қасиетті; 3) ақсүйек). **Шарип. Шарипов** Сабыр (1882-1942) — жазушы, қоғам қайраткері... («Қ. С. Ә»).

Шәріп, Шәріпов Әди — қазақ жазушысы, әдебиет зерттеушісі, қоғам қайраткері... («Қ. С. Ә»).

Шәріпбай (а-қ) **Шәріпбай** мақташының бозала таңнан тұру әдетіне айналған («Л. Ж»).

Шәріпбек (а-қ). **Шәріпбек** қасындағы жолдасына қарап күлімсіреді («Л. Ж»).

Шәріпқан, Шәріпхан (а-қ). Бала күннен тай-құлындай тебісіп өскен кластасым **Шәріпханды** осы арадан жолықтырамын деген ойымда жоқ еді («Жалын»). **Шәріпқанды** алдында бұдан да ауыр күндер күтіп тұр еді («Жұлдыз»).

شريف جمال (**шариф жамал**; шариф — қар. شريف; жамал — қар. جمال) — б. т. е. шариф + жамал: **Шәріпжамал**. Дауысың **Шәріпжамал** таудан биік, Жалғаннан кім безіп жүр нәсіп тиіп. Қаңлының барлық қызы ақын шығып, Тұсыңа жаңа келдім кезек тиіп (Әжесек).

شريف علي (**шариф ‘али**; шариф — қар. شريف; али — қар. علي) — б. т. е. шариф + али: **Шәріпқали**. Мұнда келші өзің, **Шәріпқали** екеуңді екі жағыма алып жатайын,— деді Жанқия апай (Ә. Сәрсенбаев).

شريفه (**шарифа** — атақты, мейірімді, қайырымды, рақымды әйел). **Шарипа, Шәрипа. Шарипа** Қасболаттың басын кеудесіне басып, шашынан сүйді, жасқаншақ ұзын саусақтары мейірленіп, бетінен сипады (*Т. Ахтанов*). Күніне екі реттен концерт беріп отырдық, әсіресе, **Шәрипаға** қиын болды (*Е. Өмірзақов*).

شريك (**шарик** — жолдас; әріптес; сыбайлас). **Серік**. Ұста **Серіктің** жасаған терезелері осы ауылдағы үйлердің көбісінде бар («*Л. Ж*»).

Серікбай (*а-қ*). **Серікбай** тракторшы совхоз орталығынан саңғыраған төрт бөлмелі үй алды («*С. Қ*»).

Серікхан (*а-қ*). Кешке дейін **Серікханның** келгені жөнінде бүкіл ауыл құлақтанды («*Жалын*»).

شريك على (**шарик ‘али**, шарик - қар. **شريك**; али — қар. **على**) — б. т. е. шарик + али: **Серікқали**. Ержүрек ақылды да айлалы чекистердің бірі **Серікқали** Жақыпов болғаны тарихтан жақсы белгілі (*М. Бекбергенов*). **Серікәлі**. **Серікәлі** отарын жайлауға айдап барады («*С. Қ*»).

شريك غازى (**шарик ғазы**; шарик — қар. **شريك**; ғазы - қар. **غازى**) — б. т. е. сарик + ғазы: **Серікғазы**. Екі-үш күн бойына үнсіз жүрген **Серікғазы** сырын кешқұрым білдірді (*Т. Қауынбаев*).

شعبان (**ша бан** — араб ай жылнамасының сегізінші айының аты). **Шағбан**. Кеңсуаттан Кенейдің немерелес туысы **Шағбан** деген шал келді (*С. Омаров*).

شغل (**шүғл** — 1) кесіп, іс, жұмыс, 2) ауыс. кенет, тез, жедел). **Шүғыл**. Мысқылшыл **Шүғыл** оны «мысық мұрын» деп тауып та қойған ба қалай? (*Х. Есенжанов*).

شفاء (**шифа** — 1) сауығу, жазылу, ем болу; 2) емдік заттары, дәрі-дәрмек). **Шипа**. **Шипин** Омар (1879-1963) — халық ақыны, ұлт-азаттық қозғалысына белсене қатысып, көтеріліс жаршысы болды («*Қ. С. Э*»).

Шипабай (*а-қ*). **Шипабай** үзеңгіге аяғын салды («*Л. Ж*»).

Шипабек (*а-қ*). **Шипабек** ауыр жараланды («*Л. Ж*»).

Шипағұл (*а-қ*). — Кәкімжан, Қабидолла, **Шипағұл**, Мырзағұл өзімнің шәкірттерім, — дейді Кәрекен («*С. Қ*»).

شفاعة (**шафа а** — аяу, жаны ашу, есіркеу). **Шапағат**. Мен **Шапағаттың** қызыл атын қинағым келмей, аяңмен ғана келе жатырмын (*Ғ. Сыланов*).

شفق (**шафақ** — кешкі, ертеңгі күннің сәулесі). **Сапақ**. **Сапақ** егінге түскен малдарды айдаумен әлек... («*Жалын*»).

شكر (**шукр** — 1) мақтау; 2) алғыс айту; 3) құрметтеушілік, қадірлеушілік, сыйлаушылық). **Шүкір**. **Шүкіров** Зейнолла — қазақ ақыны, жазушы («*Қ. С. Э*»).

Шүкірбек (*а-қ*). Осыдан былай ол **Шүкірбек** атанды («*Жалын*»).

شكورة (**шакура** — алғыс айтушы), **Шәкура**. **Шәкураның** сөзін Ақтай жалғастырды (*Н. Жүнісбаев*).

شكيمة (**шакима** — 1) күшті, қуат; 2) мақтаныш, абырой). **Шәкима**. **Шәкиманы** вокзалда күткен кісілер көп екен (*А. Бекенов*).

شمال (**шамал** — солтүстік салқын желі, самал жел). **Самал**. **Самалдың** махаббаты бүтін болса, бір күні Беренге сағынышты сәлемі құстай ұшып барып қалар (*А. Нұрмаханова*).

شمس (**шамс** — күн). **Шәмші**. Ән шығаруда өздерінің айта қалғандай қабілеттері бар, жаңа тіл, үн іздеуде көрнекті табысқа жетіп жүргендердің ішінен ауыз толтырып айтатынымыз — **Шәмші** Қалдаяқов («*Қ. Ә. Т*»).

شمس الدين (шамс-уд-дин) шамс — қар. شمس; дин — қар. دين) - б.т. е. шамс + ад-дин:

Шамсутдин. Майра Уалиқызы **Шамсутдинова** (1896-1926) — қазақтың халық композиторы, әншісі («Қ. С. Э»).

Шамшадин. **Шамшадин**, Мырзекеңмен, Дәулетназар һәм Әлібай, Қожекең, Алдашекең Шаймағамбет (*Б. Ержанұлы*).

Шамшиден. Мырзағалиев **Шамшиден** (1922-43)— шахматшы, Ұлы Отан соғысында қаза тапқан («Қ. С. Э»).

شمسية (шамсийа — қолшатыр). **Шамсия.** Көлбеңдеп қыз **Шамсия** көз алдымда, Секілді құрмет еткен өз алдына... Есімі **Шамсияның** жер жүзінде, Жынысы қол жетпейді жоғарыда (Рахымжан).

Шәмшия. Біздер ерлік іздейміз мүлде бөлек, Бұйығы өмір, бос тірлік кімге керек. Дикан ерлік жасайды еңбегімен Туған елдің құшағын гүлге бөлеп,— дейді **Шәмшия** Жұбатова («Л. Ж»).

شمس قمر (шамс қамар — күн мен ай) — б. т. е. шамс + қамар: **Шамшиқамар.** **Шамшиқамар** мектебінен өткен жастар саны қырықтан асып барады,— дейді Иван Владимирович (*Қ. Закиев*).

شمس نور (шамс нур; шамс — қар. شمس; нур — қар. نور) — б. т. е. шамс + нур: **Шамсинұр.** Жүзімдей боп өскен соң сорып жұтар, Гүлдей боп өскеннен соң қолда тұтар, Иمامы «**Шамсинұр**» деп атағанмен, Бар ұйғыр қасиеттер,— дейді «Жұпар» (*С. Мұқанов*).

Шәмшінұр. **Шәмшінұр** орден алыпты деген хабар ауылға тез тарады («Б. О»).

شمع على (шам ‘али; шам — шырақ, білте; شمع; али — қар. على) — б. т. е. шам + ‘али: **Шамғали.** Сарыбаев **Шамғали** Харесұлы (1893-1958) — қазақ педагогы, қазақ тілі методикасының негізін салушылардың бірі («Қ. С. Э»).

Шәми... Атап айтқанда: Саттаров, Камалов, **Шәмиев** тағы басқалары... (*Қ. Әміров*).

شهاب (шһаб — ақпа жұлдыз, метеор; алау, алау жарығы). **Шияп.** Кейде фамилиясын жазбай, есімдерін қоя салатын болған — «Балқай», «Елтоқ», «**Шияп**», «Шолпан». Бұл есімдер сол кездегі белгілі журналист әдебиетшілер: Балқай Байтоғайұлының, Елтоқ Дінмұхамбетовтің, **Шияп** Қожахметовтің, Шолпан Иманбаевалардың өз есімдері (*Т. Жанұзақов*).

شهادة (шаһада — куәлік, аттестат, диплом). **Шаһадат.** Хұлнардың не себепті медицинаны таңдағаны бізге мәлім: оның шешесі **Шаһадат** қылтамақ боп өлді де, сол сырқаттың емін табуды ол арман етті (*С. Мұқанов*).

شهرة (шуһра — даңқ, даңқтылық, белгілілік, атақ). **Шүһрат.** **Шүһрат** — жоғары білімді архитектор (*Ә. Рахманов*).

شهلاء (шаһла — 1) көк көз; 2) сұлу, ботакөз). **Сағила.** Бұзауды ерте оттықтырудың пайдасын **Сағила** бұл арада әдейілеп тоқтап айтты (*М. Иманжанов*).

شهيد الله (шаһид-ул-лаһ; шаһид — құрбан, шейіт; شهيد; аллаһ — қар. الله) — б. т. е. шаһид + аллаһ: **Шәйдолла.** **Шәйдолланың** ғылыми еңбегі жоғары бағаланды (*М. Мәжитов*).

شوال (шаууал — араб ай жылнамасының оныншы ай аты). Шабал. **Шабал** өз алдына жүріп өткен жолын ешқашан да Күләшсіз елестете алмас еді (*О. Тұрғалиева*).

شوق (шауқ — құмарлық, ынтызарлық, әуесқойлық). **Сауық.** Сауықтар кеткен соң Күләй үйде отыра алсайшы («Жалын»).

Сауықбек (а-қ). Шоқыдан: Бейсенбек, Бөлекбек, **Сауықбек**, Жаймағамбет деген төрт ұл туады («Қ. Ә»).

شيخ (шайх — 1) қария, құрметті адам; 2) ақсақал, басшы; 3) рухани көсем; 4) ғалым, ұстаз). **Шайқы,** **Шайхы.** **Шығанақ** Жақып, Айт, Жүсіп, **Шайхы** дейтін ұлдарымен таныстырды (*Ф. Мұстафин*). Ауыл үлкені — **Шайхы** («Қ. Ә. Т»).

شيخ الاسلام (шайх-ул-ислам — ислам дін иелерінің бастығы)— б. т. е. шайх + аль-ислам: **Шайхулислам, Шайхолислам, Шайхыислам, Шайхыслам.** «Сейфүлмәлік» қиссасының алғашқысы — Радлов жинағында басылған нұсқа, оны Жүсіп **Шайхулисламов...** 1903, 1908 жылдары бастырған («*Ғашық-Наме*»).

شيخ الدين (шайх-уд-дин — дінбасы) — б. т. е. шайх + ад-дин: **Шайхуддин. Шайхуддинов** Еренғайып Мәлікұлы — қазақ химигі («*Қ. С. Э.*»).

شيخ منصور (шайх мансур; шайх — қар. ; **شيخ** ; мансур — қар. **منصور**) — б. т. е. шайх + мансур: **Шайхымансур. Шайхымансур** — ақын Әріптің баласының аты («*Қ. Ә. Т.*»).

شيق (шаниқ — таңдаулы; қызық). **Шайық. Шайықов** Зәдаш **Шайықұлы** — қазақ дәрігері («*Қ. С. Э.*»).

(ص)

صابر (сабир — шыдамды, төзімді; берік, табанды). **Сабыр.** Шарипов **Сабыр** (1882-1942) — жазушы, қоғам қайраткері («*Қ. С. Э.*»).

Сабырбай (а-қ). **Сабырбай** ақын Тойбала қызбен жігіт кезінде тынымсыз айтысады (*М. Әуезов*).

Сабырхан (а-қ). Ол **Сабырханның** мына қылығына таңданып отыр («*Л. Ж.*»).

صابر علي (сабир али; сабир — қар. **صابر** ; али қар. **علي**) — б. т. е. сабир+али: **Сабырғали.** **Сабырғали** Доссорға жетті (*С. Хайдаров*). **Сабыралы. Сабыралы** таңертең қаладан келді («*Л. Ж.*»).

صابرة (сабира — төзімді, шыдамды, сабырлы әйел), **Сабира, Сәбира. Сабира** Майқанова — қазақ актрисасы, халық артисі («*Қ. С. Э.*»).

Сәбира мұздай сумен жуынғанда, бір сәтке болса да бойы сергіп, ширап қалғандай болды (*М. Дүйсенов*).

صاحب (сахиб — 1) серік; 2) жолдас, дос, тамыр; 3) қожса, ие, мырза). **Сахиб. Сахиб** сиыршы табынды күндегіден ауылға ерте әкелді («*Жалын*»).

Сайып. Сайып келгенде, мамам мені шақырды (*С. Омаров*).

Сақып, Сахып, Сахип. Сақып есік жақтан бір етікті әкеліп, Ақанның алдына алып ұрды (*Ғ. Мүсірепов*). **Сахиповты** кабинетінде жолықтырдық (*М. Сатыбалдиев*).

صاحب جمال (сахиб жамал; сахиб — қар. **صاحب** ; жамал — қар. **جمال**) — б. т. е. сахиб + жамал: **Сақыпжамал, Сахыпжамал.** Сол отрядта қазақтың екі қызы болды, бірі — **Сақыпжамал** Есмағамбетова (*С. Хайдаров*).

Сәйіпжамал. Саған, анам, көпсінбес ем, Ешқашанда мың жасты — дейді **Сәйіпжамал** («*Л. Ж.*»).

صاحب نظر (сахиб назар; сахиб — қар. **صاحب** ; назар — қар. **نظر**) — б. т. е. сахиб + назар: **Сайыпназар. Сайыпназар** спорт бұйымдарының тапшылығын сөз етті (*Ф. Сахиев*).

صالح (салих — 1) жақсы, игі, ізгі, мейірбан, әділ, тақуа; 2) пайдалы; мүдде; жақсы іс, игілік; 3) жалқы есім). **Салих.** Әріптестерін көзінің астымен бір назарлап қойды да, іске қайта кірісті, — дейді **Е. Салихов** («*Қ. Т. Т. С.*»).

Байсалық (қ-а). Нұрмақ **Байсалықов** — «он төрттің хатына» қол қойғандардың бірі (*С. Мұқанов*).

Салық. Жаяу Мұса сүйікті жұбайы Сапардан **Салық** атты бір ұл, үш қыз көреді («*Қ. Ә. Т.*»).

Салықбай (а-қ). Сырт киімін шешкен **Салықбай** төрге озды («*Жалын*»).

صالحة (салиха — 1) жақсы, игі, мейірбан, әділ; 2) пайдалы, жарамды; 3) жалқы есім). **Салиқа,** **Салиха.** М. Әуезов суреттеген Тоғжан, Салтанат, Салиқа, Үмітай секілді сұлу қыздардың портреті біркелкі емес, алуан түрлі («*Қ. Ә. Т.*»).

Бар еді **Салиха** атты жалғыз қызы, Артылған өз тұсында тәрбиесі (*Әсет*).
Үйренген ер әдісін әйелдерден, **Салиха**, Нұрипадай ерді көрдім (*К. Әзірбаев*).

صائم (саим — 1) ораза тұтушы; 2) жеңіл тамақ ішүші). **Сайым, Сайм**. Осыны айтып, ана ашты арманын, Ана үні елжіретті **Сайым** жанын (С. Бегалин). 1916 жылы 12 шілде күні Қарабалық болысы **Сайм** өлтірілді, сол жазда, осы оқиғаға байланысты он сегіз кісі дарға асылды (Ж. Молдағалиев).

صائن (саин — 1) сақтаушы; 2) қорғаушы; 3) қамқоршы). **Саин**. Жұмағали **Саин** (1912-61) - қазақ поэзиясының көрнекті өкілдерінің бірі («Қ. Ә. Т».).

Сайын. Өнер сүйген қауым **Сайынды** айрықша қадір тұтады (М. Сатыбалдиев).

صبورة (сабура — аса шыдамды, аса төзімді, өте тұрақты). **Сафура, Сапура**. Жасы елуден асса да **Сапураға...** Небір қиын шатқалды асуларда, Шаруасының ұйтқысын шайқатпайды (А.Тоқмағамбетов). **Сафураның** қолына жолаушылардың бірінен ұмыт қалған мұқабасыз, шет-шеті шала түтілген журнал түскен-ді (Р.Үбитәлінов).

صبي (саби — еркек бала; жас жігіт; шәкірт). **Саби**. Қоғамдық қызметке белсене араласып жүрген студенттердің бірі — Сабиев («Л. Ж.»).

Сәби облыстың таңдаулы тарлан ақыны екендігін әбден көрсетті («Қ. Ә. Т».).

صدر (садр — 1) жүрек, кеуде; 2) алдағы (бірініші бастық). 3) құрметті орталық орын). **Садыр**. Сауық қып **Садыр** — Матай жиылысып, Аулына алдырыпты Тұрысбектің... (Ж. Шайхалисламов).

Садырбай (а-қ). **Садырбай** бір тылсымда мүйіз шақшасын өкшесіне қағып, насыбай атты (Қ. Исабаев).

Садырбек (а-қ). ...**Садырбек** қолын сермеп-сермеп қояды («Л. Ж.»).

Садырқұл. Шеткері отырған ауыл ақсақалы **Садырқұл** қартқа қарап тіл қаттым... (З. Тамшыбаева).

Сәдір. **Сәдір** дейтін батырын ала келді (Ғ. Мүсірепов).

Сәдірбек (а-қ). **Сәдірбек** бұрыл атты алып келді («Л. Қ.»).

Сәдірхан (а-қ). **Сәдірхан** орта жолда қалмасам қайтсін, — деп уайымдады («Жалын»).

صديق (садиқ — дос, шыншыл). **Садық**. **Садық** телефонмен әлдекімдерге тапсырма беріп жатты («Жұлдыз»).

Садықбек (а-қ). Көрші үйдің үлкен ұлы **Садықбек** шабандоз жан болатын («Л. Ж.»).

Сыдық. **Сыдық** қала тіршілігіне бейімделіп кете қоймаған кезі еді («Л. Ж.»).

Сыздық. **Сыздық** та қыр басына таяды («Жұлдыз»).

Сыздықбай. ...Бекен көз ұшында кетіп бара жатқан **Сыздықбайды** нұсқады («Жалын»).

صرف (сарф — барлық өмірін, дүниесін белгілі бір іске арнау). **Сарыпбек** (а-қ). **Сарыпбек** сияқты үгітшілердің теміржолшылар арасында өткізген тартымды, терең мазмұнды саяси әңгімелері коллективтің өндірістік тапсырмаларды асыра орындауына ұйтқы болуда («С. Қ.»).

صغير (сағир — 1) кішкене, кішкентай; 2) жас, жас бала). **Сағыровтың** звеносы совхозда әуелгілердің бірі болып мердігерлік жұмысты қолға алған екен («Л. Ж.»).

Сағырбай (а-қ). Құрманғазы **Сағырбайұлы** (1806-79) — қазақ композиторы («Қ. С. Э».).

صغيرة (сағира — 1) кішкене (қыз); кішкентай; 2) жас, жас қыз бала). **Сағира**. Ол біздің колхозда көрінеді,— деген Сабыр сөзі **Сағираның** ойын бөліп жіберді (С. Алдабергенов).

صفا (сафа — 1) тазалық, адалдық; 2) ауыс. заттың, құбылыстың тек өзіне ғана тән қасиеті). **Сапа**. **Сапа** бірінші немісті атып түсіргенде... оны «Жауынгерлік еңбектері үшін» медалына ұсынды (Ә. Нұрпейісов).

Сапабек (а-қ). Апа, сүйінші, **Сапабектен** телеграмма келді!— деді Ділдаш (Ә. Айдаров).

Сафа. Ерсайын Есжанов, **Сафа** Зейнуллин — Қызыл командирлер... («Қ. Ә».).

صفة (сифа — 1) сапа, қасиет; 2) ауыс. сымбат). **Сипат**. Нартәуекелге бел буған **Сипат** ағынды суға бірінші болып түсті. («Л. Ж.»).

Сымбат. Арман **Сымбатты** өзінің туған қызындай көріп кетті. (Ә.Әбішев).

صفو (сафу — тазалық; ашықтық, анықтық, айқындық; мөлдірлік, тұнықтық). **Сафуан**. Жазушы **Сафуан** Шаймерденовтің «Болашаққа жол» деген романынан да тіліміздегі жаңалықтың лебі еседі

(Қ. Сағындықов).

صفي (сафи — таза, анық, жылтырақ). **Сапи, Сәпи, Сафи. Сапи** ғылым қуамын деп қалаға кетті... («Жалын»). **Сабыралы мен Сәпидің** құдайы көрші болғанына талай жылдың жүзі болды («Л. Ж».).

Сапия. Сапия көрер көзге тым ұсақ, тым елеусіз (Т. Тоқбергенов).

Сәпі. Өткен жаз Әлти байдың балалары мен **Сәпі** байдың балалары болыстыққа таласыпты (С. Мұқанов).

Сафихан (а-қ). Ыдырысова **Сафихан** — бүгінде аты белгілі қобызшы (У. Бекенов).

صلاح (салах — жақсылық, игілік, жарамдылық). **Салах. Салах** ату әдісін көрсетті де, мылтығын Тәніге берді (С. Мұқанов).

صمد (самад — тұрақты, өзгермейтін; мәңгі). **Самат. Самбырлап** ауыз жаппай келе жатқан жалғыз **Самат** қана («Жалын»).

Самет, Сәмет. Саметтің жарылған снаряд пен минаның астында... үзілген телефон сымын жалғайтынынан да ол хабарсыз (Ә. Нұрпейісов). **Сәмет** батыр, Тоғанас Солардан да өткен сұм дүние... (Базар жырау). ...Жазушы **Сәмет** образы арқылы өмір сүрудің, сол өмірдің өзін пайдалы еңбекпен өткізудің мағыналы екенін дәлелдейді («Қ. Ә. Т».).

صندوق (сундук — сандық). **Сандықбай** (а-қ). Сауыншылар зоотехник **Сандықбаев** келді десіп жатыр («Л. Ж».).

صوفي (суфи — тақуа, сопы). **Софы.** Бұл үйдегі жеңгеміз де батыр екен, — дейді **Софы** (Ж. Әбдірашев).

Қарасопы (қ-а). **Қарасопы** мазарын жергілікті халық қорымға ертеректе жерленген адамның атымен **Қарасопы** деп атап кеткен («Қ. С. Э».).

Сопы. Сопы жүгерішінің ішіне қан қатты («Жалын»). **Сопыбек** (а-қ). **Сопыбек** жаңа келген кітаптарды іріктей бастады («С. Қ».).

صوفي علي (суфи ‘али суфи — қар. **صوفي**; али **علي**) — б, т. е. суфи + ‘али. **Сопығали.** **Сопығали** шопан биыл құрметті демалысқа шықпақ екен («Л. Ж».).

صولة (саула — 1) қуат, күш, айбындылық; 2) салтанат, көрік). **Сәулет. Сәулет** мектепті күміс медальмен бітіріпті («Л. Ж».).

Сәулетбек (а-қ). Шәмші ауылдағы жас ақынымыз Дүйсентайдың өлеңіне келісті музыка жазып беріп, **Сәулетбекке** орындаттырған («М. Ж. Т».).

صياد (сайяд — аңшы, сонаршы; балықшы). **Саят.** ...Отыр ма, әлде, сонда **Саят** жыршы, Жарына аққу жырын наз ғып айтып (Қ. Бекхожин). ...Жанар, Ғалия, Асқар, **Саят** есімді төрт баласы бар (А. Тегінбаев).

(ض)

ضبير (дабир — 1) қатты, табанды; 2) күшті, құдіретті) **Забир.** Зейнеп **Забирова** — алдыңғы шепте аса қауіпті медициналы қызметін атқарып, талай рет ажалмен арпалысқан жандардың бірі (Е. Ыбыраев).

Зэбира. Зэбира халықтың музыкалық аспаптарына зор құрметпен қарайды («Л. Ж».).

ضرور (дарур — керек, қажет). Зэру. Перде ашылғанда сырттан үрке қараған **Зэру** кірді (Ә. Тәжібаев). Шығанақ таныстыруды кемпірі **Зэруден** бастады (Ғ. Мұстафин).

Зэрубай (а-қ). Түсіме **Зэрубай** жиі кіретін болып жүр — деді Қалибек (Ж. Кәрменов).

ضعيف (дай иф — әлсіз, күшсіз, нашар). **Зайып. Зайып** қалқима кенеп қостың жапсар есігінен әлсін-әлі сыртқа сұғына қарайды («С. Қ»).

ضعيفة (да ифа — 1) әлсіз, нашар; 2) ауыс. әйел). **Зағифа, Зағипа.** ...Бәлкім, махаббат деген осы шығар?! — дейді **Зағифа** («Л. Ж»). Ал қағаз, ұста, қолым, қаламынды. **Зағипа**, саған арнап хат жазайын... (Ақан сері). Жүсіп үйіне келген соң **Зағипаны** асықтыра киіндіріп, арбаға отырғызды (Ғ. Мұстафин).

ضمير (дамир — 1) ар, ұят, ұждан; 2) ақыл, ой, ес; 3) құпия, сыр, ой, пікір; 4) грамм, есімдік). **Дамир.** ...**Дамир** бұл күннің жолдарын түзу сызықпен тартып өткен (С. Бердіқұлов). **Зәмір.** Қазір бұл манайды **Зәмірдің** жүгерілігі деп атап кеткен (А. Мұхамеджанова).

ضميرة (дамира — ұждан; 2) ақыл). **Дамира.** Алматыда тұратын ұл-қызы Марат пен **Дамира** екен (К. Нүсіпәлиев).

ضياء (диа — жарық, сәуле, шұғыла). **Зия. Зия** Шайгелдинов – 1941 жылы лейтенант, взвод командирі («С. Қ»).

Зиябек (а-қ)... **Зиябек** маңызды рейдтердің бірде-бірінен бой тартқан емес («Л. Ж»).

Зияш. Зияш — тәжірибелі дәрігер («С. Қ»).

Зиялы... **Зиялы**, Айбектің өкіл әкесі Матвей шал — өз бойларына лайық іс-әрекетімен, мінез-құлығымен көрініп жатады (Д. Досжанов).

Күнзия (қ-а). **Күнзия** бір үйдің кенжесі еді, бір Отанның еркесі еді (З. Шүкіров).

Ханзия, Қанзия, (қ-а). **Ханзия** комбинатқа алғаш келгенде ұялшақ қыз еді («Л. Ж»). **Қанзиямен** арадағы әңгіме көпке дейін ұмытылмай мазалай берді («С. Қ»).

ضياء الدين (диа-уд-дин; диа — қар. **ضياء** ; дин — қар. **دين**) — б. т. е. диа + ад-дин: **Зиядин.** **Зиядин** соңғы бір-екі жыл бойы бұдан сәл озып жүр (Е. Шілдебаев).

(ط)

طابية (табия — қамал, бекініс, қорған). **Тәбия.** Ақбала, Тоғжан, Сара... **Тәбия**, Мақта, Айсұлу, Айкүміс — атакты ақын қыздар («Қ.Ә. Т»).

طاعة (та ат — 1) мойынсыну, құлақ салу; көңіштік, тілалғыштық, бағыну; 2) тәртіп, тағат). **Тағат...** Жайғасып жатады екен Обломовша, **Тағат** жыр жазады екен іші пысса (Ә. Тәжібаев).

طالب (талиб — ізденуші, оқушы, студент). **Тәліп.** Сойған түлкідей ырсыып **Тәліп** кірді («Жалын»).

طائر (таир — 1) ұшушы; 2) құс). **Тайыр. Тайыр** — әсерлі сезім шаттығының ақыны, көтеріңкі пәрмен, асқақ лебіздің ақыны (Ә. Тәжібаев).

Дайыф, Даир. Әуелгі кезде **Дайыр** Зәурешті бағып-қаққансыды (С. Сарғасқаев).

Дайырбай (а-қ). **Дайырбай** — Тәттімбеттің күй тарту мектебін дамытқан шәкірттерінің бірі (Б. Ысқақов).

Дайырбек (а-қ). **Дайырбек** әріптестерінен озып шықты («С. Қ»).

طاهر (таһир — таза, бұзылмаған, мінсіз, адал). **Тахир.** Бұл келген қазақ жігіті **Тахир** болып шықты (Д. Исабеков).

Тәкір. Әкесі **Тәкір** көп жыл қой бақты («Л. Ж»).

طبل (табл — дабыл, барабан). **Дабыл.** Бала оған жаңағы өзінің өгіз сұраған **Дабыл** байдың ауылынан қалай кеткенін баян етті (Х. Есенжанов).

طلب (талаб — 1) іздену, оқу, үйрену; 2) талап). **Талап.** Күзде **Талап** қарт ақ таяғын ұлына ұстатты («С. Қ»).

Жасталап (қ-а). Шопандар бригадасында **Жасталапқа** жолықтық (Қ. Хасанов).

Талапбек (а-қ). **Талапбектің** звеносы жүгеріден биыл мол өнім алды («С. Қ»).
Талапты. Жеткерсін әр пендені мұратына **Талапты**, қылған тойың құтты болсын (*Нұрилла*).

طالب علي (**талаб али** — *талапшыл, ізденгіш Әли*) — б. т. е. талаб + али: **Талапәли**. **Талапәли** құдық басында айналшақтап қалды («*Жалын*»).

Талапғали. Отын жаруға **Талапғалиға** көмектеспек болды («*Л. Ж.*»).

Талапқали. Ұялшақтай басып сахнаға **Талапқали** шықты («*Жалын*»).

طلعة (**тал а** — *тұлға, мүсін, келбет, пішін; сұлулық*). **Талғат**. Бигелдинов **Талғат** — авиация подполковнигі («*Қ. С. Э.*»).

Талғатбек (а-қ). **Талғатбек** М.О.Әуезов музей-үйін аралады («*Қ. Ә.*»).

طمع (**тама** — 1) *зор тілек; зор ықылас; 2) ауыс. үміт ниет*). **Дәме**. Біздегі Перне, **Дәме**, Күләйналар, Табыстың өзі оларға шыр айналар (*Тілеген*).

Дәмелі (а-қ). «Жомарттың кілеміндегі» **Дәмелі** кемпірдің өнеріне күш берген бақыт күйінің сазды сарыны болады («*Қ. Ә. Т.*»)

Дәмет (а-қ). **Дәмет** құрбыларымен жылдам тіл табысып кетті («*Жалын*»).

Дәметкен (а-қ). **Дәметкеннің** қарамағындағы сиырлар шетінен қоңды («*С. Қ.*»).

Дәметхан (а-қ). Ұлтуған мен **Дәметхан** шығар деп ойлайды («*Л. Ж.*»).

Дәмеш (а-қ). Қалқам, **Дәмеш!** — деп Шырынкүлдің даусы қаттырақ шықты (*Б. Майлин*).

Дәмеқұл (а-қ). **Дәмеқұлдың** әкесі Таңсық деген кісінің қырық тесік, ырымға бір бүтін жері жоқ, кішкене ғана қарашық үйі болады екен (*С. Ерубәев*).

طور محمد (**тур мухаммад**: тур — *таудың аты; طور*; мухаммад — *қар. محمد*) — б. т. е. тур + мухаммад: **Тұрмағамбет**. **Тұрмағамбет** Ізтілеуов (1882—1939) — қазақ ақыны, аудармашы («*Қ. С. Э.*»).

طوفان (**туфан** — *сел, тасқын*). **Топан**. Зейнепті жұрт шешесі **Топанға** тартқан еді дейді (*С. Мұқанов*).

طومار (**тумар** — *тұмар*). **Тұмар**. — Малға бүгін **Тұмар** кетті (*А. Шоранов*).

Тұмарбай. Бұл — **Тұмарбайдың** еңбек жолындағы бір үзік сыр («*Л. Ж.*»).

Тұмарбек (а-қ). **Тұмарбек** ескекті жанталаса есіп келеді (*Қ. Сәрсенов*).

(ظ)

ظاهر (**заһир** — *анық, ашық; көрнекті*). **Зайыр**. **Зайырдың** табиғат сыйлаған дарыны бірден-бірге нағыз шеберліктің айдынына құлаш ұрған («*Л. Ж.*»).

ظاهرة (**заһира** — *анық, ашық, көрнекті*). **Заһира**. **Заһираны** көрген жанда қалмайды ес, Қара қасы қиылған, көзі нәркес... («*Қ. Т. Т. С.*»).

Зағира. Қазір **Зағира** осы заводта жұмыс істеп жүр (*Ж. Тілеков*).

Зайра. Шәйін ағайдың ержетіп келе жатқан **Зайра** атты қызы бар (*С. Мұқанов*).

ظريف (**зариф** — 1) *сұлу, әдемі, көркем; кербез, сыпайы; 2) тапқыр, ақылды; 3) күлкілі (оқиға)*.
Зарип. **Зарипқа** өлеңмен хат жазып жіберіпті (*М. Жаракова*).

ظريفة (**зарифа** — 1) *сұлу, көркем; кербез, сыпайы; 2) ақылды*. **Зарипа**. Сыпайылық сақтап, сөзге көп араласпай, аққудың көгілдіріндей болып **Зарипа** отыр («*Жалын*»).

Зарипа, **Зәрифа**. **Зәрипаның** белі кілт ете түсті («*Жалын*»). Алдынан кішкене қызы **Зәрифа** жүгіріп шықты («*Л. Ж.*»).

ظهور (**зуһур** — *көріну, біліну; пайда болу*). **Зәуірбек** (а-қ). Базда **Зәуірбектің** кезек күтіп жатқанына үш күн болды («*Жұлдыз*»).

(ع)

عابد (абид — 1) бас июші; 2) табынушы). **Абыт. Абыт** Нүркенов — Қызылорда облысы, Жалағаш ауданының тұрғыны, әдебиет мұраларын жинаушы («Айтыс»).

Абитбек (а-қ). **Абитбек** алыс мал жайылымындағы еңбеккерлер арасында жиі болады (Қ. Байжолов).

Ғабит. Мүсірепов **Ғабит** Махмұтұлы — қазақ жазушысы, Қазақстан Республикасы Ғылым академиясының академигі («Қ. С. Э»).

Ғабитхан (а-қ). **Ғабитханның** тәпсіріне қарап, бұрынғы білген тілдерін қайта құрастырды (М. Әуезов)

عابد الله ('абид-ул-лаһ; 'абид — қар. **عابد**; аллаһ — қар. **الله**) — б. т. е. абид + аллаһ:

Ғабидолла. Ғабидолла дейтін кісімін, — деді ол (Х. Есенжанов).

Қабидолла, Хабидолла. Кәкімжан, **Қабидолла**, Шипағұлдар менің шәкіртім, — дейді Кәрекең («С. Қ»).

Хабидолла қағаздан басын көтеріп, терезеге қарап, ойланып қалды («Л. Ж»).

عابد دين ('абид дин; абид — қар. **عابد**; дин — қар. **دين**) — б. т. е. абид + дин: **Ғабиден. Ғабиден**

(Мұстафин — Н. О.) өмірді суретшідей ғана емес, тарихшыдай зерттейді (Ә. Тәжібаев).

Қабден... Малды қыстатуды табысты өткізуде **Қабден** сияқты механизаторлардың да үлесі аз емес (С. Шүкіров).

Қабиден. Ашығын айтқаныма ренжімес, бұл мәселеде **Қабиденнің** де кінәсі бар (С. Қасымбекова).

عادة (ада — дағды, үйренішті салт). **Әдет.** Сыры кетсе де, сыны кетпеген мейірбан жүзі аса нұрлы, ризашылық кейіпте еді, — деді **Әдет** («С. Қ»).

Әдетбай. Оқуын бітіргелі **Әдетбайдың** туған ауылына ат ізін салғаны осы («Л. Ж»).

Әдетбек (а-қ). «Ер Тарғын» операсында бұл жолы Ақжүністі әнші Т. **Әдетбекова** орындауында тыңдадық (О. Сағынаев).

عادل ('адил — тура; шынышыл). **Әділ. Әділдің** құлаштай сермеген кетпені күнмен шағылысады. («Жалын»).

Әділбай (а-қ). **Әділбай** — жауап күтіп, күпті болып жүр («Л. Ж»).

Әділбек (а-қ). **Әділбек** Майкөтов (1869-1919) — Қазақстанда тұңғыш марксистік үйірмені ұйымдастырушылардың бірі, Ақмолада жаңа өмір орнату үшін белсене күрескен. («Қ. Қ»).

Әділқан, Әділхан (а-қ). Оған да ризамын, — деді **Әділқан** (Ә. Тәжібаев). **Әділхан** суға түсіп кетті (А. Бақтыгереева)

Әділшін (а-қ). Ат маңдайын **Әділшіннің** кеудесіне тіреп, жер тарпыды («Қ. Ә»).

Баяділ, Байәділ (қ-а). Әбуғали **Баяділов** ақсақал — тоғызқұмалақ ойынының әліппесін алғаш үйреткен ұстаз (Д. Тауқенов)

Байеділ (қ-а). Қоспан **Байеділ** сөзінің ар жағын тыңдаған жоқ... (Т. Ахтанов).

Ғадылбек (а-қ). Мұғалім Бөстекбаев, ферма бастығы **Ғадылбектер** әдебиетте тым тұяқкешті болған, әншейін әбіл-себіл елестер дәрежесіндегі бейнелер (Ә. Кекілбаев).

Қадылбек (а-қ). Өзімнен кейін **Қадылбайыр, Қадылбек** деген егіз қозыдай екі інім болды (Қ. Қайсенов).

عادل غازي (адил ғазиз; адил — қар. **عادل**; ғазиз қар. **غازي**) — б. т. е. адил + ғазиз: **Әділғазы. Әділғазы** — бойшаң, кең маңдайлы, қыр мұрынды, науша жігіт (Б. Абдуллин).

عار (ар — ұят, намыс). **Арбек. Ш. Арбекова** — үгіт бригадасының мүшесі еді («Л. Ж»).

عارف ('ариф — білгір, білетін, дана). Әріп... ақындығы, шешендігі, тапқыр тілдігі бар ірі ақынның бірі (М. Әуезов).

Әріпбай (а-қ). Қызыларайдың ақиығы **Әріпбай** жаңа сапарға аттанып кетті (Б. Мекеев).

Әріпхан, Әріпқан (а-қ). **Әріпхан** мақтаның әр гектарынан 35—40 центнерден өнім өндіруге міндеттеме алды («Л. Ж»).

Әріпқан бұл жаққа ұнатпай, қырыстап қарағандай болып еді (Р. Тоқтаров).

Ғарип, Ғариф. Қилыбай... **Ғарипты** ренжітіп тастап кетуді орынды таппады (Б. Шаханов).

Ғариф деген жиені бар (С. Мұқанов). Ғалымбаева Айша **Ғарифқызы** — халық суретшісі («Қ. С. Э»).

Ғарып. Құрбы-замандастары Мұхаметғарыпты әуелі **Ғарып**, кейін Әріп деп атап кетеді («Қ. Ә. Т»).

Кәріп. Сәкен отырған сандықтас, — дейді Өмір **Кәріпов** («Қ. Ә. »).

عارف الله ('ариф-ул-лаһ; 'ариф — қар. **عارف**; аллаһ — қар. **الله**) — б. т. е. ариф + аллаһ: **Ғарипулла, Ғарифолла. Ғарипулла** — совхоздың озат механизаторы («С. Қ»). **Ғарифолла** — қазақ әншісі (тенор), халық артисі («Қ. С. Э»).

عارفة ('арифа — 1) дана (әйел); 2) сый, сыйлық). **Әрифа**. Бұл екі ортада **Әрифа** босанып, перзентханада ұл туды («Л. Ж»). **Ғарипа, Ғарифа. Ғарипа** Рахметқызы бастаған бір топ қыз он жылдықты бітірісімен Сталинград түбіндегі шайқасқа байланысшы болып аттанды (Ә. Нұрмаханова). Ғарифаның жайдары, кішіпейіл мінездері бізге ұнаған (С. Мұқанов).

عاشر ('ашир — оныншы). **Әшір**. Топ ортасына жеңін түрінген **Әшір** шықты («Жалын»).
Әшірбай (а-қ). Кластасымыз **Әшірбайдың** үйлену тойына адам көп жиналды (Е. Байбосынов).
Әшірбек (а-қ). Жиырма қарт қатар түзеп салды шалғы, Жолдасбай, **Әшірбектер** бермейді алды (К. Әзірбаев).
Әшірхан (а-қ). **Әшірханның** айтқандары ойланарлық нәрсе («Л. Ж. »)

عاشر غازی (ашир ғазы; 'ашир — қар. **عاشر**; ғазы — қар. **غازی**) — б. т. е. ашир + ғазы: **Әшірғазы**. Бұл радионы сөйлетудің бір кілтипаны бар шығар, — деп **Әшірғазы** орнынан тұрып, радиоға жақындады («А. Т»).

عاصف (асиф — 1) қатты (жел), қарқынды; 2) ауыс. қуатты, күшті). **Асып, Әсіп**. Мұқа, шаршаның ғой, біраз тынығып алсаңшы, — дейді, соңынан ілесе келе жатқан бәйбішесі **Асып** апа («Л. Ж»). Кеше жұмыстан шаршап келіп, кеш жатса да **Әсіп** бүгін күндегідей ерте оянды («Л. Ж.»).

عاصم (асим — қатеден сақтаушы). **Асым. ...Асым** аңқылдаған ақжарқын жан еді (С. Жақыбаев).
Әсім. Тәрде **Әсім** ешкімге сөз бермей отыр («Жалын»). **Әсімхан**. Ал ақындар, сендерге, Енді кезек берейін. **Әсімхан**, Манап сөйлеңдер, Көп алдында көрейін (М. Байбатыров).

عاصمة (асима — астана; негізгі, басты қала). **Әсима**. Оның жұбайы **Әсима** домбыра тартып, ән салады (Т. Аймұханов). **Әсима** іштей ғана күйініп, жүректі бітеу жараға беріп қойып, тым-тырыс жата алмады. (М. Иманжанов).

عاقبة (ақба — салдар, нәтиже). **Ағипа**. Подполковник К.Э.Киттон басқаратын бөлімшедегі қатардағы жауынгер **Ағипа** Кенжеғалиеваның («Жауға қарсы аттан» газетінің 1944 жылғы 12 май күнгі санында суреті берілген) ерлік істері кең-молынан сөз болады (З. Қасиманов).

عاقل (ақил — ақылды, есті). **Ақыл**. Қыбылаңызға шүбә қылмаймын, **Ақыл** аға! — деді Мағаш (М. Әуезов).

Ақылбай (а-қ). **Ақылбай** Абайұлы Құнанбаев (1863-1904) — талантты ақын («У. Ф. Ж»).
Ақылбек (а-қ). **Ақылбек** семьясында сегіз адам дәрігерлік қызмет атқарады («Б. О»).

عاقلة (ақила — есті, ақылды (әйел). **Ағила**. **Ағила** шешей келіннің басына төгілдіріп орамал салды («Л. Ж.»).

عالم ('алим — 1) білгір; 2) ғалым). **Әлім**. **Әлімнің** алты жүйе бір баласы, Ерімбек Қарасақал ақылы кәміл (Шораяқтың Омары).

Әлімбай (а-қ). **Әлімбаев** Мұзафар — қазақ ақыны, публицист, аудармашы («Қ. С. Э»).

Әлімбек (а-қ). **Әлімбек** әдебиетке құмар, жақсы журналист еді (Қ.Бекхожин).

Әлімқара (а-қ). Түтігіп **Әлімқара** буырқанып, Бүлкілдеп бұлшық еттер шымырланып, Жырадан жолбарысша атып тұрды, Айбарлы ащы даусы жерді жарып (Ә. Әленов).

Әлімқұл (а-қ). ...Зеңбірек ырғақталып азар шөкті. Аулына **Әлімқұлдың** аузы қарап (І. Жансүгіров).

Әлімхан (а-қ). **Әлімхан** қазір төртінші курста оқиды («Л.Ж.»).

Байғалым (қ-а). **Байғалым** орнынан атып тұрып, апыл-ғұпыл киіне бастады («Жалын»).

Ғалым. Қазақтың ерлік, батырлық жорығын күймен, әнімен жеткізген күйші **Ғалым** ең, күй қозғап сонау әріден (А. Тоқмағамбетов).

Ғалымбай (а-қ). **Ғалымбаева** Айша Ғарифқызы — халық суретшісі («Қ. С. Э»).

Ғалымбек (а-қ). **Ғалымбек** Сәдуақас релін орындады («Қ. Ә.»)

Ғалымжан (а-қ).— Соңғы кезде **Ғалымжан** жиі келгіштеп кетті ғой,— деді Әлима («Жалын»).

Қалым. — «Шын жүйірік өрге салса өршеленер» демей ме, - деді **Қалым** («Л. Ж»).

عالم مراد (алим мурад; ‘алим — қар. **عالم**; мурад — қар. **مراد**) — б. т. е. алим + мурад:

Әліммұрат. Заводты «өз өмірбаянымыз» дейтін мағыналы сөз, сірә, соларға лайықты айтылған болса керек,— деді **Әліммұрат** («Л. Ж»).

عالمة (алима — оқымысты, ғалым әйел, әнші әйел). **Әлима**. **Әлима** әңгімеге араласқан жоқ («Л. Ж»).

عالية (алия — 1) биік, жоғары, ұлы; 2) көрнекті, атақты). **Әлия**. Туып еді бір бөбек Бұйығы ғана бір үйде... Атын қойды **Әлия** Ардақтап сүйіп ата-ана (С. Бегалин).

Ғалия. **Ғалияның** оны арбап, қуатын да, сана-сезімін де мұрындықтаған түйедей жетегіне алғанын абайламай отырмысың? (С. Мұқанов).

Қалия. Жүкті алып **Қалия** келді («Л. Ж»).

عالية نور (алия нур; алиа — қар. **عالية**; нұр — қар. **نور**) — б. т. е. алиа + нұр: **Ғалиянұр**.

Көкшетауда менің **Ғалиянұр** дейтін жақыным тұрады,— дейді Жәмпейіс (С. Мұқанов).

عائدة (айда — 1) пайда, кіріс; 2) жалқы есім). **Айда**. Медаль көп бала тапқан **Айда** келінде де бар,— деді ол (Б. Ыбырайымов).

عائشة (‘аиша — 1) өмір, тұрмыс; 2) жалқы есім). **Айша**. **Айша** деген домбырашы оң қолын ойнату арқылы жаңылтпаш күй тартып, бір жігітті жеңіп кетеді («Қ. Ә. Т»).

Ағайша (қ-а). **Ағайша** өзінің хатында мектепте жұмыс істейтінін жазыпты (Ш. Бәтеев).

Ғайша. Ақсұлу мен **Ғайша** күні бойы уайым-қайғымен жөнді ас іше алмай, кешке екеуі оңаша мұндасып отырған үстіне үйге бір жігіт кіріп келді (С. Кәбеев).

Қайша, **Хайша**. Әріде Қыз Жібек, Баяндар, орта тұста Еңлік. Сара, Ақтоқтылар, тіпті күні кешегі Шұға, **Қайша**, Қамарлар. (Ж. Ысмағұлов).

Күнғайша (қ-а). **Күнғайша** — Әріптің қызының аты (Б. Кенжебаев).

Советқайша (о-а). Гүлнар мен **Советқайша** тағы бір жауапты сағаттан күліп шықты («Л. Ж»).

Тілеуғайша (қ-а). **Тілеуғайша** семинар сабақты өткізуге ерекше мән береді (Т. Көлбаев).

عباء (‘аба — жүннен тоқылған шекпен тәрізді киім). **Аба**. Отқа күймейтін, суға батпайтын **Аба** бұл құлаудан да еш жеріне жаракат түсірмеді (С. Мұқанов).

عباد (‘ибад — құлдар). **Ибат**. Қасында Сүйінішбайдың **Ибаты** бар (С. Мұқанов).

Ибатбек (а-қ). **Ибатбек** нағашым атқұмар, саятшы кісі болатын («Л. Ж»).

Қибад. Өренде жайылысқа ертемен мал, Болады ферма басы бейне базар. Күніне он литрдей сүт алады, Сауыншы **Қибад** пенен Кәшипалар (Қисса).

عباد الله (‘ибад-ул-лаһ; ‘ибад — қар. **عباد**; аллаһ — қар. **الله**) - б. т. е. ‘ибад-аллаһ: **Ибадулла**.

Ибадулла секілді талантымен де, талабымен де танылып қалғандардың озып, оқшау көрінуі әбден заңды (Б. Сарбалаев).

Ғибадулла. Жаңа әдісті сыннан өткізу жұмысын орындайтын - **Ғибадулла** (Ж. Ибраев).

Ғибатолла. Өнерсүйгіш қауым **Ғибатолланы** айырықша қадір тұтады (М. Сатыбалдиев).

Ибадолла. **Ибадолла** орындаған істер жақсы жағымен ерекшеленіп тұрады («Л. Ж»).

Ибатолла. Келе жатқан адам **Ибатолла** болып шықты («Л. Ж»).

Ибатулла. Үйден шәпкісін баса киген **Ибатулла** шықты («Жалын»).

عبادة (сибада — 1) мәпелеу, шексіз қадірлеу, сыйлау, құрметтеу; 2) бас ию, тәжім ету, табыну; 3) ауыс. ар, ұждан). **Қибадат**. **Қибадат** — В. И. Ленин атындағы Қазақ политехника институтының түлегі, инженер («С. Қ»).

عباس (‘аббас — 1) тұнжыраған, қабағы ашылмайтын; қатты, қатаң; 2) жалқы есім). **Аббас**.

Заводтың өркендеуіне қосқан **Аббастың** еңбегі орасан зор («Л. Ж»).

Аппас, **Аппаз**. Әкесінің аты **Аппас** болса керек еді,— дедім (С. Сейфуллин).

Ғаббас. **Ғаббас** Тоқжанов (1900-1937) — қазақ әдебиетінің қалыптасу процесіне өзінің шығармаларымен бірқатар еңбек сіңірген белгілі сыншы («Қ. Ә. Т»).

Қабас. Шығыс жақтан келген Сүгірдің көршісі **Қабас** еді (М. Әуезов).

Қаппас. Мынадай жаман істен **Қаппастың** тұла бойы тітіркенді («Л. Ж»).

عبد (абд — құл, кіріптар). **Әбді, Әбті.** Менің көз алдыма **Әбді** секілді құрбы-құрдастарым елестейді, — деді (Ә. Бейсебаев).

Әбдібай (а-қ). Майда тіл маңайдағы болды шешен, Кең ой, кішіпейіл, мінезі әсем. Қайнарда қатар шыққан жақсылары, Шінәсіл, **Әбдібай** мен Тұрсын, Тәшен (Ә. Дүйсенбиев).

Әбдібек (а-қ). **Әбдібек** — домбыра класын үздік бітірді («С. Қ.»)

Әбдіқұл (а-қ). Белгілі айтыскер **Әбдіқұл** Жамбылов (Жамбылдың немересі) ана туралы тақырыпқа ұзақ, мәнді, мағыналы жыр айтып берді (М. Базарбаев).

Әбдіхан (а-қ). **Әбдіхан** аудандық жарыста жүлделі орынды иеленді («Л. Ж»).

Қабді. **Қабекен** балық аулауды әкесі Мұрат пен ағасы **Қабдіден** үйреніпті (О. Хайдаров).

عبد الاسلام ('абд-ул-ислам; 'абд - қар. **عبد** ; ислам — қар. **إسلام**) - б. т. е. абд + аль-ислам:

Әбдіслам. Жыршы **Әбдіслам** орындауындағы «Сұраншы батыр» жыры - Жамбыл творчествосын халыққа жаңа бір қырынан танытатын дүние (Р. Сарғожин).

عبد جبار ('абд жаббар; 'абд — қар. **عبد** ; жаббар — қар. **جبار**) - б. т. е. 'абд + жаббар: **Әбдіжапар.** Садық **Әбдіжапаров** батыр атанды («Л. Ж».)

Әбдіжаппар. Арада көп күн өтіп кешіккенін, Мағұмын **Әбдіжаппар** Махфи қылмас (Қаңлы Жүсіп). Кесу цехындағы **Әбдіжаппар** — көп құрметіне бөленген маман («Л. Ж».)

Көпжаппар (қ-а). Жексен **Көпжаппарға** соға кетпек болды («Л. Ж».)

عبد جمال (абд жамал; абд — қар. **عبد** ; жамал - қар. **جمال**) — б. т. е. абд + аль-жамал: **Әбжамал.** **Әбжамалдың** Ишанбегіне ауданның автопаркі сеніп, жеке машина берер ме еді... («Қ. Ә».)

عبد جميل ('абд-ул-жамил; 'абд — қар. **عبد** ; жамил - қар. **جميل**) — б. т. е. 'абд + жамил: **Әбдіжәміл.** Нұрпейісов **Әбдіжәміл** Кәрімұлы – көрнекті қазақ жазушысы («Қ. С. Ә».)

Әбжәміл. Жас құрылысшы **Әбжәмілдің** есімі алғашқы екі жылдың өзінде-ақ ел аузына ілігіп үлгерді (Е. Қайнаров).

عبد حارث ('абд харис; абд-қар. **عبد** ; харис – күзетші) — б. т. е. абд + харис: **Әбдіқарыс.** **Әбдіқарыс** Айдаровтың... бірқатар дастан-толғауларын атауға болады («Қ. С. Ә».)

عبد الحكيم ('абд-ул-хақим; 'абд - қар. **عبد** ; хақим - қар. **الحكيم**) — б. т. е. 'абд + аль+хақим: Ғабдолхақим. Бөкейханов Ғабдолхақим (Ғабдол) **Нұрмұхамбетұлы** (1896-1938) - белгілі күйші, партия қайраткері («Қ. С. Ә».)

عبد الحاق ('абд-ул-хақ); 'абд - қар. **عبد** ; хаққ — қар. **حاق**) - б. т. е. абд + аль-хаққ: **Әбділхақ.** Олар - Әбекеңнің кенже ұлы **Әбділхақ** және немерелері Ақжан мен Ұлан (С. Ақатаев).

عبد الحميد ('абд-ул-хамид; абд—қар. **عبد** ; хамид **حميد**) — б. т. е. абд+аль-хамид: **Абдулхамид.** **Абдулхамид** арқалы домбырашылардан көп үйренумен жүр («С. Қ».)

Әбділхамит. Шарипова Ғайша **Әбділхамитқызы** (1901—69) — қазақстандық жазушы және аудармашы («Қ. С. Ә».)

Әбдіхамит. Сырын сыртқа шығара қоймайтын **Әбдіхамит** карттың да перзентіне деген ықыласы бөлекше... («Жалын»).

عبد الحى ('абд-ул-хай; 'абд — қар. **عبد** ; хай — қар. **حى**) — б. т. е. 'абд + аль-хаи: **Абдолхай.** Елубай, Құрманбек, Қалибек, Серке, Күләш, **Абдолхайлар** - ел мектебін өткендер, үйрене жүріп жеткендер (Ә. Сығабев).

Әбділхай. Мезгілсіз бұл дүниеден кеттің балам, Ініңе **Әбділғазиз, Әбділхаймен** (Тұрмағамбет).

Ғабдұлхай. Қайтты ізінше **Ғабдұлхай,** Жаудан тірі «тіл алып». Сезбей қалды басқалар, Кеткендігін кім алып (А. Тоқмағамбетов).

عبد خاص ('абд хасс; 'абд — қар. **عبد** ; хасс — қар. **خاص**) — б. т. е. абд + хасс: **Әбдіқас**. Арызымды оқыған колхоз бастығы **Әбдіқас...** («Л. Ж»).

عبد خالق ('абд халик; 'абд — қар. **عبد** ; халик — қар. **خالق**) — б. т. е. 'абд + халик: **Әбдіқалық**. **Әбдіқалықтың** бет-аузы алғашқы күні-ақ шашыраған маймен жылтырап шыға келген де... («Жалын»). **Әбдіхалық**. Кезінде мен де трактор руліне жүрексіне отырғанмын, — дейді **Әбдіхалық** («С. Қ.»).

عبد الخیر ('абд-ул-хайр; 'абд — қар. **عبد** ; хайр — қар. **خیر**) — б. т. е. 'абд + аль-хайр: **Әбдулхайыр**. «Көктемнің әр күні жылға азық» деген емес пе, — деді **Әбдулхайыр**, өзіне-өзі күбірлеп («Л. Ж»).

Әбдіқайыр. **Әбдіхайыр**. Кейінірек **Әбдіқайырмен** сөйлестік (С. Асанов). Бригадир **Әбдіхайыр** көктем шыға үйде отырмайтын болды («Жұлдыз»).

عبد الرحمان ('абд-ур-рахман; 'абд — қар. **عبد** ; рахман — қар. **رحمان**) — б. т. е. 'абд + ар-рахман: **Абдырахман**, **Абдрахман**. **Абдырахман** (1868-1895) жиырма жетінші жасында көз жұмды (*Абай*). **Абдрахман** сияқты атақты шопандар төл алу жөніндегі жеке бесжылдығын асыра орындап... еселі еңбек етуде (*О. Дүтбаев*).

Абдраман. **Абдраман** көзін ашып алса, үй іші әлі алакөлеңке екен («Л. Ж»).

Әбдірақман. **Әбдірақман** Жандаркүл есімін ауызға алғанымызда-ақ мақтай жөнелді (*Ж. Сәтібаев*). **Әбдірақманова** Тұрсынхан - қазақ ақыны («Қ. С. Э»).

Әбіш — *Абдірақман есімінің еркелете айтылу түрі*. Кешегі өткен ер **Әбіш** Елден бір асқан ерек-ті. Жүрегі — жылы, бойы құрыш, Туысы жаннан бөлекті (*Абай*). **Әбіштің** сапарға аттану кезі жақын қалды (*М. Әуезов*).

Қабдырахман. Бүгінгі таңда малдың жайын **Қабдырахманнан** жетік білетін жан жоқ десе де болғандай («С. Қ.»).

عبد الرحيم ('абд-ур-рахим — қайырымдылық құлы) — б. т. е. абд + ар-рахим: **Әбдірайым**, **Әбдірәйім**. **Әбдірайым** сырмалы күрткесін желең жамылып, далаға шықты («Л. Ж»). **Әбдірәйімнің** денесі таңғы салқын ауада жылдам сергіді («Жалын»).

Әбдірахым, **Әбдірахым**, **Әбдірахым**, **Әбдірақым** дала қосына апақ-сапақта келіп жетті («Л. Ж»). Қасымызда шаруашылықтың бас инженері **Әбдірахым** жолдас бар («Л. Ж»). Нұралының ағасы **Әбдірахим** колхозда шопан болып істейді («Жалын»).

عبد رزاق ('абд-ур-раззақ; 'абд — қар. **عبد** ; раззақ — қар. **رزاق**) — б. т. е. абд + ар-раззақ: **Әбдіраззақ**. Аға шопан **Әбдіраззақ** үйге ренжи кірді («Жалын»).

Ғабдыраззақ. **Ғабдыкәрім** мырзадан басқа да ашық пікірлі **Ғабдыраззақ** хажы, Мұса, Құсайын, Қамбар секілді жаңа заманға назары түзу адамдар бар (*С. Торайғыров*).

عبد الرسول ('абд-ур-расул; 'абд — қар. **عبد** ; расул — қар. **رسول**) — б. т. е. 'абд + ар-расул: **Әбдірасул**. **Әбдірасул** Ерканды ертіп, үйіне беттеді («Л. Ж»).

Әбдірасыл. **Әбдірасыл** ашу үстінде қолын бір-ақ сілтеді («Жалын»).

عبد الرشيد ('абд-ур-рашид; 'абд — қар. **عبد** ; рашид — қар. **رشيد**) — б. т. е. абд + ар-рашид: **Әбдірашит**, **Әбдірәшит**. «Құрметті **Әбдірашит** Қайырбекұлы Бектемісов жолдас! Сізді Ұлы Отан соғысының ардагері есебінде өзіңіз азат етуге қатысқан қала тұрғындарымен кездесуге шақырамыз» деген хаттар, телеграммалар келеді («Л. Ж»). **Әбдірәшит** жасыл желек көмкерген көше бойымен жоғары өрлеп келеді («Л. Ж»).

Әбдірәшіт. Металл табаққа ерлікпен қаза тапқан бұрынғы жұмысшылар **М.Әбдірәшітовтің**, **И.М.Михайловтың** есімдері жазылған («Л. Ж.»).

Қабдырашид, **Қабдырашит**. Хабиба мен **Қабдырашид** те бірдеңе айтуға оқталып еді, Әдекең сөздерін бөліп жіберді (*О. Қалиев*). Мал төлдей бастағалы **Қабдырашит** осында жүр («Жалын»).

Қабдірашид. **Қабдірашид** жақындап келіп аттан түсті («Л. Ж»).

عبد الرئيس ('абду-р-раиис; 'абд — қар. **عبد** ; раиис - қар. **رئيس**) — б. т. е. абд + ар-раиис: **Әбдірейіс**. **Әбдірейіс** табан астында жолға шықты («Жұлдыз»).

عبد الستار ('абд-ус-саттар; 'абд — қар. **عبد**; саттар — қар. **ستار**) — б. т. е. абд + ас-саттар: **Әбсаттар**. Достық қоғамының Иракқа барған делегациясы ішінде араб тілінің маманы **Әбсаттар** Дербісәлиев болды (*М. Қаратаев*).

Ғабсаттар... Аманкелді **Ғабсаттаровтың** кілем үстіндегі естен кетпес әйгілі айқастары кішкентай Жақсылыққа жырдан қызық («Қ. Ә»).

عبد السلام ('абд салам; 'абд. — қар. **عبد**; салам **سلام**) — б. т. е. 'абд + салам: **Әбсәлем**. Файзолла **Абсәлемов** — өнер қайраткері («Қ. С. Ә»).

Әпсалам, Әпсәлам. Әпсалам бүгінгі атқарылған істердің мәліметтерін дайындады («С. Қ»). **Әпсалам** дала қосына келгенде, күн де ұясынан көтерілді («Л. Ж»).

Ғабдісәлам. Ақын туралы жаңа деректердің бірі — Сұлтанмахмұттың анасы Зүпнүннің немере інісі, ақыннан алты жас кіші **Ғабдісәлам** Мәжитұлы Шабаровтың естелік хаттары («Қ. Ә»).

Қапсалам. Не боп қалды, жайшылық па?— деді **Қапсалам** (*Ш. Күмісбаев*).

عبد سيّد ('абд сайид; 'абд — қар. **عبد**; сайид — қар. **سيّد**) — б. т. е. абд + сайид: **Әпсейіт. Әпсейіт** бөлмеге ентіге кірді (*Х. Рахматуллин*).

عبد صديق ('абд садик; 'абд — қар. **عبد**; садик — қар. **صديق**) — б. т. е. абд + садик: **Әбдісадық. Әбдісадық** екеуміз сендер келгенше қарай тұрамыз («Л. Ж»). **Әпсадық**. «Талап тас жарады»,— дейді **Әпсадық** («Л. Ж»).

عبد الصفاء ('абд-сафа; 'абд — қар. **عبد**; сафа — қар. **صفاء**) — б. т. е. 'абд+сафа: **Әбдісапа**. **Әбдісапа** осы өндірісте жұмыс істейді (*Ж. Тілеков*).

عبد الصمد ('абд самад; 'абд — қар. **عبد**; самад — қар. **صمد**) — б. т. е. абд + самад: **Әбдісәмет**.— Мен де барып қалармын арттарыңнан,— деді **Әбдісәмет** («Жалын»).

Әбсемет. Әбсемет сиыр фермасынан көңілсіз оралды («С. Қ»).

Қапсамет. Қапсамет жиналыста бригадир болып сайланды («Л. Ж»).

عبد العبيد ('абд-ул-'абид; 'абд — қар. **عبد**; 'абид — құлдар **عبيد**) — б. т. е. 'абд + ал-'абид: **Ғабдулғабид**. Ғабиттің алғашқы қойылған аты — **Ғабдулғабид**. Ол арабша «құлдардың құлы» деген сөз (*С. Мұқанов*).

عبد العزيز ('абд-ул-азиз; 'абд — қар. **عبد**; азиз **عزيز**) — б. т. е. абд + ал-азиз: **Абдулғазиз**. **Абдулғазиздің** кішкене балалары оларға қызыға қарайды («Л. Ж»).

Әбдіғазиз. Ақылшы ағаң — осы кісі,— деді Александр Николаевич есіктен кірген **Әбдіғазизды** көрсетіп (*К. Асанов*).

Ғабдул-Ғазиз. Ғабдул-Ғазиз: Сүксұр үйрек, суың қайда, Суға баурың жылынбай ма? Қанат емес, қараңғы ойдан, Құс жүрегің суылдай ма? («Л. Ж.»)

Ғабдіғазиз. Үш қыз қырат басына көтерілген **Ғабдіғазизды** жазбай таныды («Жалын»).

عبد العظيم ('абд 'азим; 'абд-қар азим - қар. **عظيم**) — б. т. е. абд + азим: **Әбдәзім. Әбдәзім** үндемей құтылды («Жалын»).

عبد علي ('абд 'али; 'абд — қар. **عبد**; али - қар. **علي**) — б. т. е. 'абд + 'али: **Әбдәли**. Қарақозы **Әбдәлиев** батыр атанды (*Жалын*)

Әбдуалы. Шопан **Әбдуалы** өз мамандығын жетілдіру үстінде («Л. Ж»).

Әбдуәли. Қайдаров **Әбдуәли** Туғанбайұлы — қазақ тіл білімінің маманы, түрколог («Қ. С. Ә»).

Әбдіғали. Қырымға шыңнан өрлеп арындамай, Неліктен **Әбдіғали** қорғанады (*К. Әзірбаев*).

Ғабдуали. Ғабдуали басқа амалдың жоқтығына көзі жетіп салы суға кетіп, үнсіз отырып қалды («Жалын»).

Қабдығали. Қабдығали — Орал облысы, Фурманов ауданының бұрынғы оқытушысы, Ұлы Отан соғысының құрбаны (*С. Харбиев*).

عبد علم ('абд 'алим; 'абд— қар. **عبد**; 'алим — 1) білген, хабардар; 2) данышпан, бәрін білетін) — б. т. е. 'абд + 'алим: **Әбдіғалым. Әбдіғалым** қария — еңбек және соғыс ардагері («Қ. Ә»).

عبد الغفار ('абд-ул-ғаффар; 'абд — қар. **عبد** ; ғаффар — қар. **غفار**) — б. т. е. 'абд + аль-ғаффар: **Әбдіғапар**. **Әбдіғапар** кісіге көзін қысып сөйлейтін, әлжуаз адам екен (С. Хайдаров).
Әбдіғаппар. Ақтадың **Әбдіғаппар** молданы аяп, Сол үшін артық деме жесең таяқ (Сейтқасым).
Әбділғаппар. **Әбділғаппар** қызынған жігіттерге басу айтты («Л. Ж»).

عبد غنى ('абд ғани; 'абд — қар. **عبد** ; ғани — қар. **غنى**) — б. т. е. абд + ғани: **Әбдіғани**.
Әбдіғани кабинетінде отыр екен (Ж. Тілеков).

عبد القادر ('абд-ул-қадир; 'абд — қар. **عبد** ; қадир - қар. **قادر**) — б. т. е. 'абд-аль-қадир:
Абдулқадыр. Жиналыста айтылғандарды **Әбдулқадыр** ой елегінен өткізіп келеді («Л. Ж»);
Әбдікәдір. Жарыс жалауын көтеру құрметі дүбірлі жарыс жүлдегері **Әбдікәдірдің** еншісіне тиді (С. Жиенбаев).
Әбдіқадыр. **Әбдіқадыров** Қалмақан (1903-64) — қазақ жазушысы («Қ. С. Э»).

عبد القاسم ('абд қасим; 'абд — қар. **عبد** ; қасим - қар. **قاسم**) — б. т. е. 'абд + қасим: **Әбдіқасым**.
Сөз соғып **Әбдіқасым** арамызға, Бүлдірер ынтымақты апыр-шапыр... («Ұлбай қыз»).

عبد القیوم (абд қаййум; 'абд — қар. **عبد** ; қаййум — қар. **قیوم**) — б. т. е. абд + қаййум:
Әбдіқайым. **Әбдіқайым** партком секретарының кабинетіне кіріп кетті (У. Қалижанов).

عبد الکریم ('абд-ул-қарим; 'абд - қар. **عبد** ; қарим-қар. **کریم**) — б. т. е. абд + аль-қарим:
Абдулқарим. Дүйсебаев **Абдулқарим** 1909 жылы Семейдегі семинарияға түсті (Қ. Мұхаметханов).
Әбдікәрім. Айтпақшы, ақын қайда **Әбдікәрім**, Көп таттық өлеңінің тәтті нәрін (Файзолла).
Әбдікерім. **Әбдікерім** қияқ мұрт, жіптіктей ұзын бойлы, сымбатты келген мейірбан жүзді жігіт екен («Л. Ж»);
Әбдікеш — **Әбдікерім** есімінің еркелете айтылу түрі. Бірде **Әбдікеш** ағай өтініп қоймаған соң атымды бердім («Жалын»);
Ғабдікәрім. **Ғабдікәрім** мырзадан басқа да ашық пікірлі... жаңа заманға назары түзу адамдар бар (С. Торайғыров).
Қабдықәрім. Ыдырысов **Қабдықәрім** — қазақ ақыны («Қ. С. Э»);
Қабдыкерім. Ауылдағы қыз біткеннің әншісі, Нәзіктіктің мөлдіреген тамшысы, Ерке қызы **Қабдыкерім** шопанның (Е. Ибраһим).

عبد اللطيف ('абд-ул-латиф; 'абд — қар. **عبد** ; латиф — қар. **لطيف**) — б. т. е. 'абд + аль-латиф:
Әбдулләтін. Ұлықбекті өз баласы **Әбдулләтін** өлтіреді («Қ. Ә»).

عبد الله ('абд-ул-лаһ; 'абд — қар. **عبد** ; аллаһ — қар. **الله**) — б. т. е. абд + аллаһ: Абдулла.
Алыста жүрген үлкен ұлы **Абдулласын** ойлап қамыққан ана көз жасын бір сығып алды («Жалын»);
Абдол. Төрде **Абдол** ақсақал отырған-ды (Р. Иманғалиев).
Абдолла. **Абдолла** — Москвада, Кремльдің үлкен сарайында күй шерткен жігіт (М. Сатыбалдиев).
Абдуллахан. Самалсыз сахараның ыстық лебінен **Абдуллахан** маужырап келеді («Жалын»);
Әбділда. Тәжібаев **Әбділда** Қазақстанның ғана ірі көркем сөз шебері емес, маңдай алды ақындардың қатарына қосылады (И. Сельвинский).
Әбілда. — **Әбілда** пішендіктен келе жатыр екен («Л. Ж»);
Ғабдол. Хакім уездік партия комитетінің хатшысы **Ғабдол** Дәулетовті білімділік жағынан да, іс тәжірибесі жөнінен де қатарынан озып шыққан адам деп бағалайтын (Х. Есенжанов).
Ғабдолла. Бұзырбаев **Ғабдолла** (1908—1941) — Қазақстан партия қайраткері («Қ. С. Э»);
Ғабдулла. Мәлік **Ғабдуллин** (15. 11. 1915-2. 1. 73) — қазақ совет жазушысы... («Қ. С. Э»);
Қабдол. Жастық шағын еске алған **Қабдол** қарияның қазіргі түрі ат үстінде ұйықтап кеткен сияқты көрінеді («Жалын»);
Қабдолла. Біраз демалған соң **Қабдолла**, Қыдырбек, үшеуіміз тауға шығып серуендедік (Н. Мырзақанов).

عبد المجيد ('абд-ул-мажид; 'абд — қар. **عبد** ; мажид **مجيد**) — б. т. е. 'абд + аль-мажид:
Әбдімәжит. Жатақханааралық жарыста **Әбдімәжит** шахматтан чемпион болды (Ж. Нұрғожаев).

Ғабділмәжит. Дәулетбаев **Ғабділмәжит** (Мәжит) (1900-38) - қазақ жазушысы, ақын, драматург, сыншы, публицист, аудармашы («Қ. С. Э»).

عبد المراد ('абд-ул-мурад; 'абд — қар. **عبد** ; мурад - қар. **مراد**) — б. т. е. 'абд + аль-мурад: **Әбдімұрат.** ...Басшысы құрылысының **Әбдімұрат**, Ұялмай жаздай ұйықтап жатыр дейді (*Айтпай*).

Ғабдолмұрат... Туғанына алты-жеті ай болып қалған **Ғабдолмұратты** шөпідетіп сүйіп жатыр екен (*С. Бақбергенов*).

عبد المطالب ('абд муталиб; 'абд — қар. **عبد** ; муталиб — қар. **مطالب**) — б. т. е. 'абд + муталиб: **Әбдімүтәліп. Әбдімүтәліптің** мінезі мүлде басқаша болып шықты (*Ж. Тілеков*).

عبد ملا ('абд мулла; 'абд — қар. **عبد** ; мулла — қар. **ملا**) - б. т. е. 'абд + мулла: **Әбдімолда. Әбдімолда,** Сәрсен мен Арынтайлар, Шапқан жері шатқал мен жыра-сайлар (*К. Әзірбаев*).

عبد الملك ('абд малик; 'абд — қар. **عبد** ; малик — қар. **ملك**) — б. т. е. 'абд + малик: **Әбдімәлік.** **Әбдімәліктің** мұғалім болуға бел байлауының сыры, бәлкім, оның осынау мамандықты жанындай жақсы көретінінен болар («Л. Ж»).

Қабдімәлік. Әсемқожаның меңзеп тұрған адамы **Қабдімәлік** осы ауылға өткен жылы көшіп келген (*Қ. Сәттібаев*).

عبد مومن ('абд мумин; 'абд — қар. **عبد** ; мумин — қар. **مومن**) — б. т. е. 'абд + мумин: **Әбдімомын. Әбдімомынның** жайын да түсінуге болады («Л. Ж»).

عبد الناصر ('абд-ун-насир; 'абд — қар. **عبد** ; насир — қар. **ناصر**) — б. т. е. 'абд + ан-насир: **Қабдылнасыр.** Совхоздың озат шопаны **Қабдылнасыр** әр жүз саулықтан 141 қозы алып, облыс бойынша рекорд жасады («С. Қ»).

عبد الوهاب ('абд уаһһаб; 'абд — қар. **عبد** ; уаһһаб — қар. **وهاب**) — б. т. е. 'абд + уаһһаб: **Әбдуоқап.** Қасымда отырған **Әбдуоқап** ақсақал:— Міне, Шардара дегеніңіз осы,— деді (*О. Өмірбеков*).

عبيد الله ('убайд-ул-лаһ; 'убайд — кішкене құл; **عبيد** ; аллаһ — қар. **الله**) — б. т. е. 'убайд + аллаһ: **Ғұбайдолла. Жәңгіров Ғұбайдолла** (1840-1909) — патшалық Россияда Қазақстаннан шыққан әскери қайраткерлердің бірі, атты әскер генерал-лейтенанты («Қ. С. Э»).

عبيدة ('убайда — жас күң). **Ұбайда. Ұбайда** алғашқы кезде жүрексініп жүрді («Л. Ж»).

عثمان ('усман — жалқы есім). **Осман.** Аландаған көңілі **Осман** келгеннен кейін аздап басылды («Л. Ж»).

Ғұсман. Әзірбаев **Ғұсман** Нығметұлы (1904-44) — азамат соғысының батыры («Қ. С. Э»).

Қосман. Қосман мал фермасына ат басын тіреді («Жалын»).

Қоспан. Шығарманың бас кейіпкері **Қоспан** — мейлінше адал адам («Қ. Ә. Т»).

Құспан, Құсман. Әлгі Балғын айтқан **Құспан** сияқты... (*С. Бақбергенов*).

Оспан. Бұл келген **Оспан** ғой, Құдай бұрын қосқан ғой. Ақаным нашар жатыр деп, Бері қарай жосқан ғой (*Ақан сері*).

Оспанбек (а-қ). **Оспанбек** жігіттің жеңілтек мінезін ұнатпай қалды («Жалын»).

Оспанқұл (а-қ). Жырыңды оқып, жиенім, шаттанғанмын. Айтып беріп, халқыма мақтанғанмын, **Оспанқұлың** келді деп осы жырды Жас балалар әуес қып жаттап алдың (*К. Әзірбаев*).

Оспантай (а-қ). **Оспантай** мен Қамза аңырап, бет-ауыздары жыбырлап, еріксіз күлкіге бейімдеп барады (*Б. Майлин*).

Оспанхан (а-қ). **Оспанхан** ертеңіне тағы келді... («Л. Ж»).

عثمان علي ('усман 'али — *Оспан мен Әли*) — б. т. е. **Усман** + 'али: **Құсманғали. Құсманғалиев** Жаныбек — үшінші рангілі милиция комиссары («Қ. С. Э»).

Оспанәлі. Оспанәлі отырғандарды көзінің қиығымен бір шолып өтті («Жұлдыз»).

عجيب ('ажиб — таңқаларлық, керемет, гажжап, тамаша). **Ажып. Ажыптың** титтей бөбегі, Беске де жасы толмаған, Ойымды неге бөледі, Неліктен құштар ол маған? (*Х. Ерғалиев*).

عدالة (‘адала — әділдік, туралық). **Адалат. Адалаттың** жасы биыл он тоғызға шығыпты (Ж. Тілеков).

عدلة (‘адла — әділдік, туралық, шыншылдық). **Әділет.** Не дерін енді қазір білмей тұрды, Ерлікке жер көрмеген бұл сықылды, Мәз болып ұрпағының айбатына **Әділет** қошаметпен қолын ұрды (Қ. Сатыбалдин).

عدن (йадан — 1) рақат; 2) жаннат, ұжмақ). **Әден. Әден** қонақ үйге ертелетіп келіпті («Л. Ж»).
Әденбек. Бұл кірген **Әденбек** етін («Жалын»).

عرب (‘араб — арабтар, бәдәуилер). **Араб.** Ғаббасов **Араб** Мақаұлы — ғылым қайраткері («Қ. С. Э.»).

Арап. Торасанның момын саналатын үшінші баласы — **Арап** (С. Мұқанов).

Арапбай (а-қ). Байырғы шопан **Арапбай** бесжылдықтың анықтаушы жылының биік белестерінен көрінді («Л. Ж.»).

Арапбек (а-қ). **Арапбек** күрішші күріштігіне насаттана көз тастайды («С. Қ.»).

Ғарабша (а-қ). Ғаббасов Сабыржан **Ғарабшаұлы** (1889-1918) — Жетісу мен Семейде Кеңес өкіметін орнатуға белсене қатысушы... («Қ. С. Э.»).

عرفة (‘арафа — Меккенің жанындағы таудың аты). **Арапа.** Өнерпаздар коллективі селоларда, өнеркәсіп орындарында болып, концерт беріп тұрады,—дейді **Арапа** («Л. Ж.»).

عزة (‘изза — 1) даңқ, абырой, адамгершілік; 2) ауыс. қадір, сый, құрмет). **Иззат. Иззат** қабылдаған міндеттемесін мерзімінен бұрын орындады («С. Қ.»).

Ғизат, Қизат. Ғизат сыртқа шығуға кешелі-бүгін жарады («Жалын»). **Қизат** орнынан сүйретіле тұрып, есікке қарай жылжыды («Жалын»).

Ізет. Ізет — XX ғасырдың Шығайбайы, қашан көрсең, өзі есекті, есегі арбаны мықшындай тартып, мал жинаған шал (Д. Досжанов). Кім қандай қызмет істейтінін **Ізет** айырып жатыр ма... (К. Ахметбеков).

عزة الله (‘иззат-ул-лаһ; ‘иззат — қар. عزة ; аллах — қар. الله) — б. т. е. иззат + аллах: **Ғизатулла.** Мәдениет саласында үзбей істеп келе жатқан **Ғизатулла...** халық өнерін талмай насихаттап келеді («Л. Ж.»).

عزيز (‘азиз 1) күшті, қуатты, құрметті; 2) сирек, бағалы, құнды; 3) ауыс. қасиетті). **Әзиз. ...Әзиз** сияқты талай-талай талапты әдебиетші жастар болды (Қ. Бекхожин).

Әзберген (а-қ). ...**Әзберген** сияқты тәжірибелі күрішшілер әр гектардан 65-85 центнерден өнім алды (А. Тоқмағамбетов).

Әзтай (а-қ). Бүгіндері қаладан баласы келіп, **Әзтайдың** қолы ұзарған кез («Жалын»).

Ғазиз, Қазиз. Бұрын алыс жолға шығып көрмеген **Ғазиздің** бала-шағасын ойлап мазасы кетті («Жалын»).

Ғазизбай (а-қ). Дыбырлап асығыс сөйлейтін **Ғазизбай** шаруа жайын тез айтып болды (С. Мұқанов).

Ғазизбек (а-қ). **Ғазизбек** екі ойлы болып қалды («Жұлдыз»).

Ғазіз. Әнуарбек бір күні көшеде **Ғазізбен** ұшыраса кетті (Ө. Жолымбетов).

عزيز محمد (‘азиз-мухаммад; ‘азиз — қар. عزيز ; мухаммад-қар. محمد) — б. т. е. ‘азиз + мухаммад: **Әзмұхамбет. Әзмұхамбет** - Шығыс Қазақстан облысы, Тарбағатай ауданында туған ақын («Айтыс»).

عزيزة (‘азиза — 1) күшті, қуатты, құрметті; 2) сирек, бағалы, құнды; 3) сүйкімді, жарқын). **Әзиза.** Биік белге көтерілген **Әзиза** қайрылып артына қарады («Л. Ж.»).

Ғазиза, Қазиза. Исаның шешесі **Ғазиза** — әншіл, сауықшыл, ашық көңілді, жарқын мінезді ана болған («Қ. Ә. Т.»). **Хамза** деген әкем, **Қазиза** деген шешем бар,—деді Алексей (М. Сатыбалдиев). Күлшебай сосын жайбарақаттылықпен **Қазизаға** қарады (С. Сарғасқеев). **Қазизаның** іші алауласа да, көп жылаған жоқ (З. Иманбаев).

عسكر (аскар — әскер, қол, армия). **Әскер**. Баланы **Әскердің** алдына тастайды да, жөнөп береді («Жұлдыз»).

Әскербек (а-қ). **Әскербек** бірнеше күн дәмдес болған жолдастарына қимай қарады («Жалын»).

عسل **асал** — 1) бал; 2) ауыс. тәтті, шырын). **Әсел**. Қасқарауға біткен келіндердің ішінде Нағайбайдың бәйбішесі **Әселден** тәуірі болған жоқ (М. Жолдасбеков).

عشر («ушр — 1) оннан бір; 2) салық (астық түсімінің оннан бірі). **Ұшыр**. Ай астында ағарандап жүрген **Ұшыр** екен («Жалын»).

Үшірбек (а-қ). Бұл — еңбекпен келген қуаныш ізі,—деді **Үшірбек** («Л. Ж.»).

عصمة (исмат — 1) қателеспейтін; бұзылмаған, адалдық, тазалық, қайырымшылдық, адамгершілік; 2) қорғаушылық, қамқоршылық, сүйеушілік; 3) алқа). **Исмет, Есмет**. **Исмет** қазір Шымкентте тұрады («Л. Ж.»). **Есмет** өзін білермендікке салынып, ешкімді тыңдағысы келмейтін сыңай танытты («Л. Ж.»).

Қисмет, Хисмет. Комсомолец деген ардақты атты кім қалай түсінеді, соны білгім келеді,—дейді **Қисмет** («Л. Ж.»). Динаның өзінен күй үйреніп, домбыраны құс тілімен талмай сайратып келе жатқандардың ішінде **Хисмет** Меңдіғалиев бар (М. Сатыбалдиев).

Ісмет, Ісмет Кеңесбайұлы Кеңесбаев — қазақ тіл маманы, қазақ тіл білімінің негізін салушылардың бірі, еңбек сіңірген ғылым қайраткері («Қ. С. Э.»).

عطر («итр — әтір; иіс май). **Әтір** мен Бағиралар күніне 2-2,5 гектар жер суарады («С. Қ.»).

Әтірбай (а-қ). Қайбірін тізіп айтайын, Серік пен Сәти, **Әтірбай** — Жігіттер еді-ау, қайтейін, Найзағайдың отындай (Ш. Смаханұлы).

عظمة («азама — 1) ұлылық; 2) мақтаныш; 3) асқан әдемілік). **Азамат**. «Көп түкірсе — көл», жұмысшылар көмектеспекші,— деп **Азамат** өзін мазалаған ойын ортаға салды (Т. Қойшыманов).

عظیم («азим — 1) ұлы; 2) алып; 3) атақты; 4) маңызды; 5) салмақты). **Әзім**. Бір жасап, екі жасап, **Әзім** өсті, Онан соң медресеге барып түсті (Абай).

Әзімбай (а-қ). Жайқалып өсіп жасынан, **Әзімбайдың** бір қызы Назым сұлу атанды («Қам. б»). Тәкежан баласы **Әзімбайдың** жеті ауылы Жігітек жерінің шөбін рұқсатсыз шауып алуы тағы да ағайын арасына жік салады (М. Атымөв).

Әзімбек (а-қ). **Әзімбек** беліне арқан байлап, құдыққа түсуге икемделді («Л. Ж.»).

Әзімқұл (а-қ). **Әзімқұл** мен Әмірзақ өздерінің сүйіспеншілік сезімдерін білдіріп жатты («Қ. Ә.»).

Әзімхан (а-қ). Ауылда ат, құс қадірін **Әзімханнан** асып ешкім білген емес (Б. Момышұлы).

Ғазым — Алғашқы ұстазым — Диханбай, сосын — **Ғазым** («Л. Ж.»).

Ғазымбек (а-қ). **Ғазымбек** басын ақ орамалмен шарт байлап алыпты («Жалын»).

Қазым. Егінбай **Қазымов** бізді екі жүз елу орындықты жаңа мәдениет үйіне бастап жүрді (Ө. Кәріпов).

Қазымбай (а-қ). Айтбай... **Қазымбайлардың** әрқайсысы 190-200 гектар жердің астығын бастырып үлгерді («Л. Ж.»).

Қазымбек (а-қ). Жарыс қорытындысында **Қазымбек** пен Гүлбану жеңімпаз атанды (С. Кенжеахметов).

Қазымхан (а-қ). **Қазымханға** ойда жоқта көшеде жолықтым («Жалын»).

عظيمة («азима — ұлы; зор, үлкен). **Әзима**. Сұлтанмахмұт... **Әзиманың** өз халқы арасынан таңғы жұлдыздай жарқырап шыққан тамаша адам екендігін таниды (Р. Бердібаев).

Қазима. Гүлжан, Жоламан, **Қазималар** кеп, Ақтаңдар қатарынан орын алды (Е. Домбаев).

عفو («афу — 1) кешіру; 2) кеңшілік, кешірім жасау). **Ғафу, Ғапу**. Дастан жазса, көсіле жазатын Жұбан мен **Ғафу** секілді ақындарымыздың, алдағы ағаларымыздың барлығына біз шүкірлік етеміз (Т. Молдағалиев). **Ғапу** мен Нағима зембілге балшық салып жатқан (Т. Ахтанов).

عقاب («уқаб — бұркіт.) **Оқап, Оғап**. Кабиғожин **Оқап** (1904-42)— Қазақстанның еңбек сіңірген артисі («Қ. С. Э.»). Оғап молда өлгелі иесіз далада жын-шайтан өріп жүретін болыпты ғой... (Ғ. Мүсірепов).

عقرب ('ақраб — 1) шаян; 2) астр. Шаян шоқ жұлдызы). **Ақырап. Ақырап** рацияның трубкасын машинаның қақпағына құлаштап тұрып, беріп кеп қалды (Ш. Мұртазаев).

عقلية (ақлиия — 1) ақыл, сана; өсу; 2) ақыл дәрежесі, ақыл парасаттылығы). **Ақылия.** Ол кісінің атын әкесі Тұрағұл ақылды болсын деп **Ақылия** қойыпты (Т. Жұртбаев).

Ақлима. Мүсіреповтің қаламынан туған Қапия, **Ақлима** сықылды ана образдары қазақ шындығының шынайы көріністерін елестетеді («Қ. С. Э»).

عقيد ('ақид — жетекші, қолбасшы). **Ақыт.** Өз заманында ғұлама ақын әрі қазы атанған **Ақыт** (1868 жылы дүниеге келеді) өз халқының ақындық асыл қасиеттерін бойына сіңіре отырып, артында мол мұра қалдырған (Қ. Мұхаметханов).

عقيق ('ақиқ — қызыл түсті асыл тас, ақық). **Ақық. Ақық** әжей адамға қысас жасағанды жақтырмайды (Н. Ғабдуллин).

علاج ('илаж — 1) ем, емдеу; амал; 2) дәрі). **Ғилаж. Ғилаждың** еңбегі жоғары бағаланды («С. Қ.»).

علم ('илм — 1) білім, ғылым; 2) теория). **Ғылым. Ғылым** - тәжірибесі толысқан, диқаншылықтың шын шебері (Т. Бекниязов).

Ілімбай. Тәрде қаққан қазықтай болып **Ілімбай** отыр («Жалын»).

علان ('алан — 1) анықтық; 2) жариялылық, жарияланған). **Алан. Әлен.** Алдымда отырған адам Қамбар **Алановтың** туған немересі болып шықты (Ж. Бейсенбаев). Қалай дейсіз, **Әлен** аға?—деп сұрады Әуелов (Х. Есенжанов).

علي ('али — 1) биік, жоғары, зор; 2) көрнекті, атақты; 3) жалқы есім). Айдынғали (қ-а). Біздің ауылда не көп, Бөленғали, Түгенғали көп. Менің атым Қайырғали болса, ағамның аты Айдынғали болады (Ғ. Мүсірепов).

Арыстанғали (қ-а). **Арыстанғали** сынды байлар өмір бойы қара табандарды қан қақсатып келіп, ақырында тақыршаққа отырып қалды (М. Сатыбалдиев).

Әли. Ақын «**Әли** батыр» дастанын шығарды (М. Жолдасбеков).

Әлиасқар (а-қ). Жамбыл мен **Әлиасқар** тік қияға өрлеп кетті (М. Етекбаев). Арттарына өшпес ерлік қалдырған панфиловшы 28 батырдың ішінде **Әлиасқар** Қожаберген бар еді (Ә. Алыбаев).

Әлихан (а-қ). Жігіттер **Әлиханды** ортаға алып алқа-қотан отырысты («Л. Ж.»).

Әлі. Өріптің әкесі Тәңірберген **Әліұлы** кедей, момын кісі болған (Б. Кенжебаев, Ө. Есназаров).

Әлібай (а-қ). Әли Шамшадин, Мырзакең мен ақын Садық, Қалжекең, Дәулетназар хәм **Әлібай** Ақылдын даналары, міне, осылар (Б. Ержанұлы).

Әлібек (а-қ). Бірімін мен де Сырдың саңлағының, Бәйгесін алған талай игіліктің. Ал енді сұрағыңа жауап берген, Сүбелі сөзін тыңда **Әлібектің** (Әлібек).

Әліби (а-қ). Жанкелдин **Әліби** Токжанұлы (1884-14.8.1953) — Қазақстанда Кеңес өкіметін орнату және нығайту жолындағы күрестің көрнекті басшысы, Қазақстанның мемлекет қайраткері.

Әлікұл (а-қ). Республикалық ақындар айтысында шымкенттік Қалдыбек **Әлікұлов** II дәрежелі дипломмен наградталды («Л. Ж.»).

Байғали (қ-а). **Байғали** Жексембаев малын баққан, Сайқанның саясына күлім қаққан (Ержан).

Бегәлі (қ-а). **Бегәлі** қуанышын кіммен бөлісудің ретін таппады («С. Қ.»).

Бекәлі (қ-а). Сапарғали **Бегалин** — қазақ жазушысы («Қ. С. Э»).

Бекқали (қ-а). **Бекқали** атын тайпалтып, қырға шыға келді («Жалын»).

Бердәлі. Бердәлілер алыс жайылымдағы қораларды жөндеумен жүр («Л. Ж.»).

Бердіғали. Игілікөв **Бердіғали** — әскери маман, инженерлік-техникалық қызметтің генерал-майоры («Қ. С. Э»).

Ғали. Орманов **Ғали** — қазақ ақыны («Қ. С. Э»).

Ғалиасқар. Әдебиетте ең алғаш Қ. Жұмағалиев 1928 жылы «**Ғалиасқар** батырақ» деген өлеңімен көрінді («Қ. Ә. Т.»).

Ералы (қ-а). **Ералы** мен Нұралы — екі бірдей сұлтанның анасы сенсің ақылғөй,— деді Бәтима ханымға Әбілхайыр хан (Т. Ахтанов).

Ерәлі (қ-а). **Ерәлі** батырды депутаттыққа ұсынып жатыр (Д. Досжанов).

Ерғали (қ-а). **Ерғалиев** Хамит — қазақ ақыны («Қ. С. Э»).

Еркеғали (қ-а). Рахмадиев **Еркеғали** — қазақ композиторы, халық артисі («Қ. С. Э»).

Ермекәлі (қ-а). Етженді **Ермекәлі** порша-поршасы шығып, әрең ілесіп келеді («Жалын»).

Ермекқали (қ-а). **Ермекқали** өткел іздеп, өзен жағалап көп жүрді («Л. Ж»).

Есенәлі (қ-а). **Есенәлі** қойдың арық-семізін байқап, қойшылармен әңгімелесті (Ж. Тілеков).

Есенғали (қ-а). **Есенғалидан** өзгенің бәрі келді («Жұлдыз»).

Есқали (қ-а). **Есқалидың** түрі әлемтапырық болып, жаман бұзылды («Л. Ж»).

Жақсығали (қ-а). **Жақсығали** әскерден оралыпты деген хабар алақандай ауылға тез тарады («Л. Ж»).

Жанғали. Әжесінің айтқан ертегілерін **Жанғали** күні бүгінге дейін ұмытқан жоқ («Жалын»).

Жиенғали (қ-а). Тілепбергенов **Жиенғали** (1895-1933) — қазақ әдебиетінің қалыптасу дәуірінде өндіре еңбек еткен жазушының бірі («Қ. Ә. Т»).

Кенжеәлі (қ-а). **Кенжеәлінің** үйіне өзінің бес-алты туысқаны жиналыпты (С. Мыңжасарова).

Кенжеғали (қ-а). **Кенжеғали** хатшы болып жеті жылдан бері жемісті жұмыс істеп келеді («Л. Ж»).

Күмісқали (қ-а). **Күмісқалидың** соңынан ерген Сағынайдың телегей жүзіп, сең кешкеніне де он бес жыл болып қалды (М. Сатыбалдиев).

Қали. Сол мезет құстай ұшып **Қали** да жетті («Л. Ж»).

Қалиасқар. Үңгірді жаңғыртамын күңіреніп, Жаралы арыстандай өңіреніп. Ноғайбай, **Қалиасқар** бауырларым, Қолынан жауыздардың кетті-ау өліп (К. Әзірбаев).

Қалибай (а-қ). **Қалибай** — Әлекеннің көмекшісі (С. Буратаев).

Қалибек (а-қ). Жарыс қорытындысында **Қалибек**, Қуаныш, Гүлбану жеңіс тұғырына көтерілді («Л. Ж»).

Қалихан (а-қ). Оларды егінде көргенмін, Ал қазір айта алмай әуремін... Ерлігін **Қалихан** әкенің (Е. Ибраһим).

Қалыбай (а-қ). **Қалыбай** — коллектив құрметіне бөленген жан (Д. Исабеков).

Қалыбек (а-қ). **Қалыбек** жұмыс аяғына таман тексеріп шығу үшін скважиналарды аралауға кетеді (Ф. Оңғарсынова).

Қуанғали (қ-а). **Қуанғали** телефон соғып, аздап кешігетінін айтып, кешірім өтінді («Л. Ж»).

Мендіәлі (қ-а). ...**Мендіәліге** ескерту берілген екен (Ш. Айдаров).

Мендіғали (қ-а). Жұмыс аяқталғаннан кейін **Мендіғали** құрал-саймандарын жиыстыра бастады («Л. Ж»).

Оразалы (қ-а). Молда маған орын көрсетіп нұсқаған соң, **Оразалы** мен оның қасындағы бала араларын аша берді (С. Мұқанов).

Оразғали (қ-а). Б. Сүйінбеков **Оразғали** (1889-1964) — қазақтың, күйші-композиторы («Қ. С. Ә»).

Ордағали (қ-а). Күншуақта маужырап отырған **Ордағалиды** көзі шалды («Л. Ж»).

Орынғали (қ-а). Әр жыл сайын қадам басқан ілгері, Үлгі болған мал бағуға еңбегі... **Орынғали**, Сұлтан — Еңбек ерлері (Рамазан).

Өтеғали (қ-а). **Өтеғалидың** үйіне құдалары келіп, көрші-қолаң сонда отыр («Жалын»).

Өтепқали (қ-а). Сәске түсте **Өтепқалилар** кішкене бір өзеннің жағасына тоқтады («Жалын»).

Сағынғали (қ-а). **Сағынғали** Сейітов — қазақ ақыны («Қ. С. Ә»).

Сүйінішәлі (қ-а). Жұрт тегіс жайғасқан соң **Сүйінішәлі** тамағын кенеп, сөз бастады («Жұлдыз»).

Сүйінішқали (қ-а). **Сүйінішқали** мұнай-газ өндіру басқармасының өлшеушісіне жолықты («С. Қ»).

Тасқали (қ-а). **Тасқали** татыр-татырмен сар желіп келеді («Жұлдыз»).

Тәттіғали (қ-а). Қожанов **Тәттіғали** (1898-1941) — Қазақстандағы социалистік құрылысқа белсене қатынасушы («Қ. С. Ә»).

Темірғали (қ-а). Қазақ геологы **Темірғали** мен бәдәуилық Фатима атты мұғалиманың арасындағы нанымды диалогтар тартымды берілген (Т. Елеусізұлы).

Токтағали (қ-а). Жанкелдин **Токтағали** (1916-73) — Қазақстанның партия, комсомол қызметкері, Ұлы Отан соғысының партизаны, философия ғылымдарының кандидаты («Қ. С. Ә»).

Төлепқали (қ-а). **Төлепқали** — трестің құрылыс басқармасының шебері («С. Қ»).

Төлеуәлі (қ-а). Соңғы кезде **Төлеуәлінің** түсіне туған ауылы кіріп жүр («Жалын»).

Төлеуғали (қ-а). **Төлеуғали** қыр басында қалқып ұзақ тұратынды шығарды («Л. Ж»).

Төреғали (қ-а). Үйге бір кіріп, бір шығып, жолаушылар кешіккен сайын **Төреғалидан** маза кетті («Жұлдыз»).

Тұрсынғали (қ-а). **Тұрсынғали** қайтсе де сол қара тер боп жүрген бұрғышылар маңында болғысы келеді (С. Хайдаров).

Тілеуғали (қ-а). Өзен ортасына келгенде **Тілеуғалидың** машинасы сөніп қалды («Жалын»).

Ханғали (қ-а). Арыстанов **Ханғали** — 1869 жылы Орал, Торғай облыстарында болған көтеріліс басшыларының бірі («Қ. С. Ә»).

Шынәлі (қ-а). Өзі **Шынәлі** қарттан екі жас кіші (Ж. Тілеков).

Шынғали (қ-а). Пысық Таңқыбайды алдымен Қосшы ұйымына бейімдеген сол **Шынғалиев** еді (Х. Есенжанов).

علي احمد ('али ахмад; 'али — қар. *علي* ; ахмад — қар. *احمد*) — б. т. е. 'али + ахмад:
Қалиахмет. Кенет... **Қалиахмет** тоқтай қалды (Б. Мекеев).

علي اكبر ('али акбар; 'али-қар. **علي**; акбар — қар. **اكبر**) — б. т. е. 'али + акбар: **Алиакпар, Әлиәкбар, Әлиакпар.** Мағзұм - Алиакпардың баласы (С. Мұқанов). Мұқай байып, үлкен жігіт болған кезде Тілеужанның **Әлиәкбарын** ұрыпты (F. Мұстафин). Кейде аяқ астынан душар болған кездейсоқ жайттар бүкіл өмірінді, ойынды өзгертіп жіберетіні бар, — дейді Күлдарига **Әлиакпарға** («Л. Ж»).

Ғалиәкбар. Ғалиәкбар — мешіт азаншысы (С. Мұқанов).

Ғалиәкбер. Ғалиәкбер мал тұқымын асылдандырумен айналысып жүр («Л. Ж»).

Ғалиакпар. Ғалиакпар сияқты асыл азаматтардың есімдеріне бас иіп, зор ыстық ықыласпен еске алады (Ә. Бектасов).

Қалиакбар. Қалиакбар жастар клубында кешке кино көрсетуге шебер (Ж. Қасенбаев).

علي حيدر ('али хайдар; 'али — қар. **علي**; хайдар — қар. **حيدر**) — б. т. е. 'али + хайдар: **Әлиайдар.** Оқушылар **Әлиайдар** мұғалімді орталарына алды... («Л. Ж»).

Әлайдар. Әлайдар бәйгеге қосылатын аттарды көп қарады («Жалын»).

Ғалихайдар. Ғалихайдар үлкен сұр биялай киген қолдарын біріне-біріне соғып, тар ғана жерде тебініп, тыпыршып тұр еді (F. Мүсірепов).

علي سلطان ('али султан; 'али — қар. **علي**; султан — қар. **سلطان**) - б. т. е. 'али + султан: **Әлисұлтан.** Көк шалғын аттан түскен **Әлисұлтанның** кеудесінен келді («Жалын»).

علي سيد ('али саиид; али — қар **علي**; саиид — қар **سيد**) — б. т. е. 'али + саиид: **Әлсейіт** — **Әлисейіт** есімінің қысқарған түрі. Бұл «желдірменің» негізі акын-әнші Құдайберген **Әлсейітовтікі** болатын («Қ. Ә. Т»).

علي مراد ('али мурад; али — қар. **علي**; мурад — қар. **مراد**) — б. т. е. али + мурад: **Әлимұрат.** Алты айлығынан алақанына салып, арқасына көтерген **Әлимұратты** көзің көрді (Қ. Бекетаев).

علي موسى ('али муса; 'али — қар. **علي**; муса — қар. **موسى**) — б. т. е. 'али + муса: **Әлимұса.** **Әлимұса** ақсақалдың үйіне Нұржамалдың атына хат емес, құттықтау телеграммалар бұршақша борап кеткен-ді (М. Қуанышбаев).

علي نور ('али нур; 'али — қар. **علي**; нур — қар. **نور**) — б. т. е. али + нур; **Ғалинұр. Ғалинұр** - біраздан бері металлургия комбинатының ұстасы («Л. Ж»).

عماد ('имад — 1) бағана, діңгек; 2) тірек, тіреу). **Имад.** Бір күні Қожа мен шәкірті **Имад** екеуі қасқыр аулауға шығады («Қож. Ә»).

عماد الدين ('имад-уд-дин; 'имад — қар. **عماد**; дин — қар. **دين**) — б. т. е. 'имад-ад-дин: **Ғиметден. Ғиметден** басқаратын бригада совхоз бөлімшесінен үш-төрт километр жерге қоныстанған (М. Бқсанов).

عمر ('умар — жалқы есім.) **Ғұмар.** Қарашев **Ғұмар** — XX ғасырдың бас кезіндегі қазақ әдебиетінің ең көрнекті қайраткерлерінің бірі. («Қ. Ә. Т»).

Құмар. Өмір-Темір нәсілінен **Құмар** Шайх баласы, белгілі Бабыр патшаның шешесіменен бір туысқан екі бауыры болған (Абай).

Құмарбек (а-қ). Композитор девизи - үнемі халықтың қайнаған ортасынан табылу, әрдайым халқы туралы жырлау, — дейді **Құмарбек** («Л. Ж»).

Омар. Омар Шипин (1879-1963) — қазақтың халық ақыны («Қ. К»). **Омар** Шораяқов (1878-1924) — Қызылорда облысы, Қазалы ауданында туған, шығыс әдебиетімен жақсы таныс, талантты ақын («Ү. Ғ. Ж»).

Омарбай (а-қ). Қаратау қойнауындағы Мыңжылқы сайларын бас шопан **Омарбайдың** алты отары жайлайды (Ж. Жұмақанов).

Омарқұл (а-қ). Екі кештің арасында **Омарқұлдың** үйі абыр-сабыр болды да қалды («Л. Ж»).

Омархан, Омарқан (а-қ). Комитет бастығы **Омархан** деген азамат сіз боласыз ба, шырағым? — деді Аяпберген (I. Жансүгіров).

عمر ('умр - өмір, тұрмыс, өмір сүру). **Өмір.** Өмір – Ленин орденінің кавалері, еңбек десе жанып тұрған жан (Ж. Досымов).

Өмірбай (а-қ). **Өмірбайдың** сөзі де отырғандар арасында көп қоштау тапты (С. Асанов).
Өмірбек (а-қ). **Өмірбек:** - Мынау сізге деген сыйлығым, - деп, біраз шай-пұл әкеп берді (Б. Соқпақбаев).

Өмірзақ (а-қ). Елубай **Өмірзақов** (1899-1974) — қазақ халық артисі («Қ. С. Э»).

Өмірхан, Өмірқан (а-қ). Совхоз еңбекшілеріне **Өмірхан** есімі жақсы таныс («Л. Ж»). **Өмірқан** әр гектарынан 35-40 центнерден өнім алуға міндеттеме алды («Л. Ж»).

Өміртай (а-қ). Біз келген шаруамызды айта бастағаннан **Өміртай** жымыып, бас шұлғи берді («Л. Ж»).

عمران ('умран — 1) мәдениет; 2) өңдеу). **Ғимран.** Төлді мол алуға **Ғимранның** мүмкіндігі бар (С. Есімов).

عمر شريك ('умр шарик; 'умр — қар. **عمر** ; шарик — қар. **شريك**) — б. т. е. 'умр-шарик:
Өмірсерік. **Өмірсерік** тағы бір жауапты істі тындырды («Л. Ж»).

عمر علی ('умар 'али; 'умар-қар. **عمر** ; али – қар. **علی**) – б. т. е. 'умар + 'али: **Құмарғали.** Бізді қарсы алған **Құмарғали** өнерпаз жігіт екен («Л. Ж»).

Омарғали. Жанындағы кісінің аты **Омарғали** екен («Л. Ж»).

Өмірәлі. **Өмірәлі** ақсақал өзінің көзі тірісінде күмбезден мазар салдырды (О. Сәрсенбаев).

Өмірғали. Қазір **Өмірғалиды** іздеген жан қырман басынан ғана табады («С. Қ»).

عمر غازی ('умар ғазы; 'умар — қар. **عمر** ; ғазы — қар. **غازی**) — б. т. е. умар + ғазы:
Омарғазы. Қыс тұрғай, жазда малды шығын еткен, Сіздегі **Омарғазин** қайда бұқты? (Ержан).

عمل (амал — 1) жұмыс, еңбек, қызмет, кәсіп, шен; 2) ауыс. шара, лаж). **Амал.** **Амал** кеш те болса әлі кеңсесінде екен (Ж. Ералиев).

Амалбек (а-қ). **Амалбекті** құю цехында жолықтырдық («С. Қ»).

عמיד ('амид — басы, бастық). **Әмит.** Әмиттің есіне өткен жолы коллектив мүшелерімен болған әңгіме түсті (Б. Оңғарбаев)

عناية ('инайа — ізгілік, мейірімділік, қайырымдылық, мырзалық, жәрдем). **Ғинаят.** **Ғинаят** сайқымазақ қылжаққа шыдамсыз (С. Бегалиев).

عياش ('айнаш — 1) нан сатушы; 2) сауықшыл). **Аяш.** Қой, жалқауланба, **Аяш!**— деді (Ш. Құмарова). **Аяштың** отырыс-тұрысы, кимыл-әрекеті Кербикеке әбден ұнап болды (А. Хангельдин).

Әйеш. Иманбаев **Әйеш** (1897) — Орталық Қазақстанда Кеңес өкіметін орнату жолындағы күреске қатынасушы, кәсіподақ қызметкері («Қ. С. Э»).

عيان ('ийан — өз көзімен көру; анық, шын, ақиқат). **Аян.** Бүгінгі қазақ совет әдебиетінің және оның сын жанрының әр алуан проблемалары **Аян** Нысанәлиннің де мақаласында бар («Қ. Ә»).

عيد ('иид — мейрам, мереке). **Айт.** Шығанақ Жақып, **Айт**, Жүсіп, Шайқы дейтін ұлдарымен таныстырды (Ғ. Мұстафин).

Айтбай, Айтпай (а-қ). **Айтбай** інім, кіші санап жасыңды, Саған менің кең құшағым ашылды (Қуаныш).

Айтбала (а-ш). **Айтбала** — Қадешитің апайы (О. Бөкеев).

Айтбек (а-қ). **Айтбек** пен Өмірзақ өздерінің ризашылық сезімдерін білдіріп жатты («Жалын»).

Айтқұл (а-қ). Аталас Мергенбай мен **Айтқұл** сары, Қуанып қарсы алысты соның бәрі (И. Байзақов).

عيد جمال ('иид жамал; 'иид — қар. **عيد** ; жамал — қар. **جمال**) — б. т. е. 'иид + жамал:
Айтжамал. **Айтжамалдың** күні-түні көз шырымын алмайтын тынымсыз істеріне әркім-ақ риза (Ә. Бариев).

عيد علی ('иид 'али; 'иид — қар. **عيد** ; али — қар. **علی**). — б. т. е. 'иид + 'али: **Айталы.**
Айталиев Жарқын (1903-70) — көрнекті қазақ геологы («Қ. С. Э»).

Айтқали. **Айтқали** дейтін ағаң, — деді ол (*Х. Есенжанов*). **Айтқали** орта білімі бар, ақылды ұстамды жігіт еді (*С. Омаров*).

Айтғазы - осы ауылдың тумасы, қыста — малшы, жазда — механизатор («С. Қ.»).

Айтқабыл. **Айтқабыл** (‘иид қабил; ‘иид — қар. **عید** ; қабил — қар. **قابل**) — б. т. е. ‘иид + қабил: **Айтқабыл**. Тәжірибелі малшылар арасында **Айтқабыл** да бар («Л. Ж.»).

Айтмұхаммед. **Айтмұхаммед** (‘иид мухаммад; ‘иид — қар. **عید** ; мухаммад — қар. **محمد**) — б. т. е. ‘иид + мухаммад: **Айтмұхаммед** Абуллин **Айтмұхаммед** Абдоллаұлы — қазақ совет геологы... («Қ. С. Э.»).

Айтмағамбет. **Айтмағамбетов** Боран (1901-38) — социалистік құрылысқа белсене қатысушы, қайраткер («Қ. С. Э.»).

Иса. **Иса** (**عيسى** ‘ииса — жалқы есім). **Иса.** **Иса** Байзақов (1900-1946) — аса дарынды халық ақыны. (*С. Бегалин*).

Айса. **Айса** бұл бағалы бастаманы одан әрі жалғастырды (*Қ. Жүнісов*).

Исабай (*а-қ*). Онда Әтікенің **Исабай** деген жақын туысы бар (*Б. Нұржекеев*).

Исабек (*а-қ*). **Исабек** өмірдің өтпелілігін, тұрақсыздығын ойлады («*Жалын*»).

Исақұл (*а-қ*). Ассалаумағалайкүм, **Исақұл** қарт! Түріңнен тұр даланың исі аңқып-ақ... Күлкіңнен көрінеді күні өлкенің, Даусыңнан дабылдайды күй саңқылдап (*Ж. Молдағалиев*).

Исатай (*а-қ*). **Исатай** менен Махамбет Ханға қарсы көрінді, Кеткесін асып шамадан (*Ығылман*).

Исахан, Исақан (*а-қ*). Ұлы Отан соғысының мүгедегі **Исахан** қария да келіпті («Қ. Э.»).

Қайса. Мол денелі қарт **Қайса** ақсақал болып шықты (*С. Асланов*).

Қиса. Жұрт **Қисаны** — лауреаттығымен құттықтап жатыр («С. Қ.»).

Исахмет, Исақмет. **Исахмет** (**عيسى احمد** ‘ииса ахмад; ‘ииса — қар. **عيسى** ; ахмад — қар. **احمد**) — б. т. е. ‘ииса + ахмад. **Исахмет, Исақмет.** Бақыш Ырашқа бір, **Исахметке** бір қарап мүдірді (*М. Сүндетов*). **Исақмет** қаладан шығып алғасын-ақ, Есеней жолына түсті (*Ф. Мүсірепов*).

Қисәділ. Бұл келген ферма бастығы **Қисәділ** екен («Л. Ж.»).

Исағали. **Исағали** (**عيسى على** ‘ииса ‘али; ‘ииса — қар. **عيسى** ; али — қар. **على**) — б. т. е. ‘ииса + ‘али: **Исағали**. Шәріпов **Исағали** (1905-76) — Қазақстанның қоғамдық қызметкері («Қ. С. Э.»).

Айсағали. Кең ашылған қақпадан атарбамен **Айсағали** шөп алып кірді («*Жұлдыз*»).

Қисағали. Түнгі сағат бірде Батқаш пен **Қисағалидың** үйінің есігінен су сар ете түсті (*Т. Тәңалиев*).

Айыш. **Айыш** (**عیش** ‘айш — өмір). **Айыш.** Ақылым айтатұғын, келін Құрметтеп қатарыңды талдай майыс (*Тұрмағамбет*).

Ғайыс. **Ғайыстың** құю цехына ауысқанына көп өтпепті («Л. Ж.»).

Ғайын. **Ғайын** (**عين** ‘айн — 1) көз; 2) бұлақ; 3) мән, маңыз, ең тәуір). **Ғайын.** Зияда, Хорлы-**Ғайын**, Фархат-Шырын, Бұл күнде хабарым сондай жолдан (*Әріп*).

Ғайнетдин. **Ғайнетдин** (**عين الدين** ‘айн-уд-дин; ‘айн — қар. **عين** ; дин — қар. **دين**) — б. т. е. ‘айн + ад-дин: **Ғайнетдин**. Мұсабаев **Ғайнетдин** Ғалиұлы (1907-1981) — қазақ тіл білімінің маманы, Қазақстанның ғылым қайраткері («Қ. С. Э.»).

Ғайнолла. **Ғайнолла** (**عين الله** ‘айн-ул-лаһ; ‘айн — қар. **عين** ; аллаһ — қар. **الله**) — б. т. е. ‘айн + аллаһ: **Ғайнолла**. Көкбай деген **Ғайнолла** көпестің көшір жігіті ән салып жатыр (*І. Жансүгіров*). **Ғайнолла.** Аэропортқа **Ғайнолла** да келіпті («Л. Ж.»).

Ғайни. **Ғайни** (**عيني** ‘айни — 1) көз, көздікті; 2) бұлақ; 3) өте маңызды, елеулі; 4) мәнді). **Ғайни.** Ботакөз бен Еркеш, Әділжан мен **Ғайни** - мұның бәрі жастық өмірдің қызығына құлшына құмартқан адамдар («Қ. Ә. Т.»).

عینی جمال ('айни жамал; 'айни — қар. *عینی* ; жамал — қар. *جمال*) — б. т. е. 'айни + жамал: **Ғайнижамал**. Сол отрядта қазақтың **Ғайнижамал** деген қызы болды (С. Хайдаров).

عینی کمال ('айни камал; 'айни — қар. *عینی* ; камал — қар. *کمال*) — б. т. е. 'айни + камал: **Ғайникамал**. «Қыз көрелік» шығармасының бас кейіпкері **Ғайникамалдың** іс-әрекеттері... («Қ. Ә. Т»).

(Ғ)

غازی (**ғазы** — жасауынгер, жасаулап алушы, басып алушы, басқыншы). **Байғазы** (а-қ). Дөненбаева Камшат **Байғазықызы** — атақты механизатор («Қ. С. Ә»).

Ерғазы. Ашық алаңқайға шыққан **Ерғазылар** демалуға аялдады («Л. Ж»).

Темірғазы (қ-а). **Темірғазы** сияқты өнер иелерінің орындауындағы әсем әндер құлақ құрышын кандырады («С. Қ.»).

غناء (**ғана** — 1) байлық; 2) жеткіліктілік). **Қанабек** (а-қ). Байсейітов **Қанабек** — қазақ әншісі, артисі, режиссер, киноактер, драматург, қазақ музыкалық театрының негізін салушылардың бірі («Қ. С. Ә»).

غائب جمال (**ғайб жамал**; ғайб — жоқ, көрінбейтін; **غائب** ; жамал — қар. *جمال*) — б. т. е. ғайб + жамал: **Қайыпжамал**. **Қайыпжамал** — соғыс зардабын, жоқшылық тауқыметін, өмірдің ащы-тұщысын көп тартқан адам (Ш. Уәлиханов).

غائب علی (**ғайб 'али**; ғайб — жоқ, көрінбейтін; **غائب** ; 'али — қар. *علی*) — б. т. е. **Қайыпқали**. Есімов **Қайыпқали** (т. ө. ж. белгісіз) — Кіші жүз сұлтаны («Қ. С. Ә»).

غزال (**ғазал** — 1) киік, киіктің лағы; 2) ауыс. сұлу, әдемі, көрікті, сүйкімді). **Ғазел**. **Ғазел** қазір Алматыда тұрады (М. Бейсенбаев).

غفار (**ғаффар** — кешіруші, кешіргіші). **Ғаффар**. **Ғаффар** — ол кезде трикотаж фабрикасының мастерінің көмекшісі болатын («С. Қ.»).

Қапар. Байжүніс пен **Қапар** да озат шопан, Қолайлы шаруаға қандай маман (К. Әзірбаев). **Қапар** малды ауылдарға пенсионерлердің маусым кезінде көмектесу бастамасын қызу қуаттады (Ә. Аймағамбетов).

Қапбар, **Қаппар**, **Ғаппар**. **Қапбар** бұл сөзден кейін арыны басылып, ойланып қалды («Л. Ж»). Айтуар **Қаппарды** өзінің үйіне әкелді (І. Әлімқұлов).

غفور (**ғафур** — кешіруші, барлығын кешіруші). **Ғафур**. Қалбен **Ғафур** (1827-1880) — 1870 жылғы Маңғыстаудағы шаруалар көтерілісіне қатысушылардың бірі («Қ. С. Ә»).

غفورة (**ғафура** — кешіруші, барлығын кешіруші әйел). **Ғафура**. **Ғафура** Жексенбина өз ауылын, туған анасын, еңбекші жастарды жыр етеді (Қ. Бекхожин).

غلمان (**ғилман** — жас жігіттер; малайлар, құлдар). **Ғылман**, **Ығылман**. Сейілхан Динаның шәкірті - **Ғылман** Әлжановқа көбірек жүгінді (М. Сатыбалдиев). **Ығылман** Шөреков — ХХ ғасыр басындағы әдебиетімізде өзіндік орны бар, белгілі ақындардың бірі (Б. Кенжебаев).

غنی (**ғани** — бай, ауқатты, күйлі). **Ғани**. Мұратбаев **Ғани** (3. 6. 1902-15. 4. 25) — Орта Азия мен Қазақстан комсомол ұйымдастырушыларының бірі («Қ. С. Ә»).

Байғани (қ-а). **Байғанин** Нұрпейіс (1860-1945) — халық ақыны әрі жырау, Қазақстанның өнер қайраткері («Қ. С. Ә»).

Ғанибек (а-қ). Бұны көрген **Ғанибек** шыдап тұра алмады («Л. Ж»).

Қаныбай (а-қ). Көзілдірігі мұрнының ұшына ілініп, **Қаныбай** әлденелерді жазып отыр («Жалын»).

Қаныбек (а-қ). **Қаныбек** Әбіл Халықович пен Сабыровқа қолдасып амандасты (3. Шүкіров).

غنيمة (**ғанима** — 1) олжа; 2) ауыс. сәт, бақыт). **Қанима**. Ол аң-таң боп, **Қанимаға** қарады («Л. Ж»).

غياث (**ғиас** — *жәрдем, көмек, медет; құтқару*). **Қияс**. Қойшы сонымен, бір жыл ішінде балдызым Жөңкебайды қоймашы, інім **Қиясты** кассир, Бекберген ағайды приемщик етіп орналастырдым да қойдым (*Ж. Алтайбаев*). .

Қиясбай (*а-қ*). Бұған Дәркембайдың Меккеге жүргелі тұрған Құнанбайға **Қиясбайды** ертіп барып айтқан сөзі дәлел («*Қ. Ә. Т.*»).

Қиясбек (*а-қ*). **Қиясбек** қылаң атты барлаушы боп, Кез еді жіберілген отрядтан (*С. Мәуленов*).

غياث الدين (**ғиас-уд-дин**; **ғиас** — *қар*. **غياث** ; **дин**-қар. **دين**) — *б. т. е.* **ғиас-ад-дин**: **Қияседен**. **Қияседен** ғылыми жұмысын аяқтауға жақын («*Л. Ж.*»).

غيرة (**ғайра** — 1) *қызғаныш, берілушілік; 2) ынта, жігер құлшыныс*). **Қайрат**. Сен документсіз де алақанымдай анықсың, — деді **Қайрат** (*Ә. Тәжібаев*). Қызыл белбеулі көк «Газ-69» машинасы **Қайраттың** үйінің алдына тоқтай қалды (*А. Сатаев*).

Жасқайрат (*қ-а*). **Жасқайрат** совхоз бөлімшесіне сәскеде жетті («*С. Қ.*»).

(ف)

فاتح (**фатих** — 1) *ашушы; 2) бастаушы; 2) жаулаушы, жаулап алушы; 4) аққұба, ақиыл*). **Фатех**, **Батих**, **Патық**. **Фатехты Батих** деп айта береміз ғой, — деді Нұрилла (*Ж. Арыстанов*). Патық «шайтан арба» (велосипед) жасаймын деп әуре (*Ф. Мұстафин*).

فاتحة (**фатиха** — 1) *ашу (кітаптың бетін); 2) кіріспе; 3) ауыс. алғыс, бата, бата беру*). **Фатика**, **Фатиха**. **Фатика** — қаңқу-саңқудан аулақ өскен, оңаша елдің ер қызы (*Н. Әбуталиев*).

Батиха, **Бәтиха**. **Батиханы** өлгенше сабап тастапты (*Ә. Тарази*). Надежда Михайловна мен **Бәтиха** Байғалиевна есіктен енді ғана кірген еді (*Қ. Жұмаділов*).

فاروق (**фарук** — *дана, данышпан*). **Фарух**. Бірінші үлгілі қазақ атты әскер полкінің Қызыл Армияның алдыңғы қатарлы жауынгер тобы болып қалыптасуына Оспан және **Фаух** (дұрысы: **Фарух** — *Н. О.*) Әзірбаевтар үлес қосты («*Қ. С. Э.*»).

فاضل (**фадил** — *тұрарлық, лайықты, асқан, абзал*). **Фазыл**. **Фазыл** вагон терезесінен сағым ойнаған далаға қарап отыр («*Л. Ж.*»).

Базылхан (*а-қ*). **Базылхан** Бұхатұлы «Монғол-қазақ тілдерінің салыстырмалы-тарихи грамматикасы» деген тақырыпта кандидаттық диссертация қорғады («*Қ. Ә.*»).

Пазыл. **Пазылдың** үйі қасап бетте (*Х. Есенжанов*).

Пазылбек, **Фазылбек** (*а-қ*). **Пазылбек** - совхоздың қарт күрішшісі (*Т. Ыдырысов*). **Фазылбектің** кабинетінің терезесі алдында үлкен қарағаш өсуші еді («*Жалын*»).

فاطمة (**фатима** — *жалқы есім*). **Фатима**. Жасымнан сүйіп алған, Жазық жаным, Өлеңін естіп пе едің **Фатиманың** (*Саяділ*).

Бәтима, **Батима**. **Бәтиманың** ағасына, ағасының қарындасына хаттары екен («*Қ. Ә. Т.*»).

فانی (**фани** — 1) *көне, тозған; 2) опасыз; 3) ауыс. тұрақсыз*). **Пәни**. Дүмі жуан Қақабай бір атадан жалғыз туған Мәдидің соңына **Пәни** деген тоқалынан туған Айтмағамбет, Ахметбек ұлдарын, басқа да содыр-сойқандарын айдап салды (*С. Ләмбеков*).

فاتح (**фаттах** — 1) *ашушы (бақыттың есігін); 2) шауып алушы; 3) игілік беруші*). **Фаттах**. **Фаттах** Қарағанды ет комбинатына мал тапсыруға кеткен екен (*Қ. Исабаев*).

Батақ. Баласы мен **Батақтың** атым — Сары, Дейді ғой жұрттың бәрі Сары; Сары (*Батақтың Сарысы*).

فاتن (**фаттан** — 1) *қызықтырушы; 2) гажайып, сүйікті, демі тамаша, ең жақсы, өте әдемі; 3) арбағыш, еліктіргіш, сиқыришы, азғырушы, өсекші, шағымшы*). **Патан**. Елді аштықтан алып қалған, бәрімізді осы күнге жеткізген ақ күріш қой бұл, — деп бастаған **Патан** әңгімесін (*А. Бақтыгереева*).

فتح الله (фатх-ул-лаһ; фатх — жаңалық; 2) жеңіс, жаулап алу; فتح; аллаһ — қар. الله) — б. т. е. фатх + аллаһ: **Фатхулла**. Фатхуллин әл-Фарабидің философия, психология, әдебиет және өнер саласындағы еңбектері жөнінде ғылыми баяндама жасады («Л. Ж»).

Фатхолла. Отан алдындағы жемісті еңбектері кезінде жоғары бағаланғандардың арасында **Фатхолла** да бар («С. Қ»).

فخر الدين (фахр-уд-дин; фахр — мақтаныш, даңқ; дин — қар. دين) - б. т. е. фахр + ад-дин; **Бақыратдин**. **Бақыратдин** — белгілі халық ақыны Қуаныш Баймағамбетовтің ұлы («Қ. Ә»).

Пахриден. Бар деген соң бар, мазамды енді алма! — деді Белгібай **Пахриденге**. («А. Т»).

Пахритден. Осы бір күндері лагерьде өне бойы дал-дұл, бет-аузы парша-парша жаралы **Пахритден** пайда болды (З. Шашкин).

فداء احمد (фида ахмад; фида — құтылу, азат болу; فداء; ахмад — қар. احمد) — б. т. е. фида + ахмад: **Пидахмет**. — Бұл неғылған тас, — деді **Пидахмет** (І. Жансүгіров).

فرض (фард — 1) шамалау, болжау; 2) міндет, парыз, борыш, қарыз). **Парыз**, Фариз. **Парыз** бен Сүндетті ұрлық үстінде бір топ комсомол жастар ұстайды («Қ. Ә. Т»).

فريد (фарид — жалғыз ғана, теңі жоқ, сирек). **Фарид**. Бұл үйде біздің **Фарид** те тұрады екен (М. Қожахметова).

فريضة (фарида — 1) інжу; моншақ; 2) сирек, теңі жоқ зат, өте сирек, бірден-бір (уникум). **Фарида**. Совхоздың механизаторы **Фарида** мақта жинауда алдына жан салмай келеді («Л. Ж»).

فريضة (фарида — 1) міндет, парыз, борыш; 2) бұйрық, жарлық). **Фариза**. Жеке билеп жатқан бір жазираны, Көмекке шақыр досың **Фаризаны** (Д. Стамбеков). **Фаризаның** көзінен жас шығып кетті, бірақ жылап-сықтамай, тәкаппарлана тұрып қалды (Е. Ибрагимов).

فضيلة (фадила — рақымшыл, адамгершілігі аса күшті, жақсы қылықты). **Бэзила**. **Бэзила** қария бақытты ана еді (Б. Сарбалаев).

فهم (фаһим — тапқыр, зерек, зейінді, түсінгіш, көреген). **Бәйім**. Маған қарсы жауап айт, Болсаң жүйрік Табындай. Танымайсың Молда **Бәйімді!** Ежелгі жұртқа мәлімді (Молда Бәйім).

فاصل (файсал — 1) төреші; 2) жалқы есім). **Байсал**. Бұл дәуір — Демекұлдың **Байсал** деген атышулы сары балақ байдың қозысын баққан дәуірі (С. Ерубәев). Құнанбайға қарсы белдесуге шыдап, қол жиғызып отырған **Байдалы**, **Байсал** болды (М. Әуезов). Қожабек **Байсалды** Қамқамен таныстыру үшін ілестіріп келді (С. Еркебаев).

فايز (файд — 1) толу; тасып төгілу, кемерінен шығу, молшылық; 2) жомарттық, мырзалық, қолы ашықтық). **Байыз**, **Пайыз**. **Байыз** директорлыққа сол жолы тағайындалған («Жұлдыз»). **Пайыздың** осыны айтуы мұң екен, дәрігердің сүйкімді жанары жалт-жұлт ете қалды («Л. Ж»).

فايز الله (файд-ул-лаһ; файд — қар. فايز; аллаһ — қар. الله) — б. т. е. фазил + аллаһ: **Файзулла**. Өтемін дәйім әлдилеп, Ғажабы ғарыш ғаламды. Кеудемді іңкәр ән билеп, Жырлаймын дарқан даламды, — дейді Шәлила **Файзуллина** («Л. Ж»).

Файзолла. **Файзолла**, неде болса кездестік қой, Өзінді нәсер сөзбен құйып өтем (Әбілақат).

فايز رحمان (файд раһман; файд — қар. فايز; раһман — қар. رحمان) — б. т. е. файд + раһман: **Файзраһман**, **Пайыз-раһман**. Әріптін Исламшайық, **Файызраһман** атты ұлдары болды («Қ. Ә»).

فايزي (файди — жомарт, мырза, қайырымды). **Файзи**. Осы күні **Файзиеттің** жарыс барысындағы көрсеткен төзімділігі мен шыдамдылығы ерекше аталып өтті (М. Сергеев).

(ق)

قابل (қабил — 1) қабылдаушы, қарсы алушы; 2) келешек, болашақ; 3) жарайтын; 4) ауыс. қабілетті, талапты, ақылды). **Қабыл**. Сеңсең тон киіп, **Қабыл** күзетке шықты («Жалын»).

Байғабыл, Байқабыл (қ-а). Венгрияның Балатон көлі маңында 1945 жылғы көктемде қатты ұрыста менің қарулас досым **Байғабыл** Ермеков ерлікпен қаза тапты (Е. Баймұқанов). Елімнің мүсәпірге қайыры мол, Бар шығар бұл жерде де бізді білген. Ас қылдық **Байқабылға** ат шаптырып, Жүз жылқы айдап қайтқан Кәлмен деген (Ашубай).

Қабылбай (а-қ). **Қабылбайдың** астындағы аты сүріншек («Жұлдыз»).

Қабылбек (а-қ). **Қабылбек** келген кісілерді жылы жүзбен қарсы алды (Ә. Сәрсенбиев).

Қабылқан (а-қ). **Қабылқан** атының төсайылын бекітті («Л. Ж.»).

Тілеуғабыл, Тілеуқабыл (қ-а). **Тілеуғабыл** бұл күндері екінші жарты жылдық есебіне еңбек етуде («С. Қ»). Және бар **Тілеуқабыл**, Үсембайым, Сөйлейді шаршы топта бұлбұлдайын. Алма тартқан кісіге ат береді, А, Жамбыл, білуші ме ең мұның жайын? (Құлмамбет).

قابل احد (қабил ахад; қабил — қар. **قابل**, ахад — қар. **احد**) — б. т. е. қабыл + ахад: **Қабылахат**. **Қабылахат** түнімен мазасызданып шықты («Л. Ж.»).

قابل حق (қабил хаққ; қабил — қар. **قابل**; хаққ — қар. **حق**) — б. т. е. қабил + хаққ: **Қабылхақ**. **Қабылхақ** кеткелі жалғызсырайтынды шығарды («С. Қ»).

قادر (қадир — 1) күшті, құдіретті; 2) қабілетті). **Қадыр**. **Қадыр** Мырзалиев өлеңдері оқушы жұртшылығына салиқалы ойымен, тамаша тапқырлығымен, түйдек түйіндерімен қымбат (С. Мәуленов).

Балақадыр (қ-а). Үлкен тонды айқара жамылып, **Балақадыр** терлеп-тепшіп шәй ішіп отыр («Жалын»).

Қадір. **Қадір**, Нәдірді көрсең, іздегенің табылады («Жұлдыз»).

Қадірберді (а-қ). Аласа бойлы, адырақ көз **Қадірберді** науаның жанында тұр (Қ. Сәттібаев).

Кәдір. **Кәдірдің** үлкен баласы Сонабайдың үйінің сыртында төрт-бес кісі отыр еді (С. Сейфуллин).

Кәдірбай (а-қ). Келеріңізде біздің қадірлі жиен **Кәдірбайдың** атын атап келіңіз («Қ. Ә»).

Кәдірбек (а-қ). **Кәдірбек** бүркемесі жоқ адал кісі екен («Л. Ж.»).

Кәдіржан. **Кәдіржан** астындағы асауды айдауға салды («Л. Ж.»).

Кәдірқұл (а-қ). Жалықсам балаларға сайратамын, Өуезін бір бұлбұлдың таңдай қаққан. Сол бұлбұл **Кәдірқұлдың** Ыбырашы, Сөзімнің әзілі жоқ қанағаттан (Рахымжан).

Кәдірхан (а-қ). **Кәдірхан**, Жасында Батырхан... («Қарабек батыр»).

Қадырбай (а-қ). Жазушы кейін Сабырбай есімін **Қадырбай** деп алыпты (Р. Бердібаев).

Қадырбек (а-қ). **Қадырбек** сыртқа шыкса, аспан кою бұлттан айығып, күннің көзі көрініпті («Жұлдыз»).

Қадырқұл (а-қ). **Қадырқұл** басқаратын автоклуб өз жұмысын үлгілі ұйымдастырып келеді («Л. Ж.»).

Қадырхан (а-қ). Иланшы **Қадырхан** еңсесін көтерген (Д. Досжанов).

Қадір. Қолды болып кетті ғой Мүкәм-малың, Қайтейін кой бағып жүр **Қадір** әкең («Қарабек батыр»).

Қадірбай (а-қ). Әділқазылар алқасы **Қадірбайды** жеңімпаз деп тапты («Л. Ж.»).

Қадірберген (а-қ). Қаңлы Жүсіп **Қадірбергенұлы** (1873-1923) — қазақ халық ақыны («Қ. С. Ә»).

قادر علی (қадир али; қадир — қар. **قادر**; али — қар. **علی**) — б. т. е. қадир + али: **Қадырғали**. **Қадырғали** — Қадырғалибек, т. б. атпен де белгілі («Қ. С. Ә»). **Қадырғали** Көшімбеков — Орта Азия мен қазақ даласының тарихы туралы XV ғасырда жазылған «Жамиғат-тауарих» деген құнды еңбектің авторы («Л. Ж.»).

Қадірәлі. Игенбайдың үзенгілесі **Қадірәлі** де сол пікірді құптап, біраз дәлел келтірді (А. Жолдасбеков, С. Жолдасов).

قارون (қарун — 1) құранда айтылатын жаман атты миф есім; 2) ауыс. қанағатсыз, қайырымсыз, сараң бай). **Қарынбай, Қарымбай** (а-қ). **Қарынбай** — қазақ фольклорындағы көзі тоймайтын сараң, қарау байдың бейнесі (А. Машанов). Кетпесе Қарымбайдай жерге түсіп, Кетпесе жын-шайтан боп аспанға ұшып (К. Әзірбаев).

قاسم (қасим — 1) бөлуші, ортақтасушы (қайғыға); 2) матем. бөлгіш, ортақ бөлгіш; 3) жалқы есім). **Қасым**. Аманжолов **Қасым** Рақымжанұлы (1911-55) — қазақ совет ақыны («Қ. Ә. Т»).

Қасымбай (а-қ). **Қасымбайдың** мінезі бригадирлікке қолы жеткеннен соң-ақ, шайтандап кеткен («Л. Ж.»).

Қасымбек (а-қ). **Қасымбек**, Бөлтірікті білмеймін деп, Тағы да сөзден танып қылды шатақ (*Майкөт*).

Қасымхан, Қасымқан (а-қ). Сонан өнерлі жігітпен танысып, жөнін білгенімізде, Сабырбай ақынның немересі **Қасымхан** екен (*С. Бегалин*). Жалғыз жолаушы **Қасымқанның** ойына қайдағы-жайдағы түсті («*Жалын*»).

Қасымтай (а-қ). Қармақшылықтар... жасанды аяғымен трактор басқарған **Қасымтайды** ерекше құрметпен еске алады («*С. Қ*»).

قاسم علی (қасим ‘али; қасим — қар. قاسم; али — қар. علی) — б. т. е. қасим + ‘али: **Қасымәлі**. Осы бір кештің қалай тез өткенін **Қасымәлі** сезбей де қалды («*Л. Ж*»).

قاضى (қади — би, қазы, судья). **Байқади** (қ-а). **Байқадидың** ащы айқайы — ауылды шырты ұйқысынан шошытып оятты («*Жалын*»).

Қази. **Қази** Қойшығұловты білемін (*С. Мұқанов*).

Қазихан (а-қ). Сен сияқты жігіттерден қашқан ғой, — дейді Қазихан (*Ә. Нұршайықов*).

Қазы. **Қазының** сөзі әділ, өзі шешен, Қадірлі Жалайырға батыр, көсем (*К. Әзірбаев*).

Қазыбай (а-қ). Осы совхоздың директоры **Қазыбай** еді (*І. Есенберлин*).

Қазыбек (а-қ). **Қазыбек** би (1665-1765) ел арасында Қаз дауысты Қазыбек атанған («*Қ. С. Э*»).

Қазығұл (а-қ). «Қайрат», қайратынды таныт! Артыңда үлкен үмітпен біз тұрмыз, соны ақтағайсың! — дейді жанкүйерлер атынан **Қазығұлов** («*Л. Ж*»).

Қазықан, Қазыхан (а-қ). **Қазықан** неге шайға келмейді, — деді Дәндібай (*І. Жансүгіров*). **Қазыхан** Хайруллаевич, — деді екінші сарапшы (*З. Мұсаев*).

قدم (қадам — 1) қадам; 2) ауыс. бағыт, беталыс). **Байқадам** (қ-а). Досбол би қосып берді бір жігітті, О да тәуір бала екен сондай епті. Екі шекті қарағай қолға алып, **Байқадамның** Сейілін іздеп кепті (*Құлтума*).

قدس (қудус — әулие, шарапатты, қасиетті (орын, жер). **Құдас**. **Құдас** баланы үйіне әкеліп салды («*Жұлдыз*»).

Құдыс. Түстен кейін күннің ыстық аптабы қайтқан соң, **Құдыс** жұмысын жалғастырды («*Л. Ж*»).

قربان (қурбан — 1) бір нәрсенің жолына бағышталған садақа, тида; 2) ауыс. белгілі бір мақсатты орындау жолында жан қию, қаза болу). **Құрбан**. **Құрбановтың** үйіне бұрылғанда, Хакім «Мұқараманың бөлмесіне кіріп, бұрыштағы шар айнасына бір қарар ма еді» деп арман етіп еді (*Х. Есенжанов*).

Құрбанбике (а-қ). Алдымен **Құрбанбикенің** алға қойған арман-мақсатын барлап алайық («*Х. М*»).

Құрман. **Құрманов** Ақан (1918-43) — Кеңес Одағының Батыры («*Қ. С. Э*»).

Құрманай (а-қ). Олар бер жаққа өткенше, **Құрманай** ұзап кетті («*Жалын*»).

Құрманбай (а-қ). Ізғұтты **Құрманбайұлы** Айтықов — Кеңес Одағының Батыры (*А. Закарин*).

Құрманбек (а-қ). **Құрманбектің** қимылында батырға лайық қайрат, кеуде кернеген ерлік, ызаның екпіні жақсы көрінеді (*М. Қаратаев*).

Құрманкелді (а-қ). **Құрманкелді** сөніп қалмасын деп отқа әлсін-әлсін сексеуіл тастайды («*Л. Ж*»).

Құрманкүл (а-қ). Кеше ғана туған жердің топырағын тәуап етуге зар болғандықтан ба, көргенімнің бәріне де қызығам! — деді **Құрманкүл** (*Ж. Арыстанов*).

Құрмантай (а-қ). Қарағым, **Құрмантай** дегенді білмейсің бе? — деді (*Т. Ахтанов*).

Құрманхан (а-қ). **Құрманхан** Әмірмен анда-санда хабарласып тұратын (*Ә. Құлымбетов*).

قربان اصیل (қурбан асил; қурбан — қар. قربان; асил — қар. اصیل) — б. т. е. қурбан + асил: **Құрманасыл**. **Құрманасыл** - қызыл ізшілер жорығының белсенді мүшесі («*Л. Ж*»).

قربان علی (қурбан ‘али; қурбан — қар. قربان; али — қар. علی) — б. т. е. қурман + ‘али: **Құрманәлі**. **Құрманәлі** шопан әр жүз саулықтан 140-150 аралығында төл алып, мал санын көбейтуге сүбелі үлес қосып келеді (*Б. Бейісбаев*).

Құрбанғали. Қазақтың белгілі тарихшысы һәм этнографы **Құрбанғали** Халидовтың (1846-1913) — саяхатнама және тарихнама түрінде жазған «Тауарих нама» аталатын кітабындағы (1910 жылы Қазандағы «Өрнек» баспасында жарық көрген) қазақ әдебиетіне қатысты мәліметтерді қамтитын бұл зерттеудің танымдық мәні бар (*К. Сейдаханов*).

Құрманалы. **Құрманалы** — совхоз қорығына түскен малдарды иелеріне табыс етті («*Л. Ж*»).

Құрманғали. **Құрманғалиев** Ғарифолла — қазақ әншісі (тенор), халық артисі («*Қ. С. Э*»).

قربان غازى (қурбан ғазы; құрбан — қар. **قربان**; ғазы — қар. **غازى**) - б. т. е. қурбан + ғазы: **Құрманғазы. Құрманғазы Сағырбайұлы** (1806-1879) — қазақтың күйші-композиторы, домбырашы, халық музыкасындағы аспаптық музыканың, (күйдің) классигі («Қ. С. Э»).

قرمزی (қирмизи — қызыл, алқызыл). **Қырмызы.** Қаршығадай әдемі, қызыл сары келіншек **Қырмызы** да Таңатардың сұрықсыз жүзіне әбигерлене көңіл аударып, өбек ұшқан пейілмен қабыл алды (Ә. Әзиев).

قرنفل (қаранфул — бот. хош иісті өсімдік және оның дәні). **Қалампыр.**— Аумин!— деп **Қалампыр** бір тізерлеп отыра қалып, кемпірдің батасын демдеп, қолын қосыла жайысты (Х. Есенжанов). Сілем қатып өлгелі отырсам,— деп **Қалампырды** оқты көзімен атып, ожырая сөйледі (А. Хангельдин).

قسيم (қасим — әдемі, сұлу, сүйікті, шырайлы, жүзі жылы). **Қасым. Қасым** Қайсенов — Ұлы Отан соғысының ардагері, партизан жазушы («Қ. С. Э»).

Қасымбек (а-қ). Назира өзінің күйеуі **Қасымбекпен** таныстырды (Т. Тоқбергенов).

Қасымхан (а-қ). Батырбектің кейінгі ағасы **Қасымхан** да өзі тіленіп, майданға аттанды (Н. Хасенов).

قضية (қадина — 1) мәселе, проблема; 2) іс, жағдай; 3) іс (заң), іздену процесі; 4) теорема; 5) хал, тезис). **Қазия.** Үйге **Қазия** шешей кірді (Ж. Кәрменов).

قطار (қитар — 1) тізбек; 2) керуен, поезд). **Қатар.** Айттың ғой Қармақ пенен **Қатаровты**, Малды олар салқындықпен қаңтарыпты (Ержан).

Қатарбай (а-қ). Мінезі ауыр **Қатарбай** ішкі ойын әлі де білдірген жоқ («Л. Ж»).

قطيفة (қатифа — 1) барқыт; 2) масаты). **Қатифа** шешей жұмыстан шаршап қайтқан келінін айналып-толғануда («Л. Ж»).

قلعة (қал‘а — 1) бекініс, қорған, қамал; 2) ауыс. ірі елді мекен, шаһар).

Қалабай (а-қ). Б. **Қалабаев** — Қарқаралы ақыны (Р. Бердібаев).

قلم (қалам — қалам.) **Қаламбай** (а-қ). Жаппас **Қаламбаев** (1909—70)— Қазақстанның өнеріне еңбек сіңірген қайраткер, атақты қобызшы («Қ. К»).

Қаламқас (а-қ). Айттым сәлем, **Қаламқас**, Сенен артық жан тумас, Туса туар артылмас (Абай). Жүректі шерткен Абайдың **Қаламқасы** екен (Ғ. Орманов).

Қаламқұл (а-қ). Менің көргенімді жан адамның басына бермесін,—деп **Қаламқұл** зәрезап болды (Қ. Қасымбеков).

Қаламұш (а-қ).— Тәйт әрі! Бұл саған ойыншық деп пе едің...— деп **Қаламұш** оны тыйып тастады (Т. Ахтанов).

قمر (қамар — 1) күнге көз шағылысу; 2) ай; 3) астр. серік, спутник). **Қамар.** Талайы бозбаланың болған ғашық, Уай шіркін! Болсайшы деп бізге нәсіп. Егер де **Қамарменен** тіл қағысса, Құдай ұрып жым болар кара басып (С. Торайғыров).

قمر الدين (қамар-уд-дин; қамар — қар. **قمر**; дин — қар. **دين**) — б. т. е. қамар + ад-дин: **Қамариддин. Қамариддин** (т. ж. белгісіз — 1930 ж.) — Дулат тайпасының әмірі, іс жүзінде Моңғолстанды (XIV ғасырдың 70-80 жылдары) билеушілердің бірі («Қ. С. Э»).

قمرية (қамарина — айлы, айдай, ай тәрізді сұлу). **Қамария. Қамария** жұмысын қалай мақтаса да сияды,— деді нық сеніммен (С. Шәмшекөв).

قناعة (қана ‘а — сабырлық, барына ризалық). **Қанағат.** Ел ортасының қадірлі де қасиетті шаңырағы сияқты көрінген шағын шаруалы **Қанағат** қария ірі алпауыттар тізіміне қосылып, елден бөлектеніп қалды (К. Сыздықов). **Қанағат** және Жақып ақсақал секілді ел адамдарының өмірі, күнкөрісі арқылы қарапайым ауылдағы әлеуметтік тартыс ашыла түседі (Е. Байтоқов).

قند (қанд — мұз секілді шекерден жасалған тәтті кәмпит). **Қант**. Жұмағұл қария мен **Қант** шешейдің отасқанына елу жыл толған алтын тойы атап өтілді («Б. О»).

Қантбек. Ашылып қалған балаларын қымтап жауып, **Қантбек** те шықты («Жалын»).

قهار (қаһһар — аса құдіретті, ең күшті, барлығын қолында ұстаушы). **Қаһар, Қахар. Қаһар** баспалдақта тұрып айқайлап бірдеме деп еді, сөзін жел есіртпеді («Л. Ж»).

قوة (қууа — күш, құдірет, жігерлілік, қайраттылық). **Қуат**. Ауылда Тойшыбай дейтін оташы болушы еді, сол келіп **Қуаттың** әкесінің сынған аяғын таңып берді (Ғ. Мұстафин).

Байқуат (қ-а). **Байқуат** салпы ернін бұрынғыдан да көнтите жиып ап, желкесін күдістендіре бере, бояуы оңған нұрсыздау көзін Дәуренге тосырайта тікті (З. Қабдолов).

Еркуат (қ-а). **Еркуат** бұрын көп жыл мұғалім болған кісі екен (Д. Әбілев). Етікші **Еркуатпен** құрбы шығып, Қалады жатын үйге кіші отауды (Б. Адамбаев).

Кенқуат (қ-а). Болмай ма жазсын барып, көріп түрін, Тарысын отақ басқан Ибагүлдің. Күріші **Кенқуатов**, Тәжбеноттың, Иіні көтермей тұр «артқан жүгін» (Тілеген).

Қуатбай (а-қ). **Қуатбай** кандидаттығын қорғаған соң басқа жұмысқа ауысты («Жалын»).

Қуатбек (а-ң). **Қуатбек** күзеттен шолпан туа орнына келіп жатты («Л. Ж»).

قوم (қаум — ұлт, халық; қоғам, ұйым). **Қауымбай** (а-қ). Тойғанбай **Қауымбаев** — батыр атағын алады («Жұлдыз»).

قومه (қаума — 1) көтерілу (намаз оқығанда сәждеден кейін басын көтеру); 2) ауыс. күш, жігер, қуат). **Қаумет**. Әріп Көкбай, **Қаумет**, Қуанышбай тәрізді ақындармен айтысады (Б. Кенжебаев, Ө. Есназаров).

قوية (қауинна — күшті, қуатты, жігерлі, мықты әйел). **Қауиня**. Бекеннің анасы **Қауиня** апай — өте ақылды, ақжарқын, дана кісі еді (Ә. Бектасов).

قيصر (қайсар — 1) тар. Рим патшасы Юлий Цезарьдың аты, ол кейін патша титулына айналған; 2) патша, әмір, мәлік; 3) ауыс. өжет, табанды). **Қайсар**. Тәштитов **Қайсар** (1904-38) — Қазақстан комсомол ұйымы басшыларының бірі («Қ. С. Э»).

Қайсарбай (а-қ). **Қайсарбай** әрбір қыстаққа барып, шопандардың қашан, қайда көшетіндігіне дейін түсіндіріп кетті (С. Тұрғынбаев).

Қайсарбек (а-қ). **Қайсарбек** пен Нұрлан әлденеге қызыл кеңірдек болады да жатады, осы,— деді («Жалын»).

قيمة (қима — 1) бағалылық; бағалы, қадірлі зат; 2) баға, құн; 3) адамгершілік, сапа). **Қымбат**. Дәкен, Зәрия, Уақыт, **Қымбат**, Зәфура дегендер — біздің бойжеткендер (Ә. Дәуітов).

قيوم (қайум — мәңгілік, өзгермейтін). **Қайым**.— **Қайым** әлгіндегі көріп шыққан спектакльдің әсерінен арыла алмай келеді («Л. Ж»).

(ك)

كاشيفة (кашифа — құтылу, азат болу). **Кәшипа**. Өргенде жайылысқа ертемен мал, Болады ферма басы бейне базар. Күніне он литрдей сүт алады, Сауыншы Қибат пенен **Кәшипалар** (Қисса).

كافل (кафил — 1) қамтамасыз етуші, кепіл болушы, кепілге алушы; 2) қамқоршы; тәрбиеші). **Кепілбай** (а-қ). Қарсақбайдан ағайынды Бизаевтер, **Кепілбай** мен Толыбайлар екен (М. Қаратаев).

كامل (камил — 1) толық, тұтас; 2) жетілген, маңдай алды; 3) жетік). **Камил, Кәмил. Камил** атына қалмақы кара үзеңгілі биік қасты ер салды (Ш. Әбілтаев). Дей берме, «Өзім білем», өзеуреме, Тұрарлық бір **Кәмилдің** айтуына-ақ. Аппазды қаралаған қайсы сезім? Түрің бар сол кісімен шағыстырмақ («Айтыс»).

Кәміл. Кәміл ұйыған аяғын жазып, рахаттана керілді («Жұлдыз»).

كاملة (**камила** — 1) толық, тұтас; 2) жетік, жетілген). **Кәмила, Кәмилә.** Туған апасы **Кәмиламен** дидар көріспегеніне де отыз жылдың жүзі болыпты (Т. Әлімқұлов). **Кәмилә** апанды көр де, шешенді көр,— деді Құлнияз ағам (С. Омаров).

كاهن (**қаһин** — 1) абыз; 2) пайғамбар; болжаушы). **Кәкен. Кәкен** демалмастан бүлінген қоршауды жөңдей бастады («Л. Ж»).

كبيره (**кабира** — үлкен, зор, ұлы). **Кәбира. Кәбира** екіқабат болды да, мезгілді күнін өткізіп, егіз ұл тапты (Қ. Әбдіқадыров).

كتاب (**кітаб** — кітап). **Кітапбай** (а-қ). Әкесі балам оқымысты болсын деп, бұның атын **Кітапбай** қойыпты («Жалын»).

كثيره (**қасира** - мол, көп, маңызды). **Қасира.**— Рас, педагогикалық бағыттағы газет, журналымыз бар, әдеби газет жөні бөлек,— деді **Қасира** («Қ. Ә»).

كراء (**қира** — жалдау; кіре). **Кіребай** (а-қ). Тарап барамыз. Мұнымыздың қандай бастама екенін, енді өзіңіз сараптап қараңыз!— деді **Кіребай** («Л. Ж»).

كرامة (**карама** — 1) құрмет; 2) жомарттық; 3) гажан). **Кәрама.** Совхоз зоотехнигі болып жас маман **Кәрама** сайланды («Л. Ж»).

كريم (**карим** — жомарт, мырза, ақкөңіл, игі, шарапатты). **Кәрім. Кәрім** шықты жасынан, Қайратын жұрттан асырған (Сарбас). **Кәрім** мен сол жағындағы Рақима қосыла сөйледі (Ф. Мүсірепов).

Әйгерім, Айкерім (қ-а). Бұның Шүкіман деген аты сұлу емес, сай емес! Жаңа ат қоямыз. Шүкіман аты қалсын, енді аты **Әйгерім! Әйгерім** болады,— деді (М. Әуезов).

Кәрімбай (а-қ). Жаздым мұны Ахмет **Кәрімбайға**, Ер жігіт түк болмайды жүрсе жайға (Жүсіп қожас).

Кәрімбек (а-қ). Қарсы жолыққан кісі өзіміз іздеп келген **Кәрімбек** ағай екен («С. Қ»).

Кәрімберді (а-қ). **Кәрімбердінің** өмір жолы Ұлы Отан соғысының отты жылдарында басталды (М. Исаев).

Кәрімқұл (а-қ). **Кәрімқұл** «Кертайлак» әнін шебер орындады («Л. Ж»).

Кәрімтай (а-қ). Еңбек ардагері **Кәрімтай** — ардақты әке, жұбайы Бактыбала екеуі алты бала тәрбиелеп өсірді (К. Малдыбаев).

Керім. Керім менің көмекшім еді,— дейді Ыдырыс (Ж. Хасенбаев).

Керімбала (а-қ). **Керімбала** рояльдың тілдерінде нәзік саусақтарын жүгіртіп ойната бастады (С. Омаров). М. Әуезов суреттеген Тоғжан, **Керімбала...** Үмітай сықылды сұлу қыздардың портреттері біркелкі емес, алуан түрлі («Қ. Ә. Т»).

Керімбек (а-қ). Байларды конфискациялау, колхоздастыру, Ұлы Отан соғысы және одан кейінгі кезендер **Керімбектің** көз алдына келіп, көңілінде кинолентадай оралып жатты (Б. Есенжанов).

Керімберді (а-қ). Осы дырдудың ішінде ауыздыға сөз, аяқтыға жол бермейтін қу жақ шал **Керімберді** де бар (О. Сәрсенбаев).

Керімқұл (а-қ). **Керімқұл** атын сипай қамшылап, егістікке келе жатыр («Л. Ж»).

Керімтай (а-қ). **Керімтай** - ашуланшақ, шақар кісі («Жалын»).

Керімхан (а-қ). Күрішті аралап жүрген **Керімхан** екен (Б. Мәтенова).

كريم الله (**карим-ул-лаһ; карим** — қар. **كريم**; аллаһ — қар **الله**) — б. т. е. карим + аллаһ: **Кәримолда, Кәримолла, Кәримолла. Кәримолда** — көпті көрген, іс үстінде ысылған, өз жұмысына шебер жан («Қ. Ә»).

كريم علي (**карим** ‘али; карим — қар. **كريم**; али **علي**) — б. т. е. карим + ‘али: **Кәрімғали. Кәрімғали** арба үстінде келе жатқан керуен басы мен оның түйе бағатын жас бала жігітін ғана білетін (Х. Есенжанов).

كريمة (**карима** — жомарт, мырза, игі, шарапатты). **Кәрима. Кәрима** — уылжыған жас қыз («Т. С»). **Кәрима** болса, жасыратын не бар, қынай белдің өзі (М. Қабанбаев).

كشاف (**кашшаф** — 1) ашушы (зажаптың сырын), табушы; 2) барлаушы, шолғыншы). **Кашаф**. Физатлу уа хұрматлу ата-анамызга, бауырым **Кашафқа** дұғай сәлем,— деп бастады ол (Д. Әбілев).

كلمة (**калима** — 1) сөз 2) нақыл; 3) қысқа сөз). **Калима**. Бас бәйгеге ие болған **Калима** сияқты көптеген жүлдегер шеберлердің аттары белгілі (С. Қасиманов).

كمال (**камал** — толықтық, толық аяқталған, мүлтіксіз, жетілген). **Камал**. Жетім үй боп біз қалдық, **Камал** төртте, Сынар бұтақ секілді қалған өртте. Арқам - бесік, етегім — төсек болды, Жылай-жылай шалындым өзім дертке (А. Тоқмағамбетов).

Камел. Алматыны жер жаннатына айналдыруға тиіспіз,— дейді **Камел** (Ж. Өмірбеков).

Кемал. Балықтың бар жерін барлап, біліп алмайынша кез келген аймаққа ауды үйіп-төгіп құруға әсте болмайды, — деді **Кемал** (Ш. Дармағамбетов).

Кемел. **Кемел** Тоқаев — қазақ совет жазушысы («Қ. С. Э»).

Кемелбай (а-қ). **Кемелбайдың** қатынымен Раушан Тасқараның тойында әлдеқалай табақтас болып, етке таласқандықтан араздасқан еді (Б. Майлин).

Кемелбек (а-қ). Қасында қой жайыстым **Кемелбектің**, Көз тастап кей биіктен, өлеңдеттім (Ғ. Орманов). **Кемелбек** Мәслейге жолықты (І. Жансүгіров).

Кемелтай (а-қ). **Кемелтай** қыздың басындағы желмен үлбіреген үкісіне қарады («Жалын»).

Кемелхан (а-қ). Рабиға мен Рәшай, **Кемелхан** мен Күләш-ай, Ахау, Айнагүл, Сандұғаш, Қош есен бол, Қарлығаш (Қали).

كمال الدين (**камал-уд-дин**; камал — қар. **كمال**; дин — қар. **دين**) — б. т. е. камал + ад-дин:

Камалиддин. Жамал Қаршидың айтуынша, ғұлама ақындардың көп шыққан жері — Сырдарияның жағасы. Солардың бірі **Камалиддин** Сұғнаки, екінші аты — Шайқыбаба («Қ. С. Э»).

كمالی (**камали** — салтанаттылық, молшылық, әдемілік, шаттық заты). **Кәмали**. Көшті **Кәмали** бастады («Л. Ж»).

(Л)

لازم (**лазим** — қажетті, керекті). **Ләзім**. **Ләзім** мен Нағима өмірден өз орындарын тапты («С. Қ»).

لائق (**лайық** — лайық, тұрарлық, ыңғайлы, қолайлы). **Лайық**. О, менің алтын заңым, ақ арманым, Санамның сен паш еттің жаңарғанын. Сәуледей сенің әрбір тарауыңнан іздеген ізгі үмітін табар жаным,— дейді **Лайық** («Қ. Ә»).

لذة (**лаззат** — 1) тәттілік, шырынды; сүйкімділік; 2) көңіл, ықылас). **Ләззат**, **Ләззәт**. **Ләззаттың** әсіре кызылға бой ұрмай, әлем-жәлемге бармай, өнер көрсетіп отырғаны халайыққа қатты ұнады (Қ. Сәрсекеев). **Ләззәт** азынаған бойы жылығандай бұйығып, анасының бауырына тығыла түсті (Т. Ахтанов).

لذیة (**лазиза** — тәтті, шырын; тамаша, ең жақсы, өте әдемі). **Ләзиза**. Әзірге байырғы журналист **Ләзиза** Серғазинаның Қаракөз рөлінде ойнағаны өте әсерлі түрде есімде қалыпты (Қ. Бекхожин).

لطيف (**латиф** — 1) ашық жүзді, жайдары, жылы шырайлы, сыпайы, құрметті, сүйкімді, рақымды; 2) әсем, көркем, нәзік). **Латиф**, **Латып**, **Латип**. Біз **Латифті** көп жылдан бері білеміз (Т. Шынтасов). Иә, қазір мұнда **Латип** сияқты бірнеше таңдаулы дәрігер жұмыс істейді (Ә. Айдаров). **Латып** комбинатқа жолдамамен келіпті («Л. Ж»).

لطيفة (**латифа** — 1) жіңішкелік, нәзіктік; 2) өткір сөз; 3) тарту, сыйлық). **Латифа**, **Латипа**. Коңырау соққан **Латифаға** есікті кішкентай кекілді бала ашты («Л. Ж»). Кенен айтыстарының ішінде, әсіресе, оның **Ләтипа** деген қызбен айтысы айрықша аталады («Қ. Ә. Т»). Айтысып, әзілдесіп қағысатын, Ортасында **Ләтипа** туған айдай (К. Әзірбаев).

لعل (ла 'л — 1) рубин (қызыл түсті асыл тас); 2) ауыс. қызыл ерін сұлу). **Лағыл**. Ә.Әбішевтің драматургиялық шығармасындағы **Лағыл**, Сәуле сияқты замандас қыз-келіншектер есімін еске түсірмей өте алмаймыз (Ә. Сығабев).

لفظ (лафз — 1) үн, дыбыс шығару; 2) сөз, сөз айту). **Лепес**. **Лепес** майданға Қалжан ағаммен бірге аттаныпты (З. Шүкіров).

Ерлепес (қ-а). **Ерлепестің** ойқы-шойқы жаралған үлкен денесі толы қайрат («Л. Ж».).

لقمان (лукман — жалқы есім). **Лұқбан**. Қылышев **Лұқбан** Қылышұлы — ғылым қайраткері («Қ. С. Ә».).

Ұлықбек. **Ұлықбек** өлеңдері сыр мен сезімге бай болып келеді («Қ. Ә».).

Ұлықпан. Профессор талас тудырған сұрақтардың философиялық мән-мағынасына тоқталды,—деді **Ұлықпан** («Л. Ж».).

ليلى (лайла — 1) түнгі, кешкі уақыт; 2) жалқы есім). **Ләйла**, **Ләйлә**, **Лейла**, **Ләйлі**. Сөйтіп, **Ләйла** менің басымнан нәпсі-құмарлықтан туған жеңілтек ой тұманын осылай ыдыратып, лезде қуып шығатын (Ә. Нұршайықов). **Ләйләнің** жұбайы осында істейді екен (К. Әміров).

(М)

مال (мал — 1) байлық; 2) мүлік; 3) ақша, капитал; 4) ауыс. төрт түлік). **Малбағар** (а-қ). Мендіқұлов **Малбағар** — Қазақстанға еңбек сіңірген архитектор («Қ. С. Ә».).

Малдыбай (а-қ). Найманбай, **Малдыбай** мен Қарасайлар, Әділ би айтқан сөзі ем болады (К. Әзірбаев).

Малдыбек (а-қ). **Малдыбек** табан астында нілдей бұзылды («Жалын»)

Малтабар (а-қ). Біреулер **Малтабар** құлдырап кетті, тұрмыста азып-тозуға ұшырай бастады деп тіл тигізді (Р. Әбутәліпов). Үй ішін жинастыру жабдығында жүрген қыздар, әсіресе, Айжан **Малтабардың** үйге кіріп келгенін аңғармай қалды (С. Мұқанов).

ماهر (маһир — 1) шебер, епті; 2) аса көп білуші). **Макир**. **Макиров** Қуаныш Аманбайұлы — қазақ эпидемиологы... («Қ. С. Ә».).

ماهرة (маһира — 1) шебер әйел; 2) көп білетін әйел). **Мағира**. Олар — Айгүл, **Мағира**, Жұмагүл, Сара (Ә. Тарази).

Мағираш (а-қ). О, тоба, өзен бе, әлде, өзге ағыс па, Бұлдырап көрінеді, көзге алыста. Бір келіншек барады көшті бастап, Келіншектау, тынымсыз қозғалыста,— дейді **Мағираш** Сарикова («Қ. Ә».).

Майра. **Майра** Уәлиқызы (1896-1926) — қазақтың әншісі, композиторы («Қ. Қ».). Ыбырай, Әсет, **Майра**, Ақан сері Қазақтың өткен талай әншілері (К. Әзірбаев).

Махира. Төлеу мен **Махираның** азғыруына ерген Раяның анасы Әйнек бір аяғы жерде, бір аяғы көрде отырған Мұратбектің шешесіне тыныштық беруді қойды («Л. Ж».).

مبارك (мубарак — 1) бата алған, 2) аман-есен, сәтті, құтты, бақытты; 3) ауыс. қадірлі, қасиетті, қайырлы). **Мұбарак**, **Мүбәрәк**. **Мүбәрәк** баланы көтере бергенде аяғы тайып, оңбай жығылды («Жалын»). Мүбәрәк «Шықпаймыз» деп болмады (І. Жансүгіров).

— Уа, жігіттер!— деді **Мүбәрәк** (Ә. Сәрсенбиев).

مبين (мубин — айқын, анық, ақиқат). **Мүбін**. **Мүбін** «Ил-18» әуе кемесінің баспалдағымен төмен түсіп келеді («Л. Ж».).

مبينة (мубина — айқын, анық, ақиқат). **Мубина**, **Мүбина**, **Мүбина**. Қазақ қыздарының ішінен алғаш рет таң шолпанындай жарқ еткен тұңғыш дәрігерлер — Аққағаз Досжанова, Мағрифа Қойбағарова, **Мубина** Ниязовалар (Ә. Жәкетова). **Мүбинаны** өнерсүйгіш қауым айрықша қадір тұтады (М. Сатыбалдиев).

متين (матин — берік, орнықты, нық, мықты). **Мәтен**. Төр алдында Мәтен шалқасынан түсіп, ұйықтап жатыр («Жұлдыз»).

مثر (муср — 1) бай; 2) миллионер). **Мүсір**. **Мүсір** шал есегіне мініп, күнде осы арадан өтеді («Жалын»).

مثر علی (муср ‘али; муср — қар. **مثر**; али — қар. **علی**) — б. т. е. муср + али: **Мүсірәлі**. **Мүсірәлі** мен Түркеш Динаға Салауаткерейден де басқа көрінді (С. Бақбергенев). Оразтай, Оразалы, **Мүсірәлі** деген үш інісі бар (Ж. Арыстанов).

مجيد (мажид — даңқты, атақты, мақтаулы). **Мәжит**. Қасында **Мәжит** Дәулетбаев бар екен (М. Хакімжанова).

Мәжитбек (а-қ). **Мәжитбекке** осылай деп дүрсе қоя берді (Е. Ахатов).

محاط (мухат — қоршалған). **Мұқат**. Бүгін ойымнан **Мұқат** шықпай қойды («Жұлдыз»).

محبوبة (махбуба — сүйікті; ұнаған). **Махбуба**, **Макбуба**. Араб қызы **Махбуба**, Сөз айтпадым шешіліп. Сен ұқсадың аққуға, Теңіз жатты көсіліп (Қ. Салықов).

محسن (мухсин — игілікті, рақымды; жарылқаушы, есіркеуші). **Мұхсын**. Баубек Бұлқышев 1940 жылдың 6 наурызынан бір топ жолдастары Ғазиз Әбішев, **Мұхсын** Ермековпен... Отан алдындағы қасиетті борышын өтей бастады (С. Асқаров).

محسنة (мухсина — игілікті, рақымды (әйел). **Мұхсина**. Жайласып отырып, алдарына **Мұхсинаның** ас жаулығы жайылған кезде... (І. Жансүгіров).

محفوظة (махфуза — 1) сақталған; 2) жадында қалған, есте сақталған). **Махфуза**, **Мақфуза**, **Мақпуза**. **Махфузасы** мен Ертісін мәз-мейрам етіп келе жатқан Исаны көрдім (К. Омарұлы). **Махпузаның** атасы ертегілерді, батырлар жырын жатқа білуші еді («Л. Ж»).

محکم (мухкам — жақсы істелген; жетілген; берік, орнықты, нық, мықты). **Бекем**. Жат кісіге кішкене **Бекем** тесіле қарайды («Жалын»).

Бекембай (а-қ). Ауылдың шетінде кетіп бара жатқан **Бекембайды** шақырып алды («Жұлдыз»).

Мекембай (а-қ). Бақсам, өзіме таныс **Мекембай** екен («Жұлдыз»).

Мекемтас (а-қ). Ұлы қаламгер әдетке айналдырған осынау өнегелі дәстүр жазушы атаулының үлгі алып, үйренері болуға тиіс дағды екені анық-ақ,— дейді **Мекемтас** Мырзахметов («Қ. Ә»).

محمد (мухаммад — 1) мақталған, мақтаулы; 2) жалқы есім). **Аймағамбет** (қ-а). Намаздігер шағында аттарын жегіп, **Аймағамбет** жүріп кетті («Жалын»).

Баймағамбет (қ-а). **Баймағамбет** Ізтөлин (1898-1921) — Қазақстанда Совет өкіметін орнату жолында күрескен революционер, ақын («Қ. К»).

Баймұхамбет, **Баймұхамбед** (а-қ). **Баймұхамбет** әңгімесін бабымен бастады («Л. Ж»).

Баймұхаммет (қ-а). Тобылдай мекен жайым, Үңгіт затым, Халқыма мағлұм еді жазған хатым. Атақты Тілеуберген жыршыңыздың, Баласы **Баймұхаммет** болады атым (М. Сералин).

Баймұханбет (қ-а). 1949 жылы Н. **Баймұханбетовтің** тау-кен инженерлерінің өмірінен алып жазған «Асыл тастар» пьесасы қойыла бастады (Е. Букетов).

Бейімбет (қ-а). **Бейімбет** Майлин (1894-1938) — қазақ совет әдебиетінің шаңырағын көтерісіп, уығын шаншысқан әйгілі қазақ совет жазушысы («Қ. С. Ә»).

Бекмағамбет (қ-а). **Бекмағамбет** тұқымының ырысы бұл, — деді Шәймерден (С. Мұқанов).

Бекмахан (қ-а). **Бекмаханов** Ермұхан **Бекмаханұлы**—(1915-66) — қазақ тарихшысы... («Қ. С. Ә»).

Бекмұхамбет (қ-а). Медресені жауып, оның орнына тұңғыш мектебін ашуды қолға алған кісі — біздің абзал жерлесіміз **Бекмұхамбет** Жақыпұлы еді (Ә. Бектасов).

Бекмұхамед (қ-а). Серкебаев Ермек **Бекмұхамедұлы** — қазақ әншісі (лирикалық баритон) («Қ. С.Ә»).

Бердімұхамед (қ-а). Жастығың барда отындай жайдың жарқылдай, Сарқырамадай өтерсің сонда сарқылмай,— дейді С. **Бердімұхамедұлы** («Л. Ж»).

Ермағамбет (қ-а). **Ермағамбет** сиыр бағуға сирек шығады («Жұлдыз»).

Ермұхамед (қ-а). Болғанды қайта құрау, қалет шешу, Жалғанды неге жазайын, анық рас. Нағашың **Ермұхамед** бин Келдібек, Мейлің сен, кәдімгідей, біздің ықлас (**Ерімбет**).

Еспембет. Ертесіне **Еспембет** әбігер болып жүр («Л. Ж»).

Есмағамбет (қ-а). Ысмайылов **Есмағамбет** Самұратұлы (1911-66)— қазақ әдебиет зерттеушісі...

(«Қ. С. Э»).

Ишмұхамет (қ-а). **Ишмұхамет** мойнымнан тас қып құшақтап, қатты да қалды («Жалын»).

Құлмағамбет (қ-а). **Құлмағамбет** көріктей кеудесін керіп, екі қолын бірдей ілгері созды (Ө. Канахин).

Құлмамбет (қ-а). Сондағы **Құлмамбеттің** айтқан сөзі... («Айтыс»).

Мақамбет, Мағамбет. Мақамбет әріптесінің еңбекқорлығын айтып, мақтай жөнелді («Л. Ж»).

Мақаш — **Мақамбет есімінің еркелете айтылу түрі. Мақаштың** әлгі бір жіберген жолдас жігіті қайта оралып келген (М. Әуезов).

Маметқұл (а-қ). **Маметқұл** — Кіші жүз батыры, қолбасшы («Қ. С. Э»).

Махамбет. Махамбет Өтемісұлы (1804-1846) — қазақтың көрнекті ақыны, Исатай Тайманов бастаған шаруалар көтерілісін (1836-37) ұйымдастырушының бірі әрі көтерілістің жалынды жыршысы («Қ. С. Э»). — Ер боп өсіп елімде! **Махамбеттей** батыр бол, Қарсы шапқан әлемге! Аманкелді атандай Жаудан, балам, шегінбе! (Жамбыл).

Махамбетқұл (а-қ). **Махамбетқұл** үйді жығып, қораға кіргізді (С. Тоғанов).

Махамбетше (қ-а). — Ах! Малғұн! — деп **Махамбетше** қамшысына ұмтылды (Ғ. Мұстафин).

Мәмбет — **Мұхаммед есімінің қысқарған түрі.** Оның жанындағы ұзын бойлы, ашаң жүзді, қыр мұрын, қызыл шырайлы еркек - атақты әнші **Мәмбет** (З. Шашкин).

Мәмет — **Мұхаммед есімінің қысқарған түрі. Мәметова** Мәншүк (шын аты — Мәнсия) Жиенғалиқызы (1922-43) — қаһарман қазақ қызы («Қ. С. Э»). Тоздыратын **Мәмет** төзім, тағатын, Көзін сүртіп кейде күйбең қағатын. Сырт сыпайы көрінгенмен ол дағы, Мін тергенде, бәйге атындай ағатын (Қ. Жармағамбетов).

Мұқамбетқұл (а-қ). **Мұқамбетқұл** бұрын бөлім меңгерушісі болып істеген (Б. Момышұлы).

Мұқаметше, Мұхаметше (а-қ). — Уездік прокурор Жүнісов жолдас, жауапкер Ахметше **Мұқаметше** ұлына сұрақ қою үшін сізге сөз беріледі, — деді судья (Х. Есенжанов). **Мұхаметше** қоярда-қоймай қасына шақырып, оны төрге отырғызды («Жалын»).

Мұқаш — **Мұхаммед есімінің қысқарған түрі. Мұқаш** Орынбаев — Ақмола губерниялық атқару комитетінің председатели (С. Мұқанов).

Мұқан — **Мұхаммед есімінің қысқарған түрі. Мұқанов** Сәбит **Мұқанұлы** — қазақ жазушысы, қазақ әдебиетінің негізін салушылардың бірі... («Қ. С. Э»).

Мұхамбет. Мұхамбет күткенімдей-ақ маған сөз берді («Жұлдыз»).

Мұхаметхан (а-қ). **Мұхаметхан** жолдасын қолтықтап, әрі-бері жүрді («Қ. Э»).

Мұханбет. Мұханбет біткен шаруадай бұйыра сөйледі («Л. Ж»).

Ораз-Мұхамед (қ-а). **Ораз-Мұхамед** жеке басының мақсатынан гөрі, ел мүддесін жоғары қояды (Б. Әлімжанов).

Өтемағамбет (а-қ). Түн қатуға үйренген **Өтемағамбет** ең алда сар желіп келеді («Жұлдыз»).

Тасмағамбет (қ-а). Кеше кешкісін үйінде болғандар: **Тасмағамбет** және орақ тұмсықты, жасы қырық бес-елулер шамасындағы қожа (Ж. Молдағалиев).

Тасмұхан (қ-а). **Тасмұхан** жартасқа шықты («Л. Ж»).

Таспамбет (қ-а). **Таспамбеттің** ауылы күнгей бетте екен («Жұлдыз»).

Тоқмағамбет (қ-а). **Тоқмағамбетов** Асқар — қазақ ақыны, ол қазақ поэзиясындағы поэма жанрын өркендетуде жемісті еңбек етіп келеді («Қ. С. Э»).

Токмұқамбет (қ-а). Құнын кешіргісі келмей, **Токмұқамбет** онша рай бермеді (Е. Бекенов).

Тілеумағамбет (қ-а). Бірінші болып **Тілеумағамбетовтің** тобы шабуылға шығуы керек (Ғ. Қалменов).

محمد حنفية (мұхаммад ханафия; мұхаммад — қар. **محمد** ханафия — қар. **حنفية**) — б. т. е. мұхаммад + ханафия: **Мұхаммед-Ханафия.** Қалқай ишан Зейнептен туған ұлдың атын **Мұхаммед-Ханафия** қойды. Шоқанның шын аты осылай еді (С. Мұқанов).

محمد دين (мұхаммад дин; мұхаммад — қар. **محمد** дин — қар. **دين**) — б. т. е. мұхаммад + дин: **Мұхаммедин.** Әп-сәтте **Мұхаммединнің** үйіне де жеттік («Қ. Э»).

محمد رحيم (мұхаммад рахим; мұхаммад — қар. **محمد** рахим — қар. **رحيم**) — б. т. е. мұхаммад + рахим: **Мұхамедрақым, Мұхамедрахым. Мұхамедрақым** екеуіміз бақ ішіндегі бір оңаша орындыққа барып отырдық («Қ. Э»). Келген шаруаңызды естіген **Мұхамедрахым** бұл жаймен өзінің де хабардар екенін білдірді (Е. Домбаев). Сонан біраз уақыт өткеннен кейін **Мұхамедрақым** да шықты («Л. Ж»).

محمد رسول (мұхаммад расул; мұхаммад — қар. **محمد** расул — қар. **رسول**) — б. т. е. мұхаммад + расул: **Махаматрасул. Махаматрасул** — маңғаз басып, жиналған ауылдастарына жақындады («Жалын»).

محمد عارف (мухаммад ариф; мухаммад — қар. **محمد** ариф **عارف**) — б. т. е. мухаммад + ариф: **Мұхаммед-эриф**. Әріптің әуелгі азан шақырып қойған аты **Мұхаммедәриф**. Құрбылары, замандастары оны Ғарып, кейін Әріп атап кетеді (Ө. Есназаров).

محمد علي (мухаммад али; мухаммад — қар. **محمد** али — қар. **علي**) — б. т. е. мұхаммад + али: **Махамбетәли**. **Махамбетәлидің** милиция қызметіне келгеніне жыл жарымнан асыпты («Л. Ж».).

Мәдәлі — *Махамбетәли есімінің қысқарған түрі*. Майлықожа, **Мәдәлі**, Құлыншақ, Майкөт, Шәді, Ақберді, Нұралы, Мұсабек — Қаратау, Түркістан маңынан шыққан ірі ақындар (Р. Бердібаев).

Мәделіхан (а-қ).— Хан ием, қандай шешім айтасыз?—деді Құсбегі **Мәделіханның** тәтті ойын бұзғысы келмегендей жәдігөйлене күлімсірей сөйлеп (І. Есенберлин).

Мәмбетәлі. **Мәмбетәлі** бұған аса бір сүйкімді ағалық мейіріммен қарап тұр екен (Ө. Сәрсенбиев).

Мұқаметқали. Тәтімов **Мұқаметқали** (1894-1938) — Кеңес өкіметін орнатуға белсене қатысушы («Қ. С. Э».).

Мұхамбетәли. Жайлаубай **Мұхамбетәлидің** айтқандарын орындап жүр («Л. Ж».).

Мұқамбетқали, **Мұқанбетқали**. **Мұқамбетқали** үйіне тақалғанда, алдынан кіші қызы шықты («Л. Ж».). **Мұқанбетқалидың** бір мейірімсіз адамды көргісі келмейтін сияқты («Л. Ж».).

Мұхамедғали, **Мұхаммедғали**. **Мұхамедғали** аса қомағай кісі екен («Жалын»).

Мұхамбетқали, **Мұхамметқали**.— Токтай тұр, көрсетермін!— деді **Мұқаметқали** («Жұлдыз»). **Мұхамметқали** екі ағайынды жігіт (С. Мұқанов).

محمد غازي (мухаммад ғазы; мухаммад — қар. **محمد** ; ғазы — қар. **غازي**) — б. т. е. мухаммад + ғазы: **Мұхамедғазы**. **Мұхамедғазы** жалғыз аяқ соқпаққа түсті («Жалын»).

محمد قسيم (мухаммад қасим; мухаммад — қар. **محمد** қасим — қар. **قسيم**) — б. т. е. мухаммад + қасим: **Мұқаммед-қасым**.— Қырғауыл атам деп-ақ **Мұқаммедқасым** оқ-дәріні ысырап етіп болды! — деп ренжи сөйледі («Л. Ж».).

محمد كريم (мухаммад карим; Мухаммед — қар. **محمد** ; карим — қар. **كريم**) — б. т. е. мухаммад + карим: **Мәткәрім** — *Мұхаммедкәрім есімінің қысқарған түрі*. Қазір шопандар уәделерінің үдесінен шығуға құлшыныуда, — дейді **Мәткәрім** («Л. Ж».).

Мұхамбеткәрім. **Мұхамбеткәрім** — екпінді еңбегімен ел құрметіне бөленіп жүрген жастардың бірі («Л. Ж».).

Мұхамметкәрім. Таңқы мұрын, кара сұр **Мұхамметкәрім** мыжырайып отыр еді (І. Жансүгіров).

محمد نور (мухаммад нур; мухаммад — қар. **محمد** ; нур — қар. **نور**) — б. т. е. мухаммад + нур: **Мұқаметнұр**. Бастық тапсырған жұмысты орындамадың деп **Мұқаметнұрды** қысты («Жұлдыз»).

محمدی (мухаммади — *мухаммедтік, Мухаммедке тиісті, оның үмбеттері; мұсылмандық, мұсылмандар, мұсылманиша*). **Мұхаммади**. **Мұхаммади**,— деді, бір кесе қымызды байыздай ұрттаңқырап ішіп шаруа шал (Ө. Бекеев).

Мұқамәди. **Мұқамәди** өрістен келіп, жаңа ғана шайға отырған... («Л. Ж».).

Мұқамеди, **Мұхамеди**. Институтта өзіммен бірге оқыған **Мұқамеди** бұл күнде аспирант (Б. Соқпақбаев). **Мұхамеди** сияқты комсомолец-жастар Сұлтанқұлдың комбайн жүргізудегі бай тәжірибесін үйренуде (А. Тегінбаев).

محمدية (мухаммадийа — *мұсылман, мұсылмандық, мұсылманиша; Мұхаммедке тиісті*). **Мұхаммедия**, **Мұхамедия**. **Мұхаммедия** жан-жаққа кісі жіберіп, «ертең заводта болсын» деп жатты (F. Мұстафин). Жәкен ағаның әңгімесін ұлдары Төлеутай, **Мұхамедия** және немересі Әнуар қызыға тыңдауда («С. Қ».).

محمود (махмуд — *мақталған, мақтаулы, мақтауға тұрарлық, даңқты*). **Махмуд**. **Махмуд** Қашғари (толық аты-жөні — **Махмуд** Ибн әл-Хусейн ибн Мухаммед) — XI ғасырдағы түркі ғалымы, «Диуани лұғат әт-түрк» («Түркі сөздерінің жинағы») атты еңбектің авторы («Қ. С. Э».).

Махмет, **Макмет**. Балалар **Махметтің** астындағы сүліктей кара атқа қызыға қарап тұр («Л. Ж».). «Мүсіреп өскен тұқым, баламызға **Макметтің** бір баласының атын қояйық»,— деп ырым қып, менің атымды «Сәбит» қояды (С. Мұқанов).

Махмұт, Махмут, Махмуд. Қайда баратындарын **Махмұт** қана біледі («Жұлдыз»). Қайтеміз, жонымызды тосып жорта береміз де!—деді төртбақ, қара жігіт **Махмут** Қожамияров (*Ж. Арыстанов*). **Махмут** тісін көстите күлді (*З. Шайкин*). Гүлденіп тұрған елді **Махмуд** құл қылып, ұшырып жіберді (*Бируни*).

Махмұтбай (*а-қ*). **Махмұтбай** ат десе ішкен асын жерге қояды («Жалын»).

محيط (**мухит** — 1) төңіректі, айналаны қоршаған; 2) шеңбер, орта; **мұхит**). **Мухит. Мұхит** (шын аты Мұкаметкерей) Мералыұлы — қазақтың белгілі халық композиторы, әнші, ақын, күйші-домбырашы («Қ. С. Э»).

مختار (**мухтар** — 1) таңдалған, сұрыпталған, сайлап алынған; 2) ерікті, ықтиярлы; 3) ауылнай).

Мұхтар. Мұхтар Әуезовтің қазақтың ұлы ақын-демократы және ағартушысы Абай туралы роман-эпопеясы... біздің бүкіл көп ұлтты әдебиетімізде өзінің көркемдік қасиеттерімен шоқтығы ерекше биік тұрған шығарма (*К. Федин*).

Мұхтар. Коммунист Түйебей **Мұхтаров** шаруаларға колхоз құру ісінің мән-маңызын түсіндірді (*М. Сатыбалдиев*). Мағауин **Мұхтар** Мұқанұлы — қазақ жазушысы, әдебиет зерттеушісі («Қ. С. Э»):

Мұхтарбек (*а-қ*). Той бастаған **Мұхтарбек** термесіне іштей қосыла мына қаумалай қоршаған өндірей жастардың студенттік дәуреннің әрбір сәтін еске алғаны да рас-ау («Л. Ж»).

مختوم (**махтум** — 1) мөрленген, мөр басылған; 2) мөр сақтаушы, мөр басушы; 3) біткен, аяқталған). **Мақтым.** Әйтсе де **Мақтым** кеткенде сол бірдеме әкелетіндей көріп, өзін-өзі алдастырумен ұзақ күнді кеш қылады (*Б. Майлин*). Жарқанат маған жиен болған соң саған да жат емес дегені есіме сап ете түсті де, **Мақтымды** көруге бетім шыдамады (*Ж. Тілеков*).

مخلص (**мухлис** — 1) шынышыл, адал, ақжүрек, таза; 2) жан-қияр дос). **Мұхлис.** Оқушылардың өтінішіне орай, біз бүгін Б. **Мұхлисовтың** мақаласын жариялап отырмыз («С. Қ»).

مخلصة (**мухлиса** — шынышыл, адал, ержүрек, таза; 2) жанқияр дос (әйел), **Мұхлиса.** Мұхтар Әуезов туралы сөз болғанда, **Мұхлиса** Шәкірованың естелік сөздерін келтіру орынды (*Р. Бердібаев*).

مخمل (**мухмал** — барқыт). **Мақпал.** Үш жүзге атым мәлім Ақан сері, Келгенім Мақпал қыздың туған жері (*Ақан сері*). **Мақпал** мен Күнікей сынды мейірімді аналардың образы да трагедияда жылы сезімге бөлене сипатталған («Қ. Ә. Т»).

مخی (**мухи** — 1) ми, мильқ; 2) ауыс. ақыл, ой еңбегі). **Мұхи.** Қалап алған мамандық жолында күрескен адам — бақытты. Комсомолдық жолдамамен аттанған Әзия **Мұхиева** өз жұмысына тоқ көңілмен қарайды («Л. Ж»).

مخی الدين (**мухи-ид-дин**; мухи — қар. **مخی**; дин — қар. **دين**) — б. т. е. мухи + ид-дин: **Мұхитдин.** Хайруллаев Мұзаффар **Мұхитдинұлы** — қазақ совет философы («Қ. С. Э»).

Мұхиден. Домбырашы, әнші **Мұхиден** есімі жұртшылыққа композитор ретінде де кеңінен танымал («Л. Ж»).

مداح (**маддах** — 1) мадақшыл; 2) әңгімеші). **Матақ.** Семей әдебиетшілерінен бұрын көргенім Ибади **Матақов** қана (*Қ. Бекхожин*).

مدح (**мадх** — мақтау, дәріптеу). **Мәдіхан, Мәдхан, Мәтхан** (*а-қ*). **Мәдіхан** нағашым берген құнанды кимай да тұрмын... («Жалын»). Күрішті аралап жүрген **Мәтхан** екен (*Б. Мәтенов*).

مدد (**мадад** — жәрдем, көмек, сүйеу, қолдау, қолғабыс ету). **Медет.** Әйелің **Медет** қызы, аты Өрім, Айында бір жумайды.

مدحة (**мадха** — мақтауға тұрарлық). **Медхат, Медіхат, Медғат.** Кенет бұталар арасынан Медхат шыға келді («Л. Ж»). **Медіхатты** ортаға алып, әңгімелесіп тұр екен (*А. Сатаев*). Қазір **Медғаттың** мұнда менен басқа танысы жоқ («Л. Ж»). **Медет** бірнеше күн қатты боранда қалып, бір қора қойды аман сақтайды («Қ. Ә. Т»).

Медетбай (а-қ). Сен түскен үй иесі — сол **Медетбай**, Жалғыз қыз Гүлкәшима асылы нұрдан (М. Сералин).

Медетбек, Медетпек (а-қ). Бұл мерзімде **Медетбек** өзінің механизаторлық шеберлігімен, тиянақты еңбеккерлігімен ел көзіне түсті («Қ. Ә»). Бөз көйлектің жыртқы жерін жасыра түрініп, жалаңаяқ, жалаңбас келген **Медетпекке** заводтың берген жұмыс киімінің өзі әлдеқандай көрінді (Ә. Сатыбалдиев).

Медетхан (а-қ). **Медетхан** — жасы отыздан асқан, томырықтау жігіт («Л. Ж»).

Медеу. Бірақ, «түзелемін» деп берген серт шын көңілден айтылмап еді, алдап, жалтарып, әккіленіп қалғандығын істеп, **Медеуді** адастырып кетпекші (Б. Майлин).

Медеубай (а-қ). **Медеубай** әзілдері жарасқан қос қарияға былайырақ барып қарап тұрды («Жалын»).

Медеубек (а-қ). Жидебек ағайдың **Медеубек** деген інісі сол жылы күзде үйленгені есімде («Л. Ж»).

مدرس (мударрис — оқытушы, профессор). **Мударис. Мударис** әңгімеші кісі екен («Л. Ж»).

مدن (мадан — цивилизация, қоғамның мәдени дамуы; мәдениеттілік). **Мәден, Меден**. Лейтенант Көшкінбай **Мәденов** соғыс жылдарында 30-дан астам әскери наградаға ие болды («С. Қ»). Мол тәжірибесін үйретуден жалықпайтын, ақыл берер ағасы бар **Меден** мен Мәсауды да бақытты жандар екен деп түйдік (С. Хайдаров).

مدنية (мадания — мәдениет). **Мәдениет**. — Қартайғанда қимыл да мәдениетке түсініпті десін жұрт, сәбиіңді **Мәдениет** қояйық (М. Сатыбалдиев).

مدينة (мадина — 1) қала, шаһар; 2) Сауд Аравиясындағы қаланың аты). **Мәдина, Мәдине. Мәдине** отырғандарға иегін көтеріп, ымдап қалды (С. Бақберженов). — **Мәдине**, Тобаш. Бақыткүл, Аманкүлдер ше? (С. Тұрғынбаев). Ең алдымен **Мәдиненің** үй іші бие сүтін сатуды кәсіп етіп еді (С. Мұқанов). Мәжерлі көк шұбар ұзын халатты **Мәдине** көрінді (С. Шаймерденов).

مراد (мурад — 1) тілек, ықылас, ниет, мақсат; 2) үміт заты). **Мұрад**. Сәлемет бол, Майра, — деді **Мұрад** (Ә. Тәжібаев).

Баймұрат (қ-а). **Баймұрат** айтып тұрған жоғалған қайықтың тарихына өз баласы Сапар ортақ еді (М. Иманжанов).

Бекмұрат, Бекмұрад (а-қ). **Бекмұрадов** жолдастың өзі Москвадан директорға телефонограмма беріпті (М. Сәрсекеев). Хат жолдап, пікір білдіргені үшін С. **Бекмұратовқа** үлкен рахмет айтамыз (Е. Сағатов).

Бердімұрат (қ-а). Мығым денелі **Бердімұрат** қолын көтеріп, жиналыс басқарушыдан рұқсат алды да, орнынан атып тұрды («Жұлдыз»).

Ермұрат (қ-а). Баласы Үмбетбайдың молда **Ермұрат** Сөз қылып назым, жұмбақ толғайтұғын (Ермұрат).

Есмұрат (қ-а). **Есмұратов** Зейнелмін, — деп қара бала чемоданын жерге қойды (Ф. Құлахметов).

Ешмұрат (қ-а). **Ешмұраттың** сөзіне тек сыпайылық үшін құлақ салып отырғаны болмаса, ойы мүлде басқа қырларды шарлап жүргенді (С. Асылбеков).

Жолмұрат (қ-а). Мәшһүр қолжазбаларының көпшілігі жиналды. Бұл жөнінде үлкен еңбек сіңірген - өзінің туған жиені **Жолмұрат** пен үлкен баласы Шарафи (З. Ақышев).

Құлмұрат (қ-а). Ауданда бас дәрігер **Құлмұратов** Зер салып тұрмайды екен осындайда (Файзолла).

Мұрат. Мұрат Мөңкеұлы (1843-1906) — Гурьев облысы, Қызылқоға ауданында туған, өз дәуірінде өмір сүрген ақындардың ең көрнектілерінің бірі («Қ. С. Ә»).

Мұратбай (а-қ). Мектеп ауласындағы Ғани **Мұратбаев** ескерткіші алыстан көз тартады («Л. Ж»).

Мұратбек (а-қ). Жас жігіт механик **Мұратбекке** арқа сүйейді (Ф. Тәшімбаев).

Мұратхан (а-қ). **Мұратханды** үйде отыр деп ойлаған жоқ еді («Л. Ж»).

Төремұрат (қ-а). Құрманай, **Төремұрат**, өтті Нұрым, Жел сөздің ешбір жаннан көрмей дығын (Ерімбет). Шеше, менің есімім **Төремұрат**, — деді (С. Бақберженов).

Тілеумұрат (қ-а). «Қап» деп өкінді **Тілеумұрат** («Жалын»).

مراد علی (мурат ‘али; мурад — қар. مراد; ‘али — қар. علی) — б. т. е. мұрад + али: **Мұраталы, Мұратәлі. Мұратәлі** шамалы ілгерілеп, жүрелеп отырды (Т. Әлімқұлов). Айтса айтқандай, **Мұраталы** сияқты малшылар әр жүз сиырдан жүзден бұзау алып, аман сақтаған (Б. Тоғысбаев).

مرتضى (муртада — қанағаттанған, көңілі жай тапқан) **Мұртаза. Мұртаза** жалт қарап, кейінгілерге көз тастады (М. Қаратаев).

مرجان (маржан — 1) теңіз астынан алынатын қызыл яки ақшыл түсті тастар; 2) інжу).
Маржан. Маржан, жүрегім, Қолыңда сенің күресің. Жұмыста жүрсің білемін... (С. Сейфуллин).
Маржанбике (а-қ). **Маржанбике**ге қайдан біткен осыншама қайсарлық, — деп ері таң-тамаша (Ө. Қанахин).

مرحبا (мархаба — *Өте жақсы! Хош келдіңіз!*) **Мархаба, Марқаба. Мархаба** Айгүлдің жағдайын естіген күннен бастап өз қамқорлығына алған (С. Сматаев). **Марқабаға** кеше кешкісін қолы зорға жетті («Жалын»).

مرحمة (мархаба — *қайырымдылық, мейірімділік, аяушылық, шапағаттылық*). **Мархабат. Мархабаттың** жүрегінде бір ыстық салмақ қалды («Л. Ж»).

مرحومة (мархума — *рақымы түскен*). **Мархума, Марқума**. Сөйтіп, **Мархума** дұға көйлекпен алдына келген ауруларды жазып жата берсін, енді **Мархуманың** ері Жүніс әңгімесіне келейік («Қ. Ә»). Бейнетке белін буып бармай тұғын, Әуелде-ақ жазулы екен жарты наның. «Бекерден тәңірім безер» деген сөз бар, Сауалын білмейтін бе ең **Марқуманың?** (Темірбай жырау).

مرضية (мардия — 1) мақұлданған, көпшілік ұнатқан, риза болған; 2) ауыс. сүйкімді, жағымды, ұнамды). **Мәрзия**. Ақанмен бірге Ақтоқты, **Мәрзия**, Дәмелі де көңіл-күйін шертеді, сырын ақтарады («Қ. Ә. Т»). *Шай ішіп болған соң Мәрзия* бұрышта тұрған радиоланы ойнатып, музыка тартқызды (Ш. Мұртазаев).

مرغوبة (марғуба — 1) күткен, үміт еткен; 2) ауыс. сүйікті). **Марғуба.**— **Марғубамысың?** Сөйлеп тұрған Нұрай,— деді (І. Жансүгіров).

مرفوعة (марфу ‘а — *көтеріңкі, биік, жоғары; аса қадірлі, аса құрметті*). **Марфуға, Марпуға. Марфуға** Айтқожина — белгілі қазақ совет ақын қызы («Қ. С. Ә»). Айша колхоздағы қызы **Марпуғаның** үйіне келіп жатыр («Жалын»).

مرید (мурид — *жолын қуушы, шәкірт, сопылықтың жолына түскен адам*). **Мүрид.** Қарауылға алып жау басын, Салды басып ер **Мүрид**. Қан қылып шыңның жартасын, Құлады құзға құлдиып (С. Бегалин).

مريم (мариям — *жалқы есім*). **Мәриям.** Жүзі от қызуымен алаулай қызарып **Мәриям** отыр («Л. Ж»). Жеңгейдің қайын сінлісі жалғыз **Мәриям** ғана десеңдер тағы адасасындар, қаладағы атақты сұлудың бәрі осы кісінің алақанында десек те болады (Б. Майлин).

Аймария (қ-а). Закияның **Аймария** мен Әбілтайы мектепте оқиды, кішкентай Арыстаны қолда (Т. Бісқақов).

Мария. Мәрия. Мария мәз болып, сыңғырлай күлді («Жалын»). Жазушылар кеп тұрады кезек-кезек, Сәбит, Мұхтар, **Мәрия** жыл құстай боп (К. Әзірбаев).

Мәрияш (а-қ) — *Мария есімінің еркелете айтылу түрі*. **Мәрияш** келген кісілерге қымыз құйды («Л. Ж»).

مزید (мазид — *арту, көбею, қосылу*). **Мәзит.** Ақтыға қол қойып жатқанда, сиыр күтуші **Мәзит** ту ала сиырдың құйрығындағы жүрген ала жіпті шешіп әкелді (Ғ. Мүсірепов).

مساعد (муса ‘ид — *жәрдемші, көмекші; ыңғайлы*). **Мұсағыт.** Ей, сендер **Мұсағыттың** өлең айтқанын есітіндер ме?— деді (І. Жансүгіров).

Мұсайыт, Мүсәйт. Мұсайытқа көрші Рабиға апаның үйіне түссең,— деді Жампейіс (С. Мұқанов).

مسافر (мусафир — 1) саяхатшы, жиһанкез, жолаушы; 2) қонақ, мейман; 3) ауыс. бейшара). **Мүсәпір.** Сәбит Мұқановтың «Мөлдір махаббатындағы» **Мүсәпір...** («Қ. Ә»).

مسالم (мусалим — 1) бейбітшіл; 2) шапқатты; 3) ымырашыл). **Мұсалим.** Маған Ұлы Отан соғысына қатысқан әрбір қарапайым азамат батыр сияқты көрінеді. Жуырда сондай ардагерлердің бірі Хисмет **Масалимовтың** (дұрысы **Мұсалимовтың** — Н. О.) жауынгерлік жолы туралы әңгімесін қызыға тыңдадым (Ж. Садықов).

مستقیم (мустақим — 1) тура, түзу, тегіс; 2) ақиқат, рас, шын; 3) әділ, адал, таза). **Мұстақым, Мұстахым. Мұстақым** Малдыбаев — революциядан бұрын басылып шыққан оқулықтың авторы («Қ. С. Э»). **Мұстахым** бізге әр қаулыға жеке карточка ашылатынын айтты (С. Абрахманов).

مستورة (мастура — адал). **Мәстура. Мәстура** мен Пәрманның махаббаты трагедиямен аяқталады («Қ. Ә. Т»). **Мәстура** сынды періштедей қыз тудым,— деді Зейнеп (Ә. Тәжібаев).

مسجد (масжид — мешіт). **Мешітбай** (а-қ). Мінезі **Мешітбайдың** шадыр келді, Айқайлап ақын салды сарынды әнді (К. Әзірбаев).

Мешітқұл (а-қ). **Мешітқұлға** сауғызып алты бие, Қатар жүр сусын тасып екі бала (К. Әзірбаев).

مسعود (мас уд — бақытты). **Масғұт**. Мен баратын болыстың жұмысын тәртіпке қою жөнінде жәрдем көрсету үшін, ояздық Ревком қасыма Әбутәліп **Масғұтов** деген инструкторын қосты (С. Мұқанов).

مسلم (муслим — мұсылман). **Мүсілім. Мүсілім** — әңгіме тыңдауға құмар жан («Л. Ж»).

Мүсілімхан (а-қ). Бұл бір **Мүсілімхан** үшін қуанышты күндер еді («Жалын»).

مسلمة (муслима — мұсылман әйел). **Мүслима, Мүсілима, Муслима**. Өз басына ие бол, балам. Араласпа бұлардың шатағына,— деді **Мүслима** (Ә. Тәжібаев). Қарт анасы — **Муслима**, қарындасы — Хәкіма... Бәрінің қуат жүрегі, Төлеген ер ед тірегі (Н. Баймұратов). Бұл **Мүсілима** үшін күтпеген сұрақ болды («Л. Ж»).

مشاق (машақ — қиындық, ауыртпалық). **Машақ. Машақов** Сәду (Сәдуақас) Қалиұлы — қазақ ақыны («Қ. С. Э»).

مشائق (машаик — ақсақалдар, басшылар, рухани көсемдер; ғалымдар, ұстаздар). **Машайық**. Контордағылар **Машайықов** келеді деп ала шапқын («Жалын»).

مشئاق (мұштақ — аса ынтызар болушы, аңсаушы, құмартушы). **Мұштақ. Ғ. Мұштақов**— 1911 жылы Уфада басылып шыққан «Тумыш» атты оқулықтың авторы («Қ. С. Э»).

Маштақ. Маштақ және басқалар әмәнда көш бастаушы болады («Л. Ж»).

Мұстақ. Аршабай шаршамай, Арызын бастыққа берді, Бастық басбухқа берді, Басбух — хатшы **Мұстаққа** берді, **Мұстақ** — шкафқа берді. Шкаф — тышқанға берді, Арыз қызығын тышқан көрді (Шона Смаханұлы).

مشرب (машраб — бейімділік, мінез-құлық; дәм). **Машырап, Машірап. Машырап** дуана Хорезм падишасының қолынан қаза тапты (О. Постановов). **Мәшірап, Айқожа**, басқа содыр-сойқандарын айдап салады (С. Ләмбеков).

مشهود (машһуд— 1) ұмытылмас, ұмытылмайтын, есте қаларлық; 2) назар аударарлық). **Машғұт**. Құлман Сатиева, Мейрамгүл **Машғұтовалар** да Ботакөз дауысына үн қосқандар (Б. Ырғызбаев).

مشهور (машһур — 1) белгілі, әйгілі, даңқты, атақты). **Мәшһүр. Мәшһүр** көзі жеткен шындығын айтады, өресі жетпесіне өлсе де жоламайды (Д. Әбілев).

Машур. Ғайникамал Байқошқарова, Рахима **Машурова**, т. б. айтуға болады (М. Өтекешова).

مشهور يوسف (машһур иусуф; машһур — қар. مشهور; иусуф — қар. يوسف) — б. т. е. Мәшһүр + иусуф: **Мәшһүр-Жүсіп. Мәшһүр-Жүсіп** Көпеев (1857-1931) — қазақ ақыны, ауыз әдебиеті үлгілерін жинаушы («Қ. С. Э»).

مشی (маши — жүріс, жүру). **Мәшібай** (а-қ). **Мәшібай** күндегі жұмысын атқарып жүр («Л. Ж»).

مصر (миср — 1) үлкен қала, үлкен қаланың теңеуі; астана; 2) ауыс. нұр жауған, берекелі, жарылқаған өлке). **Мысыр**. Радист Орынкеш **Мысырова** сияқты көптеген қаһарман қазақ қыздары Отан үшін жанқиярлықпен шайқасты (Е. Ыбыраев).

مصرف (**мусриф** — 1) *шашқыш, ысырапшыл; 2) кассир; 3) мөлшерден шыққан*). **Мүсіреп**. **Мүсірепов** Ғабит Махмұтұлы — қазақ жазушысы, қоғам қайраткері («Қ. С. Э»).

مصطفى (**мұстафа** — 1) *таңдалған, сайлап алынған; 2) жалқы есім*). **Мұстафа, Мұстапа**. **Мұстафин** Ғабиден — қазақ жазушысы, қоғам қайраткері... («Қ. С. Э»). Қолында тәспі, қасында Қадиша, **Мұстапа** шықты үйден (*Ғ. Мұстафин*).

مصيب (**мусиб** — *дұрыс, түзу, дәл, тура, шындыққа лайықты*). **Мүсіп**. Төңіректі басына көтерген **Мүсіп** екен («Жалын»).

مطالب (**мұталиб** — 1) *өндіруші (қарызды); талап етуші, талапкер, үміткер*). **Мүтәліп. Мүтәліп** екеуі шүйіркелесе кетті («Л. Ж»).

مظفر (**музаффар** — *жеңуші, жеңімпаз*). **Мұзаффар. Мұзаффардың** егістікке асығып келе жатқан беті екен («Л. Ж»).

Мұзафар, Мұзапар. — Жоқ. Сөйлескен емес, — деді **Мұзапар** («Қ. Э»). Өлімбаев **Мұзафар** — қазақ ақыны, публицист, аудармашы («Қ. С. Э»). Өлеңіне елі ғашық, өлеңді өзі де ғашық жарындай сүйетін лирик — **Мұзафар** (*Т. Молдағалиев*).

معاش (**ма ‘аш** — 1) *өмір, тұрмыс; 2) өмір сүру үшін қаражат; 3) еңбек ақы, пенсия*). **Мағаш**. Мағаш, шалқи бер, Не десең де сөгем бе? (*Абай*).

Мақаш. Асудағы **Мақаштың** қыстауына кешкі апақ-сапақта жетті («Жұлдыз»).

Мақашбай (*а-қ*). «Тоғыз тарауға» ұқсас әсерлі күйдің жазылып алынбағаны өкініш. Осы сарындас бір күйді Шолаққорғанда тұратын **Мақашбай** тартады (*Т. Әлімқұлов*).

Мақашбек (*а-қ*). Колоннаны орта жолдан **Мақашбек** қарсы алды («Л. Ж»).

معاملة (**му амала** — *іс, келісім, бітім, шарт*). **Мәмилә. Мәмилә** да жүзі албырап, Асанбайының иығына артыла келіп тұрды (*С. Әдетов*).

معاوية (**муауини** — *жалқы есім*). **Мағауния. Мағауния** Абайұлы Құнанбаев (1870-1904) — қазақ ақыны, қазақ әдебиетінің классигі Абайдың баласы («Қ. Э. Т»).

معادن (**ма дан** — 1) *геол. кен орны, рудник, шахта; 2) металл; 3) минерал*). **Мадан**. Ақырында, **Мадан** хан ұтылады да, айыбын мойнына алып, Аяз бидің алдына бас иеді (*М. Ғабдуллин*).

معرفة (**ма рифа** — 1) *ғылым, білім, мағлұмат; өнертану; 2) ағарту, оқу, білім беру*). **Мағрифа, Мағрипа**. О не, апа, — деді **Мағрифа** басын көтеріп (*Р. Тоқтаров*). Мағрипа құрбыларымен бірге мемлекеттік емтихандарды түгелдей сәтті тапсырып шықты (*М. Қасенов*).

Мағыш (*а-қ*). Ал, **Мағышқа** осы жазда үміт беріп, серт байласып кет (*М. Әуезов*).

معزة (**ма аzza** — *сүйіспеншілік, махаббат, көңіл ауу, ұнату*). **Мағаз**. Толыбаев Мұрат **Мағазұлы** (1904-67) — қазақ әншісі («Қ. С. Э»).

معزوم (**мае зум** — *шақырылған; қонақ, мейман*). **Мағзом**. Сүндетов **Мағзом** Бижанұлы — қазақ жазушысы («Қ. С. Э»). **Мағзұм**. Мағзұм қинала отырып осылай деді («Жалын»).

Мағзұмбек (*а-қ*). Ұйқылы-оюу отырған **Мағзұмбек** селк ете түсті («Л. Ж»).

معصوم (**ма сум** — 1) *сақталатын, қол сұқпайтын; 2) таза, күнәсіз; қателеспейтін, жаңылыспайтын; 3) айыпсыз*). **Мақсым**. Ескінің көзіндей, ерліктің ескерткішіндей тарихи мекен-жайларды көздің қарашығындай сақтап, оны жете насихаттағанымыз абзал, — дейді **Мақсым**. («Қ. Э»).

Мәсім. Артымызда шоқандап **Мәсім** келеді («Жалын»).

Мәсімхан (*а-қ*). **Мәсімхан** орнына отыра салып, жұмысқа қызу кірісіп кетті («Қ. Э»).

معقول (ма құл — 1) ақылды, есті; қисынды, орынды, қонымды, келісімді; 2) саналы, түсінгіш).
Мақұлбай (а-қ). Үйге иығында сулық орамалы, қолында легені мен құманы бар **Мақұлбай** енді (Т. Дәуренбеков).

Мақұлбек (а-қ). **Мақұлбек** қияға беттей, аң аулай кетті (Д. Досжанов).

معلم (му аллим — 1) оқытушы; 2) ұста; ұстаз, шебер).

Мұғалімбай (а-қ). **Мұғалімбай** баласының оянуын күтіп отыр («Жұлдыз»).

معلمة (аллима — оқытушы әйел). **Мұғалима**. **Мұғалиманың** орманнан қайтқандағы ермегі - ағаш басындағы ақ тиіндерді санау... («Жалын»).

معلوم (ма лум — белгілі, анық). **Мәлім**.— Үйлену оңай, үй болу қиын ғой,— деймін мен, белгілі нақылшы **Мәлімнің** сөзін қайталап (Ә. Нұршайықов).

Мәлімбай (а-қ). Тоғыздың төртеуі бір семьядан екен. Олар — **Мәлімбаевтар** (Ж. Молдағалиев).

Мәлімбек (а-қ). Қартайғанда қатарым ақын болсын, Хат жазып, хабарласар жақын болсын. Атаңда ақын, әнші болмаушы еді, Талабың **Мәлімбек** мақұл болсын (К. Әзірбаев).

معمر (ма мур — гүлденген). **Мағмұр**. **Мағмұр** шыңылтыр аязды күні жол жүрді («Жалын»).

مغنی (муғанни — 1) әнші, өлеңші, жыршы; 2) музыкант). **Мұғни**. **Мұғни** жас кезінде көргендерін қаз қалпында тізе беріпті (Қ. Исабаев).

مفتوحة (мафтуха — 1) ашық, ашылған; 2) жеңіп, жсаулап алынған (жер, ел); 3) ауыс. табыс, тартыспен жеткен табыс). **Мафтуха**. Жеңгейдің аты **Мафтуха** боп шықты (С. Мұқанов).

مفتی (муфти — мүфти). **Муфти**. Лейтенант **Муфтиев** гүлденген жас бактың ұзын аллеясымен жай басып келеді («Л. Ж»).

مقدس (муккадас — қадірлі, қасиетті, ардақты). **Мұқадес**. **Мұқадес** Есламғалиевтің бағзы заман тақырыптарына жазған «Дайрабай», «Ақшолақ» әнгімелері әсерлі оқылады (О. Сәрсенбаев).

مقصد (мақсат — мұрат, нысана; талап, үміт). **Мақсат**. Қолында билеті, **Мақсат** шыр қағып жүгіріп жүр («Қ. Ә»).

مقصود (мақсуд — 1) күткен, үміт еткен; 2) мақсат; 3) сүйікті). **Мақсұт**. **Мақсұт** пен Хисамеддин тауға мандай тіреп келіп аттан түсті (Д. Досжанов).

Мақсұтбай (а-қ). Бұл күні **Мақсұтбай** палуанның бағы аспандады («Жұлдыз»).

Мақұтбек (а-қ). Біраз жылдардан бері сыралғы дос боп қалған **Мақсұтбек** жаңағы бір сәтте берген сауалына жауап күтіп, өзінің сабырлы, байыпты қалпынан жазбады (И. Жақанов).

Мақсұтхан (а-қ). **Мақсұтхан** шаруашылық жайлы жақсы біледі екен («Л. Ж»).

مكان (макан — 1) орын, жай; 2) дәреже; 3) адамгершілік, абырой, ар, намыс). **Мәкен**. **Мағыш** тәрізді **Мәкен** де көп тыңдаған, көп ұққан, жаттаған өлеңдері бар (М. Әуезов).

Мекен. **Мекен** темір пешке қыздырып, балаларына тамақ берді («Л. Ж»).

Мекенбай (а-қ). Дереву алдырыңыз! Мына арызды берген кісіні де келтіріңіз!—деді **Мекенбай** (І. Жансүгіров).

مکیتب (мактаб — 1) оқу орны; 2) жазу столы; 3) оқу кабинеті; 4) бөлімше, бюро, контор).
Мектеп.— **Мектепов** жолдас, енді қалай өтеміз,— деді серігі («Жұлдыз»).

مكرام (мукаррам — өте жоғары, сыйлы, қадірлі, құрметті). **Мұқарам**, **Мүкәрам**. **Мұқарам**, Саламат қыздарыңыз он жылдықты тамамдады,— деді балалары үйіне келе жатқан әкесіне (Ә. Омаров).

مكرمة (мукаррама — сыйлайтын, қадірлейтін, құрметтейтін). **Мүкәрама**. Баяғы ең ілкі көрінгеніндей, ұзын кірпіктерін қақпастан **Мүкәрама** көздерін Хакімнен асыра карап тұр (Х. Есенжанов).

مكة (макка — қаланың аты). **Мекебай** (а-қ). **Мекебай** норма тапсыру кезінде ерекше спорттық бабымен көзге түсті («Л. Ж»).

Мекетай (а-қ). Сендерге дес бермей жүрген **Мекетайдай** қарынбайларды сөзбен сілейтті (М. Хасенов).

ملا (мулла — молда, сауатты). **Баймолда** (қ-а). Құрылыс біткенше **Баймолданың** жарғақ құлағы жастыққа тимеді («Л. Ж»).

Бекмолда (қ-а). **Бекмолда** қолы қалт еткенде қолғабыс тигізіп жүр,— деді («Жалын»).

Қарамолда (қ-а). **Қарамолда** Қартекеңнің үлкен ұлы екен (Ә. Әбішев).

Молдабай (а-қ). Капитан Уәли **Молдабаев** — батальон командир! (Т. Ахтанов).

Молдабек (а-қ). Баспақбай, Сыздық, **Молдабек**... Атақты неше ер келді... (О. Шитин).

Молдаберген (а-қ). Судың құлағын ашқан **Молдаберген** кетпенін иығына салып, ізінше кері қайтты («Л. Ж»).

Молдағұл, Молдақұл (а-қ). **Молдағұлова** Әлия Нұрмұхамедқызы (1924-43) — қаһарман қазақ қызы («Қ. С. Э»).

Молда Ораз, Молда Ораз (Ораз Молда) (1814-68) — қазақ ақыны, «Шаһнаманы» парсы тілінен қазақ тіліне бірінші аударушы («Қ. С. Э»).

Молдахан (а-қ). Сәрсекең Әдебиет **Молдахановқа**: «Сенің батырлар жырынан тілін зерттеуге бейімділігің байқалады, осы жағын ойластырып, үйірмеге жақсылап баяндама жасап берсең қайтеді? — деді (Ә. Нұрмағамбетов).

Молдаш (а-қ). **Молдабай, Молдабек сияқты кісі аттарының қысқа, еркелетіп айтылу түрі. Молдаш.** өтініш айтқалы вокзал бастығының кабинетіне кірді (С. Алдабергенов).

Сарымолла, Сарымолла (қ-а). Тек соңғы күндерде **Сармолла** десе тұтана жөнелетін, белгілі халфе, қары, мезін қысқа ғана бір-бір ауыз сөзбен **Сармоллаға** лағнет айтысты (М. Әуезов). **Сарымолдаев** Қабылбек (1898-1938) — Қазақстанның партия, совет қызметкері, Әулиеата уезінде Совет өкіметін орнатуға белсене қатысушы, 1918 жылдан КПСС мүшесі («Қ. С. Э»).

ملا جبار (мулла жаббар; мулла — қар. **ملا**; жаббар — қар. **جبار**) — б. т. е. мулла + жаббар: **Молдажаппар, Молда-жаббар.** Комсомол қамқорлығы аудандық комсомол комитеті мен шаруашылық арасындағы байланыстың жарқын көрінісіне айналған, — деді **Молдажаппар** («Л. Ж»).

ملا حسن (мулла хасан; мулла — қар. **ملا**; хасан — қар. **حسن**) — мулла + хасан. **Молдасан.** **Молдасан** бізге қарсы жолықты («Жалын»).

Молдахасан. Молдахасан Мирбабаев — ауыз әдебиетін жинап бастырушы («Қ. С. Э»).

ملا عظيم (мулла ‘азим; мулла — қар. **ملا**; азим қар. **عظيم**) — б. т. е. мулла + ‘азим: **Молдазім. Молдазім** министрлікке жауапты жұмыспен бара жатыр («Л. Ж»).

ملا على (мулла ‘али; мулла — қар. **ملا**; али — қар. **على**) — б. т. е. мулла + али: **Молдағали.** **Молдағалиев** Жұбан — қазақ ақыны («Қ. С. Э»). **Молдағалиев** Тұманбай - қазақ ақыны («Қ. С. Э»). **Молдағалиев** Жайсанбек — қазақ жазушысы («Қ. С. Э»).

ملا عين (мулла ‘айн — білім бұлағы) — б. т. е. мулла + айн: **Молдағайын. Молдағайын** айыбын мойындады («Л. Ж»).

ملا غازى (мулла ғазы; мулла — қар. **ملا**; ғазы **غازى**) — б. т. е. мулла + ғазы: **Молдағазы.** **Молдағазы** айтқандай, атты қинамай, аян-жортақпен жылжи бердік (С. Мұқанов).

ملا قاسم (мулла қасим; мулла — қар. **ملا**; қасим — қар. **قاسم**) — б. т. е. мулла + қасим: **Молдақасым. Молдақасым** қол жүгін алып, вокзалға кетті («Л. Ж»).

ملا موسى (мулла муса) — б. т. е. мулла + муса: **Молда Мұса.** Мұхтар Әуезов **Молда Мұсаның** ақындығын жоғары бағалаған («Қ. С. Э»).

ملك (малик — патша, король). **Мәлік. Мәлік** деген батыр келіпті («Қ. С. Э»).

Мәлікбай (а-қ). 1918 жылы Шаржауда түрікмен, қазақ жастары Қызыл әскерге кіріп, жас өкіметті жаудан қорғады, сол жасақта **Мәлікбай** болды (С. Балғабает).

ملك (мүлік — 1) меншік, иелік, дәулет, байлық; 2) патшалық; мемлекеттік). **Мүлік. Сүртібаев Мүлік** — қазақ актері («Қ. С. Э»).

ملك حيدر (малик хайдар — арыстан патша) — б. т. е. малик + хайдар: **Мәлікайдар. Борандатып жүрген Мәлікайдар** шал екен («Л. Ж»).

ملكة (малика — ханша, ханым). **Мәлике, Малика.** Қош алдық сәлемінді, **Мәлике** айым, Мазалы сөзіңізді қылдық пайым (Аймағамбет).

مناجة (мунажа — құпия әңгіме, құпия кеңес). **Мінажат. Мінажат** — балалар бақшасында тәрбиеші болып жүрген («Л. Ж»).

منار (манар — 1) жарық шығатын жер, белгі-қарақшы; 2) маяк). **Манар. Манар** әрегіректегі дүбірді анық айыра алмай, басын көтеріп отырып тыңдады (Х. Есенжанов).

Манарбек (а-қ). **Манарбек** үстіндегі ішігін шешіп, Төлеубайды соған орады (Т. Тілеуханов).

مناسب (мунасиб — келісімді, үйлесімді, сайма-сай). **Мұнасып.** Бесінде өттік гулеп Тағашыдан, Көн менен Жалғыз Кірен арасынан. Бұрылып Баймағамбеттен жөн сұрадық, Ер Ісметбет **Мұнасыптың** баласынан (Мұрат).

Мінәсіп. Бұл ортақ іске **Мінәсіп** еселі үлес қосқан («Л. Ж»).

مناف (маннаф — 1) аса басымдық, артықтық; 2) көне феодалдық-рулық қоғам кезіндегі үстем тап өкілі, ақсүйек). **Манап.** Ауыз әдебиеті дәстүрі үлгісінде терме, жыр айтатындардың тобына **Манап** Көкеновті жатқызуға болады (Р. Бердібаев).

Манапбай (а-қ). **Манапбай** қорасындағы малдың бағушысы Манекеннің қызы Жамал болатын (С. Бегалин).

منان (маннан — шапағатты, қайырымды, махаббатты, рақымды; жомарт). **Маннан.** Арыслан мен оның құрметіне жиналған жұрт келесі күні... **Маннанның** үйінде болды («Б. О»).

Манаш — Маннан есімінің еркелетіп айтылу түрі. Аздан соң еңтіге басып, тапал, қара мұртты **Манаш** келді («Жұлдыз»).

Мәнен. Мәнен бүгін ешнәрсеге алаңдамады («Л. Ж»).

منذر (мунзир — 1) ескертуші, сақтандырушы; 2) жалқы есім). **Мүнзир. Мүнзирұлы** Нұғыман ақылды еді... Дүниеде білмесі жоқ батыл еді («Ә. Х. Д»).

منذورة (манзура — уәде, ант; серт). **Манзура.** Біздің үлкен ағамыз Дүйсеннен үш ұл, Зұбайра, **Манзура, Гүлжан** деген үш қыз қалды («Қ. Ә»).

منزلة (манзила — 1) дәреже, атақ. 2) әлеуметтік орны). Манзила. Киген киімі **Манзиланың** бойына жарасып тұр («Л. Ж»).

منسية (мансия — ұмытылған). **Мәнсия.** Үлкен жүректі ананың өмірге деген сеніміне риза болып, бұдан былай ана мен баланың шат күлкілі, бақытты болуын тілейміз — деді **Мәнсия** («Қ. Ә»).

Мәншүк. Мәметова **Мәншүк** (шын аты — Мәнсия) Жиенғалиқызы (1922-1943) — Кеңес Одағының Батыры («Қ. С. Э»).

منصور (мансур — 1) жеңген, жеңісті тойлаушы; 2) жеңімпаз). **Мансұр, Мәнсұр.** Нартайдың бауыры — **Мансұр** ақын: «Ақындық деген адамның тілінде емес, ділінде болса, тілге тиым бермес», — деп

тауып айтқан (Т. Әлімқұлов). Алматыда ертіп шыққан досы **Мәнсүрге** бір қарап қойып, басын төмен салды (Қ. Түменбаев).

منور (**манаууар** — 1) нұр шашушы; сәулелі, жарық; 2) Мәдина қаласының теңеуі). **Мінуар**. **Мінуар** ымырт жабылып, Шыңғыс тауын түн шымылдығы бүркей бастаған шақта ғана отарды тапты (Ә. Нәлібаев).

منورة (**мунаууара** — нұр шашушы; сәуле, жарық көзі). **Мунаууара**. **Мунаууара** үйде аспазшы ноғай кемпірге тамақ әзірлетумен болған (Д. Әбілев).

Мінәуара. **Мінәуара** — еңбек ері, ел еркесі (Меңдібек).

منى (манан — тағдыр, жазмыш). **Мана**. **Манаев** Нұғман Сәрсенұлы (1894-1942) — Қазақстанның партия қайраткері.

منيرة (мунира — 1) нұр шашушы; 2) жайнаған, жарқын, жарқыраған, жайнап тұрған). **Мүнира**. — Содан бері де он жыл өте шығыпты-ау! — деп күрсінді **Мүнира** («Жалын»).

مهدي (**маһди** — 1) сыйлыққа берілген; 2) басқарушы 3) ауыс. тура жолдағы кісі). **Мәди**. **Мәди** Бәпиұлы (1880-1921) — қазақтың белгілі композиторы, әнші, ақын («Қ. С. Э»).

Мәдихан (а-қ). Көптен бері булықтырған көп сөздерді көмейіне сақтап келген **Мәдихан** біраз жайдың бетін ашып салды (С. Бақбергенов).

Мәді. Бір атаң жұрт ұстаған **Мәді** сұлтан, Қарашы, қара қазақ болған ұлтан. Шұбар төс, шынжыр балақ тұқымыңнан, Кеткен жоқ бар мұсылман уысыңнан (*Шернияз*).

Мәдібай (а-қ). Өсірген бітік егіс Дәндібайым, Деп отыр қойын-қоншың дән қылайын. Ал сіздің **Мәдібайыңыз** жоңышқаны, Сиырға жегізіп ап қылды уайым («*Айттыс*»).

Мәдібек (а-қ). **Мәдібектің** киіз үйлері ақ жұмыртқадай көк шалғынды жайлаудан кеткісі жоқ еді («*Жұлдыз*»).

Мәдігүл (а-қ). **Мәдігүл** пішен дайындау жоспары едәуір асыра орындалуына өз үлесін қосты (М. Жылқыайдаров).

موسم (**маусим** — 1) мерзім, жыл мерзімдері; 2) мейрам, мереке; 3) айдың аты). **Маусым**, **Мәусім**. Күдерин Жұмақан **Маусымұлы** (1891-1928) — қазақтың алғашқы биолог-ғалымдарының бірі («Қ. С. Э»).

Маусымбай (а-қ). — Мен **Маусымбай** деген шалмын, сүйегім Найман (Ф. Мұстафин).

موسى (**муса** — жалқы есім). **Мұса**. Жаяу **Мұса** (1835-1925) — қазақтың атақты халық композиторы, ақын («Қ. С. Э»).

Мұсабай (а-қ). **Мұсабаев** Ғайнетдин Ғалиұлы (1907-81) - ғылым қайраткері («Қ. С. Э»).

Мұсабек (а-қ). **Мұсабек** ел ішінде «Молда Мұса» деп аталып кеткен, әдебиетке көркем мұра қалдырған ақындардың бірі (Б. Кенжебаев, Ө. Есназаров).

Мұсақұл (а-қ). Осындай соғыстар бұрынғы жер дауы тұсында да, Бөжей қыстауы мен **Мұсақұл** соғысы кезінде де болған еді (М. Атымов).

Мұсатай. **Мұсатай** бізбен бірге оқиды (Е. Тұрысов).

Мұсахан (а-қ). **Мұсахан** — менің құдайы көршім (Ф. Қабышев).

موسى على (**муса** ‘али; муса — қар. **موسى**; али — қар. **على**) — б. т. е. муса + ‘али: **Мұсағали**. Қой, мұның **Мұсағалидың** баяндамасына ұксап кетті, — деді Қаумен (І. Жансүгіров).

Мүсәлі. Өлденеге **Мүсәлінің** көңілі тасып отыр («Л. Ж»).

موكل (**муаккил** — 1) қорғалушы; сенім беруші; 2) ауыс. періште, қорғаушы періште). **Мәүкіл**. Кешегі қырсықтығынан айрылған **Мәүкіл** Иіспайдың үйіне салқындау басып кіре бергенде, қарындасы алдынан шықты (С. Бегалин).

مولان (**маулан** — 1) ие, қожас; 2) жарылқағыш). **Мәулен**. Сырбай **Мәуленов** — қазақ совет ақыны («Қ. С. Э»).

مولد (**маулид** — 1) *туған жер, Отан; 2) туу, дүниеге келу*). **Мәуліт**. Сұлтанмахмұт Зайсанда **Мәуліт** Шамсутдинов дегеннің үйінде екі ай шамасы жатқан кезінде «Әжібай» немесе «Кім жазықты?» деп аталатын көлемді көрнекті шығармасын аяқтады (*Ы. Дүйсенов*).

Мәулет. Орнына **Мәулет** тұрды Жарқымбайдың, Шақылдап түсі суық, ызғарлы айдын (*І. Жансүгіров*).

Мәулетбай. Жұмысты звенолық-мердігерлік әдіспен істеуге бірінші болып **Мәулетбайлар** көшті («*Л. Ж.*»).

Мәулетқұл (*а-қ*). Құспан қарт, **Мәулетқұл**, Жаңқаш үшеуі кетеді (*Б. Ыбырайымов*).

مومن (**мумин** — 1) *мұсылман, дінге сенуші; 2) ауыс. жуас, көнгіш, мүләйім*). **Момын**. Майдан дәрігері Роза **Момынова** сияқты көптеген қаһарман қазақ қыздары Отан үшін жанқиярлықпен шайқасты (*С. Ыбыраев*).

Момынбай (*а-қ*). Бұл **Момынбай** асқан жуас, өтірік сөйлемейтін, қарып-қасер, жетім-жесірге рақымды, жақсы адам екен («*Қ. Ә.*»). **Момынбай** ашуланған болып, кемпірдің артынан қуа шығады («*Қ. Ә.*»).

Момынбек (*а-қ*). **Момынбек** — ел арасында еңбегімен сыйлы азамат («*С. Қ.*»).

Момынқұл (*а-қ*). Әже өзінің сүт кенжесі **Момынқұлдан** гөрі немересі Бауыржаннан көбірек үміттенеді (*Р. Тоқтаров*).

Момыш — *Момынқұл есімінің еркелете айтылу түрі*. **Момышұлы** Бауыржан (1910-83) — Ұлы Отан соғысының даңқты жауынгері, қазақ жазушысы («*Қ. С. Ә.*»).

ميراث (**мирас** — *атадан балаға, баладан немереге қалатын үлес, сыбаға, мал-мүлік*). **Мирас**. **Мирас** ауылға кештете оралды («*Л. Ж.*»).

ميزان (**мизан** — 1) *таرازы; 2) астр. Таразы шоқжұлдызы*). **Мизам**. **Мизан**. Жараным, бұл Дайрабай алжыған ба, Тақалып қылыпсыз ғой жан шығаруға. **Мизамға** барып ертең жүгінейік, Ауыздық салсын мықтап қан құмарға (*С. Омаров*). **Мизан** мен Алуа — шығарманың өн бойындағы оқиғаны толықтырып, ширата түсу үшін алынған жанама бейнелер (*Т. Дәуренбеков*). **Мизан** қарт облыс орталығына қатынайтын автобустың алғашқы аялдамасынан түсті (*Б. Әбдіразақов*).

(ن)

نادير (**надир** — *сирек, сирек кездесетін, таңқаларлық, бұрынды-соңды болмаған*). **Надырбай** (*а-қ*). **Надырбайды** ортаға алып, май бүлкілімен жүріп кетті (*Қ. Бекбаев*).

Нәдір. **Нәдір** мырс етті де:—Жоқ, шырағым. Қайдан бұрыннан болсын. Былтырдан бергі өзгерісі... (*Б. Тоқтаров*).

Нәдірбай (*а-қ*). Мектеп шеберханасындағы сабақты бүгін **Нәдірбек** жүргізді («*Л. Ж.*»).

نادرة (**надира** — *сирек, сирек кездесетін, таңқаларлық, таңғажайып*). **Надира**. **Надира** күн өткен сайын өзінің өсіп келе жатқанын аңғарды («*Қ. Ә.*»).

ناشر (**нашир** — 1) *таратушы, жариялаушы; 2) баспагер*). **Нәшірбек** (*а-қ*). Біржан **Нәшірбекке** жарықты жақ дегендей белгі берді (*К. Талдыбаев*).

ناصر (**насир** — 1) *жәрдем беруші; 2) жәрдемші; 3) жақтаушы, біреудің жолын қуушы*). **Насыр**. Жауапқа жауап берем, **Насыр** ақын, Жөнің жоқ артық сөйлеп тасынатын (*Қалмахан*).

ناظم (**назим** — 1) *тәртіпке келтіруші; 2) ұйымдастырушы; 3) өлең жазушы, ақын*). **Назым**. Ноғайлы жұртындағы Әзімбай байдың **Назым** деген қызы Қамбарға ғашық болады («*Қ. Ә. Т.*»).

Назымбек (*а-қ*). **Назымбектің** бірге оқыған, сұлу қызы бар (*І. Жансүгіров*). Жамбылдағы **Назымбектің** баласы бар ма?—деді (*Қ. Түменбаев*).

ناظمة (**назима** — 1) *тәртіпке келтіруші; 2) мектеп тәртібін басқарушы әйел; 3) өлең жазушы, ақын әйел*). **Назима**. Өте ерте келген сайлаушылардың бірі — **Назима** («*Л. Ж.*»).

(**наһиа** — *бұйрық; арыз; өсиет*). **Нахия**. Екі аттың бұл кішісі **Нахияға** арналған, жалғыз қызының төл аты (*Х. Есенжанов*).

نائلة (наила — 1) талаптанушы, ізденуші, мақсатына жетуші (әйел); 2) сый, сыйлық). **Нәйлә, Нейлә.** Базанова **Нәйлә** Оразғұлқызы — көрнекті физиолог, Қазақ ССР-інің еңбек сіңірген ғылым қайраткері («Қ. С. Э»).

نبي (наби — діни пайғамбар, елші). **Нәби. Нәбидің** ауылы темір жолдан едәуір бұрыс («Жалын»).
Нәбихан (а-қ). Мынау - **Нәбихан** отары,— деді директор (Ә. Сәрсенбаев).

نبي الله (наби-ул-лаһ; наби — қар. نبي ; аллаһ — қар. الله) — б. т. е. наби + аллаһ: **Нәбиулла.** Сол жылдың 3 июлі күні горновой Ахмет **Нәбиулланың** бригадасы тұңғыш Қазақстан Магниткасының шойынын берді («Л. Ж»).

نبية (набия — білімді, оқымысты әйел). **Нәбия.** Сәрсенғалидың сол күзде **Нәбия** деген қызбен бірге жүргенін көретін едік («Л. Ж»).

نجم (нажм — жұлдыз.) **Нәжім. Нәжым.** Мұрнын тарта түсіп, **Нәжім** әлі күнге протоколын жазып бітіре алмай отыр (Ғ. Мұстафин).

نجم الدين (нажм-уд-дин; нажм — қар. نجم ; дин - қар. دين) — б. т. е. нажм + ад-дин: **Нәжімеден. Нәжімеденов** Жүмекен — қазақ совет ақын-жазушысы («Қ. С. Э»).

نجمة (нажма — жұлдыз, жұлдызша). **Нәжімет. Нәжімет** бесжылдықтың айқындаушы жылының биік белестерінен көрінді («Л. Ж»).

نجمی (нажми — жұлдызды, жұлдыздық). **Нәжми.** Қасына бала-шағалар ертіп алып, тау бауырындағы тоғайдан дәрі шөп - адыраспан жинауға баратын,— деді **Нәжми** («Қ. Т. Т. С»).

نجيب (нажиб — 1) асыл текті, ақсүйек; 2) қабілетті, ақылды, дарынды). **Нажиб, Наджиб.** **Наджиб** Әмір **Наджибұлы** — совет түркологы, филология ғылымдарының докторы («Қ. С. Э»).

نجية (нажиия — ең жақын дос; оң көз; сенімді кісі). **Нажия. Нажия** ананың үйінің қасына парторгтің жеңіл машинасы келіп тоқтай қалды (Қ. Аманжолов).

نحو (наху — 1) грамматика; 2) бейне, үлгі). **Наху.** Станцияға жеткенше **Наху** эзер шыдады («Л. Ж»).

نذير (назир — насихаттаушы; үгіттеуші; 2) жаршы, алғашқы хабарлаушы, алдын ала білдіруші). **Нәзір. Нәзір** бір-беткей, оқымысты кісі екен («Л. Ж»).

نسخة (нусха — 1) дана, нұсқа; 2) ауыс. үлгі; түп, негіз). **Нұсқабай** (а-қ). Біз **Нұсқабай** екеуіміз қосылып, ауылдың алты ауызын айттық («Л. Ж»).

نسل (насл — 1) ұрпақ, әулет, жұрағат; 2) ауыс. тек, тұқым). **Нәсіл.** Ұзақ жылдар бастауыш класс бүлдіршіндерін тәрбиелеген **Нәсіл** әпкем өткен жылы демалысқа шыққан («Л. Ж .).

نصور (нусур — бүркіттер). **Нүсір.**— Рахмет сендерге, аяулы абзал жандар!— деді **Нүсір** («Л. Ж»).

نسيم (насим — жеңіл, жұмсақ; жел, самал, леп). **Нәсім.** Махмұт пен **Нәсімнің** күресі болды (І. Жансүгіров).

نسيمة (насима — жеңіл, жұмсақ; жел; самал, леп). **Насима.** Отан-анаға атылған оққа көкірегіңді тос деп, батырын жауға аттандырып, **Насима** жөргектегі Жылқыайдарын құшақтап қала берген (Х. Рахметуллин). Сағит әлдеқалай ыңғайсыздана берді, өзін **Насима** алдында күнәһардай көрді (К. Қамбаров).

نصب (**нусб** — *статуя, сымбат, ескерткіш, монумент*). **Нүсіп**. Тауып айтқан тапқыр сөз етген өтіп, сүйекке жеткендей, **Нүсіптің** еңсесін көтертпеді (*К. Сейдеханов*).

Нүсіпбай (*а-қ*). Жұрқабай, **Нүсіпбай** мен Қырғызбайлар Болысқа қарсы тұрды көпті бастап (*К. Әзірбаев*).

Нүсіпбек (*а-қ*). **Нүсіпбектің** баласымен көрші тұрады екен (*«Жалын»*).

نصب علی (**нусб** ‘али; нусб — *қар. نصب*; али — *қар. علی*) — б. т. е. нусб + али: **Нүсіпәлі**. **Нүсіпәлі** бейнесі толыққанды болып шыққан (*«Л. Ж»*).

نصر (**насп** — 1) *жәрдем*; 2) *жеңіс, табыс*). **Нәсір**. **Нәсір** балаларға жазуды қойып кетті (*Т. Молдағалиев*).

نصرة (**нусра** — 1) *жәрдем, көмек*; 2) *жеңіс, асқан жеңіс, салтанат, триумф*). **Нүсірет**. **Нүсірет** жайшылықта болса, Уәлидің қазіргі сыйқына бір теңеу тауып айтар еді (*Ғ. Сыланов*).

نصوح (**насух** — *шын, адал, ақжүрек*). **Нәсу**. Ғалым мен **Нәсудің** үйлену тойы барша ауыл адамдарының есінде қалды (*М. Сатыбалдиев*).

نصيب (**насиб** — 1) *сыбаға, үлес*; 2) *тағдыр, жазмыш, сәт*). **Нәсіп**. **Нәсіп** еңбек жолын салтанатты жағдайда аттады (*К. Батыров*).

Нәсіпбала (*а-қ*). **Нәсіпбала** енесінің орамалын әкеп берді (*Б. Әдетов*).

Нәсіп. Шыжыған ыстықта **Нәсіп** ары-бері шапқылаудан-ақ шаршады (*«Л. Ж»*).

Нәсіпбай (*а-қ*). **Нәсіпбай** өзінің ұстаздық жолында талай-талай шәкірттер тәрбиелеп шығарды (*С. Раханов*).

Нәсіпбала. **Нәсіпбала** мақталықта жүр екен (*«Л. Ж»*).

Нәсіпбек (*а-қ*). Тәжірибесінің аздығына қарамастан, бұл ретте **Нәсіпбек** шалымдылық танытқан (*М. Сқақбаев*).

Нәсіпқан (*а-қ*). **Нәсіпқан** намысқа тырысып, ел сенімінен шығуға барын салды (*«Л. Ж»*).

Нәсіпті (*а-қ*). Асығыс екендерін **Нәсіпті** отырар-отырмастан-ақ аңғарды (*Б. Нұржекеев*).

نصيب الله (**насиб-ул-лаһ**; насиб — *қар. نصيب*; аллаһ — *қар. الله*) — б. т. е. насиб + аллаһ: **Нәсибулла**. **Нәсибуллина** Халида Садыққызы — халыққа еңбегін сіңірген дәрігер (*«Қ. С. Э»*).

نصيبية (**насиба** — *сыбаға, үлес, нәсібе, тағдыр, жазмыш, сәт*). **Нәсиба**. Біздің **Нәсиба** бөлімшеміздегі бетке ұстар жастарымыздың бірі, — деді (*Б. Қожамқұлов*).

Нәсібе (*а-қ*). Одақ көлемінде әйгілі болған қарт анамыз **Нәсібе** Тайманованың аузынан тастамай айтып жүретін тағы бір шумақ өлеңі еске түседі: «Ұршық пенен адарғы Киіндірген бабамды. Бәсен ине, кесте біз Келістірген ажарды» (*С. Қасиманов*).

Нәсібелді (*а-қ*). **Нәсібелді** — кілемші, сұлу қыз (*Ә. Тәжібаев*). **Нәсібелі** (*а-қ*). **Нәсібелі** жеңгесінің ыстық бауырсағын сағынатын (*Ғ. Мүсірепов*).

نصيحة (**насиха** — *кеңес, ақыл, өсиет, уағыз*). **Нәсихат**. Балтабектің қызы **Нәсихат** биыл бірінші класқа барады (*«Л. Ж»*).

Нәсиха, **Нәсиха**. Жата бердім үйімде қадам баспай, Ағайын мен көршіге араласпай. Газет, журнал, кітаптар досым болды. Жайлы, төсек, **Нәсиха** жастық жастай (*К. Әзірбаев*). **Нәсиха** осы ауылдың жұмысын істеп қартайды (*С. Ләмбеков*).

نظام (**низам** — 1) *тәртіп, заң, жүйе*; 2) *құрылыс, режим*). **Низам**. Венера **Низамова** алғашқы сабақтарын жоғары дәрежеде өткізді (*Ш. Әмірәлиев*).

نظر (**назар** — 1) *көру*; 2) *көзқарас; қарау, көз тастау*). **Назар**, Мынау келген **Назар** ма? Ақсақалды ауыл азар ма? Сұрағаның бір-ақ тай, Бермейді деп сазарма (*Абай*).

Айназар (*қ-а*). **Айназар** мен Айсұлу жүріп отырып, парктің жоғары жақ шетіндегі, шығар аузындағы бір орындыққа келіп, кейін қалған Әшір мен Раданы тосып отырды (*С. Сейфуллин*).

Байназар (*қ-а*). Бағанағыдай емес **Байназардың** қабағы ашылайын деді (*Ш. Әбілтаев*).

Ерназар (қ-а). Мұхтар Әуезов Елтай **Ерназаровтың** бейітін көріп: «Бізде халықтың арасынан шыққан атақты адамдардың еңбегін қадірлеу жағы әлі де болса кем жатыр-ау» деп аса терең тұжырым айтқан (Р. Бердібаев).

Есназар (қ-а). **Есназар** мен Күлән қайықпен көл бетінде ұзақ серуендеді («Л. Ж»).

Қосназар (қ-а). Келдібай, Кішкенебай һәм **Қосназар**, Білетін азаматтар атын алаш (*Шораяқтың Омары*).

Құлназар (қ-а). Белгілі **Құлназар** ақын: «Таласып одан ешкім аса алмайды, Тең келмес бүгінгі адам Базекене. Болмаса Жиренші мен Асан Қайғы», — дейді («Қ. Ә»).

Назарбай (а-қ). Бригада тәлімгері **Назарбай** — тәжірибелі жан («С. Қ»).

Назарбек (а-қ). **Назарбек** - үлкен кісілер жұмсағанда елпілдеп тұратын тілалғыш бала («Жұлдыз»).

Назарқұл (а-қ). **Назарқұл** жүріс-тұрысы, киім киісі келісті, сырбаз кісі екен («Л. Ж»).

نظر علی (назар ‘али; назар — қар. نظر; ‘али — қар. علی) — б. т. е. назар + али: **Назарәлі**. Кезекші **Назарәлі** бұрғылау жұмысын бастады («Л. Ж»).

نظيرة (назира — 1) ұқсау, ұқсас; 2) үлгі, мысал; бір шығармаға еліктеу). **Назира, Нәзира. Назира** — немере қарындасым (С. Мұқанов). Соғыс болмағанда, он екіде бір гүлі ашылмаған **Нәзира** сүйген жігіті Токтарынан айырылар ма еді (Б. Сарбалаев).

نظيفة (назифа — таза, саф). **Назифа, Нәзипа. Назифаны** бір күні көрермін-ау, мойныма мінгізіп ойнатармын (З. Шүкіров). Шолпанның өлеңдерін жинап бастырған Сара Есова мен **Нәзипа** Құлжанова («Қ. Ә. Т»).

نعرة (на ра — 1) айқай; 2) шуыл; 3) ауыс. қызу сөз, көтеріңкі дауыс (қаландарлардың); 4) жариялау, хабарлау). **Нағира**. Марғаудың балалардан қалмай қалаға келуі, ондағы бастан кешкен оқиғалар (көршілермен әңгіме, Қанат пен **Нағираның** иттен құтылу жолын іздеуі, т. б.) тым шұбалаңқылау тәрізді (С. Қирабаев).

نعل (на ‘л — таға, нәл). **Нәлқара** (а-қ). Жауынгер **Нәлқара** Сабалақов — романдағы ең қызықты тұлғаның бірі (Р. Бердібаев).

Нәлібай (а-қ). Кеше **Нәлібайды** шығарып салыпты («Жалын»).

Нәлікүл (а-қ).— **Нәлікүл**,—деп қолын ұсынды (С. Досымов).

Нәліхан (а-қ),— **Нәліхан** Асқарды телефонмен өзіне шақырды («Қ. Ә»).

نعمان (ну ман — 1) бот. қызғалдақ; 2) қызыл; 3) қан; 4) жалқы есім). Нұғман, **Нұғман, Нығман**. **Нұғман** Сәрсенұлы Манаев — Еділ аңғарын мекендеген қазақтар арасындағы революция толқынының алғашқы қарлығаштарының бірі (Ә. Сәрсенбаев). **Нұғман** жаралы жауынгерге көмек көрсетіп, жай таппай жүр екен (Х. Бекшиев). Білалжан төбемізде ойнаса да көтердік? Тек кегімізді алып берсе болғаны! — деп **Нығман** жүгіне отырды (Ғ. Мұстафин).

نعمة (ни ‘ма — 1) береке, рақат, бақыт, бақытты өмір; 2) ауыс. тәтті тағам; дәулет, байлық). **Нағымет**. Суыр Ахмет пен **Нағымет** келді (Ә. Нұрпейісов).

Немат. Нематтың атының шабысы дала төсін дүбірлетті (Ә. Сәрсенбиев).

Нығымет, Нығимет. Нығымет сырт киімдерін ашаға ілді де, жай басып келіп, Мараттың қасына отырды (Ж. Жұмақанов). Жарыс жалауын көтеру құрметі **Нығиметтің** үлесіне тиді (Ш. Айдаров).

نعمة الله (ни ‘мат-ул-лаһ; ни + мат — қар. نعمة; аллаһ — қар. الله) — б. т. е. ни ма + аллаһ: **Нығматулла, Нығметулла, Нығметолла**. Әсіресе, өзін көп түрткілеген **Нығматулла** сияқтыларды мұқағанда, Ғанидың айызы қанды (Ж. Арыстанов). Бақытбек пен **Нығметолла** жоғары көрсеткішке ие болды (Қ. Айткенов).

نعيم (на им — 1) бақытты өмір; амандық, есендік, саулық; 2) тәттілік, шырынды; шаттық, рахат, ләззат, бақыт). **Нағым**. Жакын жерден жекжат табылғанына **Нағым** қуанды (Ш. Құмарова).

Нағымбек. «Менің қызым баталы жеріне бармай отырғаны болмаса, әдепсіздіктен ада ғой»,— деп **Нағымбектің** жараланып келгенін бірде Қаратайдан көре бастап еді, Бәдиша (С. Жүнісов).

Найым. Найым — тік мінез, қатты адам (Ә. Нәбиев).

نعيمة (на има — бақытты өмір; сұлулық; рахат, ләззат).

Нағима. Арықова **Нағима** Ыдырысқызы (1902-56) — Қазақстан партия қызметкері, коммунистік әйелдер қозғалысының көрнекті қайраткерлерінің бірі («Қ. С. Э»).

نافیسة (**нафиса** — 1) қымбатты, бағалы (зат); 2) құндылық, бағалылық, қазына, байлық; 3) көркем, әдемі). **Нәфиса.** Осындағы **Нәфиса** дейтін нағашы апасын сағалап келіпті (С. Омаров).

نقش (**нақш** — 1) сурет, әшекей, нақыш; 2) ойып жазылған жазу, ою). **Нақыш.** Топты Сатай мен **Нақыш** бастап келеді («Л. Ж»).

Нақысбек (а-қ). **Нақысбек** пен Маржангүл жаңағы көштің бел ортасындағы сары атанның үстінде, көздері жәудіреп өтіп кетті (Ә. Көшімов).

Нақышбек (а-қ). **Нақышбектің** арманы архитектор болу еді («Л. Ж»).

نقیب (**нақиб** — аға; басы, бастық). **Нақып.** **Нақып** Кенесарыұлы (1872-1918) — қожа әулетінен шыққан ақын, әнші, жырау («Айтыс»).

Нақыпбек (а-қ). **Нақыпбек** мынадай келеңсіз іске қатты назаланды (Қ. Тәттібаев).

نوبة (**науба** — кезек). **Нәубет.** Құсекең бұл тойда өзін ғана қызықтамады, аяулы әріптестері Хамидолла **Нәубетовтің** және басқалардың сонау қиын-қыстау кезеңдегі сауатсыздықты жою жолындағы ересен еңбектерін ыстық ықыласымен есіне алды (М. Сатыбалдиев).

نور (**нур** — жарық, сәуле). **Нұр.** Ол да **Нұр** деген кісіден таралған ұрпақ,—деді (С. Бақбергенев).

Айнұр (қ-а). Бұл істің катерлі екенін **Айнұр** біле тұрса да, бірақ баласының қарулылығына, айлакерлігіне сенімі мол еді (А. Хангельдин).

Нұрай (а-қ). Өзіне тапсыратын бір жұмыс бар еді, — деді **Нұрай** (І. Жансүгіров).

Нұрбай (а-қ). Сұлтекеңді ертемен **Нұрбай** шақырған (А. Бақтыгереева).

Нұрбала (а-қ). Бір тойда **Нұрбала** Сияршының Әбдуәли, Ноғайбай деген екі жігітімен айтысып, екеуін де жеңіп шығады («Қ. Ә. Т»).

Нұрбек (а-қ). Қаратай, **Нұрбек** пенен кетті Қамбар, Таусылды танитұғын ұзын аңғар (Әріп).

Нұрберген (а-қ). Маңғыстаудағы архитектуралық ескерткіш — 1900 жылы тұрғызылған **Нұрберген** Құлышұлының мазары («Қ. С. Э»).

Нұрбике (а-қ). Нәзік денелі **Нұрбике** мың бұрала билегенде, көрген жұрт таңдай қағады (Б. Усенбаев).

Нұрбол (а-қ). Асыр салып ойнап жүрген Гүлдана, Гүлнәзира, **Нұрболдар** — үйдің сәні (Б. Мекеев).

Нұрбосын (а-қ). **Нұрбосын** қойқандап жұрттың алдында келеді («Л. Ж»).

Нұржау (а-қ). **Нұржау** Жомарт пен Дәуітәліден бөлініп кеткеніне көндіге алмай жүр (С. Жапаров).

Нұрқызар (а-қ). Сауранбай, **Нұрқызардың** есімін Тарбағатай тауының ойы мен қырын мекендеген аудан халқы тегіс біледі (С. Байқадиев).

Нұржігіт (а-қ). **Нұржігіт** — ақ тақырда асық ойнаған балалардың ең кішісі (Д. Намазбаев).

Нұркелді (а-қ). Ел іші қымбат қазына, әлі де болса іздестіріп інжу сөздер көп, — дейді **Нұркелді** («Қ. Ә»).

Нұркенже (а-қ). **Нұркенже** әжесіне қарап талпынды («Л. Ж»).

Нұрлан (а-қ). **Нұрлан** екеуміз таныстықтан соң қызу әңгімеге кірісіп кеттік (С. Парманқұлов).

Нұрлыбай (а-қ). Лукац-Крейц қаласының іргесінде болған кескілескен шайқаста капитан **Нұрлыбаев** асқан ерлікпен қаза тапты («Қ. С. Э»).

Нұрлыбек (а-қ).— **Нұрлыбек** ағама барамын, — деді («Жалын»).

Нұрлыхан (а-қ). 1917 жылдың 2(15) декабрінде қала мен Бөкей даласы еңбекшілерінің бас қосқан үлкен митингісіне Астраханнан С. **Нұрлыханов** бастаған Қызыл гвардияшылар отряды келді («С. Қ»).

Нұрмақ (а-қ). Аңшылық қызығына түскен **Нұрмақ** кеш батқанын байқамай қалды («Жұлдыз»).

Нұрсәуле (а-қ). Сөмкесін асынып, мектептен **Нұрсәуле** оралды (Ш. Бәтеев).

Нұрсұлу (а-қ). Дәулекең мен **Нұрсұлу** шешей Толыбайда кісі есігін тастап, колхоз табалдырығын аттаған-ды (М. Сатыбалдиев). Ахметкерім мен **Нұрсұлудың** жұмыс күні таң сәріден басталады (А. Шевелов).

Нұртай (а-қ). **Нұртай** — төрт аяғын тең басқан жорға, Сүгірдің шәкірті (Т. Әлімқұлов).

Нұртас. Мен жатқан жайды **Нұртас** ағай өздігінен тауып келе алмай жүр-ау, деуші ем (Д. Әбілев).

Нұртілеу (а-қ). **Нұртілеу** есігінің алдында кішкене баласын ойнатып жүр екен («Л. Ж»).

Нұрхан, Нұрқан (а-қ). Күні кешегі тұлпар **Нұрхан**, сұңқар Әбікей есімдерінің әрқайсысы жырдың алтынмен аптап, күміспен күштеген ажарлы асқақ күмбезіндей (С. Досанов). Дәулет ағай **Нұрқанды** жақсы көретін («Л. Ж»).

Нұрханым (а-қ). **Нұрханым** — бес биенің сабасындай әйел («Жұлдыз»).

Нұрым (а-қ). **Нұрым** атқа лып етіп, жеңіл мінді (Е. Қосбасаров).

نور احمد (нур ахмад; нур — қар. نور; ахмад — қар. احمد) — б. т. е. нур + ахмад: **Нұрахмет**.
Нұрахмет — көздегенін дәл ұратын, атқан оғы мүлт кетпейтін мерген (С. Сейітов).

نور اصیل (нур асил; нур — қар. نور; асил — қар. اصیل) — б. т. е. нур + асил: **Нұрәсіл**. Бұл пікір участка инспекторы **Нұрәсілге** ұнады (Қ. Бекетаев).

نور خالق (нур халық; нур — қар. نور; халиқ — қар. خالق) — б. т. е. нур + халиқ: **Нұрхалық**,
Нұрқалық. **Нұрхалық** сергек ұйықтап, тауық шақырған соң тұрды («Жалын»).

نور الدين (нур-уд-дин; нур — қар. نور; дин — қар. دين) — б. т. е. нур + ад-дин: **Нұретдин**.
Әкем **Нұретдин** көп жыл бойы жұмысшы болып еңбек етті, қазір құрметті демалыста, — деді Перуза («Л. Ж»).

Нұридден, **Нұриден**. Бұл іс - **Нұридден** өмір жолының бір белесі («Л. Ж»). Пәдеріңе нәлет!..
Аулақ! — деді **Нұриден** хазірет Байғалиға (Ш. Хұсайынов).

Нұриддин. Он бір баланың әкесі **Нұриддин** еңбек жолын сонау жас кезінен-ақ шопандықтан бастапты («Л. Ж»).

نور الله (нур-ул-лаһ; нур — қар. نور; аллаһ — қар. الله) — б. т. е. нур + аллаһ: **Нұролла**,
Нүролла, **Нұрылла**. **Нұролла** жаралы жауынгерлерге көмек көрсетіп, жай таппай жүр екен (Х. Бекішев).

نور جمال (нур жамал; нур — қар. نور; жамал — қар. جمال) — б. т. е. нур + жамал: **Нұржамал**.
Нұржамал да жылда отарын осы «Сұлуторыда» төлдетеді (М. Қуанышбаев).

نور جمان (нур жуман; нур — қар. نور; жуман — қар. جمان) — б. т. е. нур + жуман: **Нұржұман**.
Басқы рөлдерде **Нұржұман** Ықтымбаев секілді белгілі актерлер бекітілді (К. Смайлов).

نور جمعة (нур жум ‘а; нур — қар. نور; жум‘а — қар. جمعة) — б. т. е. нур + жум ‘а: **Нұржұма**.
Нұржұма орнынан қарғып тұрды (Қ. Бекетаев).

نور حضر (нур хидр; нур — қар. نور; хидр — қар. حضر) — б. т. е. нур + хидр: **Нұрқыдыр**.
Нұрқыдыр мен Байқара, Келіп еді қалаға (І. Жансүгіров).

نور حيدر (нур хайдар; нур — қар. نور; хайдар — қар. حيدر) — б. т. е. нур + хайдар: **Нұрқайдар**.
Нұрқайдардың маңдайынан шып-шып тер шықты («Л. Ж»).

نور دولة (нур даула; нур — қар. نور; даула — қар. دولة) — б. т. е. нур + даула: **Нұрдәулет** Т-34 танкісінің экипажымен бірге Курск доғасында болған қиян-кескі ұрыстарға қатысып, айрықша ерлік көрсетті (З. Асабаев).

نور سلطان (нұр султан; нур — қар. نور; султан — қар. سلطان) — нур + сұлтан: **Нұрсұлтан**.
Нұрсұлтанның ағасының аяғында - қызыл ұлтанмен ұлтандаған жап-жаңа қара мәсі (Ж. Мұзапаров).

نور سيد (нур саид; нур — қар. نور; саид — қар. سيد) — б. т. е. нур + саид: **Нұрсейіт**. Ғылым саласындағы **Нұрсейіттің** табысы біршама баршылық («Л. Ж»).

نور شيخ (нур шайх; нур — қар. نور; шайх — қар. شيخ) — б. т. е. нур + шайх: **Нұршайық**.
Неміс-фашист басқыншыларына қарсы күресте көрсеткен ерлігі үшін **Нұршайықов** «Батырлығы үшін» медалімен наградталады («С. Қ»).

نور صادق (нур садик — шындық, адалдық нұры, сәулесі) — б. т. е. нур + садик: **Нұрсадық**.
Нұрсадық шопандар арасында көп болады («Л. Ж»).

نور صفاء (нур сафа; нур — қар. نور; сафа — қар. صفاء) — б. т. е. нур + сафа: **Нұрсапа**. Махаббат ағысындай ортаюды білмейтін, Ерке Ертiс, сен куә бол!—деді **Нұрсапа** (К. Жүнісова).

نور ضياء (нур дия; нур — қар. نور; дия — қар. ضياء) — б. т. е. нур дия: **Нұрзия**. Әсіресе, жылы жүзді жас келіншек **Нұрзия** есімін село жұртшылығы ерекше айтады (З. Әуесбаев).

نور عادل (нур ‘адил; нур — қар. نور; адил — қар. عادل) — б. т. е. нур — ‘адил: **Нұрәділ**. Мәмбетпен бірге жүрген жігіттердің ішінде Ысқақ, **Нұрәділ** деген жолдастары да қалатын болды (І. Жансүгіров).

نور عالم (нур ‘алим; нур — қар. نور; ‘алим — қар. عالم) — б. т. е. нур + алим: **Нұрғалым**. Ол — Сасан **Нұрғалымов** («Қ. Ә»).

